

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



175 ЖЫЛ

ұлы Абай Құнанбайұлының
мерейтойы



1150 ЖЫЛ

Әл-Фарабидің мерейтойы

**«ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АБАЙДЫҢ
РУХАНИ МҰРАСЫ:
ҚАЗІРГІ ӨРКЕНИЕТТЕГІ
ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ»**

атты халықаралық онлайн
ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 27 қараша 2020 жыл

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

«ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АБАЙДЫҢ РУХАНИ МҮРАСЫ:
ҚАЗІРГІ ӨРКЕНИЕТТЕГІ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ»
атты халықаралық онлайн ғылыми-теориялық
конференция материалдары

Алматы, 27 қараша 2020 жыл

Алматы
«Қазақ университеті»
2021

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
Б. Жақып, А. Жақсылықов, Л. Мұсалы, З. Сейітжанов,
Ә. Тарақ, Е. Карбозов, Д. Ысқақов

ҰЙЫМДАСТЫРУ АЛҚАСЫНЫҢ ЕЛАРАЛЫҚ ӨКІЛДЕРІ:

Профессор Абдылдажан Ахматалиев (Қырғызстан)
Профессор Насреддин Назаров (Өзбекстан)
Профессор Орхон Сөйлемез (Түркия)
Доцент Аян Екрем (Түркия)

«Әл-Фараби мен Абайдың рухани мұрасы: қазіргі өркениеттегі орны мен маңызы»
атты халықаралық онлайн ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 27 қараша,
2020 жыл / Құраст. және электрон. баспаға дайынд. Л. Мұсалы, Г. Қасымақын, Б. Даутова.
– Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 130 б.

ISBN 978-601-04-4974-9

Жинаққа әл-Фарабидің 1150 жылдығы және Абайдың 175 жылдық мерейтойы аясында өткен халықаралық
онлайн конференцияда жасалған ғылыми баяндамалар енді. Конференцияға шетелдік және отандық абайтанушы
ғалымдар, әдебиеттанушылар, қоғамдық-гуманитарлық ғылым мамандары, жас ғалымдар қатысты.

Конференция баяндамаларында маңызды ғылыми мәселелер көтеріліп, олар тиісті деңгейде шешімін тапты.
Жинақ филолог мамандарға, магистранттарға, докторанттарға, студенттерге арналады.

Автордың редакциясымен шығарылды.

Жанғара Дәдебаев,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының
директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласында Абай сөзінің, Абай мұрасының бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, ақын шығармашылығынан халқымыз қандай тағылым алуға тиіс екендігі жөнінде жұртшылықпен ой бөлісе отырып, әлеуметтік маңызы зор, өзекті қағидалар жүйесін ұсынды. Президенттің: «Біз ұлттық сананы жаңғыртамыз және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырамыз десек, Абайдың шығармаларын мұқият оқуымыз керек. Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық» [1], – деген сияқты сындарлы сөздері мен орнықты ойларының жүйесі қоғамдық санамыздың, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің, әлеуметтік өміріміздің жаңғыруына жаңа серпін берді.

Абайдың өмірі мен шығармашылығы, ақындығы, ілімі туралы іргелі зерттеу жұмыстары жүргізілді, монографиялық еңбектер жарияланды, оқу пәндері өндіріске енгізілді, оқу құралдары жарық көрді. Бұл еңбектердің абайтану ғылымында маңызы зор.

Кейінгі ширек ғасыр уақыт ішінде әдебиет пен әдебиеттануда, абайтануда айтарлықтай табыстар болғанын айту парыз. Осы уақыт ішінде М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жасалған жұмыстардың өзі бір ғасырға жүк болғандай. Олардың ішінде «Бабалар сөзінің» жүз томдығы, М.О. Әуезов шығармаларының елу томдығы, «Қазақ әдебиеті тарихының» он томдығы, «Қазақ романы: өткені мен бүгіні», «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» сияқты іргелі де ірі зерттеулер, «Классикалық зерттеулер», «Әдеби жәдігерлер», «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» сериялары бойынша жарық көрген зерттеулердің көп томдығы көңілді тоғайтып, көзді қуантқандай үлкен жетістік екені анық. Ал абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлының абайтану ғылымы саласында көптеген жылдар бойы жүргізген зерттеулерінің нәтижелері – өз алдына бір сала қазына. Мекемтас Мырзахметұлының «Абайтану» деген атпен он том болып «Қазығұрт» баспасынан жарық көрген еңбектері – абайтанушының бұл салада қол жеткен нәтижелерінің үштен бірі.

Абайтану ғылымы саласында арнайы мән беріп, атап айтатын бір жетістігіміз – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында «Қазақстан-2050» Стратегиясына сәйкес абайтану ғылымы саласында тарихи қалыптасқан ғылыми мектептер мен ғалымдардың барлық буындарының жетістіктеріне негізделген көп терабайтты арнайы ғылыми ресурстар қорының негізі жасағаны. Аталған ресурстар қоры әуелде Абай ғылыми-зерттеу институтының е-порталында жинақталды, жинақталған қор негізінде 2015-2020 жылдар аралығында «Қазақ университеті» баспасынан «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық сериялық басылымның 50 томы жарық көрді. Абайтану ғылымы саласында тарихи қалыптасқан ғылыми мектептер мен ғалымдардың барлық буындарының жетістіктеріне негізделген көп терабайтты арнайы ғылыми ресурстар қорының негізі, осылайша, екі түрлі форматта қатар жасалды. Бұл бағыттағы жұмыстар ұдайы жалғасатын болады.

Абайтану ғылымы саласында, айтарлықтай жетістіктеріміз бола тұра, арнайы зерттелмеген, бірақ зерттелуі қажет өзекті ғылыми мәселелер де аз емес. Осындай өзекті ғылыми мәселелердің бірі – Абайдың көркемдік әлемін, Абайдың ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктерін жасау. Абай ғылыми-зерттеу институты бүгінде осы мәселе бойынша іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

«Әл-Фараби мен Абайдың рухани мұрасы: қазіргі өркениеттегі орны мен маңызы» халықаралық онлайн ғылыми конференциясы Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының 175 жылдық, әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойлары аясында 2020 жылы 27 қарашада Алматыда, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының базасында ұйымдастырылды. Конференцияға отандық ғалымдар, шетелдік ғылым қайраткерлері қатысты. Жақын шетелден Қырғыз Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Абдылдажан Амантүрұлы Ахматалиев (Қырғызстан), Ташкент Сәулет-құрылыс институтының профессоры, философия ғылымдары мен саяси ғылымдар докторы Насриддин Атақұлұлы Назаров (Өзбекстан), алыс шетелден Мұғла Сытқы Кочман университеті әдебиет факультеті қазіргі түркі тілдері мен әдебиеті бөлімінің меңгерушісі, доктор Аян Екрем (Түркия), Түркия Кастомону университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Орхон Сөйлеміз (Түркия) қатысып, мазмұнды баяндамалар жасады. Абай ғылыми-зерттеу институтымен шығармашылық тығыз қарым-қатынастағы отандық әдебиеттанудың көрнекті қайраткерлерінің баяндамаларында әл-Фараби мен Абайдың рухани мұрасын білудің, түсінудің және қолданудың қазіргі замандағы өзекті мәселелері сөз болды. Абай ғылыми-зерттеу институты жанында топтасқан жас ғалымдардың сөздері мен ойларында, баяндамаларында әл-Фараби мен Абай шығармашылығындағы ұлттық және жалпы-адамзаттық құндылықтарды танып-білудің, терең түсінудің әлеуметтік маңызы, қазіргі шақта қолданудың ғылыми-әдістемелік негізін жасаудың өмірлік қажеттілігі туралы пікірлер көтерілді.

Конференцияда жасалған баяндамалар, айтылған ойлар, ұсыныстар әл-Фараби мен Абайдың шығармашылық мұралары өзегіндегі құндылықтарды білу мен түсінудегі, қазіргі қоғам жағдайында қолданудағы ізденістерге айтарлықтай үлес болып қосылды. Бұл бағыттағы ғылыми-шығармашылық жұмыстарға тиісті толықтырулар енгізілді.

Конференциядағы өзекті мәселелердің бірі Абайдың ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері болды. Ғылыми қордағы теориялық қағидалар мен методологиялық ұстанымдардың жүйелілігі, дәлелділігі мен негізділігі аса маңызды. Абай шығармашылығы жүйесіндегі қайбір суреттер, ұғымдар өзегінде жатқан мән мен мағыналар туралы қисындарды жүйеден тыс, бір-бірімен байланыссыз, жеке-дара түсініктер негізінде ұсыну қателікке ұрындыратыны анық. Сондықтан Абайдың шығармашылық мұрасы, Абайдың ілімі жүйесіндегі әр қисынға, әрбір концептуалды ойға, олардың мәні мен мәнісіне үлкен жауапкершілікпен қарау керек болады. Ақынның поэтикалық бейнелеу құралдары жүйесіндегі жекелеген сөздің мәні мен мағынасын танудың өзінде үлкен қиындықтар бар. Мысалы, ақын «Сегіз аяқ» деп аталатын өлеңін *Алыстан сермеу* деп бастайды. Алыстан сермеу тілдің қызметіне қатысты айтылады. Тілдің *алыстан сермеуі* – образды ойлаудың нәтижесі. Ол деректі, нақты, затты ұғымды емес, дерексіз ұғымды білдіреді. Сондықтан оның мағынасын білу, мәнін түсіну қабылдаушының таным деңгейіне тәуелді. Бұл жерде сөздің мағынасын жете біліп, мәнін терең түсінудің басты жолы – сөзде көрініс тапқан мағына дүние-әлемдегі, болмыстағы, тұрмыс-тіршіліктегі қандай оқиғамен байланысты екенін, қандай оқиғаның, құбылыстың қандай қырына сәйкес келетінін анықтау. Басқаша айтқанда, ақынның көркемдік әлемінде көрініс тапқан сурет оның көркемдік ойлау әлемінде қалай пайда болғанын, болмыстағы қандай құбылыстың немесе қандай оқиғаның негізінде пайда болғанын пайымдап білуге тура келеді.

Алыстан сермейді. Мұның шешуі не болуы мүмкін? Жүректен тербейді. Мұның шешуі не? Шымырлап бойға жайылған. Ол не нәрсе? Тіл (сөз, сөз өнері) алыстан сермейді, жүректен тербейді, шымырлап бойға жайылады дегенді көрнекі түрде қалай түсінуге болады?

Тілге, қызыл тілге қатысты «алыстан сермеу», «жүректен тербеу», «шымырлап бойға жайылған» секілді тілдік бірліктер білдіретін қимыл-қозалыстардың иесі қызыл тіл екенін ақынның өзі айтып отыр. Олай болғанда, «шымырлаған бой» қызыл тілден шыққан сөзді тыңдаушының бойы, «тербелген жүрек» соның жүрегі екені анық, түсінікті. Анық, түсінікті айтылған осы ұғым, түсініктер кодталған мағынаға мегзейді. Кодталған мағына атауларының негізіндегі құбылыстың елесін осы бағытта іздеуге тура келеді. Тиісті білім қоры бар

тыңдаушы үшін мына жай белгілі болады: қызыл тілден шыққан сөздің «жүректі тербеп», «шымырлап бойға жайылуы» – оның тыңдаушыға әсерінің белгісі, тіл өнерінің туындысын эстетикалық қабылдаудың нәтижесі. Тіл өнері туындысын қабылдау үдерісі жүйесінде пайымдау, өнер туындысының (тілдің / өлең сөздің) эстетикалық қызметін, қабылдаушының ішкі әлемінде туғызатын, туғызған күйін, ол күйдің түрлі сатыдағы қалпын анықтау тиісті таным өрісінде, тиісті білім қоры негізінде терең ойлау кеңістігінде ғана белгілі болады. Қалай болғанда да код қызметін атқарып тұрған тілдік бірліктердің жасырынулы мәні автордың да, автордың тыңдаушыларының да есінде, білім, таным кеңістігінде.

Абай ілімінде маңызды орын алатын «Имани гүл», оның құрамдастары туралы ұғымдарды түсінуде жүйелеу методологиясының заңдылықтарына сыймайтын шамалар бар.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Жене хақ жолы осы деп әділетті.
Осы үш сүю болады имани гүл... [2, 304].

Зерттеушілердің арасында Абайдың осы үш сүюін былайша қабылдау бар: 1) адамның Алланы сүюі; 2) адамның «адамзаттың бәрін сүюі»; 3) адамның «хақ жолы деп әділетті сүюі» [4, 178-179; 5, 209-210; 6, 77]. Абайдың өлеңінде тағы бір сүю бар. Ол – Алланың адамды сүюі, «Алланың адамзатты махаббатпен жаратуы». М.Әуезов мұны көрмей қалған жоқ. Көрді де білді. Бұл жерде мынаны ескеруге тура келеді: Абайдың өмірі мен шығармашылығы, шығармашылық айналасы туралы кеңестің идеологияның қатал сыны қылыштай жалаңдап тұрғанда, Абайдың үш сүюінің біріншісін (Алланың адамзатты, адамды сүюін) көрсетудің орнына адамның әділетті сүюін көрсету Абайдың шығармашылығын қорғап қалу мақсатынан туған шешім еді.

Бірінші сүюдің мәнісін Абай өлеңінде ғана емес, қара сөздерінде де тереңге бойлап айтты. «Адам баласынан махшарда сұрау беретұғын қылып, жаратқандығында һәм ғадаләт, һәм махаббат бар. Адам баласын күрт, күс, өзге хайуандар сипатында жаратпай, бұл гузәл сипатты беріп, екі аяққа бастырып басын жоғары тұрғызып, дүниені көздерлік қылып, өзге хайуандар секілді тамақты өз басымен алғызбай, ыңғайлы екі қолды басқа қызмет еттіріп, аузына қолы ас бергенде, не ішіп, не жегенін білмей қалмасын деп, исін алып ләззаттанғандай қылып ауыз үстіне мұрынды қойып, оның үстіне тазалығын байқарлық екі көз беріп, ол көздерге нәзіктен, зарардан қорғап тұрарлық қабақ беріп, ол қабақтарды ашып-жауып тұрғанда қажалмасын деп кірпік жасап, маңдай тері тура көзге ақпасын деп, қаға беруге қас беріп, оның жүзіне көрік қылып, бірінің қолынан келместей істі көптесіп бітірмекке, біреуі ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп жаратпақтығы махаббат емес пе? Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?» [3, 193].

Абайдың үш сүюінің біріншісі – осы сүю, Алланың адамзатты сүюі. «Кім сені сүйсе, оны сүймектік қарыз емес пе?» [3, 194]. «Алла тағаланың пендесін махаббат уа мархаматбірлән жаратқанын біліп, махаббатына махаббатбірлән ғана елжірмекті – құдаға ғашық болды дейміз» [3, 201].

Абай анық айтып, нақты көрсетіп отырған «Алла тағаланың пендесін махаббат уа мархаматбірлән жаратқаны» – әуелгі сүю. Әуелгі сүю – кейінгі сүюдің негізі. Әуелгі сүю болмайынша кейінгі екі сүюдің болмағына жол да, жөн де жоқ.

Алла адамзатты махаббатпен жаратса, ол – Алланың адамды сүйіп жаратқаны. Абайдың «имани гүлін» осылай қабылдап, осы ретте біліп, осы жүйеде түсіну дұрыс болмақ. Абайдың «имани гүлін» осылай қабылдап, осылай түсінудің де өз тарихы бар [7, 232].

Айтылған жайлардың негізінде Абайдың «имани гүл» болатын үш сүюін мына ретте түсінетін боламыз: 1) Алланың адамды сүюі; 2) Адамның Алланы сүюі; 3) Адамның адамзаттың бәрін сүюі.

Абайдың шығармашылық мұрасын, Абайдың ілімін білу, түсіну аясында екі сөз, екі ұғымға қатысты екі ауыз сөз айттық. Абайдың шығармашылық мұрасын ғасырдан аса уақыт бойы біліп, түсініп, танып келе жатқанымызға қарамастан, осы екі сөз, екі ұғым айналасында әлі де толық шешіліп болмаған түйіндер мен түйткілдер бары аңғарылады. Абайдың шығармашылық мұрасын, Абайдың ілімін білу, түсіну және қолдану бағытында анықталатын, анықталуға тиіс мұндай мәселелер аз емес. Конференцияда жасалған баяндамалар осы бағыттағы ізденістерімізге белгілі бір дәрежеде негіз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тоқаев Қ.-Ж.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. 9 қаңтар 2020. <https://www.akorda.kz/kz/-events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy>
2. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Өлеңдер мен поэмалар / Жалпы редакциясын басқарған Ы.Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 454 б.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. Аудармалар мен қара сөздер / Жалпы редакциясын басқарған Ы.Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 312 б.
4. Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Том 20. Монография мен мақалалар / Жауапты шығарушылар: Л.Әуезова, З.Серікқалиев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 496 б.
5. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. Том ХХІ / Жалпы редакциясын басқарған Ж.Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 290 б.
6. Абайдың дүниетанымы мен философиясы / Жауапты шығарушы М.С. Орынбеков. – Алматы: Ғылым, 1995. – 184 б.
7. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. Он алты томдық. Том 16. Жарқын жұлдыздар. Зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1980. – 416 б.

Бауыржан Жақып,
филология ғылымдарының докторы,
ҚР ҰҒА мүшесі, Қазақстан Жазушылар Одағы
басқармасы төрағасының орынбасары,
ҚазҰУ ректорының кеңесшісі

ӘЛ-ФАРАБИ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ ТУРАЛЫ СӨЗ

Тарихта ұлы адамдар аз емес. Солардың ішінде мың жылдың шебіне өтіп, бүгінгі күнге жеткендері санаулы ғана. Қазақ даласынан шыққан отырарлық ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби осындай бірегей тұлға. Өз кезеңіндегі ғылым мен білімнің барлық саласы бойынша айтулы еңбектер қалдырған энциклопедист ғалым, кемеңгер философ, дарынды математик, астролог, музыка теоретигі, шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы болумен бірге, ерте грек ойшылы Аристотельдің шығармаларына алғаш рет ғылыми түсініктеме беріп, «Екінші ұстаз» атанғаны белгілі.

Еліміздің данышпан бабамыздың ғылыми мерекесі 1970 жылы өткен еді. Содан бергі жарты ғасырға жуық уақыт ішінде ұлы ғұламаның рухына бағышталған қыруар игі істер жүзеге асты. Ғалымның 1150 жылдық мерейтойы биылғы жылы халықаралық деңгейде аталып өтуде.

Орта ғасырлар кезеңінде араб, парсы және түркі әлемінде қалалар өркендеп, ғылым мен мәдениет өзінің шырқау шыңына шыққаны белгілі. Осы ретте Ислам дінінің прогрессивтік ықпалымен дамыған мұсылмандық Шығыс – еуропалық Қайта өрлеу (Ренессанс) дәуірі мен Антикалық көне грек мәдениетінің арасын жалғастырған алтын көпір болғаны ақиқат. Қазіргі заманғы өркениет ортағасырлық Шығысқа оның осы қызметі үшін де қарыздар екені даусыз. Бұл тұста Шығыс әлемінен Әбу Жүсіп әл-кинди (800 – 860/879), Әбу-л-Уәлид Мұхамед ибн рушд (1126 – 1198), Әбу Райхан әл-Бируни (973 – 1048), Әбу Мұхаммед әл-Ғазали (1058 – 1111), Әбу Әли ибн Сина (980 – 1037), Әбу Абдалаһ әл-Хорезми (787 – 850), Әбу Абдалаһ әл-Баласағұни (1040/50 – 1112), Әбу Жафар әл- Туси (1201 – 1274) секілді көптеген ғұлама ғалымдар мен Әбу-л-Хасан Рудаки (860 – 941), Әбу-л-Қасым Фирдауси (940 – 1020/30), т.б. «Шығыстың жеті жұлдызы» атанған ұлы ақындар шықты. Есімі адамзат тарихынан өшпейтін осындай ұлы тұлғалардың бірі ғана емес, ең бірегейлерінің қатарындағы жерлесіміз – Әбу Насыр әл-Фараби (Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлаг әл –Фараби) екені біз үшін зор мақтаныш.

Ежелгі дәуірдегі атақты грек ойшылы Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанған ғұлама орта ғасырлардағы Фараб (Отырар) қаласында әскербасының отбасында 870 жылы дүниеге келіп, 950 жылы Сирияның Шам қаласында қайтыс болған. Бала Әбу Насырдың білім-ғылымға бет бұруы тегін емес. Ол тұста түркілердің үлкен мәдени орталығы болған Отырар қаласында Мысырдағы Александриядан кейінгі әлемдегі ең үлкен кітапхананың болуы да оның болашағына жол сілтеуі бек мүмкін. Отырар медресесінде, Шаш, Самарқан, Бұхара қалаларында оқыған ол жасөспірім шағында-ақ Жібек жолы бойымен Арабияға сапар шегіп, қалған өмірін сонда өткізеді. Харран, Мысыр, Халеб (Алеппо), Бағдат шаһарларында білім алады. Күн көріс үшін түңгі күзетшілікке дейінгі қарапайым жұмыстарды істей жүріп, өздігінен көп оқып, ізденістің тар жол, тайғақ кешулерінен өтеді. Осы мақсатта Орта Азия, Парсы, Ирак, араб елдері қалаларында болып, ол жерлерде көптеген ғұламалармен танысып, сұхбаттасады.

Тарихи деректерге қарағанда, әл-Фараби 70-ке жуық тіл біліп, философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка, астрономия, астрология салалары бойынша жүз алпыстан аса зерттеулерін жазып қалдырған. Олардың ішінде бүгінгі таңда да өзектілігін жоймаған «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы», «Ғылымдар тізбегі», «Музыканың ұлы кітабы», «Бақытқа жол сілтеу» тәрізді трактаттары әлемдік ғылыми ортада кеңінен танымал.

Әбу Насыр әл-Фараби – ең алдымен ұлы философ. Ол өзінің еңбектерінде ғылым салаларын философиялық тұрғыдан саралап, талдайды. Ғұлама өз заманындағы әлеуметтік-этикалық проблемаларға талдау жасап, өзіндік тұжырымдар айтады. Соғыстар мен зорлық-зомбылыққа ашына қарсы шыққан ақыл-парасатты, ізгі тілекті адамдардың тұлғасын сомдайды. Шығармаларында мінсіз адамзат қоғамының сипаттамасын жасап, өз заманының бүкіл дүниеге көзқарасын баяндайды. Әл-Фарабидің ілімі бойынша, адам өзінің жаратылысында – қоғамдық тұлға. Сондықтан ол басқа адамдармен қоғамдасып, бірлесіп қана өмір сүре алады. Өйткені әрбір адам жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін, ол мұны жалғыз жүріп таба алмайды, сондықтан ол қандай да бір адам қауымын қажет етеді. Сөйтіп, біріне-бірі көмектесіп отыратын көптеген адамдар бірлестіктері арқылы адам өзінің жаратылысына сай кемелділік дәрежесіне жете алады. Осының нәтижесінде адам қоғамдары пайда болады. Бұл жағдай адамның өзара көмекке зәрулігінен туады деп түсіндіреді ғалым. Ойшылдың бұл көзқарастары жаһандану бағытындағы бүгінгі ғаламдық үдерістің табиғатын мың жыл бұрын болжағандай болып көрінеді.

Әл-Фараби «Ғылымдардың тізбегі» («Исха ал-'улум») деген трактатында сол кездегі ғылымдарға жеке-жеке сипаттама беруге талпынған. Ғалым трактатын: тіл, логика, математикалық ғылымдар, физика мен метафизика және азаматтық ғылым мен дін ілімі деп бес тарауға бөліп, әрқайсысының зерттеу пәнін анықтап көрсеткен. Мысалы, тіл туралы ғылымды жай сөздер, сөз тіркестері, жазу ережелері туралы, т.б. деп бөледі. Осы еңбегінде поэтика, өлең құрылысы туралы кеңінен түсінік берген. Ал математикалық ғылымдарға арифметика, геометрия, оптиканы, жұлдыздар туралы ғылымды, музыканы жатқызады. Музыка туралы ғылым әуендердің түрлерін, олардың неден құралатынын зерттейді дей келіп, бұл мәселеге «Музыканың ұлы кітабы» деген көлемді еңбегін арнайды. «Бақытқа жету жайында» деген трактатында әкім, имам секілді тұлғаалрға анықтама беріп, олардың бақытқа жету үшін қажетті атқаратын міндеттерін белгілейді. Адамгершілік қасиеттердің қалыптасуында әдеттің атқаратын рөлін айқындайды. Ал «Ғылым туралы кітап» трактаты математика және жаратылыстану ғылымдарына арналған. Энциклопедист ғалым бұл еңбегінде химия, физика, медицина, математика салалары бойынша өз заманындағы ғылыми түсінік тұрғысынан пайымдаулар жасайды. Онда химия өнері, жұлдыздар дүниесі, адам дене мүшелері, жануарлар тіршілігі турасында айта келіп, негізінен, математика, оның геометрияға арналған бөлімі жайында баяндайды. Бұл еңбек ұлы ойшылдың жан-жақты білімдарлығының айқын дәлелі, «Екінші ұстаз» деген атағына лайық дүние деп айтуға болады.

Әл-Фарабиге мұндай ерекше мәртебенің берілуі ежелгі грек философы Аристотель (б.з.б. 384 – 322) мен оның ұстазы Платонның және гректің ұлы астрономы Клавдий Птолемейдің еңбектеріне түсініктеме бере отырып, өз жанынан тың қорытындылар шығарып, практикалық мәні зор соны идеялар, пікірлер айтуымен байланысты екені белгілі. Содан бері мың жылдан аса уақыт ішінде ғалымның ғылыми мұраларын Батыс пен Шығыстың дуалы ауыз ғұламалары зерделеп, зерттеп, өз еңбектерінде пайдаланып келеді. Мәселен, сәуленің жиналу, сыну, таралу, шоғырлану заңдылықтарын тапқан әл-Фарабидің шұғыла туралы түсінігі Еуропа ғылымына бертінде ғана мәлім болды. Ғұлама ғылыми астрономияны күмәнді астрологиялық болжаулардан бөліп қарайды. Сондай-ақ, Шығыс елдерінде тұңғыш педагогикалық жүйе жасаған ғалымның ағартушылық еңбегі қазіргі кезде де құнын жойған жоқ.

Ғұлама ғалымның еңбектері әр кезде-ақ дүние жүзінің көптеген көрнекті зерттеушілерінің назарын аударып келді. Олардың қатарында ортағасырлық араб, парсы және басқа тілдерде жазған оқымыстылар Ән-Надим, әл-Бей хаки, ибн Сайд әл-Кифти, Хаджи Халифа, Венике, Камерарице, жаңа дәуір кезеңдеріндегі Батыс Еуропа мен Америка ғалымдары Леонардо да Винчи, Спиноза, Г. Зутер, Ф. Диетереций, К.Брокель, Дж. Сартон, М.Штейншнейдер, Ресей мен Кеңес Одағының шығыстанушы ғалымдары В.В.Бартольд, Е.Э.Бертельс, Б.Фафуров, С.Н.Григорьян, В.П.Зубов, А.Сагадеев, түрік ғалымдары А.Сайылы, Х.Үлкен, т.б. есімдерін атауға болады.

Ұлы бабамыздың есімі елімізде өткен ғасырдың 60-жыларында белгілі болып, ғалым А. Машановтың бастамасымен, сол кездегі Қазақстан Ғылым академиясының президенті

Қ. Сәтбаевтың қолдау көрсетуімен ғылыми мұралары зерттеле басталды. Соның нәтижесінде аз уақыт ішінде-ақ Ә, Марғұлан, О.Жәутіков, А.Қасымжанов, А.Көбесов, М.Бурабаев, Қ.Жарықбаев, М.Хайруллаев, А.Қасабеков, Ә.Дербісәлі, Ж.Алтаев, т.б. майталман фарабитанушылар өсіп шықты. Бұл қатар әлі де толыға түсуде. 1975 жылы әл-Фарабидің 1100 жылдығына орай, ЮНЕСКО шешімі бойынша, Алматыда халықаралық конференция өткізілді. Содан бергі қырық бес жыл ішінде баба рухына арналып қыруар шаралар атқарылды. Елімізде көптеген мектептерге, көшелер мен алаңдарға есімі берілді. Ескерткіштері орнатылды. Шымкент қаласында Әл-Фараби ауданы, Түркістан облысының Жетісай ауданында Әл-Фараби ауылы бар. Ұлттық теңге айналымға енген 1993 жылдан бері әл-Фараби бейнесі бедерленген банкноттар шығып келеді. Қазақстан Республикасының Әл-Фараби атында ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығы бар. Әл-Фарабидің құрметіне ғылыми, ғылыми-практикалық конференциялар, симпозиумдар мен форумдар, әл-Фараби атындағы олимпиадалар өтіп тұрады. «Әл-Фараби» деген атпен А.Машановтың (әл-Машани), А.Х.Қасымжановтың, А.Көбесовтің, т.б. кітаптары, Фараби еңбектерін зерделеуге арналған жүздеген зерттеулер, оқу құралдары, жинақтар жарық көріп, диссертациялар қорғалуда. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым академиясының философия, саясаттану және дінтану институтында Шығыс философиясы және Фарабитану бөлімі жұмыс істейді. Мұнда ғұламаның трактаттары ғылыми түсініктемелрі мен алғы сөздері жазылып, қазақ және орыс тілдерінде жарық көреді. Институт ғалымдары зерттеулер жүргізеді.

Ұлы ғұламаның есімін ардақтап, еңбегін насихаттауда, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің алар орны ерекше. Үстіміздегі 2020 жылы Қазақстанның жоғары оқу орындары арасынан алғаш болып әлемнің ең үздік 200 университетінің қатарына енген, тоқсан жылға таяу тарихы бар, ғылым мен білімнің нағыз алтын ордасы боларлық оқу орны баба атына лайық қызмет атқаруды өзінің басты парызы санайды. Университет жанынан Фарабитану орталығы құрылған. Мұнда әл-Фараби мұрасын зерттеу, насихаттау жұмыстары жүргізіледі. Университет қалашығының аумағында заманауи сәулетпен салынған «Әл-Фараби» кітапханасы, оның ішінде Әл-Фараби музейі жұмыс істейді. 2 миллион данадан аса кітап қоры, мыңға тарта адамға арналған оқу залы бар кітапхана кезең-кезеңмен жаңа технологияға көшуде. Негізгі мазмұндық құрылымы, диорамдық кешендері мен жаймасөрелері «Көне Отырар – естеліктер қазынасы», «Әл-Фарабидің жастық шағы», «Әл-Фараби еңбектері – адамзаттың асыл қазынасы», т.б. тақырыптық экспозицияларға бөлінген музейде 10 – 12 ғасырларға жататын тарихи жәдігерлер де бар. Университет қабырғасында «Фараби оқулары», симпозиумдар, халықаралық «Фараби форумдары», студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» халықаралық ғылыми конференциялары жыл сайын үздіксіз өтіп келеді. «Қазақ университеті» баспасы мен «ҚазҰУ хабаршысы» басылымдарында баба мұрасына бағышталған кітаптар, жинақтар мен зерттеулер жарияланып тұрады. Осы қатарда Халықаралық Абай клубының «Философиялық ойлар кітапханасы» сериясымен ғұламаның қазақ және орыс тілдерінде жеті томдық, ағылшын тілінде бір томдық еңбектері жарық көрді. Ұлы ғұламаның 1150 жылдық мерейтойына орай үстіміздегі жылы түсірілген «Әбу Насыр әл-Фараби» деректі фильмінде Батыс пен Шығысты терең біліммен бас идірген Екінші ұстаздың өркениетке қосқан өлшеусіз еңбектері жайында сөз болады. Биылғы ақпан айында әл-Фарабидің 1150 жылдығы мен Абайдың 175 жылдығына арналып, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Әл-Фараби – Абай: сабақтастық мәселесі» халықаралық ғылыми-практикалық дөңгелек үстел өтіп, қос данышпанның Рухани жаңғыру үрдісіндегі рөлі мен тәрбиелік тағылымы сарапталды. Университет әл-Фараби мұрасына арналған 30-дан аса кітаптар шығарды. Тұрақты түрде әл-Фараби форумдары өтіп келеді. Баба мұрасын зерттеушілерге арналған әл-Фараби атындағы сыйлық тағайындалды. Әл-Фарабидың «Әл-Мадина әл-фадила» – қайырымды қаласының үлгісінде «AL-FARABI UNIVERSITY SMART CITY» жобасын БҰҰ –ның «Академиялық ықпалдастық» бағдарламасының Глобалды Хабы ретінде университет 4.0 жеке моделін жасап, қолданысқа енгізіп келеді. Бұл жоба 2018 жылы БҰҰ-ның Штаб-пәтерінде таныстырылып, әлемдік трендтер мен сұраныстарға жауап беретін университеттердің перспективті даму моделі ретінде халықаралық деңгейде кеңінен таратуға ұсынылды.

«Әбу Насыр әл-Фараби» атты бұл энциклопедиялық жинақ сондай ізгі ниеттен туған игілікті істеріміздің бірі. Маман энциклопедияшы-баспагерлердің жинастырып-құрастырумен және әдеби-ғылыми редакторлығымен, ішінара авторлығымен дайындалған жинақ Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Фараби туралы лебізімен, ҚР Президенті Қ.-Ж.Тоқаевтың мерейтойлық сөзімен, сондай-ақ Мемлекеттік Хатшы Қ.Е.Көшербаевтың әл-Фараби тойының ашылу рәсімінде сөйлеген сөзімен басталып, одан әрі А.әл-Машани, А.Х.Қасымжанов, А.Көбесов, А.Хайруллаев, Б.Қарлыға, Ә.Дербісәлі, Ә.Нысанбаев, М.Бурабаев, Ж.Алтаев, П.Сүлейменов, Г.Құрманғалиева, А.Құрманәлиева, т.б. фарабитанушы ғалымдардың ғылыми мақалалары және құрастырушы-редакторлар жинап дайындаған ақпараттық-танымдық мақалалар энциклопедиялық талаптарға сәйкес әдеби стильде әрі әліпби ретімен берілді. Кітап соңында библиографиялық мәлімет көрсетілген.

Энциклопедияда әл-Фарабидің қолда бар еңбектерінің барлығы туралы түсініктемелер беріледі. Әл-Фараби өмір сүрген заман, оның замандастары, ол туралы араб, парсы, батыс, еуропа ғалымдарының зерттеулері, Қазақстанда және шет елдерде жарық көрген әл-Фараби туралы кітаптар, оның есімі берілген мекендер, көшелер, оқу орындары, оның ескерткіштері мен суреттері басқа да ғұламаға қатысты мәліметтер мен деректер тұңғыш рет энциклопедияға енгізіліп отыр. Бұл еңбек сонысымен де құнды. Энциклопедияның Бас редакторы ретінде университет ректоры, академик Ғ.М.Мұтанов бүкіл жұмысқа басшылық жасады. Қазіргі кезде энциклопедияның қазақ тіліндегі нұсқасының тұсаукесер рәсімі өткізіліп, оған ҚР Мемлекеттік Хатшысы Қ.Е.Көшербаев арнайы келіп қатысты. Бүгінгі таңда ректордың тапсырмасымен «Әбу Насыр әл-Фараби» энциклопедиясы орыс, ағылшын, араб тілдеріне аударылып жатыр.

Соңғы 11 ғасырда ғалымның есімін ерекшелеп, еңбегін зерделеген жүздеген зерттеулер мен кітаптар жазылды. Бірақ солардың ішінде бұл басылым тұңғыш энциклопедиялық жинақ болуымен айрықша орынға ие екенін айта кеткен орынды. Данышпан жерлесіміздің 1150 жылдық мерейтойына орай, осы бір абыройлы іске бастамашы болып, атқарып шыққаны – ғұлама баба атындағы Қазақ ұлттық университеті үшін де зор мақтаныш. Өйткені Қазақстан – әл-Фарабидің атамекені, Отаны болса, Қазақ ұлттық университеті – өзін ұлы ғұламаның ғылым-білім мәйегін ұйытқан отбасы секілді сезінеді.

Насриддин Назаров,
фалсафа фанлари доктори, сиёсий фанлар доктори,
Тошкент Архитектура-курулиш институти профессори,
Ўзбекистан

ОРХОН-ЕНИСЕЙ ЖАЗБА ЖӘДИГЕРЛЕРИ МЕН АБАЙ МҮРАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ПАРАЛЕЛЛИКДЕР

Бугунги ижтимоий-маданий трансформациялашув шароитида инсоният ўз маънавий меросига эҳтиёж сезмоқда. Айниқса, жаҳон цивилизацияси ривожини таъминлаб келган туркий халқлар ўз маънавиятининг булоқларига қайтиб, уларни тарғиб этиб, ёш авлодни тарихий ва маънавий меросга ижобий муносабат руҳида тарбиялашга интилиб келаётганлиги қувонарлидир. Шу нуқтаи-назардан бугунги маънавий янгиланишлар шароитида туркий халқлар маънавиятининг илк булоғи ҳисобланган Ўрхун-Енисей ёзма ёдгорликларидаги элни бирликка, ҳамжиҳатликка ундовчи ғояларни тарғиб этиш, ҳамда туркий халқлар реформатор сиймоси бўлган буюк Абайнинг маънавий меросини ўрганиш муҳим. Зеро, Ўрхун-Енисей ёзма ёдгорликларида ҳамда Абай меросида эл дунёқараши, маънавиятини юксалтириб, ўзлигини англаш – ҳар қандай муваффақиятнинг асоси эканлигига урғу берилганлиги билан эътиборни тортади.

Тарихий тараққиёт жараёнида эл бирлигини таъминлаш ҳар бир даврнинг ўзига хос муаммоларини ечишда зарурий аҳамият касб этган. Ушбу жиҳат ёзма манбаларда ўзининг ифодасини топган бўлиб, тарихий тараққиётда маънавий-маданий жараёнлар ўзаро яхлитликни мустаҳкамлашга йўналтирилган мақсадлар ва ғоялар ҳосиласидан иборат эканлигини тасдиқлайди. Айниқса, VII-асрнинг охири ва VIII-асрнинг бошларида қадимги туркий мутафаккир Йўллиғ тегин – Култегин, Билга ҳоқон, Қутлуг Элтериш ҳоқонлар шарафига қўйилган ёзма ёдгорликларнинг муаллифи, теран тафаккур соҳиби туркий маънавият ва маърифатнинг тамал тошини қўйган мутафаккир сифатида турк ҳоқонлиги даврида ўзига хос ўрин тутганлиги Ўрхун тошбитикларидаги маълумотлардан аён. Ёзувларда қадимги туркларнинг маданий турмуш даражаси, адабий имкониятлари, тарихий воқеалар инъикоси, тафаккур кенгликлари ифодаланганлиги билан диққатни жалб этади. Қадимги турклар сиёсий бирлигининг етакчилари Билга ҳоқон ёдгорлиги (732 йил) ва унинг укаси Култегин ёдгорлиги (735 йил) (Кошо-Цайдам ёзувлари) ва шунингдек, маслаҳатчи Тонюкққа аталган ёзув (716 йилдан кейин яратилган) ларда даврнинг тарихий воқеалари силсиласини ўзида ифодалаб, турк баҳодирлари жасоратли фаолиятларининг акс этганлиги – туркий халқлар тарихи ва маданиятининг тошбитикларда ифодаланган дастлабки боби эканлиги билан характерлидир. Абай меросидаги маънавий ва маърифий ҳикматлар бевосита Ўрхун_Енисей тошбитикларидаги туркийлар маънавий дунёқарашининг тадрижий такомили сифатида эл бирлиги ҳамда ҳамжиҳатлигига эътибор қаратилганлиги билан аҳамиятлидир.

Туркий маданиятнинг илк намуналари Ўрхун-Енисей ёзма ёдгорликларининг тарихий моҳиятига эътибор қаратгудек бўлсак, унда: «Отамни хон сифатида, онамни эса хотун сифатида эъзозлаб кўкка кўтарган осмон: "Турк халқининг исми ва шон-шарафи сўнмасин!", Қабилаларини берган осмон (хоннинг ҳукмронлиги остига) (бу сафар ҳам): «Турк халқининг номи ва шон-шуҳрати сўнмасин» деди: "Бу исм йўқ бўлиб кетмаслиги учун ҳам осмон мени кўтарди (ва хон қилди)» [7, 23], – деган ҳикматлар мавжуд. Ушбу битиклар шавкатли турк элининг абадиятга дахлдор эканлигини, самовий руҳлар турк етакчилларини доимо қўллаб-қувватлаб келиши ифтихор ҳисси билан қайд этиладики, ушбу сатрлар бугунги кунда ҳам ёшларимиз орасида тарбиявий аҳамиятга эга бўлиб, уларда тарихий тафаккурни юксалтириш орқали ифтихор туйғусини, фахру ғурурни, ватан ва эл тақдири учун масъуллик ҳиссини

юксалтиради. Ушбу жиҳатлар бугунги маънавий янгиланишлар шароитида, жамиятнинг ижтимоий-маданий юксалишида муҳим. Ушбу жиҳатлар мутафаккир Абай меросларида ҳам ўзининг ифодасини топганлиги билан аҳамиятлидир.

Зеро, муайян элнинг муваффақияти шахсий омил билан, яъни етакчининг маҳорати билан боғлиқ: «Фалакдай Тангри яратган Турк Билга Ҳокон сўзим: отам турк доно Ҳокони тахтга ўтирганда тўққиз ўғуз қаҳрамонлари, унинг машҳур беклари ва унинг халқи Ҳурмат кўрсатдилар.Ўн етти ёшимда Тангут тарафга лашкар тортдим... Ўн саккиз ёшимда Олти чуб суғдак томонга кўшин тортдим, халқи-ни тор-мор қилдим... Йигирма икки ёшимда Табғач томонга лашкар тортдим... Тангри ёрлакагани учун, мен муваффақиятга эришганим учун, Турк халқи ғалаба қозонди. Мен томондан давлат бундай бошқарилмаса, Турк халқи ўлажак эди, йўқ бўқлажак эди» [6, 136-137]. Албатта, муайян халқнинг ғалабасида ҳамда зафар кучишида сиёсий-ҳарбий етакчининг ўрни бекиёски, Абай меросида ҳам бундай ҳикматларни учратиш мумкин. Ушбу жиҳатлар:

1. Ижтимоий-сиёсий жараёнларда муайян халқ, миллат, эл ва элат муваффақиятини таъминлаш бевосита сиёсий-ҳарбий етакчининг раҳбарлик маҳорати ва қобилияти билан чамбарчас боғлиқ эканлигини;

2. Эл буюк бўлиши учун – унинг йўлбошчиси буюк бўлиб, ҳарбий-сиёсий иродани ўзида тўлиқ мужассамлаштириши лозим. Зеро, муайян халқ ва элнинг муваффақияти бевосита сиёсий раҳбарнинг ташкилотчилик қобилияти билан алоқадор бўлиб, бошлиқдаги хислат ва хусусиятларнинг аксарияти элнинг кундалик фаолиятида мужассамлашини;

3. Шерюрак баҳодир бошқарган кўшин ғалабани қўлга киритиши муқаррарлиги, сувюрак етакчи бошқарган кўшин парокандаликка юз тутиб, мағлубиятга йўлиқиш эҳтимоли кучлилигини билдиради.

Шунингдек, Ўрхун-Енисей ёзма ёдгорликлари ҳамда Абай ҳикматлари гарчи улар орасидаги фарқ ўн бир асрни ташкил этсада, улар орасидаги тарихий параллеликлар – туркий халқлар тарихий тафаккурини юксалтиришда муҳим ўрин тутганлиги билан белгиланади. Маълумки, тарихий тафаккур ажодларимиз томонидан ижтимоий-тарихий тараққиёт шароитида яратилган моддий ва маънавий бойликларнинг инсон ёки муайян гуруҳ онгда акс этиб, намоён бўлиб, эл ва юрт манфаатлари йўлида хизмат қилиш иштиёқининг устунлик даражада намоён бўлишидир. Шу боис, ҳар бир шахсда тарихий тафаккур ўзлигини англаб, тарихий кадриятларига содиқ бўлиб, элпарварлик ва ватанпарварлик хислатининг тафаккурда мустаҳкам қарор топишидир. Инсоннинг инсоний моҳиятини онг ташкил этар экан, демак онг ва тафаккур ҳар бир шахс, жамоа, этник гуруҳ, этнос, миллат ва суперэтноснинг умуминсоний цивилизация босқичларидаги ўрнини англашида ҳам ўзига хос аҳамиятга эга. Тарихий тафаккур ижтимоий онгда ворисийлик хусусиятини ривожлантиради. Ва бундай ворисийлик асосида тарихий меросга мансублиги ривожланиб боради. «Янги аср, янги минг йиллик, дунё манзарасининг ўзгариши, инсон эволюцияси трансформацияси, илмий парадигмаларнинг алмашинуви ҳам ижтимоий, ҳам гуманитар билимларга, ҳам билиш усуллариغا из қолдирди ... Шажаралар, маданият, менталитет ва тарих фалсафасига қизиқиш ортиб бормоқда. турли цивилизациялар ва маданиятлар, уларнинг дунё цивилизацияси ва тарихий жараёнидаги ролини объектив акс эттиришга мойиллик кузатилмоқда» [5, 145-146]. Тафаккурда юз бераётган бундай эврилишлар шароитида ҳар бир шахс ўзининг ўтмишига Ҳурмат ва эҳтиром асосида муносабатда бўлиши тақозо этилади. Шунингдек, тарихий тафаккурда маданий ёки маънавий меросга мансубликни ифодалашда ҳар бир ижтимоий-тарихий даврга хос бўлган йўналтирувчи ғоя зарурий аҳамиятга эга бўлиб, ижтимоий-тарихий тараққиёт давомида тафаккурда элпарварлик ва ватанпарварлик хислатлари ривожини бевосита ушбу омил билан боғлиқ.

Бугунги кунда ажодларимизга хос бўлган эл бирлигини таъминлаш йўлида фаолиятни ўрганиш туркий халқларга мансуб миллатлар орасида ўзликни англаб, тарихий кадриятларга мансублик хислатларининг ривожини таъминлашда муҳим. Бу туркий халқларда, айниқса ёшларда ажодларимиз руҳига Ҳурмат ва эҳтиром руҳини шакллантириш билан бир қаторда, ватанпарварлик ҳиссининг юксалишида ҳам аҳамиятлидир. Шу нуқтаи-назардан Ўрхун-Енисей ёзма ёдгорликлари ҳамда Абай меросини тарғиб этиш муҳим.

Иккинчи турк Ҳоконлиги (692-716 йй.) давридаги туркий халқларнинг зафарли жараёнлари ҳамда ўша давр маънавий Ҳосиласи сифатида Ўрхун-Енисей ёзма ёдгорликлар қадимги аждодларимиз бўлган туркийларнинг зафарли юришларини, ўзаро бирлигини таъминлаган бўлса, ўн уч аср ўтиб, йигирманчи асрнинг биринчи ярмида Абай асарлари, унинг Ҳикматлари, ўзликни англашга қаратилган маънавий ўғитлари нафақат қозоқ жамиятини, балки бутун туркий халқларнинг ўзлиги англашига маънавий йўналтирувчи омил, яъни маънавий компас бўлди. Натижада, бир гуруҳ қозоқ маърифатпарварлари Алихан Бокейхан, Аҳмад Бойтурсунулы ва яна бошқалар Москвага бориб, Ленин билан учрашиб, қозоқ миллати Ҳудуди бўйича аниқ таклифларини илгари сура олди. Агар, Абай маънавияти унинг ўзликни англашга қаратилган Ҳикматлари қозоқ жамияти руҳоний дунёсига бунчалик чуқур сингиб кетмаганида эди. Алихан Бокейхан, Аҳмад Бойтурсунулы каби қозоқ зиёлилари қалбидаги дадиллик жамият аъзоларида балки бўлмаган бўлар эди. Шу боис, қозоқ менталитети, қозоқнинг ўзлиги, Қозогистон Ҳудуди деган масалаларни Абайнинг ўзликни англашга йўғрилган Ҳикматларининг таъсирисиз тасаввур этиш мушкул.

Шубҳасиз Абайнинг қарашлари жамиятдаги ижтимоий-маданий ўзгаришларнинг ижобий ривожини таъминлади. Абайнинг ижтимоий-маърифий фаолиятидаги асосий қирраси – бу таълим ва маънавият орқали жамият аъзоларининг ўзлигини англашига Ҳисса кўшиб борганлигидадир. Шу боис, бутун туркий оламда бугунги маънавий янгиланишлар шароитида Ўрхун-Енисей ёзма ёдгорликлар-ридаги чақириқлар ва Ҳикматларга Ҳамоҳанг бўлган буюк Абай бобомизнинг Ҳикматларидаги маънавий ва маърифий омиллардан фойдаланган ҳолда ўзликни англашда зарурий аҳамиятга эга. Ушбу жиҳат бугунги тафаккурдаги модернизациялашув ва трансформациялашув шароитида туркий халқларнинг бирлиги, Ҳамжиҳатлиги, умуман бирбовурлигини таъминлашда муҳим.

Бугунги, миллий ўзликни англаб, тарихий тафаккур ривожланаётган бир шароитда ўтмишга меҳр ва муҳаббат Ҳиссини тарбиялаш муҳим. Бунинг учун тарихий онгни юксалтириш, қадрият сифатида тарихга холисона муносабатни шакллантириш эътиборлидир. «Албатта, ҳеч бир халқ, ҳеч бир мамлакат ўз ўтмишини англамасдан ва Ҳурмат қилмасдан яшай олмайди, бу шунингдек, бошқа давлатлар ва халқларнинг тарихи Ҳақида умумий маълумотга эга бўлишни Ҳам тақозо этади. Ҳозирги шароитда янги тарихий маданият шаклланаётганлиги кузатилмоқда. Турли хил маълумотларга, Ҳаётий тажрибага ва ижтимоий мавқега эга бўлган одамлар асосий қадриятлар саналган ўз халқи ва ватанидан ғурурланишга, фидойилик, ватанпарварлик, жасорат, Ҳалоллик, адолат сингари тарихий тажрибалардан келиб чиқувчи хусусият ва хислатларни ўзига сингдириб, ўзга халқлар ва давлатлар билан тотувлик ва конструктив Ҳамкорлик асосида яшашни ўзининг Ҳаётий принципи сифатида қабул қилиши лозим. Ушбу жиҳатларни бевосита тарих бергусидир» [5, 63-64]. Демак, тарих ва тарихий тафаккур жамият аъзоларида ўзликни англаб, тарихдан сабоқ чиқариш ҳамда фахр-ифтихор Ҳиссини Ҳам ривожлантирадики, ушбу жиҳатлар жамият аъзоларининг тарихий тафаккурида мужассамлиги боис эътиборлидир. Ва бу жиҳатлар тафаккурда ватанпарварлик ва элпарвалик туйғусининг ривожини таъминлашда Ҳам муҳим. Шунингдек, ўзга халқ ва миллатлар билан умумийлик жиҳатларни Ҳам топа билиш ва бу жиҳатга урғу бериш, бугунги кунда туркий халқларга хос бағрикенглик тамойилини Ҳам таъминлаб борадики, ўзаро дўстлик ва Ҳамжиҳатликнинг таъминланишида – бу ўта зарурий омилдир. Шу боис, тошбитиклардаги қадимий ёзма ёдгорликлардаги Ҳикматлар тарғиби тарихий онгни юксалтириб, жамият аъзолари тафаккурида ғоявий омилларнинг устуворлигини таъминлашда ўтмиш қадриятларидан фойдаланиш – тарихнинг келажак тараққиётни таъминлашдаги ўрни ва аҳамиятини кўрсатадики, буюк Абай меросининг бу борадаги ўрни бекиёсдир.

ҲОЙДАЛАНИЛГАН АДАБИЁТЛАР

1. Батманов И.А. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. – Фрунзе: Изд-во АН Киргизской ССР, 1959.
2. Великая степь: Материалы III Форума гуманитарных наук. I-том. – Астана, 2018.

3. Герман Вейс. История цивилизации: архитектура, оружие, одежда, утварь: Иллюстрированная энциклопедия в 3-х томах. Классическая древность (до IV в.). Т.1. – Москва: Изд-во ЭКСМО-Пресс, 2000.
4. Жолдасбеков М., Сарткожаулы К. Атлас Орхонских памятников. – Астана: Культегин, 2006.
5. Народ в потоке истории. Научная серия /Составители Т.Шанбай, А.Ибраева. – Астана: Фоллиант, 2014.
6. Отаули. Билга Ҳокон достони. – Тошкент: «O'zbekiston», 2015.
7. Радлов В.В., Мелиоранский П.М. Древне-тюркские памятники Кошо-Цайдам . – Санкт-Петербург: Типография императорской Академии Наук, 1897.
8. Туймебаев Ж.Ж., Ескеева М. Туркитанудын тарихи-лингвистикалык негиздери (Историко-лингвистические основы Тюркологии). – Алматы, 2015.

Екрем Аян,
Мұғла Сытқы Кочман университеті
әдебиет факультеті қазақ тілі мен әдебиеті
кафедрасының меңгерушісі, доцент.
Түркия

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ИДЕАЛ ЖАСТАР ЖӘНЕ «КӘМІЛ АДАМ» МӘСЕЛЕСІ

Абай Құнанбайұлы әкесінің баласы емес, адамның баласы болғысы келді Осы себептен Абай қазір ең жоғары деңгейде ұсынылып, мықты дауыс, құнды интеллектуал, адамзаттың ақыны, бүкіл әлем адамзатының оқытушысы ретінде көтеріліп келеді.

Әдеби тұлға ретінде танымал Абай Құнанбай сонымен бірге ақын, жазушы, философ, ағартушы және мемлекет қайраткері. Қазақ әдебиетінің заманауи, реалистік және жаңашыл келбеті. Абай Құнанбай шығармаларының негізгі қайнар көзі – ол туып-өскен ұлттық мәдениет пен қазақ халқы. Ол отбасының әкімші болғандықтан, ол жас кезінде әкімші болды. Осылайша, ол жеке және әлеуметтік мәселелердің куәсі болды. Ол қаржылық және моральдық проблемалармен күресіп жатқан адамдардың қиындықтарын жеке өзі көрді. Мұның бәрі Абай Құнанбайды жастайынан жетіле бастады. Оның өлеңдерінің әдеби жағынан өте күшті болғаны және оның қазақ әдебиетіне жанры мен формасы бойынша жаңалықтар әкелгені оны қазақ әдебиетінің ең танымал ақыны етті. Абай қоғамды тек әдеби тұлға ретінде емес, интеллектуалды тұлға ретінде басқаратын авторлардың бірі бола алды. Өзінің эссе жанрында жазған өлеңдерімен және қара сөздерімен әлеуметтік мәселелерді анықтайтын және емдеу әдістерін ұсынатын Абайды да әлеуметтанушы, философ және мемлекет қайраткері ретінде қарастырған жөн. Абай реалист жазушы және шығармаларының көпшілігін сыни көзқараспен жазды. Абай – мемлекеттік басқару мен әлеуметтік тәртіпті қамтамасыз ететін әкімші, ал оның басқару стилі поэтикалық. Абай – діни және философиялық мәселелерді талқылайтын философ, ал оның тілі – өлең тілі. Абай – әлеуметтік әл-ауқаттың қайнар көзі білім деп айтатын мұғалім және оның шәкірттері – барлығы да қазақ халқы.

Абай ұлт ақыны. Оның ақындық программасы да сөз өнері арқылы халқына, еліне қызмет ету. Ұлтын ағарту ісіне, өнегелі жолға түсуге үгіттей отырып, ол сол ұлттың бойындағы заман қайшылықтары тудырған ұнамсыз мінездерді аямай сынайды, шенейді. Бұл тұрғыда Абай, ұлт психологиясын терең танушы әрі шебер суреттеуші¹.

Абайды заман талабына сай және маңызды етіп көрсететін нәрсе – біздің бүгінгі түрлі қиындықтарда өмір сүруіміз және қазіргі оқиғалармен тікелей байланысты болуымыз. Абайдың батыл шешкен әлеуметтік мәселелерге көзқарасы – оның ең үлкен сипаттамаларының бірі. Абай дәрменсіздіктен гөрі, Ресейдің отарлық езгісімен күресуді жөн көрді. Ол өсек айтудың орнына шындықты үйренуге және жағымпаздықтың орнына делдалдыққа баса назар аударды. Ол дәрежеге емес, білімге құштар болуға кеңес береді. Негізгі байқау жарыстың осы мәселелер бойынша өткенін қалайды. Ол халықтың өзіндік болмысын дәлелдеу мен дамытудың жолы – білім беру екенін баса айтады.

Әдебиет әлемді түсінуге, әсіресе адамзаттың барлық аспектілерімен айналысатын нұсқаулық болды. Әдебиет – мәдениеттерді түсінудің ең тиімді әдісі. Осы кезде Абай өз кезеңінің қиындығына қарамастан өз халқын дұрыс түсіндіру үшін әдебиетті ұлттық құндылықтарды талап ету үшін пайдаланды. Халықтың басындағы қара бұлт сейіліп, қиыншылықтар бітер күндерді аңсап, шешімін табуға тырысқан Абай да өзінің болашағына бағыт іздеді. Өз халқының қорғаушы және қолдаушы қатынасы сонымен бірге бүкіл адамзатқа кішіпейілділікті бірінші орынға қойып, қоғамдағы дауларды шешуде үлгілі тұлғаға айналды. Осылайша, даудамайдан аулақ бола білген Абай өзінің бейбітшілік пен жайлы болмысымен қоғамда сенімді

¹ Қирабаев, С. (1994) "Абайтанудың Кезектегі Міндеттері Туралы" Абай және Қазыргы Заман: Зерттеулер Жыйнағы, Ғылым, Алматы, 15 б.

орынға ие болды. Ол барлық адамдарды бір-біріне бауыр ретінде санау арқылы тектік дискриминацияны жоюға тырысты. Себебі ешнәрсе себепсіз табылмайды. Ақыл дамымайынша, құрмет ұзаққа созылмайды. Ұят, намысы жоқ адам басқаларды былай қойғанда, өзін-өзі жетілдіре алмайды. Бұларсыз ұлттық сана мен ұлттық намыс та жесір. Оларсыз қоғам дамудың тегіс жолына түсе алмайды, үйреншікті үрдістің ауасынан шыға алмайды, аралас уақытта басы айналып, шатасады.

Дала өмірін қайта құру және қайта құру үшін оның халқының өмірін терең талдау қажет. Абай басқару кезеңіндегі тәжірибесімен халықпен тығыз байланыста болды. Осылайша ол халықтың мұң-мұқтажын жақсы білді.

Абай сегізінші сөзге сұрақпен бастайды. осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды? Шынында ақыл, насихат кімге керек. Ақын өз заманының әлеуметтік тегін жіктеп береді. Алдымен ақыл, насихат ел басшылары болыс, билерге керек пе? Жоқ оларға ақыл пен насихаттың еш керегі жоқ. Қайта өздері елге ақыл, насихат айтамыз деп олыс, биболып сайланған. Тіптен ақыл үйренейін дегені болса да, олардың қолдарың тимейді. Ұлықтан сөз естімеу үшін оған жағыну керек, ел тентегін тыю керек, елді бір қалыпты басқару керек, оның үстіне өз қалтасынан шыққан орнын толтырмақ болға тірлігі не болысқа, не биге ақыл үйренуге мұрса бермейді.²

Ол өз ойларын айтып, бірінші кезекте білім беру мәселелеріне назар аударды. Көпшілікке білім беру көптеген қиындықтарды жеңеді. Осылайша, ол өз уақытында өз халқының әлеуметтік болмысымен шектелмей, оны түзету мен тәрбиелеудің жолдарын іздеді. Абай отбасынан бастап бүкіл ауылына, қаласына, еліне және сайып келгенде адамзатқа білім берді. Халқына рақым ету – онымен бірге жылау емес, керісінше өзін нығайтудың ерекше әдісін табу. Дала философы Абай бұл мәселеге баса назар аударып, уақытты үмітсіздікпен өткізу ешкімге де көмектеспейтінін айтады. Абайды осы жолға жетелейтін және оны өз халқын тәрбиелеуге шақырған мәселелер қазақ даласындағы масқара саясат пен жағымпаздық болды. Ол адамдарды араздыққа салуы адамзатқа қайшы деп санады. Аш адамның көлемінде ақыл, азап, ғылымға құштарлық жоқ.

Біз бүгінгі халықаралық жағдайларға байланысты мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына Абайдан жауап таба аламыз. «Барлық адамдарды менің бауырларымдай сүй»³, – дейді ол, «халықтар достығы» – бұл ақын үшін жалған дипломатия емес, өмірдің маңызды мағынасын көрсетеді. Абай өлеңдері мен қара сөздерінде негіз деп білетін маңызды мәселелердің бірі – қоғамда бейбітшілік орнату. Бұл біздің өзіміздің тыныштығымызды қамтамасыз ете отырып, басқа қоғамдармен достық қарым-қатынаста бола алатындығымызға баса назар аударады.

Абай бізге басқа мәдениеттер мен тілдерді үйренуге кеңес береді. Абай, барлық медреселерде өзінің діни білімін жетілдіріп қана қоймай, араб, парсы және түрік тілдерін де үйренді. Шығыс классиктерін оқыды. Абай енді орыс тілін үйренуге де ниетті болды. Ол бұл ниетін Семейдегі медреселік білімінің соңғы жылында «Приходская Школға» (Монастырь мектебі) барып жасады. Мұнда ол үш ай бойы орыс тілін үйренді, ал орыс тіліндегі шығармаларды оқи отырып, жан-жақты дамыды⁴. Басқа ұлттардың тілдері мен мәдениеттерін үйрену идеалды адамға тән. Сондықтан Абай орыс тілін үйренуді өзін-өзі жетілдіру деп қабылдады. Ол батыс ғылымына орыс тілі арқылы жетуді мақсат етті. Абайдың өзі орыс тілін үйреніп, жастарға тамаша үлгі болды. Өзін-өзі дамытатын адам сонымен бірге айналасына білім мен бақыт таратып, күлімсіреген жүзбен қамтамасыз етеді.

"Жылы жүз" ішкі рақым, мейірім секілді қасиеттерден туады. Ал олардың ақын танымындағы шығар көзін еске алсақ:

Қайратпен кіріп жалынбай,
Ақылмен тауып айласын.

² Есімов, F (1994) Хакім Абай, Атамұра, Алматы, 137 б.

³ Аян, E. (2017) Bir Devrin Aynası Abay Kunanbay ve Kara Sözlər, Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, Ankara, 38 б.

⁴ Аян, E. (2017) Bir Devrin Aynası Abay Kunanbay ve Kara Sözlər, Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, Ankara, 11 б.

"Мен қалайға" салынбай,
Жылы жүзбен жайнасын.

Соңғы жолдан жүректің әрекетін көреміз. Ақын осы үш қасиеттің үнемі бірліктегі тірлігін тілейді. Осы орайда әсіресе "Әсемпаз болма әрнеге" өленін ерекше атаған жөн. Әбдірахман өліміне байланысты өлеңдердегі асыл қасиеттердің негізінен жүректен туғаны көбірек болса да, ақыл, қайрат, жүрек үшеуінің бірлігі оларда да бұзылмайды.

Жүрегі жылы, бойы құрыш,
Туысы жаннан бөлек-ті.
Өнері оның жұрт асқан,
Ғылымға көңілі зерек-ті.
...Басыңа құдай беріпті,
Ақылың, рақымың қиын-ды⁵.

Абай болашақ жастардың сәулетшісіне сүйене отырып, өз шығармаларында толық адам болудың құпияларын берді. Абай тілектері – бұл ұлттың ғана емес, бүкіл адамзаттың тілегі. Өз халқына отан болсын, өссін, дамсын дейтін әрбір адам алдымен Абайды оқып, Абайды тыңдауы керек.

⁵ Өліпханов, М. (1994) "Абай Адамгершілікті Жүйелі Жырлаған Ақын", Абай және Қазырғы Заман: Зерттеулер Жыйнағы, Ғылым, Алматы, 264 б.

Арап Еспенбетов
филология ғылымдарының докторы,
Шәкәрім университетінің профессоры,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

АБАЙТАНУДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТ

Абай мұрасы – халқымыздың асыл қазынасы. Олай десек айтылар ой да, жазылар кітапта, әр дәуір ұрпағы өзінше алар тағылымы да толастамайды, толастауға тиіс емес.

«Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» – биік мұраттарға бастайтын, қазақстандықтарды біртұтас ұлттық идеяға жұмылдыратын бағдарламалық мақала. Бір жарым ғасырдан астам тарихы бар абайтанудың келесі ғасырдағы арқалар жүгін, шешілуге тиісті түйіндерін белгілеп берген теориялық тұжырым.

Мемлекет басшысы «Мен көп жылғы дипломатиялық қызметімде басқа елдердің саясаткерлерімен, түрлі сала мамандарымен жиі кездестім. Шетелдіктермен адамзатқа ортақ көптеген түйткілді мәселе туралы пікір алмасып, ой бөлістім. Жалпы, олар Қазақстанның саяси және экономикалық жетістіктері жөнінде жақсы біледі. Ал рухани және мәдени құндылықтарымызбен жете таныс емес. Осы орайда «Неге қазақтың бітім-болмысын, мәдениетін Абай арқылы танытпаймыз?», – деген сұрақ туындайды», – деп өзекті ой тастаған еді.

Расымен де Ұлы Абай әлемдік деңгейдегі тұлға десек те оның шығармаларының бүкіл дүниежүзілік дәрежеде әлі де кеңінен таныла қоймауы бізді қатты ойлантады. Абай мұрасын дүниежүзілік өркениет ауқымында зерттеу – бүгінгі абайтану ілімінің басты қағидаты.

Абайдың шетелдік оқырманы көбейсе, қазақтың танымалдығы да арта түсері хақ. Қазіргі таңда көптеген ел Абай шығармаларымен өз тілдерінде сусындауда. Абай туындылары ағылшын, неміс, француз, түрік, венгр, поляк, жапон, қытай, үнді тілдерінде және бірқатар араб мемлекеттерінде аударылды. Ал сол аудармалар қаншалықты Абай сөзін дұрыс жеткізуде. Абайды танымай, Абайға терең бойламай оны өзге елге танытам деу бос әурешілік.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың ғасырдан астам бұрын айтылған: «Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр тиетіні рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда, айып жазушыда емес, оқушыда», – деген пікірінің астарында терең мән бар. Ұлы ақынды қалай танытып жүрміз, Абайдың ұлы тұлғаға айналуына қандай үлес қостық, оқырманы кімдер, Абайды оқушы түсіне алып жүр ме іспетті сұрақтарға жауапты әркім өзінен іздеуі керек.

Абайдың әр сөзі қарапайым халыққа толық жетті, халық оны толық түсінді деп айта алмаймыз. Абайдың әр ұлағатын қарапайым халықтың жүрегіне жеткізуде әлі де қыруар жұмыстар жүзеге асыруды талап етеді. Әсіресе жас ұрпаққа, мектеп оқушыларына, керек десеңіз балабақшада Абайды таныту – күрделі дүние.

Мемлекет басшысының «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы баршамызға маңызды міндеттер жүктейді:

Біріншіден, интеллектуалды ұлт болу. Оның ең бірінші тетігі – білім. Ал ол ілімді Ұлы Абай мұрасынан іздеуіміз қажет. Бұл турасында Қасым-Жомарт Кемелұлы былай дейді: «... оның үнемі ел-дің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады». Себебі білім бар жерде алынбайтын қамал жоқ.

Екіншіден, Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде қалай насихаттаймыз? Қазақстанның брендіне айналдыру жолдары қандай? Әлем жұртшылығына қалай танытамыз? Бүгінгі таңда бұдан өзекті, бұдан өткір сауал болмауға тиіс! Себебі Абай – қазақ халқының рухани капиталы, жол сілтер бағдары, ұлттық бренді. Абай ілімінен сусындап, Абай нұрын бойына жиған жанның келешегі жарқын болмақ.

Үшіншіден, Қасым-Жомарт Кемелұлының: «Әр қазақтың төрінде домбыра тұрсын деген ұғым қалыптасқанын бәріміз жақсы білеміз. Сол сияқты әр шаңырақта Абайдың кітабы мен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы тұруы керек деп санаймын», – деген толғамы да жарық көріп жатқан Абай кітаптарының таралымы қанша, жалпақ жұртқа, қарапайым халыққа жетіп жатыр ма деген көптеген түйіткілді сауалдардың түйінін шешуге негіз болуға керек.

Төртіншіден, Абай арманы – барша қазақтың арманы. Қазақтың өткен тарихы, тағдыры, болашағы жөнінде Абай айтпаған сөз қалмаған. Сол ақылмандық трактаттарды қайтсек әрбір азамат өзінің күнделікті іс-әрекетінің бағдары, ішкі рухани әлемінің компасына айналдыра алады? Міне осы сауалдарға жауап іздесек, Абай армандаған ұлт мұраты айқындала түсер еді.

Осыдан жүз жылдан астам уақыт бұрын алаш ардақтысы Міржақып Дулатұлының: «Бәлки, мұнан кейін Абайдан үздік, артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғары, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай», – деген сөзі ғасырлар ағысына төтеп берген көрегенді ой. Халық пен хакім Абай арасының ыстық ықыласпен, махаббатпен жалғасарын бағамдап айтқан сәуегейлік дерсіз. Иа расымен де, Абай – қазақтың Бас ақыны, Абай – мәңгілік.

Біз бір нәрсеге аса мән беруіміз керек! Абай – бір ғана ру, өңір не болмаса елдің ақыны емес! Ол – адамзаттың Абайы! Баршаны бауырына басқан ұлы тұлғаның шығармашылығы арқылы біз ұлтты ұйыстырып, берекесі мен достығы жарасқан біртұтас Қазақ елінің ынтымағы мен бірлігін арттыра түсуге еселі еңбектенгеніміз абзал.

Президентіміз «Келер ұрпақ Абайдың сара жолын жалғауы тиіс. Бұл – ұлы ақын арманының орындалуы. Сондықтан біз Абайдың ойынан да, тойынан да тағылым алуға тиіспіз», – деп басты назарды той тойлауға емес, ой ойлауға бағыттап, ысырапшылдықты, данғазалықты доғаруымыз керектігін баса ескертті.

Бүкіл әлемді жайлаған пандемияның кесірінен халық көп жиналатын ұланғайыр жиын өтпей қалды. Өкінішті. Есесіне Абай тойынан ұрпаққа не қалды дегенде ауыз толтырып айтар дүниелер баршылық. Семей қаласындағы ақын есіміне қатысты ғимараттар мен ескерткіштердің, көшелердің толық жөнделуі, Абай аэропортының ашылуы қуанышты. Ал Сырт Қасқабұлақтан екі ғасырға жуық мерзім сырт айналып келгеніміз шындық. Бүгін Абайдың кіндік қаны тамған Сырт Қасқабұлақ жайнап тұр. Сылдырап аққан бұлақ, бірнеше тілде тасқа қашалып жазылған ғибратты сөздер еріксіз мойын бүрғызады. Бейнебір басқа планетадан әкеліп қоя салғандай әсер қалдырады. Сәнді, салтанатты, жарасымды.

Қуаныш сезімі Ақшоқыға жетіп, Құнанбай жерленген қорым басына тәу еткенде бойыңды билеп алады, Құнанбай ұрпақтары мен туыстарына қойылған құлпытастар, төртіпке түскен қорымның іші, сырты бей-жәй қалдырмайды. Аспандата тұрғызылған Құнанбай музейі тарихтан шежіре шертетін орынға айналуы сөзсіз.

Жидебайдағы Абай-Шәкәрім кешенінің жаңаша жаңғыртылуы ерекше келбетімен көзге түседі. Бәрін айтып жеткізу мүмкін емес. Тойдан қалған ескерткіш белгі, тойдың тағылымы осындай-ақ болар.

«Біз Абайды ХІХ ғасырда өмір сүріп, ХХІ ғасырдың сөзін сөйлеген данышпан ретінде әлемге танытуымыз керек. Сонымен қатар оны ұлттық сананы жаңғыртуға зор ықпал еткен рухани реформатор ретінде дәріптеуге міндеттіміз», – деген мемлекет басшысының ойлы толғамы абайтанудың жана бағытын айқындап берді.

Зинок-Ғабден Бисенғали
филология ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қазақ әдебиетінің тарихы
және әдебиет теориясы кафедрасының профессоры

ҰЛЫ ҰСТАЗ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ТАҒДЫРЫ

1967 жылдың соңғы күндері. Студентер арасындағы көп кездесулердің бірінде Абай атындағы педагогикалық институт студенттері мен біз, ҚазМУ студенттері, кезекті бір жиындарда бас қостық. Жәй әңгімеден басталған сырласу күтпеген жерден салмақты пікірталасына одан дауға, бірте-бірте қызыл кеңірдек айтысқа ұласты.

Мұны бастаған – біз, ҚазМУ студенттері. Басқосуға үлкен бір әсер үстінде келгенбіз. Әдебиеттануға кіріспеден З.Қабдоловтың таяуда оқыған дәрісінің ғажаптығын, ұстаздың шеберлігін, күрделі ойларды дәл бейнелеген көркем тілін айтып, таласа сөйлейміз, әсер үстіндеміз. Соны ретін тауып мына бас қосудағы әңгімеге де қыстыра бастағанбыз ғой, сірә.. Мұны жаратпаған көршілеріміздің бірі бұл әңгімемізді аяқ астынан бұзды:

– Менің білуімше, З.Қабдолов дәрісті бәрібір Қ.Жұмалиевтей оқи алмайды,-демесі бар ма. Дауысын асыра, батыл сөйлегеніне қарағанда жоғары курста оқитын болуы керек. Сендер, қала зиялыларының қазан мәжілісіндегі ұстаздың сөзін естідіңдер ме?

– Естідік,- деді қызына бастаған біреуіміз ежірейе. Сен, Қабдоловтың дәрісінде болған жоқсың ғой, неге олай дейсің? Қарсыластарымыз бұған шамданып қалды.

– Біздің Қажекен барлық эпостарды жатқа біледі, классиканы да, әсіресе, Белинскийді, оны кез-келген адам қайталай алмайды. Қажекеннің Ұлттық ғылым академиясының академигі екенін білесіздер ме? Басқасын былай қойғанда «Эпостар және әдебиет тарихы» мен «Абайтану поэтикасы» туралы еңбегін оқыдыңдар ма, өзі? – деді, үшінші біреуі кекеткендей. Әңгіме осы бағытта көтеріліп барып, әрең басылды.

Ертеңіне кітапханаға барып Қ.Жұмалиев еңбектерін, өмірбаянын қолға алдық. Ұстаз қазақ әдебиеттануында бірінші болып, 1941 жылы кандидаттық, 1946 жылы докторлық диссертация қорғапты. Әрі қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың отаны атаған Ленинград қаласында мүйізі қарағайдай атақты орыс ғалымдарының алдында қорғаған екен ойлана бастадық.

«Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» тақырыбындағы осы іргелі зерттеуі үшін сол жылы Қазақ ССР ҒА мүше – корреспондент сайлаған.

1967 жылы Ғылым академиясының толық мүшесі, академик. Қазақ әдебиеттанушылары арасында аса құрметті бұл атақты ғылыми еңбек қорғап, ғылым докторы дәрежесі бойынша алғашқы алғандардың бірі.

Осы дауласу үстінде Қажым Жұмалиевтің дәрістерін тыңдаған шәкірттері аңызға бергісіз біз білмейтін де біраз әңгімелер айтты: Қазақ әдебиеттануының қалыптасуы мен дамуы үшін өмірі мен білімін аямай-ақ жұмсаған бір адам болса сол – Қажекен,-дейді. Өзінің көрмегені жоқ, әдебиеттегі ұлттық рух туралы пікірлері үшін жер аударылды, түрмеге қамалды, бірақ әділдік үшін айтысып, соттасып жүріп, бәрін жеңіп ақталады.

Шындық жеңіп шықты,- дейді....

Бұл тарихтың шет жағасын, ҚазМУ де оқи бастағада-ақ естігенбіз. Ұлтшыл ойлары үшін ұстады, қамалды, кейін ақтады дегендерді. Әсіресе, дәрістері ғажап дегенді көп айтатын. Енді ұстаздың дәрістерін тыңдап көру керек екен, – деген ойда қалдық. Алайда академиктің дәрістерін тыңдау бізге бұйырмаған екен. 1968 жылы академик-ұстаз дүние салды.

Енді академик-ұстаздың өмірі мен мінез құлқы туралы ерекше сезіммен жазылған естелік, мақалаларды көңіл қойып оқи бастадық. Аңызға ұласқан тарихтың шындығын білу үшін, бірде ұстазымыз З.Қабдоловтан осы «аңыздың шындығын» сұрадық.

Зейнағаң асықпады. сәл ойланып барып үлкен әңгімеге көшті. Сол сөздерінің кейбір үзінділері кейінгі кітаптарына енді: «Әрине, Қ.Жұмалиев кітабының («Әдебиет теориясы».

З.Б.) қазақ әдебиеттану ғылымындағы орнын да, тек мектеп оқушылары ғана емес, қалың көпшіліктің эстетикалық тал-ғамын қалыптастыруда ондаған жылдар бойы атқарған ролін де ешкім жоққа шығара алмайды.

Алайда бұл әдебиет теориясының келелі мәселелерін кеңірек және тереңірек зерттеуді күн тәртібінен түсірген жоқ, қайта бізді сол әрекетке меңзей береді...» дей келе, бұл бағытта Қаз МУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасы жоспарлап жатқан жаңа зерттеулерге көшті..., әдебиеттануда көріне бастаған жаңалықтарға орай жаңа бағдарлама жасадық..., сол бойынша дәрістер оқып келеміз. Енді соның негізінде арнайы еңбектер, оқулық жазу міндеті пайда болды...т.с.с.» [7, 4-5].

Ал Қажекеннің қазақ эпосы мен әдебиет классиктерінің көптеген шығармаларын жатқа білетіні, әсіресе, В.Белинскийді – шындық деген.

Қ.Жұмалиевтің ғылыми еңбек, мақалаларымен жете танысуда ғалымның ұлы сыншының еңбектерін жете білетініен көз жеткіздік. Әрі қайран да қалдық Көркем әдебиеттің жаны, күре тамыры шындық пен көркемдік ізденістің бәрі содан басталады, соған оралады деген пікірлері үшін талай дауласқанбы [2, 47-128]. Оның артын Н.Чернышевскийдің «Өнер мен өмірдің эстетикалық қатынасы» туралы еңбектері жайлы таластарға ұласты [3, 686]. Мұнда да бір шешімге келе алмай, жоғары курс студенттерінің ақылы бойынша Н.Добролюбовтың әдеби сын мақалаларына кірісіп «Қапас патшалықтағы күн нұры» т.б. оқып жүргенде студенттік емтихандар келіп, амалсыз тыныштық таппағанда біраз жерлерге баратын едік. Алайда сондағы іздегеніміз В.Белинскийден басталған дауларға жауап болтын, шынын айтқанда тұшымды жауаптарды әлі іздеп келеміз деуге болады.

Ұстаздармыз, Зейнолла Қабдолов академик М.Әуезовті көп аңыздайтын. Оның аңыз тәрізді дәрістерін тыңдап отырып қайран қалушы едік. Осының бәрі шын ба екен?- деп, есейе келе бұған көзіміз жетті.

Қ.Жұмалиев қазақ қоғамдық санасының ірілігін тарата жазам деп елуінші жылдардың орта тұсында көп еңбектенген, кейбір әріптеслері тарапынан қаншама күстаналау көрген. Бірақ, бүгінгі өңгіме бұл туралы емес.

Зейнағанның дәрістері кезінде біз жас едік. Бірақ мамандық туралы армандарымыз өте көп, ойларымыз тым ірі еді. Ал студенттік қызықтарымыз.....қайсы бірін айтайын, «махаббат, қызық мол жылдар» дегендей арман мен үміті жетегінде жүздік емес пе? Болашаққа үмтылған сол күндер–ай десеңші. Әсіресе, мақтануға болатын бәрімізге ортақ бір ерекшелігіміз болды. Баспадан шыққан жаңа кітап, көркем шығарма мен әдеби сындағы маңызды мақалаларды іздеп жүріп оқушы едік. Ал Алматыдағы өнер мен әдебиетке тарихқа қатысты ірі оқиғаларды жібермеуші едік.

Соның бірі 1967 жылы 25-қазан күнгі М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғылыми сесиясында Қажым Жұмалиев «Қазақ совет поэзиясының қазіргі жайы туралы» баяндамасы болды. Оның әсерін біздің ұстаздармыз әр сабақтарында айтып отыратын

Естеліктерге де жазды: «Қолда түк қағаз жоқ, кафедраға шығып алды да баяғының шешендері сияқты суырыла сөйлеп кетті.«Қазақ совет поэзиясының қазіргі жайы» туралы тым әріден бастады. В.Белинскийдің «Поэзияны жігіне және түріне қарай бөлу» деген мақаласынан екі беттей цитатаны жатқа айтып шықты да, міне біз соның бір түріне тоқталамыз деп әдебиеттің басқа жанрларынан таза поэзияны бөліп алды. Қазіргі поэзиямыздың тақыр жерде тумаған дүние екенін дәлелдеу үшін эпикалық әдебиеттің басқа жанрларынан таза поэзияны бөліп алды. Қазіргі поэзиямыздың тақыр жерде тумаған дүние екенін дәлелдеу үшін эпикалық шығармалардан: «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қамбар батыр», жырларынан, лиро-эпикадан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман Шолпан», поэзияның қысқа көлемді түрінен: «Жар-жар», «Сыңсу», «Беташар», айтыстың түрлерінен мысалдар келтіре отырып, Бұқар жырау шығармаларына келіп бір-ақ тоқтады.

Бұқарға келгесін-ақ шын жүйріктің көмейі ашылып, көсіле түсті. Оған жалғас Махамбет пен Шернияз, Азаматқызы мен ХІХ ғасырдығы қазақ поэзиясының мұнаралы биігі Абайға келгенде қазіргі дәуір поэзиясының аулы Қажекеннің аяқ астында тұрды.»

Бұл баяндама қазақ қоғамдық санасында, әсіресе, ғылыми ортада біраз әңгіме болды. Қ.Жүмалиевтің қазасынан кейін мерзімді баспасөз беттерінде ғалымның баяндамаларын, лекцияларын тыңдаған ағалары мен замандас әріптестерінің ғылыми, деректі мақалалары қардай жауды. Талай шындықтар айтылды. М.Әуезов, Ә.Марғұлан, С.Мұқанов, Е.Исмаилов, З.Ахметов, С.Қирабаев, З.Қабдолов, Х.Әдібаев, М.Мырзахметов, Ә.Тәжібаев, М.Ғабдуллин, Х.Ерғалиев, Х.Есенжанов, Ә.Дербісәлин, М.Атымұмов, М.Хасенов, Ы.Дүйсенбаев, Б.Ысқақов, С.Сейітов, С.Талжанов, А.Нұрқатов. Т.Әбдірахманов т.б. еңбектерінде үлкен құрметпен атайды. Іргелі зерттеулер мен байсалды әдеби-сын еңбектердегі ғылыми бағыттары туралы да біраз жазылды. Осы екіпін 70-жылдардың ортасына дейін жалғасып келеді де біртіндеп азая бастайды.

Шын мәніндегі ұстаздар сирек, сирек емес-ау, өте аз, дегенді З.Қабдолов жиі айтатын.

Академиктің көңіл бөлген жұмыстарының басты арнасы – ұстаздық екенін көрдік, білдік «Дүниедегі ең ардақты, қасиетті, киелі мамандақ – ұстаздық. Бірақ бұл жол оңай емес. Ел білетін, көрініп тұрған «ақты қара, қараны ақ» деп ұстаз ешқашан айта алмайды», – деген сөздерді айрықша мән бере айтатын ұстаздары Х.Досмұхамелұлы, С.Асфендияров, С.Сейфуллин т.б. мұраланған тәрізді. Бұл ұстанымды академиктің өзі жиі-жиі айтқан, – деп атақты шәкірттері аз жазбаған. Сол естеліктерге жәй ғана көз жүгіртудің өзі талай ойларға қозғау салады.

Академик С.Қирабаев: «Қажым – педагог ұстаз еді. Өмірінің 35 жылын бала оқытушылық қызметпен өткізді. Қажым шәкірттерінің қатарына мен тек Орал пединституты ҚазПИ-де, ҚазМУ мен Қарағанды пединституттарында оның лекциясын тыңдаған жастарды ғана емес, осы 35 жыл ішінде қазақ мектептерінде оқып, қазақ әдебиетінен дәріс алған шәкірттердің бәрін де қосар едім. Олардың бәрі әдеби білімді алғаш Қажым оқулығы арқылы алды. Оның оқулықтары негізінде орта мектепте қазақ әдебиетін пән ретінде жүргізу іс жолға қойылды» [4, 315].

Қажым Жұмалиевтің жетекшілігімен 32 адам ғылым кандидаты, 8 адам ғылым докторы дәрежесін алыпты. Олардың ішінде филология ғылымдарының докторлары, профессорлар Е.В. Лизунова (орыс), А.И. Хари-сов (башқұрт) К.Р.Рсалиев (қырғыз), Н.Т. Сағитов. Н.Ж. Жапақовтармен (қарақалпақ), қатар қазақтар С.Қирабаев, М.Мырзахметов Ф.Оразаев, Б.Наурызбаев, және М.Атымұмовтар бар. Ал бұл тізімге филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алған З.Серікқалиев, З.Жұмағалиев, Ә.Тілегенова, С.Құспанов, С.Тойшыбаева, З.Серікқалиев, Ш.Әділбеков, Қ.Тоқтамысов, Қ.Мырзағалиев, Қ.Жүсіпов, Б.Асылбеков, А.Ламашев т.б. жолдастардың аттарын қоссақ мұның өзі ұстаз еңбегінің өресі биік, өрісі кең болғанын аңғартады» [5, 116-117].

Профессор М.Мырзахметов: «Қ.Жұмалиевтің саналы өмірі түгелдей ұстаздық жолға арналды. Ол дәріс оқу үстінде ешқандай конспекті, қағазға қарамайтын. Әдеби шығармаларды талдау үстінде кез-келген ақын, жыраудың өлеңін жатқа соғып, сөз маржанын нөсерлеткенде тыңдаушысын сілтідей тындарып керемет әсерде қалдыратын.

Шәкірт атаулыға біліміне қарап бағасын, ынта-талабына қарай құрметін аямаса, ойында нәрі бар творчество адамына деген ықыласы да бөлекше болатын» [6, 3].

Академик Зейнолла Қабдолов: «...Қажым Жұмалиев – шын мәніндегі сирек кездесетін ұстаздардың бірі: ол – буын-буын жас ұрпаққа үлгі беруден, өнеге дарытудан, ғұмыр бойы «үйретуден жалықпаған» нағыз педагог. Қ.Жұмалиев – көп қырлы кісі: ғалым, жазушы, ұстаз. Ол өзінің өзге қырларымен қатар, ұстаздық қызметке 40 жылға жуық ғұмырын жұмсаған екен. Бұл, мүмкін, оның өзге қызметіне (мәселен, жазушылығына қажет уақытқа біраз қиянат жасаған-ды. Асылы Жан-Жак Руссо-ның байлауы дұрыс

Ұстаздық ету – уақыт үту емес, өзгенің бақытын аялау, өзіңнің уақытыңды аямау. Бірақ бұған өкінбеу керек. Жер үстінде адам тәрбиелеуден асқан абыройлы іс, ардақты жұмыс жоқ. Ұстаздық – ұлы нәрсе!» [7, 414].

Мұндай пікірлерді жалғастыра беруге болады: Олардан Қ.Жұмалиевтің ұстаздық қызметі мен дәріс оқудағы шеберлігі мен шешендігіне, әмбебап білімділігіне айрықша тоқталғандарды ғана алдық.

Қ.Жұмалиевтің ғалымдағы және қазақ әдебиеті тарихын жасаудағы ғылыми-теориялық еңбектері, оқулықтары мен оқу құралдары туралы жазылған материалдар қаншама! Сан алуан мәжіліс пен жиналыстардағы шешендікке ұласып жатқан сөздері мен баяндамалары жарық көрген емес. Сол тәрізді ұстаздық шеберлік туралы жарық көрген аз-кем толғамдары мен естеліктері өз алдына. Мұндағы ойлар ешқашан күмән күдіктерге айналған емес.

Қорғамдық-гуманитарлық білім саласының қызметкерлері, әсіресе, қазақ әдебиеті тарихы мен теориясының мамандары дәріс оқымасда өздері ұстаз санаған академик – ғалымға тиісті құрмет көрсете алдық па, өзіне лайық. Мәселе – осында Қажым Жұмалиевке егемендік алған жылдан бері тиісті құрмет көрсетіп келеміз – деп айтқымыз келеді. Бірақ осында бір түсініксіз самарқаулық бар, ықылас-сыздық байқалады. Осы бір түсініксіз жайдың қазірге жастарға әсері бардай. Қажым Жұмалиевтің кім екенін интернет пен алуан түрлі қызықтарға алаң бүгінгі ұрпақ біле ме, ойланып көргендері бар ма екен? – деп ойлайсың осындайда. Оқырмандар арасында аты-жөнін білетін біреулер кездесер. Бірақ қазақ қоғамдық санасы мен мәдениетіне сіңірген еңбегі туралы жақсы білетіндер көп болмас.

Біздің ойымызша, Егемен Қазақстанның болашағы туралы ойланушылар, әсіресе, оқу-тәрбие ісінің типтік оқу бағдарламасын жасаушылар, еліне сіңген ерен еңбегі бар, бүгінде арамызда жоқ азаматтарды қуғын көрген, түрмеден шыққан «бейшаралардың» бірі демесе екен.

Алдымен мына тарихи деректерді еске түсірейік. Қажым Жұмалиев- М.Әуезовтің қанаттас әріптесі, қазақ фольклоры мен ауыз әдебиетінің аса ірі маманы. Қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясы туралы алғашқы жүйелі зерттеулер мен еңбектер, монографиялар жариялаған, жоғары мектептерде дәріс оқыған ұстаз. 1941 жылы «ХҮШ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті» деген тақырыпта кандидаттық, 1946 жылы «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған.

Көркем шығарма поэтикасы тәрізді екінің бірі ұға бермейтін аса қиын тақырыпқа, қазақ әдебиетінде бірінші болып кірісіп, докторлық жұмысты тез жазып қорғауына ықпал еткен жоғары мектепте әдебиет теориясы мен тарихынан дәрістер оқып тәжірибе сабақтар жүгізуі және теориялық, практикалық, дайындығының мықтылығы еді. Жұмыста орыс ғалымдарының еңбектерін мейілінше мол қарастырады: В.Виноградов, Потебня, (1922), Веселовский (1940), Жирмунский (1928), Б.Буров, М.Горький, Г.Абрамович, Л.Тимофеев, Ф.Головенченко, Л.Щепилова, В.Сорокин, И.Гуторов және дүние жүзі әдебиет институтының 3 томдық іргелі еңбегіне де сүйенеді. Олардың көркем әдебиет поэтикасына арналған аса маңызды еңбектерімен, тіпті өзекті мәселерін қозғайтын мақалаларымен жете таныс еді. Жаңа концепциялар мен маңызды ойларды саралайды, салыстырады. 1946 жылы СССР Ғылым академиясының шығыстану институтында қорғайды. (16, 123).

Поэтикалық зерттеулердің теориясы, әдіснама, тәсілдерімен жақсы таныс атақты орыс ғалымдары И.И. Мещанинов, С.Е. Малов, Ю.И.Крачковский, Н.Ф. Бельчиков, Н.К. Дмитриев, А.Боровковтар мен Абай шығармашылығын жан жақты зерттеген

Қ.Жұмалиев әдеби үдеріске үзбей араласқан ҰҒА алғашқы академиктерінің бірі. Қазақстан мектептеріне арналған сан-алуан бағдарламаалар, оқу құралдары мен оқулықтардың авторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасын 30 жыл басқарған, жалпы ұстаздық өтілі – 36 жыл.

Ғалымның 1958, 1960 жылдары жарық көрген қазақ әдебиеті тарихының мәселеріне арналған қос томдығы: «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселері» және «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» қазақ әдебиеттануы үшін үлкен табыс, құбылыс болды. Бұған қосымша сан мәрте қайта басылған «Әдебиет теориясы», «ХҮШ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті», Махамбеттануға арналған зерттеулері мен монографияларын да айтуға болады.

Қажым Жұмалиевтің туғанына 110 жыл толуы туған жері Оралда Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің педагогика факультеті халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция түрінде атады. Бұған да шүкірлік етуге болады. Өйткені бұрынғыдай

студенттерді мәжіліске мәжбүрлеп жинап, іш пыстырарлық көшірме баяндамаларды тыңдатын қалыптан шыққан тәріздіміз.

Осы жолы университет басшылары: Ләззат Тұяқбайқызы Рысбекова, Баян Ғаббасқызы Шынтемирова, тарих ғылымдарының докторы, Тұяқбай Рысбековтер, тарих ғылымдарының докторы және Орал облысы әкімшілігі бұрынғы сірескен тоңды бұзыпты. Алғаш рет академик, ғалым-ұстаз, ақын- жазушы мерейтойы Орал қаласындағы драма театры ғимаратында, қазіргі үрдіспен жаңаша айтқанда, жаңа форматта өтті.

Оралдықтар академик ұстаздың көзін көрген, сөзін естіген, өмірі мен шығармашылығын, еңбегін жақсы білетін ардагерлерді, Алматыдан, Өзбекстаннан, Нүкістен, Ресейден, Уфадан шақырылған ғалымдармен салтанатты, халықаралық деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

Ең қуаныштысы мәжіліске Орал қаласы әкімшілігінен, Қажым Жұмалиевтің туған жері Қаратөбеден аудан басшылары келді. Есімі мен еңбегі Қазақстандықтарға ғана емес, одан тыс жерлерде белгілі атақты жерлестері туралы оралдықтар ойлана бастаған сыңайлы. Оған, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің доценті Азамат Мамыровтың Қ.Жұмалиев шығармаларының, бір бөлігін ғана, 7 том түрінде жариялауы (2010 ж.) қозғау салған сияқты. «Ештен де кеш жақсы» дегендей бұған да шүкір. Бұл жеті том Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасы жанынан құрылған арнайы комиссия мәжілісінде мақұлданып, облыстық тілдерді дамыту басқармасының тапсырысы, тікелей қаржыландыруы бойынша баспаға ұсынылған екен.

Ұстаздың болашақ ұрпақ тәрбиелеудегі ерен еңбегі – ұлттық идея мен, ұлттық рухты, сананы қалыптастыруға арналған болатын. Ғұлама ғалымның аңызға айналған дәріскерлігінен өзге де аса маңызды идеяларды еркіндік пен азаттықты насихаттауға арналған ғылыми зерттеулері мен өзекті мақалалары бар.

Ұлттық рух пен сана, тәуелсіздік пен бостандық туралы еркін ойлауға мүмкіндігі мол шығармашыл адамдардың отаршыл кеңес үкіметіне жақпайтыны аян.

Қ.Жұмалиевтің «тар жол, тайғақ кешу» жолдары тап осыдан, кеңес үкіметіне жақпайтын идеяларды қозғаудан басталады.

Кейінгі ойларымыз түсінікті болуы үшін алдымен алдымен Қажығали Жұмалиевте бұл идеялар қайдан және қалай басталды, берік сенімге, дүниетанымға қалай айналды, сол туралы өмірбаяндық деректерден бірер сөз. 1907жылдың 28 желтоқсанда, Батыс Қазақстан облысының бұрынғы Қаратөбе ауанында дүниеге келген. Атадан төртеу, анадан жалғыз емес дегендей. Әке шешеден ерте айрылса да бауырмал туыстарның арқасында қақпай көрмей еркін өскен

Хат танытын үлкен ағаларының жатқа соғатын, батырлар және ғашықтар туралы жыр-дастандарды түрлі эпостарды тыңдайды, өзі олардың көбін сол кездерде-ақ жаттаған. Көпшілік бас қосқан шағын жиындарда орындаған көрінеді. Осыған қарап ауыз әдебиеті, батырлық және лиро-эпостарына ерекше ықыласы болған түсінесің. Ел аузындағы аңыз-әңгімелер мен тарихи жырларға әуес. «Жастайымнан әңгіме-жыр, дастандарға құмар болдым», – деп өзі айтатын. Бұл – талантты баланың тумысынан мұраланған ерекше қасиеттері – болашық ізденістерінің мықты іргетасы еді. Осы таным 1923 жылға дейін ауылдық мектепте оқыған зерек, талапты жасты Орынбор қаласындағы «Ересектер» мектебінде алып келді.

Бұл жылдар еліміздің тарихындағы аштық аталатын обырмен ұштаса келді. Орынборға ағайындарының рұқсатын алмай өз бетімен келген талабы таудай болса да тәжірибесі жоқ жасты аштық пен жоқтықтың қандай сынақтан өткізгені, әрине, басқа әңгіме.

Бірақ бұл Қажым Жұмалиев өз бетімен қабылдаған алғашқы шешім болатын. Осы қиын жылдарда іздеп келген оқуына түсе алмай, барар жері, басар тауы қалмай аш-жалаңаш күрдымға кеткелі тұрған балаға көмектесетін, әрі «Ересектер» мектебіне қабылдататын Сейітқали Мендешов еді. Ол сол жылдарда Қазақстан Советтік Социалистік Автономиялы Республикасы Орталық Атқару Комитетінің Председателі болатын [16, 40].

1925 жылы Шымкент қаласындағы ауыл шаруашылық техникумына оқуға түседі де оны бітірмей жатып Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институттың хабарландыруы бойынша жаратылыстану факультетінде оқуға 1929 жылы түседі. Оқуға түсу үшін «Абай

Құнанбаев туралы» жазған шығармасын тексерген бір қаламгер институт ректоры С.Асфендияровқа айтып, әдебиетке ерекше қабілеті студентті филология факультетіне ауыстырады. Соған қарағанда Абай туралы жазғандарында өзіндік таным әрі тілдік сәтті қолданыстарды байқаса керек. Бұл Қажым Жұмалиев қабылдаған екінші шешім еді.

Қ.Жұмалиевтің осы бір қиын жылдарда арманынан адаспауына көмектескен Сейітқали Мендешов, ҚазССАР Орталық Атқару комитетінің председателі. С.Сейфуллин, Х.Досмұхамедұлы, Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Камалов т.б. есімдерін ерекше атауға болады. Бұлардың бәрі (Халел Досмұхамедұлынан өзгесі) академиктің «Жайсаң жандар» кітабында бар. [16, 40].

Сан түрлі қиындықтар мен сергелдендерді бастан кешкен талантты жастың дүниетанымына ықпал жасаған ірі тұлғалар – осылар.

С.Асфендияровтың тарих, әсіресе түрік елдерінің тарихы туралы пікірлері, С.Сейфуллиннің фольклор, ұлттық сана туралы дәрістері, Х.Досмұхамедұлының алаш әдебиеті, ұлттық рух, тіл туралы әңгімелері, кеңестері, шығармалары, Б.Майлин, І.Жансүгіровпен таныстық, т.б. кездесу-сұхбаттардың қазақ әдебиеті мен ел тарихы, ұлттық сана туралы ойларға бастау болғаны даусыз.

Сол жылдарда ауыз әдебиеті мен фольклор, әдебиет тарихы туралы толғаныстар Алматы зиялыларының түрлі сипатты бас қосуларында айтыс-тартыстарға айналып, студенттер арасындағы дауларға көшетін. Қ.Жұмалиев шындық туралы ойларды дәлелдеу үшін нақты дерек пен дәйектің қажеттігін осы айтыстарда ұқты.

Кеңес үкіметі идеологиясының тап тартысы және саясатқа негізделетін «ақиқат» пікірлері Қ.Жұмалиевтің оқу орнында ұстаздарынан алған теориялық білімдері мен еркін ойларына, толғамдарына кереғар келетін. Қазақ қоғамдық санасы мен ел тарихы, өнері мен әдебиеті туралы ойлы пікірлер айтып зерттеу еңбектер жаза бастаған ұстаздары мен көрнекті қоғам қайраткерлері Кеңес идеологиясының ақылға қонбайтын, ғылыми зерттеулер жүйесіне сыйматын қағидаларын сынға аламыз деп қуғынға ұшырай бастады.

Қудалаудың себебін Кеңес үкіметі олардың ұлтшылдық пікірлерде үкіметке қарсы әрекеттерде деп көрсетіп мерзімді баспасөз беттерінде қаптатады. Әрі бұл пікірлерін деректермен дәлелдеу түгіл талдаулар да жасаған жоқ. Шындыққа пысықырып қарамайтын отаршыл империяның астамшыл саяси пиғылы сауатты жандарға түсінікті болды. Өтірікке белшесінен батқан Кеңес идеологиясы азат ойларға мүмкіндік бермеді. Оны үкімет хабарларына имандай сенетін шала сауатты аңқау жастар білмеді. Ұлттық сананы қудалау, қамау, жөнсіз жазалау туралы әңгімелер ел ішін керней батады. Сауатты жастарда туған еліне қызмет ету туралы ойлар күшейді.

Қазақ әдебиеті тарихын жазу үшін материал жинап, зерттеулермен айналыса бастаған Қ.Жұмалиев бұл жылдарда В.Белинскийдің әдебиет тарихына байланысты еңбектерімен шындап шұғылданды. Әдебиеттің халықтығы, тегі, мамұны мен көркемдігі, түрі, стилі т.б. туралы күрделі мәселелерді классицизм, романтизм, реализм бағыттарында жазылған шығармалардан, теориялық еңбектерден іздеп, салыстыра зерттеуге ден қойды. Қиындығы көп, терең зерттеулері жоқ маңызды іске, арман жолына шыққандай болды.

1932 жылы Қазақ педагогикалық институтын бітірген Қ.Жұмалиев Қазақстан Халық ағарту комиссариаты шешімімен Орал қаласында жаңадан ашылған педагогикалық институтқа оқытушылық қызметке келді. Қазақ халқының ауыз әдебиеті мен фольклордан. Әдебиет теориясынан дәріс оқуға кірісті. Оқу құралы ретінде ұсынатын оқулық пен оқу құралдары болмады. Алматыдағы да жағдай соған жуық еді.

Оқу орнынан ала келген кітаптары мен жазбаларын пайдаланды. Дәріс мазмұнын студенттерге жазғызуды, конспектілеуді қолданды. Асығыс жазылған оқу құралдары талапқа сай келмейді. Соған қарамастан кітапсыз оқыту тоқтаған жоқ жалғаса берді.

Қ.Жұмалиев алдында тұрған аса маңызды жұмыстармен осылай жолықты. Әдебиет тарихын жазуды оның даму жолдарының басты арнасы мен жүйелерін табуды көрсетуден бастау керек. Бірақ шешімін таппаған түйіндер мұнымен бітпейді. Өзекті мәселелер көп болғандықтан көмек сұрап мерзімді баспасөз беттеріне жазып көрді. Хабарласушылар болды, біліктілер табылмады.

Ғалым қаламгерлердің өмірбаянын жазып шығармаларын талдауда поэтика мәселеріне, әсіресе, әдеби-тарихи деректер арасындағы сезімдік, психологиялық жайларды мұқият талдау қажеттігін аңғарды. Көркем шығарманы поэтикалақ бағытта жан-жақты талдаусыз оқулық немесе оқу құралын жазу бекер болмақ.

Әдебиет теориясының қадау-қадау қағидаларына тереңдеу, қайта қарауды талап ететін мәселе-лер мен сұрақтарды көрсетті. Теориялық ұғым, заңдылықтарды айқындамайынша алға жылжу алысқа апармайтындай. Ең күрделісі алда тұрған мәселелерді қатар қозғап, салыстыра – салғастыра талдап қолдану қажет. Әрқайсы мықты ғалымға өмірлік жүк боларлық жұмыстарды қатар жүргізу міндет.

«ХҮШ-ХІХ ғасыр әдебиетінің тарихы» алғашында осылай жазылды. Әрине, ол бәріміз бүгіндері жақсы білетін кітап емес. Оқулықтың кейінгі басылымдары кеңестік идеология нұсқаулары мен баспасөз беттеріндегі сындарға орай сан түзетіліп, тиісті тексерулерден, редакциядан өткен. Кейінгі әр өзгерістердің ұзақ өз тарихы бар.

Академик ғалымның шәкірт дайындауда үнемі ойында болған үлкен жоспарларының бірі теориядан мамандар дайындау еді. «Нағыз әдебиетші болғыларын келсе, сол әдебиеттің әліппесі болып есептелетін әдебиет теориясын білулерің керек. Әдебиет теориясын үзбей оқып қарап жүріңдер» дегенді шәкірт болған әр талапкерге айтып отыратын. Ұлттық ғылым академиясы теория бөлімін ашса, соның жұмыстарына басшылық жасасам деген армандарын да айтып жүрген. Ғалым армандаған бөлім ол дүние салғаннан кейін 18 жыл өткен соң ашылды. Кейінірек жабылады.

«30 жылдардың орта тұсынан басталған ұзақ жылдық зерттеулерімен Қажым қазақтың әдебиет тарихының бастауы мен дамуының заңды тарихи жолын дәлелдеді, – деп жазады С.Қирабаев. Әсіресе ол ХҮШ – ХІХ ғасырлардағы әдебиет тарихын жете зерттеді. Өзінің еңбектерінде ол ауызша және жазба әдебиетінің өзара байланысы мен айырмашылықтарын терең қарастыра келіп, ауыз әдебиетінен жазба әдебиеттің туып бөлініп шығуын ХҮШ ғасырдан басталады деген қорытынды жасады.» [4, 311].

Бірі көркем туындылары жарық көрген Қ.Жұмалиевке Орал облыстық жазушылар ұйымы бастығы қызметін қоса тапсырылды. Осы жұмыстарда Қ.Жұмалиевтің дүниетанымы мен шығармашылығына өшпестей із қалдырған қаламгер шәкірттерін атар болсақ: Қ.Аманжолов, А.Жұмағалиев, Х.Ерғалиев, Ж.Тілеков, С.Сейітов, Қ.Тастайбеков т.б. айтуға болады. Дүниетанымдық, шығармашылық істерде тез көтеріліп келе жатқан талантты жастардың алдында заманауи сұрақтар да аз болмайтын: әдеби шығармада шындықты жазу керек дейміз, бірақ өмірде олай емес. Сезімді, махаббатты т.б. неге жазбасқа! Күнделікті тірлікте көрініп тұрған шындықты айтуға неге болмайды? Идеологияда неге өтірік мол т.с.с. Бұл сұрақтардың шешімі көбіне теорияға тірелетіндіктені. Жауапты институт оқытушысы Қ.Жұмалиевтен күтеді.

Қазақ қоғамдық санасында орны бар бұл тұлғалардың бәрі ұстаз-ғалымның Оралда басталған шығармашылығы мен ізденістері, толғаныстары туралы талай деректі естеліктер, мақалалар жазды.

Орал қаласындағы ұстаздық және саяси әлеуметтік, қоғамдық қызметтер Қ.Жұмалиев үшін аса үлкен мектеп болды. Белгілі ұстаз, қоғам қайраткері ретінде қалыптастырады.

«...1937 жылы Халық ағарту комиссиариатының шақыруымен Алматыға оралып, Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институттың қазақ әдебиеті кафедрасына қазақ әдебиеті тарихы мен әдебиет теориясынан оқытушы болып орналасады. Көп кешікпей-ақ кафедра меңгерушісі болып тағайындалады. Содан өмірінің соңғы минутына дейін 30 жыл бойы үзбестен сол қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болып істеді» (Атымов М. Алматыға келіп Абай атындағы педагогикалық инсти-тутта ұстаздақ шығармашылық қызметке кіріскен сәттердің бірінде 1938 жылғы Махамбет поэзиясы туралы мақаласында М.Әуезовты сынайды. (Үзінділер қысқартылып алынды.)

«Біз «Қазақ әдебиеті» газетінде жазған мақаламызда Исатай, Махамбет көтерілісін туғызған жағдайлар, ол көтерілістің негізгі күші, оның Кенесары, Қайыпхан көтерілісінен айырмасы, бұлардың көтеріліске келіп қалай қосылғаны, кім үшін, не үшін көтеріліс жасағанын

айттық. Көтеріліс және оны басқарушылар туралы өз пікірімізді жұрт алдына салып оған бір-неше дәлелдер келтірдік. Енді осы көтерілістің жыршысы болған Махамбетке, оның поэзиясына тоқтадық.

Күні бүгінге дейін Махамбет поэзиясына сын өте аз. Ол жөніндегі біркелкі пікір айтқан Мұхтар болды. Мұхтар Исатай, Махамбет көтерілісін қате түсініп, Махамбеттің кімнің ақыны екенін дұрыс бағалай алмады.

Махамбет творчествосы жөніндегі қателесудің негізі түйіні, түпкі қазығы – көтерілісті феодалдық деп ұғынуында жатыр. Көтерілісті солай деп түсінгесін, Махамбет творчествосына қате баға берулері өзінен өзі анық. Үйткені, Махамбетті, көтерілісті бөлек алып қарауға болмайды.

Мұхтардың Махамбет творчествосы жөніндегі қатесі: Махамбетті феодал ақыны деуі. «XIX ғасыр әдебиеті» деген кітабындағы Махамбетке берген анализінде, басынан аяғына дейін феодал ақын деп дәлелдеген болады.

Ол үшін әуелі Бұқар жырауды алып, оның творчествосына анализ беріп келеді де, Бұқарға Махамбетті тели салады.

Бұқар мен Махамбеттің бағытын, шығармаларының идеалық мазмұнын алғанда еш айырма жоқ, әдіс жақтарында кейбір өзгешелік болмаса, екеуі – бір, Махамбет Бұқардың шәкірті, Бұқардың айтып кеткенін іс жүзіне асырушы деген қорытынды шығарады.

Өмір бойы хан мен ханның қол шокпары билер, қожа молдалармен қырқысып өткен, ақырында солардың қолынан қаза тапқан Махамбетті ханның оң көзі Бұқармен бірдей деп қарау қате. Ол не түсінбегендік, не шындықты бұрмалағандық. Махамбет пен Бұқар поэтикасын тіл жағынан алсақ та бір-бірінен алшақ жатыр.

Бұқардың тілі жұмбақ, көпшілікке түсініксіз, ол әр ойдың ұшығын көрсетіп қана сөйлейді. Оның поэтикасының тілі белгілі, өз оқушыларына – үстем тап адамдарына, өзі мен бастас, істес, идеялас, достарына арналған тіл

Махамбет поэзиясының тілі Бұқардан мүлде өзге. Бұл көпшілікке арналған поэзия, сондықтан оның тілі көпшілікке ұғымды. Оның жеке сөз қолданыстары да сол көтеріліс қарқынынан туған, күрес, тартысты атражайт ететін, соған үндейтін айқын, ашық образдар бар боп келеді. Бұған кейін тоқтаймыз». [15, 53-54].

М.Әуезов Қ.Жұмалиевтің фольклор және ауыз әдебиеті, әдебиет тарихы және теориясы туралы ойларын жоғары бағалаған. Оның пікірлерімен санасқан. Әсіресе, Махамбеттанудағы оның басты орнын мойындаған. Бірақ дәл осы тақырыпта сын айтқан тұстары да бар. Аuezov, 2017:313-316).

М.Әуезов Қ.Жұмалиевтің Махамбет Өтемісов кітабының ең соңғы жинақы еңбек екенін айта келе, кейінгі зерттеушілердің жаңалықтар қоспайтынын ескерте отырып, енді тың зерттеулердің қажеттігін көрсетеді.

Қ.Жұмалиевтің өмірі мен шығармашылығы туралы қайталауларға толы жауыр болған арзан, дерексіз мадақтаусымақ жазбаладыды оқып отырып «неге бұлай?» – деген ойлардан құтыла алмайсың. Ғылым мен білім саласының бірегей тұлғасы, алғашқы академик – ғалымдардың бірі, жазушы, сыншы, Ұлы ұстаз. ел тарихы үшін аса қажетті зерттеулердің, оқулықтардың авторы қандай құрметке болса да лайық!

Оның шығармашылық келбетіне, қайсар тұлғасына күйе тәрізді жағылған бірер «дерек» бар, егер солай деп айтуға жарар болса. Бірі, Қ.Жұмалиевтің екі рет Кеңес үкіметінің жаулаушы ұйым, орындары тарапынан қуғын көріп, 25 жылға сотталды. Алайда кінәсіздігін дәлелдеп, «қуынып, арыз жазып, «қылмысы жоқ болғандықтың ақталды» деген Кеңес үкіметтің ресми құжатын алып бостандыққа шықты. Бірақ ғалымға күдіктене қарау кейбір әріптестері тарапынан сақталды. Себептері де сан түрлі. Қаламгер мінез-құлқындағы бірбеткейлік, тура сөйлеу т.б. шет жағасы жоғарыда айтылды. Екіншісі «кінәсі» – әдебиетші әріптестері тарапынан айтылатын қаңқу сөздер. Олар сөйлеген сөздерінде шәкірттеріне, тыңдаушыларға Қ.Жұмалиевті жамандап бақты. Әрі бір рет қана емес. Үнемі қақсаумен болды. Бұл сөздерді студент жылдарда біз де естігенбіз (З.Б.)

Бұған негізді жауапты ресми атақ дәрежелері бар академиктер мен профессорлар, ғылым докторлары айтқан және бір рет емес. Сан мәрте дәлелденген. Мәселен, академик С.Қирабаев былай айтады: «Әдебиетіміздің бастауын кейінге тартты» деген сөз үлкеннің де, кішінің де аузында жүр. «Толыққанды авторлық әдебиет критериллеріне жауап беретін өкілдер қазақ жұртында ХҮШ ғасырдан бастап көріне бастады» деген пікірді айтқан бір ғана Жұмалиев емес. Бұны Бұқардан бастайық деген әңгімені Мұхаң да айтқан. Бұл мәселеде Қажым Жұмалиев Әуезовпен ақылдасып келісімге келген.

Қазақ әдебиеті тарихын Бұқардан бастау керегін Қажекене Мұхтардың өзі айтқан. Бұл шындығында, Мұхтар Әуезовтің концепциясы болатын. Қажым Жұмалиев қазақ әдебиеті тарихының басы ХҮШ ғасырдан, Бұқардан басталады деген пікірді сол кездегі бар дерек-көздерге сүйеніп айтты [17, 17].

Қажымның әдебиет тарихының бастаулары туралы ой-пікірлері мен тарихи тұлғаларды жүйелеп, оларды орын орнына қоя қарастыруы ХҮШ-ХІХ ғасыр әдебиеті үшін күшінде қалды, – деп жазады академик С.Қирабаев. Ол осы дәуір әдебиетінің көрнекті өкілдері жайлы бағалы зерттеулер жасады. Ғалымның бұл зерттеулері оның 1958-1960 жылдары шыққан екі томдық кітабына кірді» [4, 312].

Шығармашылық жоспарлы жұмыстар мен ғылыми зерттеулердің екпінді күйге енген шағында қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясына қатысты іргелі жұмыстарға кіріскенде 1940 жылдың 20 апрель күнгі «Ленинская смена» газетінде А.Тоқмағанбетов пен С.Жүсіпбековтердің «Кенесары» қозғалысы туралы кітабында ұлтшыл идеяларды насихаттайды, – деген мақалалары жарық көреді.

Мәселе жиналысында талқыланады, ғалымға ескерту жасаумен тынғандай болады.

Бірақ сәл кейінірек өзге бір авторлардың мақалаларында осы идеялар жалғасты. Дулат, Бұқар, Шортанбай, Мұраттардың теріс көзқарастағы шығармаларын мадақтайды, сол арқылы «жастардың санасын ұлтшылдықпен улауда» деген сияқты айыптау реңкті сындар көріне бастайды.

Бірақ, бұл әлі ресми қуғын емес еді. Беті қайтпаған мінезді талантты жас ғалым жоспарлы зерттеулері мен қолына алған істерін жалғастыра берді. 1941 жылы «ХҮШ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, 1946 жылы СССР Ғылым академиясының Шығыстану институтында «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» атты докторлық диссертация қорғайды. Осы жылы Қазақ ССР ғылым академиясының мүше-корреспонденті болып сайланады.

Махамбет поэзиясының тілі, көркемдігі туралы зерттеулерге тереңдей бастайды. [15, 11]. 1948 жылы «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» атты монография жариялайды.

Қ.Жұмалиевтің докторлық жұмысын туралы белгілі орыс ғалымы Н.Дмитриев айтқан пікірі ғалымның болашақ ірі зерттеулерінің іргетасы еді. Абай творчествосының поэтикасы туралы осы көлемде әлі ешкім зерттелмегеніне тоқталды. Қазақ әдебиеттану ғылымында монографияның мұндай түрінің жаңалық екенін айтты зерттеу жұмысының анағұрлым жоғары белесі саналатын поэтика саласында орындалғанын атап көрсетті; ұлт әдебиеті классиктерінің тілін зерттеу ісі біздің одақтас және автономиялық республикаларымыздың басқаларында шын мәнінде әлі басталмағанына тоқталды.

Өкінішке орай ғалымның қуанышы болуға тиісті осы жылдар оны қудалау мен жазалаудың бас болды. Бұл тәуелсіздік пен бостандық, азаттық туралы ойларды қырқуға, құртуға бағытталған Кеңес империясы жоспарының, кезекті қимыл еді.

Бәрі «Правда» газетіндегі (1950 ж) «Қазастан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» мақаласынан басталады. Кесір мақаланың (Жоғарыда айтылған, 1940 жылдың 20 апрель күнгі) кеселі «ұлтшылдық» туралы пікірлері бар, жазғандары көп деп «аса саяси қырағылық танытып жүрген» айқайшылардың ойбайымен қабаттасып ең беделді, белгілі талантты ғалымдар Е.Бекмаханов, Б.Сүлейменов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Қ.Мұқамедхановтар қуғын-сүргінге ұшырады. Осы айыптаулар дүмпіуі Қ.Жұмалиевті 1951 жылы абақтыға жаптырды. Қажым Жұмалиевтерді 1950 жылдардан бастап қудалап, түрмеге қама-

ғанда аса ірі ғалымның ел алдындағы қоғамдық, саяси-әлеуметтік қызметтері мен ғылыми еңбектерін, зерттеулерін әріптестерінің бәрі білетін. Бірақ, Кеңес үкіметінің 1928-29, 1936-37 жылдардағы қуғын-сүргінін көрген, жөнсіз, жолсыз әрекеттерін, жабайы зорлықтарынан тік-сінген сауаттылар бұғып қалды. «Ақылдыларға» тән «өздерін сақтау» түйсіктері әншейінде ауыздарынан тастамайтын ар-ұждан, ұят деген адами қасиеттерден басым түскен.

Бірақ әлденеге «өшіккен замандас-әріптестерінің» домалақ хаттарын дерек деп тауып 1953 жылы «халық жауы» ретінде қайта қамап, енді 25 жылға соттайды. Тағы да «қуыну-шағым арыздары» бойынша қылмыстық деректерінің жоқтығынан 1956 жылы ақталды.

Тағы деректердің жоқтығынан ақталып отыр. Сонда, осының бәріне кім кінәлі? Сұрақ көп. Жауап та аз емес. Бірақ мұндай сұрақ қоюға болмайды? Заңға қайшы көрінеді.

Одақтас елдер әдебиеті мен мәдениетінің ешқашан шешілмейтін қайшылықтары ғылыми орта құбылыстарының небір сүркія түрлерін туғызды. Соның бірерін Қ.Жұмалиев те бастан кешті.

Түнек түрмеден оралған соң әріптестері мен кейбір замандастары тарапынан күткендей жылылық көре алмады, Мұны көрген Қ.Жұмалиевтің оларға жауабы да оңып тұрмады. Мінезді ғалым бойында жиналған өкпе, ашу-ызасын әркез ауыздықтай алмады. Қазақ қоғамдық санасының, әдебиетінің, тарихының көрініп тұрған шындықтарды айтамын деп көрмегені жоқ. Дерексіз қамаған үкімет ақтады. Сонда сағынып келген ғылыми орта неге құбылады? Мұның жазығы шындықтарды айтқаныма? «Жиындарда, ғылыми қорғауларда Қажекеңнің терең білімділігі, сөзге ұста екендігі көрініп тұратын. Өз ойын бүкпесіз тіке айтатын. Бұл біреулерге жақпайтын, – деп жазады Қ.Жұмалиевтің шәкірті, академик, С.Қирабаев. Өмірде шындықты, тазалықты сүйетін. Команда құруды, жершілдікке бөлінуді білмейтін. Шәкірттері Қазақстанның түкпір-түкпірлерінен болатын. Менің шәкіртімің, менің айтқаныммен жүріп тұр деп қысым көрсеткен емес. Әдебиет адалдықты сүйеді, деп отыратын. Бізден де соны талап етті». (Көрсетілген еңбек)

Ұлы ұстаз шәкірттерінен талап еткен шындықты берік ұстанымға айналдыру үшін сырғымайтын, орғымайтын мықты бір тірек, дерек керек екенін сезді. Соны іздеді. Тапқан тәрізді болды. Халық ел тарихындағы уақыт сынынан өтіп, оның жадында мәңгі сақталған, әдебиетінде, қоғамдық санасында таңбаланған уақиғалар мен қоғамдық құбылыстар-ақиқаты.

Алайда Кеңес үкіметі үшін бұл шындықтар жарамды Халық мұны мен қасіретін азайту қолынан келмейтін үкіметке өзіне қажет лепірме, дерексіз шындықтар ғана керек екен. Оны айту мен халық санасына сіңіру үшін ел білетін шындықтарды бұрмалауға, өнін айналдырып өтірік айтуға кірісіпті. Ені осы өтірігіне өзі сенетіндей. Сенімі селкілдеген жастар мына былыққан, былқылдаған заманнан не таппақ?

Жаратқан ие табиғатына талант берген, өнерлі тұлғалардың ерекше қасиеті – көбінің тағдырының ерекше ауырлығы. Бәлкім, кейбіреулерінде сәл өзгелеу болатын да шығар

Қ.Жұмалиевтің өмірбаяндық деректерін: сырлас достары мен әріптес ғұламалардың жазағандарын оқи отырып, шығармашылығына үңілгенде аңғарғаным «өмір кейде өз дегенін істеп, адамды езіп жібере жаздайтын кездері болатын көрінеді...» – деп ғалым айтқандай, небір қиын кездерде шындыққа адал болған адамдар көп болмаса керек...

Кейінде шәкірттеріне философ Диогеннің мына сөздерін жиі айтатын көрінеді «...еркін, азат болсам деген қоғам арасында болмайды мықты болсаң да, жаман болсаң да жақпайсың?!» Бұл сананы езген үнсіздіктер ізіндегі келеңсіздіктер көлеңкесі болды ма екен білмеймін. Ғалым көп ойланды, толғанды. Ақыры, бір күні өзгеру керек деп шешті. Бірақ, өзгеру үдерісі тіпті оңай болмай шықты. Сапырылысқан ойлар тірек таба алмай бөліне берді. Әділетсіз сынға жауап жазу мен күнделікті тірліктер ойда піскен зерттеушілік идеяларын астан-кестен қылды, ұзатпай тұсайды. Ұстаздық қызметіне қоғамдық жұмыстар ғана емес «жүғымсыз» өзгерістер туралы ойлары да бөгет. Негізгі ой, толғаныстарға алаңсыз кірісе алмау, азаптың азабы көрінеді, қабаттасқан өзге де қиындықтарды кімге айтады, кім тыңдайды?

Қ.Жұмалиевтің өмірі, ұстаздық қызметі және зерттеулеріндегі тарихи уақиғалар жүйесіне, деректерге әдейі «геріс баға» беретін, кеңестік кесел идеология шылауында, идеология шылауында жүргендердің былыққан былдырлары мен бұралқы лақаптарға сүйенген пікірлер бүгінде әшкере болды. Оның бәрін түптеп айтуға уақыт керек, әрі қажетте емес.

Қ.Жұмалиевтердің түрмеден шыға сала сол идеологияға қайта қызметке кірісіп ұлттық рухын сақтағандарына қайран қаласың. Осындайда «Ұлылық деген қолда тұрған бар мүмкіндікті пайдалану, рухыңды жоғалтпау»-деген ұлы күрескерлердің сөзі еске түседі. Олардың көбі ұлттық рухтарын жоғалтқан жоқ. Алайда, елде аман қалған замандастарының өзгерістерін көріп, жаңа әрекеттерге көшті. Алайда, олардың көбі ұлттық рухтарын сақтаса да алғашқы қалыптарынан өзгерген. Кейбірі ұлттық идеяларынан бас тартқан.

Кенесары қозғалысына қатысты ойлары мен Шортанбай, Мұраттар шығармалары туралы көп қозғаған пікірлерін ұмытқандай, «бас тартқандай». Отаршыл үкіметтің тәуелсіздік, ұлттық рух туралы ойларды жою үшін жоспарлаған сүрқия әрекеттері жемісін бергендей. Адам төзгісіз қинаулар мен айтуға ауыр жазаларды бастан кешкен адамдар сеніміндегі ұстанымдар үнсіздіктен ғана жұмбақ жауап тапқандай.

Қ.Жұмалиевтің ғылыми еңбектері мен ірі мақалаларын кейбір ғалымдар көп пайдаланады. Бірақ, оның атын атамай ойларын сәл өзгертіп қайталайды. Көшіріп алушылар да болған. Қазақ әдебиеті тарихының 60 жылдары жарық көрген 6 кітаптан тұратын үш томдығында Қ.Жұмалиевтің еңбектерін пайдаланушылар көп болды – деп жазады ұстаздың шәкірті профессор М.Атымов. «Ғалымның аты-жөні аталмайтын еңбектері барлық томдардан да кездеседі. [5, 103].

Ғылым академиясы шығарған ірі еңбектегі зерттеулерін, басты ойларды пайдалана отырып аты-жөнін атамау ғалымға өте ауыр тиген. Олардың бәрін көріп, біліп тұрса да Қ.Жұмалиевте үнсіз қалған. Бұл сірә, ақиқат шындықты дәлелдеу қиындығын анық білген ғұлама ғалым, ұлы ұстаздың дара шындығы ма?

Қ.Жұмалиев Қазақ ССР ҒА академигі болып сайланғаннан кейін академияға бұрынғыдан да гөрі жиірек келетін болды... Қажекен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жанынан «Әдебиет теориясы» бөлімін ашпақшы болып біраз істер істеді. Бірақ оның бәрі Қажекен қайтыс болғаннан кейін аяқсыз қалып қойған еді. Ол іс 1986 жылы қайтадан қолға алынып, арада 18 жыл өткеннен кейін әдебиет теориясы бөлімі ашылды». Бірақ, кейін жабылып қалды. Негізгі себебі, әдебиет теориясымен түбегейлі айналысатын, мықты мамандардың аздығынан болса керек.

Бүгінгі таңда өмірбаяндық, шығармашылық мерей тойлардың ресми түрде мүлде аталмауы қазақ әдебиеттануы үшін бір кісідей-ақ еңбектенген ірі ғалым, көрнекті жазушы, ұлы ұстаздың ірі еңбектерін бүгінгі ұрпақтарының білмеуіне әкеліп отыр.

Артында қалған әдеби мұраларын да күні кешеге дейін қолға алып, зертеуші бірер адамнан басқалар көрінбейді.

Бірақ, әлі де Қ.Жұмалиев еңбектерін қолданамыз, пайдаланамыз содан бастау, ой-түрткі табамыз, бірақ есімін атамаймыз.

Үнсіздік үніндегі ойлар, түсінетін адам табылса, әлі де жалғасуда!

Алайда адам рухын құртуды, жоюды міндет қылған түрмелердің иесі саяси топтар мен оны басқарған қанішерлер туралы деректер құпия үнсіздікте ұсталуда. Азаттық пен тәуелсіздік идеяларын құрту үшін мақсатты түрде әдейі құрылған торларда «жазықсыз түнекке камалғандардан» жауап алуда небір сүрқия тәсіл, айла қолданған «тергеуші, ұлықтарды» әшкереледік, – деп өтірік жазамыз. Ресми үкіметтің оны қозғағысы келмейді.

Айту түгіл, атауға, жазуға тиым салған. Бұлардың көбі халық назарынан тыс қалуда.

Қазір Қ.Жұмалиев туралы не айтсаң да болатын тәрізді. Дерек те жеткілікті. Бірақ бір қарағанда ғана. Аңызға бергісіз тағдыры, ертегіге сай еңбегі зор академик-ғалым, ұстазға, Ұлы ұстазға, лайықты құрмет көрсету – бүгінгі ұрпақтарының парызы. Жақсы білетін замандастары мен шәкірттері ауық – ауық мәселе көтеріп, жазып та жүреді. Ол туралы қозғасы келмейтіндер мен үндемейтіндер де кездеседі ортамызда.

Алайда, мұнда біз анық білетін бір шындық бар. Әдебиет тарихы туралы өзі ақиқат деп ұққан деректерді ұрпақтарына жеткізу, таныту, оқыту үшін көптеген оқу құралдары мен оқулықтар жазған, қиын жылдарда қоғамдық сана назарын аударған көкейтесті мәселелерді қозғап, талқылаған ғалым-ұстаз еңбегі дерексіз, жүйесіз сөздерге бола ұмытылмауға тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1976. – 374 б.
2. Белинский В.Г. Собр. соч. В 9-ти томах. Т.1.-Москва, 1976. -736 с.
3. Чернышевский Н.Г. Эстетическое отношение искусства к действительности – Полн.собр.соч.–Т.2, - Москва, 1939. 86 с.
4. Қирабаев С. Көптомдық шығармалар жинағы. -Т.3. –Алматы, 2007. -315, 317 б.б.
5. Атымов М. Қажым Жұмалиев -Алматы, 1987. 11 б.
6. Мырзахметов М. Ғұлама ғалым.//Лениншіл жас,1977. 24 декабрь
7. Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. 2-т.-Алматы: Жазушы,1983.-406-414 б.
8. Потебня А.А. Мысль и язык. // ПСС. – Одесса, 1922.
9. Веселовский А.Н. Историческая поэтика.-Ленинград, 1940
10. Жұмалиев Қ.Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі». – Алматы,1960. 364 б.
11. Жирмунский В. Поэтика://Сборники по теории поэтического языка. Ленинград, 1928. 377 с.
12. Әуезов М. 50 томдық шығ. жинағы .- Алматы,1997.
13. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. Он алты томдық. 16 т.301-392 б.
14. Нұрқатов А. Шығармалары. – Т.1.-Алматы: Ана тілі, 2013.-384 б.
15. Жұмалиев Қ. Жайсаң жандар. Естеліктер. – Орал: «Ағартушы», 2010. -296 б.
16. Жұмалиев Қ.Махамбет поэзиясы туралы // Әдебиет майдан,1938. №4
17. Мамыров А. Академик Қажым Жұмалиев архивінен.-Тараз: «Қарахан» РБО, 217. – 440 б.

Темірхан Тебегенов,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР Гуманитарлық ғылымдар Академиясының академигі,
Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты

АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНІҢ МӘН-МАҢЫЗЫ

Хакім Абайдың «Қара сөздері» – әлем өркениетінің арғы-бергі тарихындағы ойшылдық ұлағаты биіктігінің көрсеткіші. Жалпыадамзатқа ортақ тұрмыстық-әлеуметтік қарым-қатынастар философиялық-дидактикалық толғаныстармен түйінделген. Тіршілік қозғалыстары жүйесін қамтитын қарама-қайшылықтардың күресі мен бірлігі, себеп пен салдар мәселелері басты назарға алынған. Халқымыздың тарихы, қазақ еліндегі қоғамдық құрылыс, елді басқару, оқу-ағарту, ғылым, өнер-білім, халықтық тәлім-тәрбие, еңбек, шаруашылық, тұрмыс, адамгершілік-имандылық, мінез-құлық, діни-ислам қағи-далары, өмір сырлары, т.б. сан алуан мәселелер «Қара сөздерде» қамтылған.

«Қара сөздерде» қазақтың ұлттық санасындағы олқылықтарды «Дос жылатып айтады» деген халық даналығына орай әшкерелеп сынайды, сол арқылы ұрпақтардың ұлттық намысын оятуға талпынған. «Қара сөздердің» барлығында да осы ең негізгі мәселелердің идеялық желілі сабақтастығы сақталып отырады.

Хакім Абай қазақ халқының материалдық және рухани мәдениет салалары бойынша әлем өркениетінің бұрынғы-соңғы жетістіктерін игеруін тілейді. Сол үшін де ХІХ ғасырдың екінші жарты-сындағы әлем халықтары дамуының озық жетістіктерін қазақтың да игеруі зәрулігін ойлап алаңдайды. Хакімнің бұл ойлары адамзат тарихындағы қайраткер, ғұлама данышпандардың, өзімен замандас ағартушыларымыз Ыбырай Алтынсариннің, Шоқан Уәлихановтың және Шәкәрім Құдайбердіұлының, Ахмет Байтұрсынұлының, Міржақып Дулатұлының, Жүсіпбек Аймауытұлының, Мағжан Жұмабаевтың ойларымен жалғасады.

«Қара сөздердегі» ұлтын сүйген тұлғаның қайраткерлік толғаныстары сыншыл сарынмен жазылған. Бұл – хакімнің бүкіл әдеби мұрасына тән ұлттық намыс буырқануының көрінісі. Ұлтын терең сезіммен сүйген Қайраткер-Азамат қазақтың мінез-құлық психологиясындағы, санасындағы игі дәстүрлерді дамытуға үндейді, орын алып отырған жағымсыз дағдыларды, әрекеттерді өлеңдерімен де, қара сөздерімен де әшкерелеп, олқылықтардан арылуға, аулақ болуға шақырады.

Алаш көсемдері Әлихан Бөкейхановтың «Абай (Ибрагим) Құнанбаев» [1, 307-311], Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» [2, 298-302] атты мақалалары Абайтану ғылымындағы алғашқы бағалаулар еді. Абайтану бастаулары кейінгі кең арналы іргелі зерттеулерге ұласты.

Абайтануды қалыптастырған Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің ғылыми тұжырымы қара сөздердің поэтикалық болмысын байыптауға теориялық негіз болды:

«Жалпы алғанда, Абайдың осы қара сөз дейтін мұралары боп қалыптанады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған естегі, мемуар да емес. Стилль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді. Бұл шығармаларда Абай өзінің оқушыларымен әңгімелесіп, жүзбе-жүз кездесудегі мәслихат, кеңес құрып отырған ойшыл ұстаз тәрізденеді. ... Абай ... қара сөзінде ... өлеңдерінде ойтылатын ойларының бірталайын жаңа сөзбен таратады» [3, 218-219].

Дана Абайдың «**Бірінші сөзінде**» Мұхтар Әуезов атап көрсеткен поэтикалық ерекшеліктер («**жа-зуға қалай кіріскені туралы**»; «**өмірбаяндық дерек**»; «**өзінің жалпы шығармашылық еңбегіне ойлы түсінік**») туралы айтылған [3, 221]. Ойшылдың өзінің өткен өмір жолындағы қарама-қайшылықтар егізделген тіршілік қозғалысын («алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік». «... қажыдық, жалықтық, қырып жүрген

ісіміздің бәрінің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік») сыншыл реалистік сипатымен баяндаған.

Абай өмір жолын жалпылық «Біз» ұғымымен баяндап, қазақтың бәріне ортақ тағдыр болмысын жинақтап бейнелеген.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы қазақтың қоғамдық-әлеуметтік хал-ахуалын сұрақтар қоя және оларға жауап бере отырып өмір шындығына лайықты бағалауымен дәлелдеген. Автор өзіне-өзі бірнеше әлеуметтік-тұрмыстық мәні анық сұрақтар қояды: «Ел бағу?»; «Мал бағу?»; «Ғылым бағу?»; «Софылық қылып дін бағу?»; «Балаларды бағу?» [4, 95-96]. Уақыт пен кеңістіктегі саяси-әлеуметтік қайшылықтардың зардаптары салдарынан қазақтың шынайы ұлттық-халықтық ділін тоқыраудың орын ала бастағандығы мәлім.

Хакімнің өзіне қойған сауалдары – қазақтың әлеуметтік дүниетанымындағы дағдарыстың көрінісі. Елді, малды, ғылымды, дінді балаларды бағу істерінің жүзеге асуы үшін соларды қабылдайтын, мақұлдайтын, жалғастыра ілгерілететін халық ділінің дайын еместігі сыншыл тілмен дәйектелген. Жат ықпалдың құрсауына түскен халқының жан діліндегі ауыр жағдайды анық сезген ойшыл осы «Қара сөздері – ғақылиялары» арқылы өзінен кейінгі ұрпақтарға пайдасы тиетініне үміттенген көзқарасын, тілегін білдірген:

«Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» [4, 95-96]. Абайдың өзін кейіпкер етуі – шарттылық. Қара сөздеріндегі авторлық бірінші жақпен баяндалатын «Мен», «Біз» ұғымдары қазақтың ұлттық-халықтық жан әлемінің жинақталған болмысын байқатады. «Екінші сөзде» ұлттық сана және ұлттық намыс туралы сыншыл азаматтық ойлар айтылған.

«Екінші сөзінде» қазақтың өзінен басқа халықтарды (сарт-тәжікті, ноғайды, орысты) менсінбейтін өзімшілдігін, тоңмойын менмендігін аяусыз мысқылдайды. Өзін-өзі зор, өзгелерді қор санап жүрген қазақтың ұлттық санасындағы осындай керітартпа ойларының ғасырлар бойы ұрпақтардың санасында жаңсақ ұғым қалыптастырып келген зиянын да ашып айтады: **«Сонда мен ойлаушы едім: ей, құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп, әлгі айтылмыш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуанып күлуші едім»** [4, 96]. Осылайша құр босқа күпінгенмен өркениет көшінен кейіндеп қалып бара жатқан қазақтың аянышты хал-ахуалын жөндеу үшін Абай сынауын да, насихатын да қатарлас қолданған. Өлеңдері мен қара сөздеріндегі ойлары сабақтастығының («Өзінде бармен көзге ұрып, артылам деме өзгеден», «Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба», т.б.) ұлттық сананы дамыту мақсатына арналғаны анық.

Хакім Абай осы «Екінші сөзінде» сарт-тәжіктің егіншілікті, саудагерлікті, қолөнерді меңгерген, тұрмысқа қажетті заттарды өндірген кәсіпкерлігіне жоғары баға береді. Арзанға алып, қазақтың өзіне қымбат етіп айырбастайтын сарт саудагерлерінің әрекеттерін **«Әке балаға қимайтұғын малыңды кірелеп, сол айдап кетіп тұрды ғой»** деп күйінеді. Қазақтың ұлттық санасын сәулелендіру үшін өзге халықтардың игеріп жатқан жетістіктеріне жетуге шақырды. Ақынның өлеңдеріндегі («Сегіз аяқ») сондай салиқалы насихаты мен қара сөзіндегі ойлары сабақтас:

Егіннің ебін,
Сауданың тегін
Үйреніп, ойлап, мал ізде;
Адал бол – бай тап,
Адам бол – мал тап,
Қуансаң, қуан сол кезде [5, 86].

Ресейдің отарлық бұғауында жүрсе де аталған халықтардың орыстың озық жақтарын тез үйреніп алғандарын намыс кернеген жүрекпен баяндаған. Қазақтың өзге халықтардан қалып бара жатқан жақтарын айқын таныту үшін сарттың да, ноғайдың да, орыстың да озып кеткен көрсеткіштерін нақты атап көрсеткен:

«Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, ептілік, қырмызылық, сыпайылық – бәрі соларда. Ноғайға қарасам солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда» [4, 97].

Хакімнің өзге халықтардың жемістерін саралап бағалауы, қазақта солардың жоқтығын ойлап күйзелуі – ұлттық намыс толғаныстары. Қазақтың ең байының өзінен де ластықты, былғанышты тауып, үйлерінен қуып шығатынына, *«малдыларына құзғын тамағымыз үшін, біріміз жалшы, біріміз қош алушымыз. ...Орысқа айтар сөз де жоқ, біз құлы, күңі қадарлы да жоқпыз»* екендігіне қорлана күйзеледі. Аталған халықтардың озық даму деңгейіне жету себебі *«Оның бәрі бірін-бірі қуып, қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып зор болғандық әсері»* екеніне баға береді.

«Екінші сөздің» түйіні – қазақтың халықтық-ұлттық ділін, мінез-құлық психологиясын, еңбек ету, кәсіпке мамандануын, өзін-өзі жетілдіруін күшейту мұраты. Өлеңінде айтылған «Өсек, өтірік, мақтаншак, еріншек, бекер мал шашпак» әдеттерден арылуға үндейді. Бос мақтанға, құр босқа күпініп, лепіріп қуануға, өзгелерді мысқылдауға құмар даңғойлық, керітартпа мінез дағдыларына өткір сын айтылған.

Хакім Абайдың қазақ тағдырына арналған қамқор, сыншыл ойлары – қазіргі жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан үшін де маңызды. Осы орайда Біріккен Ұлттар Ұйымының ЮНЕСКО шешімімен өткізілген хакім Абайдың 150 жылдық мерейтойында «Абай туралы сөз» тақырыбымен баяндама жасаған Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пікірінің де осы «Екінші сөзбен» үндес тұсына назар аударамыз:

«...ақыл табылмай тұрып, ештеңе де табылмайды. Ол жетілмей тұрып, ар-намыс шыңдалмайды. Ар-намыссыз азамат өзгелердің көсегесі түгіл өзінің көсегесін көгерте алмайды. Онсыз ұлттық сана мен ұлттық намыс та тұл.

...Жан-жағмызбен тату-тәтті қарым-қатынастамыз. Алыспен де, жақынмен де алысып-берісіп жатырмыз. Нағыз іскер ахуал орнатуға не керектің бәрі бар. Жетпейтіні: Абай айтқан ынта мен ыждаһат» [6, 45-46].

«Екінші сөз» – қазақтың ұлттық санасын серпілтуге және ұлттық намыс отын тұтатуға арналған ақындық жүрек арнауы.

«Екінші қара сөз» Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті ең озық елдер қатарында болуы жолындағы қазіргі болашақтағы мемлекеттік ұстанымдарымен де толық сәйкес. Қазақтың ұлттық намыспен жігерленіп әлем өркениеті кеңістігінде өсуі, өркендеуі – біздің жарқын болашағымыздың көрсеткіші. Бұл – хакім Абай даналығының мәңгілік ұлағаты.

Хакім Абайдың **«Үшінші сөзінде» қазақ діліндегі және билік пен құқық жүйесіндегі кемшіліктер мен міндеттер сараланған.**

Адамзат тарихындағы ойшылдардың өздері көздерімен көрген өмірлік шындыққа сүйеніп жасаған бағалаулары уақыт пен кеңістіктің шексіз жалғасқан жолындағы мәңгілік өзектілігімен бағаланады. Ойшыл даналардың өздері куә болған құбылыстар, деректер негізіндегі тұжырымдары, бағалаулары өміршең болмысымен әрбір жаңа кезеңдермен де үндесе алады. Хакім Абайдың мұраларындағы даналық ойлары да осындай әрі ұлттық және жалпы адамзаттық тағылымымен бағаланады. Қазақтың халықтық-ұлттық ділі, елді басқарушы әкімдер, тергеуші билер, үкім шығарушы сот, т.б. әлеуметтік-құқықтық маңызды мәселелер қара сөздерінде жан-жақты сараланған.

«Үшінші сөзде» XIX ғасырдың екінші жартысындағы отарлық бұғау күрсауындағы қазақтың халықтық ділінің бұзылып бара жатқан сипатын сыншылдықпен әшкерелей, күйзеле баяндайды. Қазақ тұрмысына әбден дендеп енген, тұйықталған жекеменшіктілік, жериеленушілік әлеуметтік-тұрмыстық психологиясының күшеюі, егін егуді, сауда қатынастарын кеңейтуді, өнерді, ғылымды игеруді ойламай, тек ғана көшпелі тұрмыс жағдайындағы томағатұйық тоғышарлықты, өзара қырқысқан қақтығысты, ауылшілік үстемдікті, әлсіз ағайынына озбырлықты тұрақты машық ете бастаған кемшілік-терді әшкерелей сынайды. Көбейе бастаған малын малшыларға бақтырып, өздері жылдың төрт мезгілінде де етке, қымызға тойған, сұлулармен ойнап-күлген ырду-дырдумен, жылпостықпен, ептілікпен, өктемдікпен («біреудің

қыстауын сатып алмақ, ептеп алмақ, тартып алмақ») өмір сүруі өршіп бара жатқан қазақ ортасының керітартпа, кесел қасиет жайлаған әлеуметтік сипатын әшкерелейді. Халық ділінің тұрмыстық-әлеуметтік қайшылықтары өршіп бара жатқан жағдайына алаңдаған ақын оқырмандарына, тыңдаушыларына сұрақ қоя отырып, өзіндік дидактикалық-философиялық тұжырымдарын айтады:

«Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? Һәмма галамға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әр бір жалқау кісі – қорқақ, қайратсыз тартады, әрбір қайратсыз – қорқақ, мақтанғыш келді: әрбір мақтаншақ – қорқақ, ақылсыз, надан келеді: әрбір ақылсыз – надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады» [4, 97].

Қазақ тұрмысындағы кемшіліктердің қатарында бір-бірінен дәулеті жақтарынан асып түсуді ғана ойлағандардың өзара жауласуы, дауласуы, партияласуы, жауласқандарын өзіне бағынышты ету және мол мал жию үшін билік қызметіне таласу қақтығыстары болатыны түсіндірілген. Қара сөздің осы жеріндегі тұжырымдар ақынның *«Болды да партия, ел іші жарылды, әуремін мен тия дауың мен шарыңды, ұрыңнан асырдың сұм тілді қарыңды»* деп жырлаған зарлы өлеңімен де үндес. Осындай тұрмыстық аласапыран қозғалыстарының ортасында қазақ бозбалаларының, жігіттерінің сырттан кәсіп іздеп, еңбек етіп мал табумен, егін егумен, сауда ісімен айналысудың орнына өзара жауласқан жуандардың барымташылары, ұрылары болып жүрген әрекеттерін *«Өз басын өзі осындай таласпенен кісі көбейтеміз деп партия жигандардың бүгін біреуіне, ертең біреуіне кезекпен сатады да жүреді»*) айыптайды. Хакімнің өлеңіндегі және қара сөзіндегі ойлардың үштасуы дана тұлғаның сыншылдық тағылымын дәйектей түседі.

Күйіне толғанған ақынның сыншыл ойлары қара сөзіндегі баяндауларымен толыға жалғасқан: *«Ел екі жар болған соң, кім ант ішіп ақтап арамдығын жақтап сүйеймін десе, соған жақ болып сүйеніп, бұрынғыдан ұрлығын әлденеше есе асырады»* [4, 98].

«Үшінші сөзде» отарлық басқару-билік пен құқық жүйесінің өзекті мәселелері де сөз болған. Қазақ даласындағы болыстық басқару-билік қызметіне сайлану үшін мансапқорлардың жасайтын айла-амалдарына, қулық-сұмдық іс-әрекеттеріне қоғамдық-әлеуметтік көзқарас тұрғысынан сипаттама берілген. Болыстыққа сайлану үшін өзімен балама болуға сәйкес кісілердің үстерінен жалған ақпарлы қылмысты іс қозғатып, сотқа арыз беретін, тергеу жүргіздіріп, растайтын алаяқ куәларды да ұйымдастырып, елдің игі жақсыларының тағдырларын тәлкекке ұшырататыны өмір шындығына сәйкес баяндалған. Жалған айыптаулардың қудалауына ұшырағандардың жазадан құтылу үшін өзінен төмен жандарға жалынып күнсызданатыны немесе ешкімге жалынбаса заң жүзінде айыпты адам ретінде ешқандай қызметке тұра алмайтын қуғын-сүргінде, бақылауда өмір сүретіні де аталады. Қулық-сұмдықпен, амал-айламен үш жыл мерзімге болыстыққа сайланған билік иелерінің рухани-әлеуметтік жан әлемін де көз алдымызға реалистікпен елестетеді: *«Ол болыс болғандар өзі қулық, арамдықпенен болыстыққа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзіндей арам, қуларды қадірлейді, «өзіме дос болып, жәрдемі тиеді», – деп* [4, 98].

Қазақ сөз өнерінің тарихында жағымсыз адам тұлғасын мінездеудің, даралаудың классикалық үлгісін қалыптастырған хакім Абайдың осы «Үшінші сөзіндегі» айла-амалмен, патшалық билік орындарында пара берумен, жақтастарын сатып алумен, бәсекелестерін зұлым іс-әрекеттер арқылы қудалап құртумен болыс болғандардың типтік сипаты бейнеленген. Бұл орайда ақынның «Күлембайға («Болыс болдым мінеки»), «Мәз болады болысың», «Дүтбайға», т.б. өлеңдеріндегі екіжүзді, сұм, мансапқор болыстар туралы ойларының да қара сөздерімен сабақтастығы айқындала түседі.

Қазақ халқының елішілік басқару-әкімшілік жүйесінде болыстық қызметке орысша оқуы бар адамның сайлануын, олай болмаса уез бастығының (уезной начальник) немесе әскери губернатордың (военный губернатор) тағайындауымен болғанын қалайды. Оның себебі, қазақ басшысының білімді және халыққа емес, патша ұлықтарына міндеттілігі халыққа

пайдалы болатындығымен түсіндірілген. Осындай жауапкершіліктің күшеюінен өтірік арыз берушілердің азаятынынан үміттенеді. Сонымен бірге әрбір болыстықтағы «старшина басы бір би сайланғандық» жолының да халыққа зиян келтіргенін сынайды.

Хакім Абай қазақтың халықтық-құқықтық заңнамалары Қасым ханның «Қасқа жолын», Есім ханның «Ескі жолын», Әз Тәуке ханның «Күл төбенің басында күнде кеңес» жиынын, «Жеті жарғысын» қазақ қауымындағы ел басқарғандардың, тергеу жүргізетін және үкім шығаратын билердің құқықтық негіз ретінде білуі керектігін дәлелдеген. Билердің құқық жұмыстарын жүргізгенде әрбір болыстықта үш-ақ кісіден іріктеп-таңдап сайлап, олардың қызметтерін әділ шешімдерімен ғана бағалау керектігін ұсынады. Даугерлердің істі шешетін екі биді өздерінің таңдауын, олардың араларына жүретін кісіні сайлауын, онда да іс шешілмесе аталған үш бидің біреуін жеребемен сайлап алуы туралы пікірін білдірген.

«Үшінші сөзде» әділетсіз болыстардың қулық-сұмдықпен билікке жетуіне байланысты халқы-мыздың «Ісі білмес, кісі білер» мақалын қолдана отырып, амал-айлаға жетік жылпос билікқұмарлар мен солардың тобындағыларды сыншыл көзқарастарымен бағалайды. Ал, құқықтық істерді жүргізудегі ырың-жырындардың мәнісін «Би екеу болса, дау төртеу болады» деген халық даналығымен дәйектеген.

«Үшінші сөздегі» қазақтың халық ділі және билік пен құқық жүйесіндегі кемшіліктерді сынаған тұжырымдары қазақ қоғамы үшін мәңгі маңызды. Тәуелсіз Отанымыздың қазіргі және болашақтағы даму, өркендеу жолында мемлекетімізді құраушы негізгі халық қазақтың діліндегі кемшіліктерден арылу және атқарушы билік пен құқық жүйесін Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша жүргізу арқылы әлемдегі озық елдер қатарына қосыла аламыз. Бұл – қазақ халқының хакім Абай армандаған әлем өркениетіндегі мәңгілік тұғырнамасы.

Қорыта айтқанда, хакім Абайдың қазақ тағдырына алаңдаған қайғысы – бүгінгі ұрпақтың да ұлттық-отаншылдық көзқарастарына қозғау салады. Қазақ отбасыларының, тұтас халқымыздың тұрмысының жақсаруы, ғылымды, білімді игеруі тұтаса жетіле дамуы – біздің қазіргі басты мұратымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бөкейханов Ә. Таңдамалы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. – 479 б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
3. Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т. 20. Монография мен мақалалар. – 1985. – 496 б.
4. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. – Т. 2. Аудармалар мен қара сөздер. – 200 б.
5. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. – Т. 1. Өлеңдер мен поэмалар. – 304 б.
6. Назарбаев Н.А. Абай туралы сөз. – Алматы: Рауан, 1996. – 160 б.
7. Қазақ мақалдары мен мәтелдері / Құрастырған Ө. Тұрманжанов. – Алматы: Білім, 2004. – 272 б.

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ АБАЙ МҰРАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ МАҢЫЗЫ

Көшпенділер өркениетінің орталығы болған қазақ даласы әлемдік білім мен ғылымның не бір даналарын өмірге әкелді. Солардың ішінде кезінде «екінші ұстаз» атанған Әл-Фарабидың жұлдызы ғаламдық руханият айдынында ерекше жарқырап тұр. Өмірдің парадокстары көп. Сондай парадокстардың бірі әлемдік ғылымның көш бастаушыларының бірі болған ұлы баба Әл-Фарабиды ұрпақтары күні кешеге дейін онша біле бермеді. Қанша уақыт өтсе де асылды тот баспайды. Өткен ғасырдың екінші жарымынан бастап, адамзат ақыл-ойының кеңейгені Әл-Фарабидың жарық жұлдызы қайта жанып, әлемдік руханият әлемінде жаратылыстың заңымен адам болып өмір сүрудің жалпыға ортақ қағидаларынан нұр шапақ шашуда.

Ұлылар өлмейді. Өзі өлгенмен артында қалдырған сөзі өлмейді. Өйткені, ол сөздерде артында қалған ұрпақтарының, одан қалды, жалпы адамзат баласының бір-бірімен тату, бақытты өмір сүруіне көмектесетін жолдарды көрсетіп, осы жолмен жүруді ұрпақтарына мирас етіп қалдырған. Әл-Фараби салып кеткен осы жолды қазақ даласынан шыққан небір ғұламалардың, ақын-жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің ары қарай жалғастырып, адам болып өмір сүрудің, қоғамдық дамудың, ұлттық жаңғырудың даңғыл жолына айналғанын көреміз.

Ұлылар қашанда бір-бірімен үндестік тауып жатады. Осындай үндестікті қазақ даласынан шыққан екі ұлының – Әл-Фараби мен Абайдың артында қалған мұраларынан да байқаймыз. Арала-рында қаншама ғасырлар, не бір замандар жатқанымен де екі алыптың дүниетанымындағы адам қайткенде, адам болып бақытты өмір сүреді, қоғам қайткенде, адамның жан-жақты жетілуіне жағдай жасайтын бағытта дамиды деген мәңгілік сауалдың төңірегіндегі ойларының бір арнадан шығып жататындығына таң қаласыз. Мұның басты себебі, олардың ұлы даланың ұлы топырағынан шығуы, сол кездегі далалық дүниетанымды, Шығыс пен Батыстың ілім-ғылымын толық меңгергендігі, ислам мәдениетінің өкілі болғандығы болса керек. Осы жағдайлар мәселеге бір жақты келмей, әртүрлі қырынан, әртүрлі көзқараспен қарап, дұрыс қорытындылар жасауына мүмкіндіктер ашқан.

Философияда күні бүгінге дейін бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі бағыт бітіспес күреспен қатар өмір сүріп келеді. Материалистер «Адамды тұрмыс билейді» десе, идеалистер сана билейді дегенді алға шығарады. Енді осы бір күрделі мәселенің екі данышпанның еңбектерінде қалайша көрініс тапқандығына назар аударайық.

Әл-Фараби ғылым салаларын жүйелегенде, ең алдына тіл білімін қояды. Өйткені, өмірді тану, ғылым адамның ойлау қабілетімен тікелей байланысты. Тіл, ойлау жоқ болса, ғылым да жоқ. «Бұл айтылғандардың барлығын пайымдау жолымен – өз ойымызды қалай жеткізу керектігінен, үйрету немесе үйрену керектігінен, қалай баяндау, сұрау, жауап беру керектігінен абстракциялану арқылы таптық. Осы себепті барлық ғылымдардың ішіндегі ең бірінші ғылым тіл туралы ғылым деймін. Ол заттарға, яғни субстанция мен акциденцияларға атау береді. Екінші ғылым – грамматика, ол атауларды қалай реттеу керектігіне, субстанциялар мен акциденциялардың орналасуын білдіретін сөздер мен сөйлемдерді және содан шығатын салдарларды құрастыруға үйретеді». Бұл жерде ғұламаның адамның адам ретіндегі саналы тіршілігінде, адамның өмірдің құпияларын танып-білуіне көмектесетін ғылыми ізденістерінде тілдің айрықша орнына ерекше мән бергендігі көрінеді.

Ғылымдардың ішінде бірінші орынға тілді, екінші орынға қойған ғұлама үшінші орынға дұрыс ойлай білудің заңдылықтарын зерттейтін логиканы қояды. Әл-Фарабидің анықтауынша, тілдің сан қырлы қызметі тікелей логикамен байланысты: «Ол қорытынды алу үшін логикалық фигураларға сай баяндауыш сөйлемдерді қалай орналастыру керектігіне үйретеді.

Солардың арқасында біз танымағанды танимыз, ненің ақиқат, ненің жалған екендігі туралы пікір айтамыз» (сонда, 94-бет).

Әл-Фараби адамның бақытты болуы үшін ол білім-ғылыммен қаруланып, жан-жақты жетілген болуын, «Ғылымды кәсіп, өнерді нәсіп етіп алмауы керек, әрі оны мол дүние табу құралы етіп жібермеуі қажет» екендігін ескертеді. Сондықтан да білім-ғылым тәрбие жұмыстарымен қатар жүріп отыруы аса маңыздылығын қатал ескертіп, «тәрбиелі ғалым – ғалым, тәрбиесіз ғалым – залым» деген бұл күндері нақылға айналып кеткен сөзін қалдырды.

Абай ғұламаның салып берген сара жолын ары қарай жалғастырып, ұрпағына ғибрат болар терең ойлар айтты: «Ғылым – алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр» (Отыз сегізінші сөз), «Ғылымның бір аты – ақыл» (сонда), «Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен» деп білген Абай елінің ертеңін білім мен ғылыммен байланыстырды; сондықтан да халқын оқуға, білім алуға, ғылымды үйренуге шақырды. «Ғылым» алланың сегіз сипатының бірі екендігін еске салды: «Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды» (Оныншы сөз). Абайдың «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» (Он сегізінші сөз), «Ғылым мал табу құралы емес, мал ғылымды дамыту үшін қажет

Ақын «Ғылым таппай, мақтанба», «Білімдіден шыққан сөз», «Интернатта оқып жүр», «Ғалымнан надан артпас ұққанменен», «Мен боламын демендер», «Түбінде баянды еңбек егін салған», «Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезген», «Жасымда ғылым бар деп, ескермедім», т.б. өлеңдерінде жастарды білім-ғылымға үндеп, оның жақсылыққа бастар бірден бір жол екенін ескертеді.

Әл-Фарабидің адам концепциясында жүрек аса маңызды орынға ие. Өйткені, адамның бақытты болу жолындағы өмірінің барлығы осы жүрек арқылы басқарылады. Жүрегі таза, жылы адамдар ғана бақытты өмір сүре алады. Оған себеп, жүрек – адамның денесіндегі ең басты орган; адам ананың құрсағында жаратыла бастағанда, ең алдымен жүрек жаратылады; адамның басқа дене мүшелерінің барлығы ми арқылы жүрекке қызмет етеді:

«Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да – басты мүше; бірақ мұның үстемдігі бірінші емес, екінші, өйткені ол барлық басқа мүшелерді билейтін болса, оның өзін жүрек билейді. Бірақ бұл тек жүрекке қызмет етеді және жүректің табиғи ниетіне қарай, бұған басқа мүшелер қызмет етеді..

(Ми жүректен кейінгі) мүше ретінде (әрекет етеді), басты (мүше) бейімделе алмаған жерде оның орнын басады, оның өкілі болады, әр іске бейімделіп отырады; жүректің ізгі ниеттерін жүзеге асыру ісіне қызмет ету тек қана миға тән қабілет.

Мәселен, жүрек – ішкі табиғи жылылықтың көзі...

Ми (мұнда) жүрекке қызмет етеді, сезімдік жүйке тамырларға өз күшін бойында сақтайтын қуат бітіреді, бұл қуат коректендіруші (күштердің) сезімтал болуына мүмкіндік береді...

Мүшелердің ішінде тұңғыш рет жүрек пайда болады, бұдан кейін ми, одан соң бауыр, одан кейін көбауыр, сонсоң басқалары пайда болады. Бәрінен соң барып, қимылға келетіні – жыныс мүшелері... Үстем күштің мекені – жүректе».

Абай «Он жетінші қара сөзінде» жүректі былайша сөйлетеді: «Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тіршілік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп, еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп, тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселеердің барлығы менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не?».

Жүректің жақсы болуы адамның ақылды, қайратты болуымен тікелей байланысты. «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Абайдың

жырлауынша, адамды адам қып сақтап қалатын да, өмірдің қандай тығырықтарынан алып шығатын да – осы үш қасиет. Осы жолдарды оқығанда, «жүрек көзі ашық» алға үлкен мақсат қойып, таудай талап қылған, айтар сөзін ойланып сөйлеген, істер ісін ақылға салып істеген, өмірді, адамдарды жүрегімен сүйе білгендер ғана сұм жалғанда бақытты өмір сүре алады деген ойлар ойға келеді.

Абай да адам өміріндегі жүректің атқарар қызметіне ерекше мән берген. Мида қорытылған ой жүректің сарабынан өтіп барып, сөзге айналып, сыртқа шығады. Ақынның айтуынша, сөз «жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді»; «бойда қуат, ойда көз болмаса, ондайларға айтпа сөз»; жүрексіз айтылған сөз – жалған сөз; ондайларға сенбе. Өмірдің әділетсіздіктерін қайнаған ішінде жүріп көп көрген, барынша сезінген халқының көзі, сезімі, жыршысы атанған ақынның жүрегі – «қырық жамау».

Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас,
Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.
Жүректен қызу-қызба кете қалса,
Өзге тәннен еш қызық іс табылмас.
Достық, қызық, бар қызық – жүрек ісі,
Ар, ұяттың бір ақыл – күзетшісі.
Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық,
Арын, алқын – бұл күннің мәртебесі –

деп жырлаған ақын жүректің адамның рухани өміріндегі шешуші рөлін дәл айтып отыр.

Поэзия – адам жанының сыры, сезімі. Ал осы сыр мен сезімнің ұясы – жүрек. Абай лирикасында сезім мен сырға толы «жүрек» сөзі жиі қолданылады. Адам «Ақылдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады», «Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды» дейтін Абай жүректен жарып шыққан не бір әсем теңеулерді, эпитеттерді, метафораларды шебер қолдану арқылы қазақтың қара сөзіне жан бітіріп, өлеңнің поэтикалық, ойшылдық қуатын күшейтіп, көркемдік кестесін құлпыртып, сөзден сурет салған.

Абайдың айтуынша, жан жүректе жайғасқан. Жүрек қандай болса, адам да сондай. Адамның бүкіл тыныс-тіршілігі жүрек арқылы басқарылады. Жүрегі жылы, тәрбиелі болса, ондай адамның ішкі жан дүниесі де – таза; рухани жағынан жетілген адам өмірде көп қателеспей, дұрыс өмір сүре алады. Абай адам баласының бақытын оның жүрегінің тазалығымен тығыз байланыстырады.

Адамның рухани жан дүниесінің мекені саналатын жүрек сөзі ақын поэзиясында метафорлық тіркестерге айналып, қанат жайып, «жұмбақ адамның» «жүрек түбіне» қарай теңге тарта береді. Осы бір ғана «жүрек» сөзінің түрліше қолданылуының өзінен-ақ ақынның өзі салған автопортретін де көруге болады. Абайдың лирикасында «жүректің» көркем де шебер қолданыстарынан мың құбылып, құлпырған сөздің поэтикалық қуатын байқаймыз.

Бұл жердегі ақынның «жүрегі» – философиялық категория. Абай ХІХ ғасырдағы қазақ руханиятында классикалық философияның орнындағы халықтық дүниетаным негізінде еуропалық ілім-білім жетістіктеріне сүйене отырып, адам концепциясын – «толық адам» ілімін жасады деуге болады. Абай Әл-Фарабидың адам өмірінің, дүниетанымының негізі ретінде, «жүректі» атаған ойын адам болмысының негізгі кілті ретінде өте орынды қолдана отырып, жалпы рухани құндылықтар төңірегіндегі зәру проблемаларды терең көтере білді.

Бұл жерде қазақ топырағынан шыққан екі ұлы айтқан ой-пікірлерінің арада мыңнан астам жыл уақыт өтсе де бір арнадан шығып жатқаны көрінеді. Ұлы философ Әл-Фараби адам бақытты болуы үшін ол ақыл-парасаттың иесі, жүрегі таза, жылы болуы керек десе, ақын Абай ең алдына оның ойының дұрыс болуын, яғни мидың қызметін қояды. Екі ұлы да адам өміріндегі сандаған ойларды қорытып, ой ойлап, даналыққа, парасаттылыққа жетелейтін, дұрыс жолды табатын мидың, сол мидың қорытып ұсынған «ақылдарының» ішінен дұрысын қабыл алып, «жылылыққа орап», сөз арқылы сыртқа шығаратын жүректің қызметтерін аса жоғары бағалағандықтары, бірін бірі толықтыра түскендіктері көрініп тұр.

«Әбден жетілген адамдардың ғана жандары мәңгі өлмейді» (Әл-Фараби). «Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, // Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» (Абай). Иә, ақыл-парасаттың шыңына шығып, оны ой елегінен өткізіп, артта келе жатқан ұрпақтардың бақытты өмір сүруіне көмектесетін «өлмейтұғын сөз» қалдырған ұлылардың рухтары мәңгі жасай береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбу Насыр Әл-Фараби. Бақыт туралы кітап. Алматы, 2015, 90 б.
2. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы, 1973, 289-295 б.

Әнуар Тарақов,
филология ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шетел филологиясы
және аударма ісі кафедрасының профессоры

АБАЙДЫҢ «ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ, ҚАЙРАН ЖҰРТЫМ» ЖЫРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ

У. Фолькнер: «Ақын адамзат өмірінің жылнамасын жай ғана жасамауы тиіс, оның туындылары адамды сүйеп тұратын, оны аяғынан тік тұрғызатын таяныш әрі қандай қиындықты жеңуге көмектесетін қайрат, демеу болуы тиіс», – депті. Абай өз дәуіріндегі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық әлеуметтік-саяси жағдайды айқын бейнеледі. Ақын жырлары ұлттық намысты қайрап, шыңдайды. Халқына қарата айтқан Абай өлеңдерінде жалпыға ортақ мәселе ақиқатымен баяндалады. «Қайтсек ел боламыз» деп сол заманда ешкімнің ой-санасына кірмеген мәнді мәселе ақынды жиі мазалаған. Ел еңсесін көтеріп, өзге мемлекеттердің дамыған жолына бет бұрғызу мұратын көздеді.

Абайдың романтизмі – өмірге құштарлық пен ұмтылыстың әрі халқын жаңа заманға бағыттаудың, сана-сезімін, көкірек көзін ашудағы күрескерлік, нағыз шынайы әрі рухты романтизм. Абай өлеңдерінде елді жігерлендіріп, серпілтетін поэтикалық қуатты күш бар. Ол халқының қадір-қасиетіне жеткен ақын. Ел ішіндегі кейбір алауыздық, азғындық, аярлықтан арылу жолын іздеді.

В.Г. Белинский романтизм жайында: «Бұл – тілек, ұмтылыс, жанталас, сезім, күрсініс, күйзеліс, жете алмаған үміттерге деген аяушылық, жоғалған бақыт жайлы қайғы... бұл қуатты елестер әрине, әдемі де сүйкімді, сонымен бірге қол жете алмайтын және кез келген күмәнді шындыққа жат әлем. Бұл – қайғы-мұннан нәр алатын махаббат» деген байлам білдіреді.

Абай ойында үнемі қалың елі қазағы жүрді. Аумалы-төкпелі тарих сахнасында халық тұрақтап қала ма, әлде осы бір қорлық пен қиянаттың, зорлық пен зұлымдықтың ығында кете ме деп қауіптенді. Ол ел мүддесі үшін күресті, жақсы, жарқын тілекке ұмтылды, өзге елдердің, мемлекеттердің ілгері кеткенін көріп, қайтсек солай боламыз деп үміттенді. Елдің надандықтан арылмауына күрсінді, күйзелді, қамықты. Жеке басының қамын ойлап, өз мүддесімен жүрмеді. Оған азаматтық ары, ақындық намысы, ұлтына деген аяушылық сезімі мен болашағына құлшындырған үміттер жібермеді. Көреген ойлар кемелденген көкірегінде ең соңғы сәтке дейін елге деген ерен сүйіспеншілікті сөндірмеді.

С. Торайғыров:

Абай тұсы қазақтың бұзылғаны,
Қаралыққа айналып қызыл қаны...
Елдігіне, жеріне, һәм дініне,
Құрылды талай тұзақ, талай қақпан, –

деп жан-жүрегімен шырылдап жырлап, сол заманның барлық қайшылықтарын ашты. Ол ілгері-кейінгі дәуірлерді санада сараптай келіп, осының бәрі Ресей патшалығының отарлық саясатының ықпалы деп тұжырымдайды. «Айтыс» дастанында Абылай хан билік еткен дәуірді аңсап, сағынады. Ал Абай сол дәуірдің рухын жүрегімен сезінсе де, енді өткенге оралу жоқтығын, жаңа заман ағымына ілесу қажеттілігін айқын ұғынды.

Белгілі кинорежиссер Е.Тұрсынов сұхбатында («Алаш айнасы» 24.11.2012): «Абайдың заманынан бері жан дүниеміз еш өзгермегеніне күйінемін. Абай қазақты жалқау, мақтаншақ, қыңыр, қараңғы, екіжүзді, шыр етпе, кеудемсоқ етіп сипаттады емес пе... Осы үшін Абайды кім жақсы көріп еді? Қазақ тек мақтағанды жақсы көреді. Айтыңдаршы, не өзгерді?»- деп өзекті ойын жеткізген. Мұндай ой-пікірлер жүрегі ұлтым деп соққан әрбір қазақ ұл-қызының көкейінде тұр.

Абай заман қанша ауысып, қоғамдық құрылыс өзгерсе де, тамыры тереңге таралған бәйтеректей халықтың ұзақ жасап, мәңгілік ғұмырын жалғастырар себебін бір-ақ нәрсемен байланыстырады. Ол – адамның ниетін өзгерту, адамның ақыл-ой, санасын, мінез-құлқын түзеу. Осылайша, ұлы ойшыл адамтану арқылы өмірді тану, қоғамды тануға жол ашады. Кереғар ой-пиғылдар мен керітартпа, керенау мінездерден арылмай, алға жүру қиын.

Адамды, адамзатты ар-иманымен қадірлеп, құрметтеудің, жан-тәнімен сүюдің үлгісі ол. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» – неткен ғажап даналық! Әлемдік қанатты қағидаға айналған Абай ойының тереңдігі мен кемелдігінің кереметтілігі.

Абайдың ұлтының алдыңғы қатарлы ғылымы бар, өркениетті елдер санатына қосылуын аңсап, армандап кетті. Ол халқының кейбір жағымсыз, жат әдет-қылықтарын, мінезін мінеп, сынау арқылы өз замандастарын өткір пікірталасқа шақырды, соны түзету жолдарын қарастырды. Алайда Абай зама-нын-да көкірегі ояу, көзі ашық азаматтардың бәрі ұлы ақынның ғибратты ойына ден қойған жоқ. Қазірде ден қойғаны шамалы. Кезінде алған білімін адвокат, тіл-маштықпен ғана шектеп, Ресей патшалығына, болыстарға қызмет етті. Көрші елдердің озық өнер, біліміне бет бұрмады. Абай жастардың шен, шекпен алып, оқалы киім киюінен гөрі, халқының қам-қарекетін ойлайтын, соған жанымен күйетін, жүрекпен сүйетін опалы болуын көздеді. Оны адамгершілік, имандылық жайлы өлеңдерінен көз жет-кіземіз.

Адам болудың асыл, ардақты парыз екенін Шығыс ақындары бірінен-бірі асыра айтқан. Мәселен,

Адам болсаң болғайсың адал жанды,
Жауыздықтан аулақ бол, сүй адамды.
Жақсылықты жақсылық табар іздеп,
Жаман ат пен жақсы атақ кім шығарды, –

деген Низамидің тағылымдық тармағында адам болу үшін адалдықтың, ізгіліктің жолын ұстау, жауыздық, жамандықтан аулақ болу, бір-біріне жақсылық, қайырымдылық жасау айқындалады. Ең бастысы адамды сүю арқылы адам өзінің адамгершілік парызын өтейді. Абай поэзиясының да алтын арқауы да – осындай ізгілікті ойлар.

«Ақынды ашу-ыза туғызады». Цицерон айтқан қағида Абай өміріне, тағдырына да үйлеседі. Ұлы тұлға өмір сүрген кезеңде Ресейдің отарлық саясатының қатал қысым-қияна-тымен, айла-шарғыларымен уездерге, болыстыққа бөлінген халықтың тағдыры тұрлаусыз, болашағы бұлдыр еді. Патша билігі көшпенді дала өмірін бұзып, ежелгі дәстүрі мен тілінен, дінінен айыра бастады. Абай заманы шым-шытырық шырғалаң еді.

Отаршылдық дала еліне қатаң заң-жарғыларды қолданып, әбден күшіне енді. Онсыз да көш-пелі өмір салтына көндіккен халық сансырап кетті. Елінің надандығы, сауатсыздығы, мал-мүлкіне мәз болып, жайбарақат тірлік кешуі ақынды қатты алаңдатты. Абай астаң-кестеңі шыққан қым-қуыт қиын заманда халқын қалай біріктіріп, өзгелер қатарына қоссам деген саналы ойға нық бекінді. Соның айғағы – «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңі. Бұл туралы абайтанушы Қ. Мұхамедханов пайымдауы: «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп туған халқының қамын жеп, жар салып елінің бостандығын, ерікті, еркін болуын көксеп отырып жазған өлеңі». Жыр бірден халқының сол кезеңдегі хал-ахуалынан басталады.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.
Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?.

Қалың елі, қазағының ұстарасыз аузына мұртының түсуі – ақынның түспалды ойы. А. Нұрқатов: «Мұндағы «ұстара» сөзі әлеуметтік терең сырды, өмірдің реалистік шындығын танытып тұрған әрі тың философиялық ойға негізделген поэтикалық образ. «Ұстара» сөзі екінші

жағынан ұлттық сана-сезім мешеулігінің символикалық бейнесі екендігін астарлап білдіріп тұрғанын аңғару қиын емес» дейді. Кейбір оқырман ауыспалы мағынасын аңғармай, ұстара кәдімгі шаш, сақал, мүрт алатын аспап деп ұғынуы да мүмкін.

Біздіңше ұстара астарында ақын халықты билікпен тұтастыратын ұстаз, басшыны меңзеп отыр. Әдетте ұстара өткір келеді. Демек, ақын елге өткір де өжет, сөзі де өтімді, ісі де өнегелі бір билеуші қажеттігін меңзейді. «Жақсы мен жаманды айыра алмай, екі ұртының бірі қан, бірі май болуы да» – өзара партияға бөлініп, болыстыққа таласып, қырқыстырып, күштісі әлсізді жеңіп, береке-бірлігі кеткен жұртының отарлық езгідегі тағдыры. Қаны – патшалық отарлық езгі, майы – болыс, билердің жайлы жағдайы.

Аузымен орақ орған өңкей қыртым:
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың.
Көрсен қызар келеді байлауы жоқ,
Бір күн тыртың етеді, бір күн бұртың.
Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?!

Сөзден басқа ештеңені білмейтін жұртының патша әкімшілігінің малын иемденіп, жерінен айырғаны, күндіз күлкісі, түнде ұйқысы бұзылып, кәнігі қарекетін жоғалтқаны. Дәулетті дегендер – көрсеқызар іштарлық, қызғаныш, аярлық, арамдықпен күн кешетіндер. Әркім болыстыққа түсіп, жік-жікке бөлініп бас-басына би болған бай, болыс, билердің елдің берекесін алғанын ашына айтады. Жұртының езгіден езілген еңсесі, елдіктен айырылуы қабырғасына батады.

Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың.
Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың,
Оның да алған жоқ па құдай құлқың?!
Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,
Сапырылды байлығың, баққан жылқың.
Баста ми, қолда малға талас қылған,
Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын.

Өз қолынан ырқы кеткен елдің басын қосу қиын, мынау келеңсіз әдет-қылықтан арылтып, жөнсіз, теріс мінездерін түзеу де мүмкін емес. Ниеті – баю, алу, жеу, болыс атану, патшаға құлдық ұрып қызмет ету. Береке, бірлігі жоқ елде ілгері ұмтылыс жоқ. Абай оған қоса халықтың жақсылыққа, жаңалыққа ұмтылмауынан, шын пейіл танытпауынан қауіптенеді. Байлығы, баққан жылқысының сапырылуы да өзгелердің билігінде кеткенін аңғартады. Күндестік пен бақталастық халыққа еш опа бермейді. Абай осының бәрін жеккөрініштілікпен қырт қылық деп жанға батыра жеткізеді. Тиянақсыз, байлаусыз, құр қылпындап, патша әкімшілігіне жағымпазданып жыртың-жыртың күлкімен жүргендерге ызаланады. Тіпті біреуге әлдебір ақыл-кеңес берейін десе де, сөзін елемейтін жұртының кейбір кесірлі, ұнамсыз қылықтарынан жиренеді. Абайдың бұл өлеңінде шын мәнінде дербес ел болудың алғы шарттары нақты талдап көрсетілген. Ол халқының сол уақыттағы азғындық пиғылын аяусыз сынап, елді түзеудің жолдарын ортаға салады.

Петербургте соттың сұрауында украинаның ұлы ақыны Т.Г. Шевченко: «Кіші Россияға орала отырып, мен жоқшылық пен алпауыттардың, посессорлар мен шляхтичтердің шаруаларды сұмдық қанағанын көрдім. Осының бәрі де мемлекет пен үкімет атынан жүргізілді де, жүргізіліп те жатыр» – деп сол кездегі украин халқының басынан кешкен қиыншылықтарын тайсалмай жеткізген. Абай да Ресей патшалығының бодандық саясатының қысым-қиянатын көріп, білді, жанына батқан жайларды ашына толғанды. Мұны халқының ауыр жағдайына, сол кездегі билік үстемдігіне арнаған әлеуметтік мәндегі жырларынан сезінеміз. Ақын ашық жарияламаса да қанаушылықтың тамырын байқай отырып, одан құтылу

жолдарын да қарастырған. Осы мақсатта халықты оқуға, білімге үндеді, ғылымға тартты. Ауыр ахуалдан арылудың бағыт-бағдарын көрсетті.

Қай заманда да халық басына түскен қиындықтарға алдымен ақындар алаңдап, соны қалай еңсеру жолын іздеген. Халқы үшін қабырғасы қайысып, елім деп еңіреген, жерім деп толғанған Гете, Шекспир ғана емес, 1750-1848 бір ғасырлық неміс әдебиетінде басқа да таланттар мемлекеттің жағдайын, сол кездегі қоғамдық өмірді аяусыз сынады. Сатиралық туындыларымен халыққа жақын болған Фридрих фон Логау Германиядағы ұлттық кедейлікті әшкерелеп, «Сарайға барып шындық ексең – екі жүзділік жинап аласың» деп биліктің берекесіздігін шенеді. Логаудың патриоттық болмысы – Германияның қорқынышты әрі бейшара хал-ахуалын жасқанбай, ашық айтуында.

Ол «Малай ұяла қоймас, өзінің малайлық табысынан, Франция, сен қожайынсың, Германия, сен жалшысың, Ұялсан, ұял Германия, құлдыққа мына көнгеніне!» дер француз үстемдігіне қарсы ұлт намысын оятты, дербес ел болуға үгіттеді. Ұлтының сана-сезімін оятып, халыққа іргелі ел болу қажеттілігін өткір айтты.

Ал Фридрих Клиегер: «Біртұтас ұлт болуға, немістер бекерге ұмтыласындар, Ең алдымен ұлт болудан бұрын, жақсы адам болып қалыптасындар» деген ұлағатты ой туындатты. Халықтың күрескер ұлдары көтерген осындай патриоттық ізгі ойларға шалғай Шыңғыстаудан Абай да үн қосты.

Абай өлеңдерінде отаршылдық биліктің елге жасаған ауыртпалығын жүрегімен сезініп, елін береке-бірлікке, жақсы тірлікке, өнегеге шақырды. Ақын «ел болайық, өзгелерден қалыспайық» деп жалаң сөйлемейді. Қуатты, мықты мемлекет болудың берік негізі – адамдардың саналылығы мен сауаттылығында, түсіністігі мен татулығында деп біледі. Ұлтты тәрбиелеп алмай, өзгелер көшіне ілесудің қиындығына көз жеткізеді. Қаптаған «қырттық құлықпен» ыртың-тыртың, жыртың-жыртың «қалпынан», «пыш-пыштан» құтылмай, жұрт болып жұдырықтай жұмылып, ұйысып, ұғысуға қиын.

«Қалың елім, қазағым» өлеңінде бүкіл қазақ сахарасындағы қалың елдің қайғысын тебірене жырлады. Халықтың шын үлкен дертін, мұңын айтып осы қиыншылықтан шығаратын не дегенде – өнер-білім деп алғаш өлеңмен анығын айтады». М.Әуезов өлең туралы осылай пайымдайды.

Сонау Ақшоқыда отырып, елім деп елжіреген, еміренген үлкен жүрек дүрсілінде қалың елі қазағының ауыр хал-ахуалы. Елдің ертеңгі тағдырын ойлап, тығырықтан шығар жол іздейді. Елдің елдігі енді білім, өнер, кәсіп үйренумен байланысты деп ұғады. Оны шығыс та, батыс та емес, іргедегі орыс халқынан үйренуге шақырады. Орыс білім, ғылымын меңгеру арқылы басқа елдермен байланыс жасау қажеттілігін заман беталысынан сезеді. Отарлық езгідегі халықтың теңдігі жоқ, басқа басар жері де, асар тауы да жоқ еді. Мұны Абай көреген тереңнен түйсініп сезінді. Кейіннен Абай ойларын зерттеп түсінген алаштың ардақты арыстары, ұлтының көреген кемеңгер тұлғалары, іріліктің ірі ізбасарлары – Әлихан, Ахмет, Міржақып, Тұрар, Халел, Қошке, т.б. елдің елдігі мен ертеңгі өркендеуінің өрісті жолын Шығыстан және дара даму жолына түскен Жапониядан іздестірді. Бірақ бұл батыл бағыт бастарына пәле болып тиді. Қасіретті тағдыр кешті, қайран қамқорлар.

Айгүл Ісімақова,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
М. Әуезов мұражай-үйі ғылыми орталығының
бас ғылыми қызметкері

АСЫЛ СӨЗДІҢ НАРРАТИВТІК ДИСКУРСЫ: ӘЛ-ФАРАБИ, БАЛАСАҒҰНИ, АБАЙ

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» өнер түрлерін *тірнек* және *көрнек* деп анықтап берген. Алдыңғысы адамның күн көру ісіне керек шаруа керек жарақтары. «Мұны істегенде сұлуынан жылуы дегендей, көркем болуынан гөрі тұтынуға қолайлы, жайлы, берік болу жағын көбірек көздейді». Екінші өнерден шыққан нәрселер «жылуынан гөрі сұлу болуы көбірек көзделінгеннен, көзге көркем, көңілге жағымды болып істелген нәрселер». Осы ретте А.Байтұрсынұлы өнердің басты артықшылығын былай анықтап берген: «Алдыңғы нәрселер адамның, мақұлықтық *жан сақтау* керегінен шыққан нәрселер. Соңғы нәрселер адамның *жан қоштау* керегінен шыққан нәрселер».

Сәулет, сымбат, кескін, әуез өнер түрлерін сипаттап өтіп Ахмет Байтұрсынов былай деген: «Бесінші – нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады – қазақша асыл сөз, арабша әдебиет, европаша литература».

Осы ретте Ахмет Байтұрсынов Ұлы даладағы сөз өнерінің ерекше міндетін атап өткен: «Өнердің ең алды сөз өнері деп саналады. Өнер алды қызыл тіл деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты, не кескінді суреттер болсын, қандай әсем ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді. Сөзбен қандай сымбаттау я кескіндеу болатындығын көрсету үшін бірнеше мысал келтіріп қарайық», – деп Ахмет Байтұрсынов Абайдың әйелді сымбаттауы («Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы»), күзгі күнді суреттеуі мен Абайдың ән мен күйді сөзбен сипаттап танытуын, Мағжанның толқынды сипаттауын мысал етіп келтірген.

«Асыл сөз тура осы мағынада қашаннан басталады» деген сауалға жауап іздесек, бұл сонау Әл Фарабиден басталатыны анық. Осы ретте совет кезінде тұңғыш рет профессор Ақжан Машани бастап берген фарабитанушылардың зерттеулері осыны анықтап береді. Әл-Фарабидің қай шығармасы болсын адамның тән сақтауымен қатар адамның жан сақтауына қажетті мағлұматты екені сөзсіз.

А.Байтұрсынұлы осы ретте былай деп нақтылаған :«Сөз өнері адамның санасының үш негізіне тіреледі: ақылға, қиялға, көңілге. Ақыл ісі – аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау. Қиял ісі –меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау. Көңіл ісі – түйю, талғау». Европадағы әдебиетке қарағанда Ұлы далада Асыл сөзге осындай нақты нарративтік талаптар этикалық тұрғыда қойылған. Совет кезі – 1926 жылы шыққан «Әдебиет танытқышта» АБ түрік әдебиетінің бастауы түгілі, сан ғасырлық әдеби жәдігерлерімізді атап қана өтуге мәжбүр болғанын ескеруіміз керек. Замандастары академиктер Поливанов, Кононов пен Яковлевтер жоғары баға берген «Әдебиет танытқышта» мысалы, 1923 (Шолпан журналы №6-8) шыққан Х.Дос-мұхаммедұлының Махмұт Қашқаридің сөздігіне арналған «Диуани лұғат ат түрк» зерттеуіндегі Ж.Баласағұнның «Құтты білігінен» басталатын түрк жәдігерлері туралы мол мағлұматтар баршылық іргелі еңбегі де аталмаған. Алаш ғалымдарын пантюристер деп кіналаған заманда АБ бастаған ғалымдар тек бергі заманмен шектелуге мәжбүр болғанын ескеруіміз керек.

А.Байтұрсынұлы көрсеткен Асыл сөз – Ақыл сөз болуын көздеген ғибратты – лұғатты сөзге сай тағы қандай әдеби жәдігерлер бар дегенге келсек, әрине бұл Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі». «Құтты білік» А.Байтұрсынұлы атап көрсеткен талаптарға сай жазылғаны

анық: адамдыққа сай өмір кешу үшін адалдық пен кәсібилікті ұстанумен қатар ар мен абыройды басты етуді негізге алған көркем мәтін!

«Әдебиет танытқыштағы» түрк әдебиетінің тұңғыш арна бастаулары деп аталған теориялық тұжырымдар Мұхтар Әуезовтың «Әдебиет тарихында» тура сол ретпен анықталған. Бұл зерттеуінде М.Әуезов А.Байтұрсынұлының «»Әдебиет танытқышындағы» теорияны тарихи контексте айқындап шыққан: «Әдебиет тарихының міндеті не?» «Әдебиет тарихының қолданатын жолы»; «Қазақ ескілігінен аз мағлұмат»; «Қазақ әдебиетінің тарихы» тараушаларда қысқа болса да осы ұстаным нақты айқындалған.

Совет кезінде бұл теориялық мағлұмат Б.Кенжебаевтың еңбектерінде анықтала түсті. Алаш әдебиеттануын меңгерген Б.Кенжебаев қолдан келгенше қазақ жеріндегі асыл сөз дәстүрін тура «Әдебиет танытқыш» талаптарымен дамытты. Совет кезінде ғалымның шәкірттері: М.Мағауин, А.Қыраубаева, Н.Келімбетов, М.Жолдасбеков тб. нақты тарихи дәуірлердің әдеби жәдігерлерін анықтап, басты әдеби мәтіндерді реттеп ғылыми айналымға енгізді.

Тәуелсіздік кезіне дейін сонау 1986 жылы «Құтты білікті» көне түрк тілінен қазақшаға аударған Асқар Егеубаев былай деген: «Құтты білік» әлем өркениетінен мәңгілік орын алған ақылман дастан 11 ғасырда қазақ жерінде жазылған, түрік тектес халықтардың тұңғыш классикалық шығармасы. Заманында ирандықтар «Туран шахнамасы», Шын жұрты «Хандардың әдеп қағидалары», машындықтар «Мемлекет дәстүрі», күллі шығыс «Өмір зейнеті», «Падишаларға насихат» деп таныған, ал осы кітапті дүниежүзі санасының асыл қазынасына қосқан түрік жұртының өзі «Құтты білік» деп атап, әзіз кітап – ұлылықтың негізі деп білген. Бұл этико-философиялық, парасат пен ақыл ой сұлулығын ұрпақтан ұрпаққа мұраға қалдырған еңбекте жар тандау, бала тәрбиесі, ақыл-білім біліп, тіл ұстар тудан бастап елдік құру, мемлекет түзу, ел басқаруға дейінгі өмірлік, әлеуметтік мәні аса зор мәселелер жырланған». Осы ретте А.Егеубаев «Ежелгі Түркістанның 9 ғасырдан бастап ықпалды іргелі елдік құрған Қараханидтер әулетінің билігі дәуірлеп тұрған заманнан (841-1212) бізге жеткен Жүсіп Хас Қажыбтың «Құтты білік», Махмұт Қашқаридің «Түркі тілінің сөздігі», Ахмет Йүгнекидің «Ақиқат сыйы» туындылары мен Құранның түсіндірмесі адамзат өркениетінің өлмес қазыналарының баға жетпес асыл мұралары болып отыр» деген. Кітаптің алғысөзінде Бартольд пен академик Кононовтарға сүйеніп «Құтты біліктің» дискурсы әдемі таныстырылған. А.Байтұрсынұлын Кононов бастаған ресей ғалымдары ғұлама теоретик, түрколог санағанын ескерсек «Әдебиет танытқышта» бұл түркі жәдігердің аталмауы советтік таптық әдебиеттанудың цензурасынан болуы анық. И.В. Стеблева бұл шығарманы түркітілдес халықтардың әдебиетінің тұңғыш классикалық үлгісі деп санаған. Бұл кітапты жатқа білген зиялы қауым ұрпаққа ауызша да таратқан.

«Құтты біліктің» жанрлық тамырлары мен рухани үндестігі туралы А.Егеубаев былай деген: «Біз үшін топырағы бір, рухы туыс Күлтегін жазуларымен, Аристотелден кейінгі екінші ұстаз Әбу Нәсір Әл-Фараби даналығымен, қазақтың бес ғасыр ойшылдарымен, Ұлы Абай философиясымен табиғи жақындығы әлдеқайда берік, әлдеқайда жанды жалғастық ретінде кәдірлі. Дана әл-Фарабидің қуатты қоғам, бақытты мемлекет туралы толғаныстары дүниежүзі ойшылдардың лайықты бағасын алған. Осы Әл-Фарабидің даналық ойлары Жүсіп Баласағұнның әлеуметтік эстетикалық көзқарастарының сабақтастық желісі айқын аңғарылады. Фараби әлеуметтік трактаттарында ақыл, білім, ғылымның пайдасын, адамның құт бақыты, жақсы әкімдердің құлық табиғаты туралы көзқарастарын білдірсе, «Құтты білікте» осынау әлеуметтік мәні терең ой толғамдар өлеңмен, дидактикалық поэзия үлгісімен көркем жырланады». Осы ретте Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Данышпандықтың маржаны», «Бақытқа жету жайында», «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері», «Ақылдың мәні туралы трактат», тағы басқа туындыларының ой идеялары мен «Құтты білік» дастанындағы аналогиялық толғам, философиялық түйіндер бір мәдениеттің, бір өркениеттің, заман мен әлеуметтік жағдай ғана емес, бір тектес ел жұрт тіршілігі тұтастырған бір дүниетанымның жемістері. Екі ғұламаның ел, ел басы, қоғам туралы ой толғамдары бір арнадан тоғысып отырады. Екеуі де адамгершілікті, имандылықты, мейірім, рақымшылықты адам

баласының асыл қасиеті ретінде жоғары қояды. Парасат, білімді адамшылықтың алды деп таниды. Әлеуметтік салмағы зор «Құтты білік» сынды дастанның көркемдік танымдық сипаттары, күллі қасиеті өз тұсындағы, өзіне дейінгі ойшылдар мен зердешілердің талантты туындыларымен астастыра қарағанда кемелдене, барынша айдындана түседі. Күлтегін жырларыңыз, Фарабидің өлмес мұраларыңыз бұл білімділік туралы дастанның іргесі үнемі жалаңаш қала бермек» – депті. Осы ретте А.Егеубаев М.Әуезовтың келесі сөзін келтірген: «Құтты білік» алдында ерте, орта ғасырдағы түріктердің өркенді мәдениеті тұр... Бұл орайда Жүсіп Баласағұнның творчествосы үлкен бір кезеңді сан қырынан алдыға тосатын үлкен бір кезеңді сан қырынан алдыға тосатын бірегей бітімді туынды. Орхон Енисей жазбалары тарихи ескерткіштер болумен қатар, поэзия туындылары екеніне күмән жоқ».

Күлтегін, Білге Қаған, Тоныкөк тебіреністерінің әр бәйітін «Құтты білік» мәтінімен салыстырып талдаған А.Егеубаев былай деген: «Өлең әуезесі жағынан келгенде, ішкі үндестікке бай, бірер тармақтан абзацтарға, шумақтарға ұласып қайтып отыратын, ағынды судай екпінді экспрессивты Күлтегін, Білге Қаған, Тоныкөк тебіреністерінің әр бәйіті берік өлшемге бағынған рационалды, дидактикалық «Құтадғу біліктен» гөрі классикалық қазақ әдебиетіндегі шешендік сөздер, билер толғамына, эпикалық қарымы кең қаһармандық жырларға өте мөте іш тартады. Бұл ақиқат. Құтты білімдегі сипаттармен ұштасатын көркемдік рухани туыстық нышандары өзге бір қырынан білінеді. Әсіресе шығармалардың композициялық, структуралық, принциптеріндегі ерекше заңдылықтар назар аударарлық. Күлтегіннің кіші жазуы алғашқы жолынан- ақ Тәңіріні ауызға алумен басталады. «Құтты білік» те солай. Күлтегіннің үлкен жазуы: «Биікте көк Тәңірі, Төменде қара жер жаралғанда, Екеуінің арасында адам баласы жаралған» – деп басталады. Жүсіп Баласағұн да алғашқы тарауларда әуелі әуе, көк, жер, арасында адам жаратылғанын айтады, тек кеңірек, ауқымдырақ көркемдік тыныспен әңгімелейді». Бұл дискурс И.В. Стеблеваның зерттеуінде теориялық тұрғыда зерттелгенін алға тартады..

Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі зерттеуінде Н.Келімбетов Стеблеваға сілтеме жасай отырып, Орхон Енисей жазбаларындағы оқиғаның басталуы, оқиғаның ұлғая түсуі, осы циклде айтылған оқиғаның түйінделуін атап өткен. А.Егеубаев тура осы ішкі реттілік «Құтты білікке» де тән структура екенін анықтап берген: «Оқиғаның, ойдың басталуы, дамып, өрбуі, айтпақ түйін, тиянағы басым. Бейнелеп айтқанда, сюжеттік шеңбер ішіндегі бірінен бірі кішірек әртүрлі көлемдегі сюжеттік шеңберлер тәрізді. Сөз орайында Жүсіп Баласағұн бәлен дана, бәлен ғұлама былай деген, былай деп түйген екен деп өз толғамын тиянақтап, түйіп, дәлелдеп отырады. 5-8 ғғ. жазбаларында да осындай сілтемелер: Тоныкөк. «Елші сөзі мынадай», «сөзді былай жіберді», «Ол үш қаған кеңесіп, Түргеш қағаны былай деді».

Мәңгілік Елдің рухани ұлттық коды туралы осы ретте нақты мағлұмат берілген. «Құтты біліктің» басты мақсатына қатысты зерттеуші былай деген: «құтты қоғам құру, әлеуметті түзіп, «кедейді орташаға, орташаны байға» («Құтты білік») жеткізу, елдің әл ауқатын өсіріп, іргесін нығайту. Халық байып, ырысы артты елінің, Тілін безеп көтерді елі Елігін. Құт дарыды, өсті халық өрісі, Бірге жусап, өрді қозы, бөрісі... Жақсылардың көтер жебеп еңсесін, Жамандардан бүтін сақта ел шетін. Заңды түзе, сұмдық сонда сасады, Құтың өсіп, абыройың асады. Осы жолдардың өзінен ақ ел тірлігін, елдің бір әлеуметтік кезеңдегі суреттерін елестеткендей. Орхон Енисей жырларында да «Жалаңаш халықты тонды, Кедей халықты бай қылдым. Аз халықты көп қылдым» дей келе: Бектері де, халқы да сенімді екен, Сол үшін де елін сонша билеген екен, Ел ұстап, заң жасаған деген ойларымен әлеуметтік толғамдарды сездірмей ме? Осындай ойлар ежелгі кезең әдебиетінің азаматтық, саяси әлеуметтік мұраттарын айқын танытады. Ой бірлігі, мағыналық үндестік, әскери іс, жорық тәсілдері жайлы тарау, тармақтардан да көзге көрініп тұрады».

11 ғ. классикалық түркі әдебиетінің үлгісі «Құтты білікте» анықталған түркі жұртының ұлттық коды – катехизисы – түрік жұртының басты адами құндылықтары – қазақтың жыраулық дәстүрі, би шешендердің сөзі мен Абайдың мәтіндерінде жалғасты. Абайдың ілімін жалғастырған Шәкәрімнің «Ар ілімі» де осы «Ақыл сөз – асыл сөз» дискурсының жаңа заманда дамуы. Қазақ ауыз әдебиеті, халық поэзиясы мен жыраулық поэзиясында 15-18 ғғ. – да осы асыл сөз ақыл сөз болуы басты нарративтік дискурстық шартқа арқау болды.

Сондықтан Түрік Елінің басты адами құндылықтары мен адамдық ұстанымдары осы «Құтты білікте» тұңғыш рет анықталғанын аңғарамыз. Осы ретте А.Егеубаев былай депті: «Құтты білік дастанының беттерінен де қазақ елінің жаратылысына тән сипаттардың куәгері болғандаймыз. Халқы-мыздың қанына сіңген әдет құлықтар, қасиеттер: үлкенге құрмет, кішіге ізет, барға қанағат етушілік, жомарттық пен қонақжайлық, мейірімділік пен қайырымдылық сынды көптеген адамгершілік өнеге сипаттар мемлекеттік іс, тұрмыс, өмір, мораль, әдеп, иман тақырыптарын жырлаған тарауларда ақындық ой маржандарымен астасып жарқырай көрініп отырады да, бір-бірімен ұласып келісті бір тұтас ұлттық бітімді көзге елестетеді. Бала тәрбиесі, әйел алу, жар таңдау, қонақ шақырып, қонақ күту, қызметшілірмен, алуан мамандық иелерімен қарым қатынас жасау жөніндегі тараулардағы осындай мағынадағы ойлар, тұжырымдар халқымыздың қазіргі бойындағы тумысымен біткен, тұрмысында бар, санамызға ана сүтімен сіңіп, бабалар ақылымен дарыған қасиет сипаттармен жалғасып, жақын түсіп отырады. Баланы жасынан қолында тәрбиеле, жатқа жіберме, үйінде өсір, өнер білім үйрет, имандылыққа баулы, еңбекке баста дейді ақын. Ұзын жолдың бойына үй тікпе, тасыған арынды өзенге жақын қонба, қамал қасынан алыс жүргін дейді».

Осы ретте халық эстетикасындағы түстердің символдық пен семантикалық астары келтірілген: ақ, көк, қызыл, қара, жасыл: ақ құс, ақ сүт, қара зәңгі, қара түн, жар мыстай қызыл болғанша, жердің жүзі қызарар т.б. Хайунаттардың адамның сипататтауларында қолдануы да осы ретте айтылған: «Күлтегіннің үлкен жазуындағы «Әкемнің әскері бөрідей болыпты, жаулары қойдай болыпты» дегеніндей «Құтты білікте»: «Құт дарыды, өсті халық өрісі, Бірге жусап өрді қозы, бөрісі. Тәртіп орнап жұрт байыды, білісті, Бөрі мен қой бірге тұрып су ішті».

Құтты білік қандай кітап? Бұл өсиет кітап делінген. М.Қашқаридің «Диуани лұғат ал түрки» – «Түркі тілдер диуаны» әдеби жәдігердің бай тілі түрік халқының тілінің құндылығы делінген. Мәтіндегі «хан тілінде- хақан тілінде» деген тіркес жалпы түркі қауымына ортақ мемлекеттік тіл болуы мүмкін делінген. Құтты біліктің тілдік дискурсына қатысты аналитикалық талдау жіктеулер жасалған. Осы ретте қазақ тіліндегі күні бүгін қолданылатын сөздер мен мақал мәтелдер келтірілген: Ұлық болсаң, кішік бол. Ақыл көркі тіл, тілдің көркі сөз, Адам көркі жүз, жүздің көркі көз. Қол созба асқа, тұрған кісі алдында. Әйелдердей түсіп кетпе қызығып, әйелдердей және қалма сызылып. Ұстанымдар: Аузыңды бақ, енер содан кесел де! Әдептің түр түсі де әдемі. Айтарыңды сайлап сөйле, жүректі Ер! Сөйлемесең, сөзің саған құл болар, Сөйлеп қойсаң, сені өзі құл қылар! Ақылдылық – асылы ізгі жандардың, кішілікте кісілік бар, аңғарғын.

Біз бүгін ұлттық код деген түрік елінің басты рухани ұстанымдары осылай айқындалған. Классикалық түрік әдебиеті «Құтты біліктен» басталатыны мойындалған тұжырым. 15-18ғғ. қазақ жыраулар поэзиясы асыл сөзді осы рухани этикалық концептын жаңа замандарға сай дамытып әкетті. Ұлттық код осы ретте нақтылана түсті: ақылды кісі, жақсы адам, жақсы жар, жақсы ана, адал дос, жақсы әділ хан, кеменгерлік. Осылардың антиподы: надандық, зұлымдық, зинақорлық, пасықтық, ақымақ дос, ақылды жау тсс. Содан бері асыл сөздің бар жанрында бұл түсініктер біріне бірі қарсы тұратын екі қозғаушы күш ретінде қолданылып келеді.

Қазақ жыраулар институты ежелгі ғасырлардан бері осы ұлттық кодты жаңа тарихи оқиғалар контекстінде жаңғырта түсті. Зар заман кезінде де осы екі мәңгілік қарсы тұратын концепттер басты дискурс болды. Абай сөзінде бұл екі рухани концепт жаңа ғасыр аясында бүгінгі мағынада айқындала түсті. Әуелі Абайдың өлеңінде орын алған ақыл сөз кейін қара сөзде ұлғая түсіп нақты рухани мәселелерді талқылауда орнықты. Құтты қоғамнан айырылған елге қандай рухани адамдық құндылықтарды қайта жаңғырту керектігіне Абай нақты асыл сөздерін арнады. М.Әуезов жазғандай: қазақ зиялылары ұлттық кодты – ел болуды сақтап қалу үшін ұрпағына Абай сөзін жаттатқызуды амалдады.

Қазақ хандығы мемлекеттік жүйесін жойған Ресейдің отарлау колонизациясы 19ғ. соңы мен 20 ғ. басында рухани жүдеген елді тығырыққа тіреді. Ұлт келешегі бұлыңғыр заманда Абай өркениеттен қалып қалмас үшін ата баба асыл сөзіндегі басты адамдық рухани тұғырды анықтап берді. Абайдың сөзі асыл – сөз ақыл сөз екенін ұққан Алаш әдебиеті өкілдері бұл сөздерді әуелі өздері үшін, содан кейін жалпы ұлт үшін басты ақыл сөзі етті. Баласағұннан

басталған құтты қоғам жасау мен ізгілікті қоғамға ие болу үшін ел ниеті, құлқы, білім, еңбегі адал болу керектігін қайта жаңғыртуды Алаш Арыстары «Отанды сүю иманнан» концептын ұстанып оны өз істерімен жаңғыртты. Әрқайсысы Отанға ақысыз, шенсіз адал қызмет етуді ұстанып осы жолда өздерін құрбандыққа қиды.

«Құтты біліктегі» Жаратушыдан берілген адамдық мұрат күні бүгін өзгермеген. Алаш әдебиеті мен әдебиеттануында бұл адамгершілік мақсат қай заманда да тек мәңгілік хронотоп контексінде ғана құтты болуы меңзелген. Бұл туралы 9-10 ғғ. Әл-Фараби жазып кетсе, 10-11 ғғ. Жүсіп Баласағұн «Құтты білікте» катехизис деңгейінде нақтылай түсті. Бұл асыл сөз қазақтың інжу маржан жәдігері – жыраулар поэзиясында дамытылды. Бұқар жырау бастаған жыраулар өз бастарын қатерге тігіп: «Ей, Абылай!» деп қарайған халықтың – ел мүддесі үшін Ханға ақыл сөз айтуды адамдық деп санады. Абай қазақтың кемшіліктерін бетіне басып отырып құтты ел болу үшін қажетті мәңгілік құндылықтарды жаңа ғасыр аясында ғана емес, енді мәңгілікке дейінгі кезеңдерге лайықты етіп айқындап берді. Ұлы далада Ақыл сөз Асыл сөз осылай қайта жалғасты.

«Құтты білік» не туралы? Ел бірлігін сақтау, ел қорғаны бола білу, білім мен ғылымды адамдықты ұстану үшін игеру. Дүниенің құты білім, ақылда, адамшылықта деген. Адамның отбасы құндылығы: бала тәрбиесі, туысқандық қарым-қатынас, ана, жар, адамшылық. Осы ретте А.Егеубаев былай анықтаған: «дастанның бірнеше тарауы ұйқас жағынан, өлшем жағынан да классикалық қазақ поэзиясында бертіне дейін кездесетін Бұқар жырау, Жанак, Шөже, Мәделі, Алмажан, Сүйінбай, Кемпірбай т.б. да ұшырасып қалатын бір бітімде шыққан. Алғашқы шумақ он бір буынды қара өлең үлгісі, одан былайғысы аттамалы ұйқаспен ааба әа ва га да жазылады. Осы үлгі Абайда да, Сұлтанмахмұт, Ақан серіде де кездеседі. Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап», «Базарға қарап тұрсам әркім барар» деген өлеңдер құрылымы жағынан нақ сондай өлең бітіміндегі классикалық дүниелер».

«Құтты біліктің» негізгі дискурстық құрылымы туралы А.Егеубаев: «Әуелі екі кіріспеде ақын жаратқанға шүкіршілік етіп, кітаптың жалпы мәнімен таныстырып өтеді. Соңғы тарауларда Жүсіп Қас Хажыб өмірдің өтпелелігін, заманның опасыздығын, достардың жафасын айтып, өзінің кемшілік күнәларына күйініп күңіренеді, кейінгілерге өсиет сөздерін қалдырады. Оқиға өрбуі жоққа тән, соншалықты көлемді дастан композициялық жағынан шымыр, үтқыр. Поэма көлемі 85 тарау, яғни кіріспе түйінсіз таза тексі 6645 егіз жол. Негізгі нұсқадағы бәйіттердің ұзын саны 6520. Қорытынды іспеттес 3 тарау өзара үндесіп келеді де, негізгі текстен ұйқас, ырғақ, өлең құрылымы жағынан өзгешелеу шыққан» деген.

Ғибратты кітаптың мазмұндық структуралық ерекшелігі туралы зерттеуші былай деген: «Ақын ойларын сол кездегі астрономия, геометрия, математика, медицина, философия, тағы басқа ілімдер саласындағы мағлұматтармен безендіріп отырады. Оларға қатысты тараулар да бар. Белгілі бір ойды айтқаннан кейін оны бір дананың, қарияның, не елбасының, не ғалымның сөздерін келтіріп дәлелдеп, түйіп тастайды».

Осы ретте Құрандағы Пайғамбарлар тарихы меңзелгені де айтылған. Ақыл сөзінің сипаттамасына қатысты: «Ақылды кісіден кісілік келер, Білікті- кісілер кісісі болар. Ақыл – шырақ, Ақыл – жан, Ақыл – көз, Ақыл – тірлік, Ақыл – сөз, Ақыл – кісен». Құт – ежелгі түркілер «үшін білім, бақ дәулет, жанның семіріп, сананың кемелденуі» болса, біз бүгін байлық, қарны тоқтық, қайғы жоқтық деп түсінеміз.

Осы ретте А.Егеубай ұлттық идеологияны Ұлттың мұраты деп айтуды ұсынған. Бұл сонау түркі жазбаларынан басталып Абай, Шоқан, Әуезовтарға дейінгі асыл сөзде бар екенін айтқан: «Құтты білік» бір сөзбен айтқанда, адамшылық мектебі. Бұл мектепте адам баласының басындағы ақыл – сезімнен ажалға дейінгі жақсылы жаманды жай жағдаяттардың сан қатпар қалтарыстары өлең өрнегіне түскен. Ақыл, санаға ақылмен ұялатқан. «Білімді – аз, білімсіздер қаптаған. Ақылсыз – көп, ақылдыны таптаған. Білімсіздер білімдіге жау болды, Надандардың аңсағаны дау болды. Біліп сөйле, сөзіңде сөл, өң болсын, Сөзің түпсіз қараңғыға көз болсын! Біліксіздер өзі нағыз басырдың, Білім үйрен, надан, көзің ашылсын! Біліп сөйле, Білмегенге білдіріп сөйле». «Құтты біліктегі» ұлттық код осылай меңзелген: «Кірді сумен жуады, су

кірлесе немен жуады? Ел бұзылса бек түзейді, елді бек түзейді, ал бек бұзылса, бек азса кім түзейді?». Тура осы мағынада А.Байтұрсынұлының Ел басқаратын адамдарға арналған сөздері еске түседі: Ел басқарушы адамдар сіздер адаспаңыздар, сіздер адассаңыздар арттан ерген Алаш жұрты адасады, олардың көз жас обалын көтересіздер деген.

А.Егеубай былай деген: «Жазбаға жүгінсек, ықылым заманғы трагедия ежелден ілесіп жүрген екен ау. Түрік деген жұрттың күйігі қазақ деген ұлттың күйігіне ұласқан екен ау, бабаның мұңы баланың басына көшкен екен ау. Орхон Енисей жырларын оқыңыз... Рухын сүйіңіз... Жүсіп Баласағұнды оқыңыз... Жадыңызға түйіңіз... Абайды оқыңыз. Күйігіне күйіңіз. Шәкәрім қажыны.. Бұлар ұлт халық ретіндегі жан дүниеміздің хатқа түскен күйзеліс күйігі. Тұтас бір этнос трагедиямыздың тарихы. Ел болмақтың алды, ең болмағанда соны түсіну».

Бұл А.Егеубайдың келесі пікірін ұлттық кодты меңзеуі деп түсінуіміз керек: «Көне мұрат өнегесі: білімді, кісілікті бол! Халықтық парасат пайым, дәстүр, халықтық құлық деген ұғымға осы жерде баса назар аударған абзал. Үлкенге құрмет, кішіге іззет секілді күнделікті тұрмыс әдебінен бастап елдік деңгейдегі, мемлекеттік дәрежедегі моральдық қарым қатынас әдебіне дейін «Құтты білікте» түзілген. Қанағат, сабыр, сезім ақыл, кішіпейілділік тәрізді небір ізгі қасиеттердің әлеуметтік бітімін тани түсеміз. «Қастық қылма, арамдықты сайлама, Тый құлқынды, жақсылық қыл қайда да! Сабыр қылсаң бұзылған іс түзелер. Жұрт алдында аузыңды бақ, лепірме, Кісі үйінде көз қадірін кетірме. Дос, туғаннан лебіңді аяма, Кіші, үлкенді жылы жүзбен аяла».

Зерттеуші «Құтты ел құру үшін не істемек жөн, адам қандай, қоғам қандай болмағы ләзім» деген сауал қояды. Осы ретте ұлттық кодтың басты халықтық түсініктері Құты, Дәулеті, Ырыс, Несібесі басты етілген: «Құтты біліктегі ұлағатты төрт ұғым Күнтуды, Айтолды, Өгдүлміш, Оғдүрміш сынды төрт кейіпкерді бірі осы Дәулет. Оған Айтолды аты берілген. Бұларды қазақ табиғатына бейім нұсқасына сүйеніп атасак: Әділет (Күнтуды), Дәулет (Айтолды), Ақыл (Өгдүлмүш), Қанағат (Оғдүрмыш) болып шығады. Күнтуды – Әділет, яғни әділ заң, әділ елбасы, әділетті өмір. Айтолдымен алғаш жолыққанда өзінің дүниеге ақиқат нұрын бірдей түсіретін әділетті де, мейірімді екеніндігін, тұрақтылығын, ақ жол әділ заңды ұстанатындығын айғақтап, атамыз атын күнге балап Күнтуды қойғандығын түсіндіріп, дәулеттің есімі негі Айтолды екендігін сұрайды». «Құтты білікте» осы төрт түсініктің адам өміріндегі қажеттілігі мен басты екені кейіпкерлердің диалогында меңзелген: «Бек қандай болу керек? Себебі елдің құты білімді, мейірімді бек».

Түрк елінің басты адами құндылықтары анықталған кітаптің рухани құндылығы туралы А.Егеубай былай деген: «Құтты білік» түрік елінің ел болу жолындағы қоғамтану, елтану дастаны десе де сияды. Көркемдігі кемел, ойы зерек, тұғыры берік ақылман трактаттың қазақ жерінде жазылуының өзі, осы өңірді мекендеген жұрттың құпия да қастерлі жазуы болғандығының өзі көп жайды меңзесе керек. Құтты білік жазылған тұста «Игорь жасағы жайлы жыр» да, «Моңғолдың құпия шежіресі» де дүниеге келмеген-тін. Орта Азия, түрік тарихының аласапыранға килігіп, түркі дарабоздарының шашасына да, санасына да шаң тимеген тұнық тұста туған туынды. Сонысымен қымбат. Қазіргі қазақ еліне байырғы елдік, мемлекеттік дәстүрін, суреткерлік салтын сезіндіруімен қымбат». Халық пен билік, адам кемелділігі, әділетті қоғамның шарттары туралы басты мағлұматтар мен қатар асыл сөз ақыл сөзу болуын көздеу осы ретте айқындалған.

«Құтты білік» А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» анықтаған Мінәжат жанры сөздерімен басталады: «Біссмілляхи р рахмани р рахим! Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! деп Адамдардың ең абзалы Пайғамбарлардың қасиетті Ұлы елшісі Мұхаммед Мұстафаға сансыз сәлем, мархабат болсын! Оның серіктері болған әзіз, уа қымбатты сахабаларына Алла разы болсын! Тәңірінің ризық нұры жаусын!» деп басталатын «Құтты білікте» бүкіл түрік жұртының құтты берекелі Ел болу коды бекітілгенін аңғарамыз. «Бұл кітапті Баласағұнда туған бір сахаба, тақуа кісі жазып шығарған. Әмма бұл кітапты Қашқарда тәмамдап, Машрық мәлігі Табғаш Бұғраханнның құзырына ұсынылған. Мәлік оның еңбегін қадірлеп, жарылқап әрі ұлықтап Хас Хажыб деген атақ беріп ерекше ілтифат білдірген, сол үшін ол Жүсіп Хас Хажыб атанып атақ даңқы жер жүзіне жайылды». А.Байтұрсынұлы қолдан

келгенше «Әліппеден» басталатын барлық кітаптарын да осы «Бисмилля рахман рахим» сөздерімен бастаған.

«Әдебиет танытқышта» айтылған әр ілім иесі әр сөзін Аллаға деген мінажатпен ашып, Аллаға деген шүкірлікпен тәмамдауы осы ретте меңзелген: «Бүз өзіз кітап төрт ұлы ұғым, төрт қымбат қасиеттердің сұхбатынан құрылған: бірі – Әділ (Әділет), екіншісі – Дәулет (Бақыт, күт), үшіншісі – Ақыл, төртіншісі – Қанағат. Олардың әрқайсына жеке жеке түрліше ат берген. Әділетке Күнтуды Елік атын беріп, хан орнына қойған; Дәулетке Айтолды деген ат беріліп, уәзір орнына қойған. Ақылға Өгдүлміш атын беріп, уәзірдің ұлына балаған. Қанағатқа Одғұрмыш атын беріп, уәзірдің туыс, ағасы деп санаған. Ғұлама өз пікірлерін ой толғаныстарын солардың арасыдағы пікірлесу, сауал жауап сөздер арқылы әңгімеліп, желілеп жеткізген. Тағы да мұны оқығандырдың көкірек көзі ашылып, жазған адамды жақсы дұғамен еске алсын деп, Ин ша Аллаху Тағала». Бұл бүгін біз ұмыт қалдырған айтылған сөзге жауапты болу шарты.

Қоғам мен адам арасындағы «Құтты біліктегі» келесі тұжырым қай заманда да басты болып саналады: «Және елді берік ұстар кісіге, Бұйырады ел басқару ісі де. Оңтайлы адам керек бұған, ойлы адам, Айдай ашық, шырағандай жайнаған. Патшаларда қалың халық қақы бар, Ал, халықта патшалардың қақы бар. Қара халық күзетсін де патшасын, Патша елінің жан мен тәнін сақтасын». Қазтуған, Бұқар жыраулардың толғауындағы бұл негізгі дискурстық ұстаным екені анық.Әлихан Бөкейханның «Қазақ хандарында қазақ халқының хақы бар» деген сөздің түп атасы қайдан шыққанын енді ғана түсінуге болады. Алаш ғалымдары «Құтты білікті» де, «Диуани лұғат ат туркиді» де оқыған, сондықтан асыл сөз ақыл сөз екенін іске асырған Абайды олар қазақтың бас ақыны ұлт әдебиетінің Темірқазығы деп орнықтырып кеткен.

1923 жылы жарияланған Х.Досмұхаммедұлының «Диуани лұғат ат түрк» зерттеуінде былай делінген: «Кітаптің басында Махмуд Қашғари мынау сөздерді жазады: «Махмуд Хусейнұлы айтады: Тәңірі дәулет күнінің көзін түркітердің көгінде тудырды. Жер, Азияның дәірелерін олардың қолына берді. Оларға түрк деп ат қойды. Дүние патшалақ жұмысын оларға тапсырды. Оларды заманның иесі, патшасы қылды һәм дүниедегі ұлттардың тізгінін олардың қолына берді. Оларды туралыққа берік қылды. Түркке сыйынған кісі жоғары болды, күшті болды һәм қалағанына жетті. Бәлелерден, бәле шығарушы бассыз, тиянақсыз адамдардың бәлесінен құтылды. Түрктің найзасынан құтыламын деген һәр ақылды кісі олардың етегіне жабыссын. Бірақ түркітерге жақын болуы үшін олардың өз тілімен сөйлеуден басқа амал жоқ. Олар өз тілімен айтқан сөзге ғана құлақ салады, сонда ғана олардың көңілін өзіңе қаратуға болады. Бұхара, Нишабур молдалардың айтуынша «Мұхаммед Пайғамбар түрк тілін үйреніңіздер, өйткені олар дүниеде ұзақ, көп заман патшалық қылады» дейді мыс».

Осыдан жүз жыл бұрын Алаш ғалымдары Отанға адал қызмет етуді неге басты мақсат санағандарын Халел Досмұхаммедұлының келесі тұжырымнан да байқаймыз: «Түрк қауымы Түрк бин Йафас бин Нұхтың балалары болды. Құдай Адам Пайғамбарды «инсан» деп атаған һәм сол ат бүкіл адам балаларына есім болып қалған. Сондай-ақ түрк балаларына һәм «түрк» деп есім берілген. Рұм бин Ғисуға қарап Рұм қауымдары Рұм деп аталғандай, түркітерге һәм аталарының аты ат болып қалған. Молдалар хабарынша, Мұхаммед сас Пайғамбарымызға Құдай айтыпты мыс: «Менің бір әскерім бар, оларға түрк деп ат бердім. Оларға күн шығыс жағынан қоныс бердім. Әгәрда бір қауымға ашуым келсе, осы түркітерді жіберіп билетемін деп. Түрк қауымын Құдайдың бүкіл дүниенің басқа ұлттардан айырып, оған түрк деген атты өзі беруі – түркіті басқа ұлттардан айырған бір фазилат артықтық болады. Құдай түрк қауымын дүниенің ең биік жеріне \Тянь Шань тауларын айтады\ һәм жер жүзінің ауасы ең таза орынға жайластырды. Оларды өзінің әскері деп айтады. Түрк халқы – осының үстіне сұлу, жүзі күліп тұрған, өзі әдепті, сыпайы, жасы үлкен адамдарға құрмет қылғыш, айтқан сөзінен қайтпайтын, уәдесіне берік, тәкаппарлықты, мақтануды білмейтін халық. Түрк – қаһарман, батыр ұлт, мұнан басқа да олардың мақтауға лайықты мінездері, әрине, көп. Яғни біреуді мақтағанда «Мұның жақсылығына түркітер куә болар» деп айтылады».

Осыдан жүз жыл бұрын жазылған бұл пікір сол кезде де, қазіргі күні де Асыл сөз – Ақыл сөз болғанының дәлелі. Қазақ әдебиетінің европоцентристік шарттарға сыйматын себебі де

осы ретте анықтала түседі. Мұндай сөз Міржақып Дулатұлы жазғандай атадан балаға тікелей құлаққа құйылып ауызша таратылып отырылған. Қазақ әдебиетіндегі Асыл сөз – Ақыл сөз болуының негізі А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы», М.Әуезовтың «Әдебиет тарихы» мен Х.Досмұхаммедұлының аталған зерттеулерінде осылай нақтыланғанын бүгін де ескеруіміз қажет-ақ; қазіргі әдебиет оқырманның талабына сай мазмұндық ғибратты дискурға қайта ие болуы үшін.

Қанипаш Мәдібай,
филология ғылымдарының докторы,
М.Әуезов атындағы Әдебиет
және өнер институтының профессоры

Құралай Мұхамеди,
филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университетінің профессоры міндетін атқарушы

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ МӘТІНТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абайдың өз қолымен жазылған түпнұсқа мәтін сақталмауына байланысты Абайдың шығармалар жинағын шығаруда Кәкітай Ысқақұлы мен Тұрағұл Абайұлы баспаға әзірлеп шығарған 1909 жылғы тұңғыш жинақ пен Мүрсейіт молданың қолжазба көшірмелері (1905, 1907, 1910 ж.) түпнұсқа мәнді мәтін саналады. 1933, 1939-40 жылғы толық жинақтарға Мұхтар Әуезов қосқан Абайдың кейіннен жиналған өлеңдері де түпнұсқалық мәнге ие.

Абайдың әдеби мұрасын текстологиялық тұрғыда зеттеу мен Абай басылымдарының жарық көруінде XIX ғасырдың соңына қарай хатқа түскен қолжазба жәдігерлердің, Абай өмірбаянына қатысты айтылатын естеліктерде де келтіріліп отыратын, Абайдың көзі тірісінде баспа жүзін көрген өлең мәтіндерінің де («Дала уәлаятының газетасы» – ред.) өзіндік орны бар.

Осы тұрғыда Мүрсейіт көшірмелерінің, аталған басқа көшірме, баспа нұсқалардың да тұтастай қазіргі жазу үлгісіне түсіріліп, жалпыға қолжетімді болмағандығы жүйелі, нәтижелі текстологиялық зерттеулер жүргізуде елеулі қиындықтар туғызып келеді.

Абай өлеңдерінің басылым тарихында бірнеше рет қаріп алмасып, жазу өзгеріп отырды. Бірқатар текстологиялық жаңсақтықтардың орын алуына мәтінді қолжазба нұсқалар бойынша, 1909, 1922 жылғы араб қарпіндегі баспасында салыстыра саралап, түгендеп, түзеп оқитын, тіл білетін, жазу танытын маман тапшылығы да әсер етті.

Мұхтар Әуезов ел ішінің «баспаханасы» деп атаған Мүрсейіт Бікіұлының Абай қайтыс болғаннан кейін 1905, 1907, 1910 жылдарда жазып дайындаған көшірме нұсқалары Абайдың 1909 жылғы тұңғыш жинағынан бастап, кейінгі толық басылымдардың барлығында да назарда болды. Сол қолжазба көшірмелер негізінде 1933, 1939-40, 1945, 1957, 1977, 1995 жылғы толық жинақтарда мәтіндік салыстыру, түзетулер жасалып отырды.

Абай шығармаларының бұл жаңа басылымында Мүрсейіт Бікіұлының үш көшірме қолжазбасы тұтастай өзара және 1909, 1995 жылғы жинақтардағы мәтіндік нұсқалармен салыстырылды.

Салыстыруда 1905, 1907, 1910 жылғы көшірмелерден бірқатар мәтіндік айырмашылықтары болуына байланысты кейінгі уақытқа шейін назардан тыс қалып келген, Мүрсейіт молданың 1915 жылы төте жазумен қайта көшіріп әзірлеген төртінші қолжазбасы да пайдаланылды.

Қолжазба нұсқалар ескі қадимше жазудан қазіргі қаріпке түсіріліп, толық жазба мәтіні түзілді (Бұл мәтіндер осы көптомдық басылымның жеке кітабында берілді – ред.).

Қазіргі абайтанудың да күн тәртібінде қалып отырған текстология Абайдың әдеби мұрасын игерудің өзекті бір ғылыми арнасы болып қалыптасты.

XX ғасырдың 20-жылдары 1909 жылғы Абай кітабын толықтырып, дұрысын Абайдың өз аузынан жазып алғандардан анықтап қайта шығару керек деген ұсыныстар айтыла бастады [1].

«Ақ жолдың» сол жылғы 14-қыркүйектегі нөмірінде Бернияз Күлеев Абай кітабы басылатын болды деп жазып, Телжан Шонанов атаған Абай сөзін білетін адамдарға қарайлап отырғандарын, уақыт тығыз болса да 1-2 ай күтетінін хабарлайды.

Лияс Жансүгірұлы 1922 жылы Ташкентте жарық көрген Абай кітабы туралы «Тілші» газетінде (1923 жыл) Абай сөздерінің қате басылуы, өзгеру, мағынадан ауытқу мәселелерін, 20-дан астам сөз жаңылыс түзетіліп басылғандығын, Абай сөзі орынсыз түзеуге келмейтінін, «көнбейтінін» ескертті.

Абай шығармаларының алғашқы толық жинағы 1933 жылы Лияс Жансүгірұлының Алғысөзімен Қызылордада шықты. Бұл жинаққа Мұхтар Әуезов Абайдың көзін көрген, қасында болған жақын адамдарының қолында сақталған бірталай өлеңдерін, қара сөздерін қосады. Абайдың Мұхтар Әуезов жазған өмірбаяны беріледі. Жинақта 35 өлеңге түсінік жазылған. Көкбай, Тұрағұл естеліктеріндегі ғұмырбаяндық деректер айналымға қосылған. Мұхтар Әуезов өзі жазған түсініктерді «М.» деп белгілеп отырады.

Жинақтағы сілтеме сөздіктер, түсінік берудегі нақтылық, өмірлік деректерді қорыту, көркемдік ерекшеліктер бойынша ғылыми негіздеу жасау, құрылымдық жүйе сауатты дайындалған басылым екендігін көрсетеді.

Абайдың 1933 жылғы толық жинағында 1909 жылғы басылымына енбей қалған 17 өлеңі, қазақ тарихына қатысты жазғаны алғаш рет басылды.

Жинақта кейінгі басылымдарда қилы себептерден өзгеріске түскен болған уақиға, өлеңдегі сөз қолданыс, сілтеме түсініктеріне қатысты нақты фактілерге негізделген деректер бар.

Абайдың «Интернатта оқып жүр» өлеңі мен «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі 1909 жылғы жинақта бір өлең болып басылған. 1933 жылғы жинақта Мұхтар Әуезов екі өлең екенін нақтылап, бөлек басқан.

Осы өлеңдегі жалпы көпшілік жатқа білетін «Занимайся прямою» тармағы 1933 жылғы жинақта «Занимайся промыслом» болып келген. «Я өз бетіммен, тәуекел», оқыған жас адамға «Пайда ойлама, ар ойла» деп отырған Абайдың әйтеуір бір еңбек жаса, талап қыл, білімінді кәдеге жарат деген әкелік уағызы, кәсіппен айналыс дегені де болуы мүмкін.

Осы тармақ Мүрсейіт Бікіұлының 1905 жылғы көршіме қолжазбасында «Наниматься промыслом» болып жазылған.

Абай текстологиясында **«Қансонарда бүркітші шығады аңға»** өлеңіндегі қашқан түлкінің жайына қатысты көп айтылып келеді. Төбеден шүйілген құсты «Көре тұра қалады» болып жазылды. Қ. Мұқаметханов «Көре тұра қалады» дұрыс болады деді. Керіліп тұра қалу қалпы туралы екендігін айтты.

Осы Мүрсейіт Бікіұлының 1905 жылғы көшірме қолжазбасында «Кері тұра қалады» деп жазылыпты. Ия, қауіп төнгенін сезген қашқан түлкі кері тұра қалып, өзінше аузын ашып, қоқақтап тісін шақылдатып қайрат қылады. Жандалбаса бір әрекеті.

Аузын ашып, қоқақтап тісін қайрап,
О да талас қылады шыбын жанға.

«Төмен үшсам түлкі өрлеп құтылар деп», қандыкөздің қайқаң қағып аспанға шыққан сәтінде қашқан түлкі де кері тұра қалып айбат көрсеткен болғаны. Дәрменсіз күйі. Абай текстологиясында мағыналық жүк түскен жеке бір сөздердің өзгеріп отыруынан туындап отыратын сұрақтар бар.

Бас жоғары жаралған, мойын төмен,
Қарашы, **дүние** біткен ретімен
(«Алланың өзі де рас, сөзі де рас» 1909 ж.ж.).

Осындағы «дүние», «дене» сөздері Абай жинақтарында бірде «дүние», бірде «дене» болып келіп отырады. «Жақсылыққа» өлеңіндегі аяқты «аңдап басу» мен «аңдып басу» туралы да бір тоқтам жоқ.

«Бай сейілді» өлеңіндегі «үйден үрген ит», «үйден үрған ит» те әрқалай нұсқада алынып келеді.

«Қазаққа қара сөзге» ме, «қазақта» ма?, «Наданның сүйегені» ме, «сүйенгені» ме?, «Сырттансынбақ» па? «Сырттан сынбақ» па? «Тастан түлкі аңдығанға табыла» ма, «аңдағанға таудан табыла» ма? «Мұны ұқса» ма, «Мұны оқыса» ма?

«Аласы аз» ба – «аласыз» ба?

«Толқындырып» па, «толқын ұрып» па?

«Әуелде» ме, «Әуелден» бе?

«Мақтан күйлеп» пе, «көйлеп» пе?

«Шайтан өрнек табады ма», «Өрмек құрады ма»?

«Арын сатқан» ба, «Жанын сатқан» ба?

«Шертиген» бе, «шіренген» бе?

«Қай жерім» бе, «Қай жаным» ба? т.б.

Осында қай сөзден де келіп-кетер ештеңе жоқ сияқты көрінгенімен, әр жинақтан әр нұсқада оқу аландатады.

Қисын, долбармен ұғындыруға болмайтын, жамау салуға көнбейтін, болмайтын сөзге төрелік жасау фактілері де Абай текстологиясында кездесіп отырады. Мәтіндік зерттеулерде басында болжам болып, біртіндеп сіңіп, сіресіп қалатын сөздер де болады. «Бір сөз саяси, көркемдік, мағыналық топшылаумен «келмейді, қисынсыз көрінеді» деп өзгереді. Келесі сөз мәні мүлде басқа ұғымға таңылады. Енді бір сөз оп-оңай балама табады.

«Аласыз» емес – «Аласы аз» дейді. Сол өзгертулер әрі қарай «қымсынбастан» әр жинақта жылы, жайлы орнығып қалады. Орыс текстологиясында осыған қатысты «Оно пойдет гулять по всем изданиям» деген сөз бар.

Академиялық басылымдар тәртібінде авторға телініп жүрген өлең нұсқаларын да беріп отыру тәжірибесі бар. А.С. Пушкин шығармаларының толық басылымдарында бұрынғы басылым нұсқаларынан сәйкес келмейтін тұстары; Пушкинге телініп жүрген шығармалардың мәтіні де беріліп отырған.

Абай текстологиясы бағытында көп еңбек жасаған белгілі абайтанушы Қайым Мұқаметханов 1995 жылғы жинақта Абайдың өлеңі деп айтылып жүрген бір топ өлеңге түсінік беріп, мәтіндік нұсқаларын келтірді. Абай шығармаларының текстологиялық мәселелері бойынша зерттеуде Абай өлеңі деп айтылып жүрген өлең нұсқаларын жазылып алыну дерегімен толықтырып жинақтау мәселесінде Қайым Мұқаметханов бірнеше жаңа өлең, бар туындылардың басқа нұсқасын атап көрсеткен. «Бүркіт сыны» атты өлең 1951 жылы Мәди атты қариядан жазылып алынған. Осы өлеңнің және бір нұсқасы бар екен. Яғни Абайдың өлеңі деп айтылып жүргенімен, ақынның шығармалар жинағына қосылмаған өлеңдердің де бірнеше нұсқасы болып келу фактілері бар.

Абайдың бұл жаңа жинағының басылымында жоғарыда келтірілгендей сөз нұсқаларының бірде 1909 жылғы жинақ, енді бірде 1905 жылғы көшірме, келесі басылымда 1907 жыл, 1910 жыл бойынша келіп отыру фактісінде бұл мәселенің ұшы-қиыры болмайтындығы ескеріліп, тасқа басылған 1909 жылғы жинаққа басымдық беру ұйғарылды. Әр сөздің «қозғалысын» барлап отырып мәтіндік нұсқаны негізінен 1909 жылғы жинақ бойынша алдық.

Басылымды әзірлеуде «Жарқ етпес қара көңілім», «Интернатта оқып жүр» сынды әр жылдарда бірде бөлек, бірде бірге басылып жүрген өлеңдерді бір қалыпқа келтіру бойынша да жұмыс жасалды.

Қайсыбір түсіп қалған, «жолдан қосылған» тармақтар бойынша да әр өлеңнің басылым тарихындағы, сақталу дерегіндегі ерекшеліктер ескеріліп отырды.

Жинақта жекелеген өлеңдердің жазылған, шығарылған уақытына қатысты деректер бойынша да өзгерістер енгізілді (жеке туындыға қатысты түсініктерде осындай түзету, өзгерістердің себебі айтылып, дерегі көрсетіліп отырды – ред.).

Мәселен, 1933 жылғы жинақта «Абыралыға» атты арнау өлеңнің сілтеме түсінігінде осы өлеңге қатысты кейінде айтылмай жүрген бір дерек бар. «Абыралы Абайдың құрбысы. Бұл өлеңнің аяғы ұзағырақ болса керек. Бірақ ешкімнің есінде қалмаған. М.» (1933 жылғы жинақ, 73-бет).

Жинақтың 86-бетінде «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбаттың» соңынан осы 1933 жылғы басылымында қосылып отырған бір шумаққа сілтеме түсінігі беріледі.

Қазақтың қайсысының бар санасы.
Қылт етерде дап-дайын бір жаласы.
Пысықтықтың белгісі арыз беру,
Жоқ тұрса бес бересі, алты аласы.

Сілтеме түсінігі: «Осы соңғы бір ауыз өлең бұрынғы жазба, баспаларынан қалып жүрген. М.А.» (1933 жылғы жинақ, 86-бет).

«Жазығун шілде болғанда» – «Жазда күн шілде болғанда» деп келген (91-бет). Бұл жинақта «Өлең сөздің патшасы, Сөз сарасы» болып жазылған (100-бет). Абайдың «Жартасқа бардым» деп келетін сөз оралымына қатысты «Қар ташқа² бардым. Бұл жерде жар тас деп жолдас Көкбайды айтқан» деп түсінік беріліпті (15-бет).

Кейінгі бір жинақтарда «нашақор» деп түсіндіріліп жүрген «бәңгі» сөзі 1933 жылғы кітапта «меңіру, көк ми» деп ұғындырылады (118-бет).

Жинақта «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» өлеңіне қатысты арнайы түсінік беріледі.

«¹Осы екі ауыз өлең бұрынғы баспаларға кірмей қалған. Елдегі жазбаларда да жоқ. Тәңірберді деген ағасының бала асырағанын көріп отырып айтқан. М.А.» (126-бет).

1933 жылғы жинақта кейінгі басылымдарда сілтеме түсінігі берілмеген сөздердің де түсініктері бар.

1933 жылғы жинақта берілген Көжекбай туралы өлеңнің түсінігіндегі Көжекбайға Базаралы айтыпты дейтін сөз 1957 жылғы басылымда Абай айтқан болып кеткен (1957 жылғы жинақ, 55-бет).

1939-40 жылдардағы Абай шығармаларының екі томдық толық жинағын СССР Ғылым Академиясының Қазақстандық филиалы Әдебиет фольклор секторы баспаға әзірледі.

Жауапты редакторы Сәрсен Аманжолов. «Редколлегиядан» деп берілген Алғы сөзде осы басылымға жаңадан табылып қосылған Абай өлеңдеріне көңіл бөлінеді.

«Және (жана) Абайдың бұрынғы шығармалар жинағына кірмей келген біраз өлеңдері де табылды («Өкінішті көп өмір кеткен өтіп», «Жастықтың оты қайдасың», «Күнді уақыт итеріп», «Абдрахман өлімі» туралы, аудармаларынан «Онегиннің хаты», «Қарға мен түлкі» деген жеке өлеңдер, тағы басқалар небәрі 600 жолдан аса өлеңдер қосылды)» (1939 жылғы жинақ, 1 том, 5-бет).

Бұл жинақта да жекелеген сөздер түзетіліп отырады. «Тұмандап көздері» – «Төмендеп көздері» болып; «Тағаны жетіп қайырған» – «Тағына» болып, т.б.

Осы басылымдағы Абай мұрасын текстологиялық тұрғыдан зерттеуде әлі де әрқалай жазылуы сақталып отырған мәтіндердің берілу жөнін де мәселе бойынша назарға алып отыру қажет деп ойлаймыз.

Махаббатсыз, дүниедос,
Хайуанға оны қосыңдар,
Қызықтан өзге қалсаң бос,
Қатын, бала – досың бар (1939 ж.ж. 1 т., 12-бет).

«Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» (1939 ж.ж. 1 т., 15-бет). «Аласыз қара көзі нүр жайнайды» (1939 ж.ж. 1 т., 41-бет). 1939 жылғы басылымда «Әліп би» өлеңі деп берілген Абайдың кейінгі басылымдарда «Әлифби» деп жазылып жүрген өлеңнің арнайы аталып отыратын қаріптерінің алдынан арабша жазылу таңбасы беріліп отырады.

Шығарма мәтініндегі сөздердің жазылуында кейінгі басылымдарындағы таңбалануына, сөздің айтылуына қатысты айырмашылықтар бар.

(і) Әлифдек а жізіңе ғибрат еттім.

Осындағы «а» дыбысын «ай» деп айтып келеміз. Осы өлеңдегі дыбыстық, таңбалық жазу тәртібінің Абай сөзін түзу жазып, дұрыс оқуда өзіндік мәні бар.

«Бұл өлең бұрынғы ескі арап әліпбиімен тізілген өлең болғандықтан, сол арап әріптері әдейі жол-жолдың түс-түсына қойылды. Мүмкін болғанынша әр әріп әр сөзді де сол өз уақытындағы жазылуынша жібердік жана кей сөздің жарымы арапша, жарымы қазақша болып айтылған қалпын сақтадық» (1939 ж.ж. 1 т., 34-бет).

«Ғ Файынның ноқатсызы тамақты қыра айтылады» деп берілген сілтеме түсінігі де ескі жазуды білмейтін оқушы үшін тиімді.

Жинақта өлеңдегі әр сөздің мәніне, арнайы таңбалардың функциясына қатысты араб графикасы мен тілінің ерекшеліктері ескеріліп айтылған толымды, қажетті ақпарат бар.

1939-1940 жылдардағы Абай шығармаларының екі томдық толық жинағының шығарылуында Мұхтар Әуезов басы-қасында болып, 90-ға жуық өлеңге ғылыми түсінік жазылды.

Абай текстологиясын зерттеудің қазіргі кезеңдегі өзекті міндеттері ауқымында әзірленген жаңа толық басылымда да шешімін әлі таппай жүрген мәтінтану мәселелері бойынша әрбір туындының шығарылу дерегі, басылым тарихы қаперге алынып, жеке жинақтардағы мәтіндік нұсқасын салыстыру, саралау жұмыстарының жүргізілуі – аса қажетті істі тиянақтаудағы қадамдардың бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шонанов Т. Абай кітабын бастыру керек // «Ақ жол», 19 маусым, 1919 ж., 80б.

Анар Салқынбай,
филология ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қазақ тіл білімі
кафедрасының профессоры

АБАЙ ОЙШЫЛДЫҒЫ – БАЛАМАСЫЗ ҚҰНДЫЛЫҚ

Құндылық ұғымы – Адамның адамдық мәнін, ішкі қасиетін анықтайтын негіз. Қазақта адамға қатысты қолданатын «қасиет», «қасиетті», «қасиетсіз» деген ұғым бар. Мұның мәні де, мағынасы да тым терең. Құндылықтар жүйесі адам санасында қабылданған қасиетті ұғымдар жүйесінен құралады да, өзі сол адамның ішкі болмысының сипатын, мәнін туғызады. Жеке тұлға өзінің когнитивтік, танымдық қызметінде қасиетке ие болуы үшін, осы құндылықтарды игеруі, меңгеруі қажет. Құндылықтарды игеруі, меңгеруі, бағалуы нәтижесінде адамның қасиетті немесе қасиетсіз екені бағаланады деп ойлаймыз. Өйткені құндылық – бағалаусыз, бағалаушысыз құндылық болмайды. Ал оны бағалау үшін, құндылықты есту, көру, білу, ұғу, түсіну, мойындау керек қой. Құндылық – рухани шығармашылық құбылыс, субъективті тәжірибе. Заттар мен құбылыстарға ұлттық құндылық деп баға беру үшін, адам баласы сол әлеммен тікелей байланысты болуы, оны тануы тиіс. Ал бұл таным тым жоғары бағалауыштық сипатта болса да, тым төмен бағалауыштық сипатта болса да – қатер. ХХІ ғасырдың басындағы қазақтың ұлттық дүниетанымындағы ұлттық рухани мәдени құндылықтардың бағалануында осындай ала-құлалық бар екенін жоққа шығара алмаймыз.

Құндылықтар жүйесін бағалау мен бағамдау адам баласының күнделікті тіршілігінен бастап, үлкен жаһандық мәселелерді шешуге дейінгі аралықтағы барлық әрекеттер үшін маңызды болмақ. Абай айтқандай:

Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл
Қыз таныстыр – қызыққа жұрт ыржаңшыл.
Қынаменде, жар-жар мен беташар бар,
Өлеңсіз солар қызық бола ма гүл?

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең,
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойлансаңшы, бос қақпай елең-селең.

Қазақта өлең арқылы берілетін әдет, салт, дәстүрді құндылық ретінде танысақ, онда дүниеге келгеннен бастап, нақты болмыстың объективті заңдары мен жеке тұлғаның субъективті қасиеттерінің қалыптасуының арасындағы өзара қарым-қатынас құндылықты бағалаумен де тығыз байланысты. «Бос қақпай, елең-селеңмен» ойланбай жүрген пенде үшін, құндылықтың бөлкі, құны аз. Өмірдің мәнін іздеп, ойланып, ізгіліктің ізгі нұрын сезінетін жеке тұлға үшін құндылықты танудың бағыттаушылық та мәні ерекше болмақ. Құндылықтың жеке адам мен қоғам өміріндегі рөлін анықтау тек этикалық-эстетикалық емес, сонымен қатар антропологиялық және онтологиялық мәселелерді қамтитын экзистенциалды аксиологияның қажеттілігін алға тартады.

Ғалымдардың көрсетуі бойынша, ең алдымен, құндылық, шындық сияқты қасиет болып есептелмейді, құндылық – ой мен шындық арасындағы қатынас.

Қазақ ғалымы А. Айталы өзінің «Ұлттану» атты зерттеу еңбегінде «Ұлттану» ілімінің жаңа саласын қалыптастыру керектігін орынды атай отырып, қазіргі қазақстандық ұлттануда қазақ ұлтын асыра мақтау, «оның тарихын бірыңғай батырлық пен даналықтың үлгісі ретінде баяндау, болмаса оны тарихтың құрбаны етіп көрсету, ұлт басына түскен ауыртпалықтарды бір ғана отаршылдардың, басқыншылардың арам пиғылымен түсіндіру сияқты біржақты пікір де ұлтты тоғышарлық рухта тәрбиелейді» – деп жазады [1. 7-8].

Ғалым пікірімен үнсіз келісесіз.

Өйткені шындық осы. Мұндай «мен жақсымын!» санасы меңдегені сондай, заманында қазақтың надандығын айтқан ойшыл Абайдың өзін қаралаған қаншама мақалалар жарияланды, жарияланып та жатыр ... Қазіргі қазақ сол Абай айтқан қазақтан озық па? – деген сұрақ әркімді де мазаласа мақұл. Озып кетсе, әрине, жақсы еді. Тәуелсіздіктің самалында өндірісті дамытып, ауыл шаруашылығын мандыттық па? Головкиннің жеңісіне бір қуанып, Илья Ильинмен бірге бір қуанып жүрген бүгінгі қазақты «Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, күреске түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады. Білмеймін, содан артық қуанышы бар ма екен? Әй, жоқ та шығар! Осы қуаныш бәрі де қазақ қарындастың ортасында бір хайуанның өнерінің артылғанына я бір бөтен адамның жыққанына мақтанарлық не орны бар? Ол озған, алған, жыққан өзі емес, яки баласы емес. Мұның бәрі – қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ, биттей нәрсені бір үлкен іс қылған кісідей қуанған болып, ана өзгелерді ызаландырсам екен демек. Біреуді ызаландырмақ – шаригатта харам, шаруаға залал, ақылға теріс. Әншейін біреуді ыза қылмақтың несін дәулет біліп қуанады екен? Жә, болмаса, ана ыза болушы соншалық неге жер болып қалады екен?» – деген Абай сөзімен салыстырып байқаңыз. Қандай даму байқап отырсыз?

Тағы да Абай; «надан ел қуанбас нәрсеге қуанады һәм және қуанғанда не айтып, не қойғанын, не қылғанын өзі білмей, есі шығып, бір түрлі мастыққа кез болып кетеді. Һәм ұялғандары ұялмас нәрседен ұялады, ұяларлық нәрседен ұялмайды. Мұның бәрі – надандық, ақымақтықтың әсері. Бұларын айтсаң, кейбіреуі «рас, рас» деп ұйыған болады. Оған нанба, ертең ол да әлгілердің бірі болып кетеді. Көңілі, көзі жетіп тұрса да, хайуан секілді әуелгі әдетінен бойын тоқтата алмайды, бір тиянақсыздыққа түсіп кетеді, ешкім тоқтатып, ұқтырып болмайды. Не жаманишылық болса да бір әдет етсе, қазақ ол әдетінен еріксіз қорыққанда я өлгенде тоқтайды, болмаса ақылына жеңгізіп, мұным теріс екен деп біліп, ойланып өздігінен тоқтаған адамды көрмессің».

«Өз халқына сын көзбен қарамаушылық, оның «артықшылықтарын» дәріптеу жағымсыз этникалық стереотиптер қалыптастырады», – деген ой түйеді профессор А. Айталы [1].

Біздің құндылық туралы ойымыз мен ісіміз үндесіп жатыр ма? Мұның жауабын А. Айталы былайша түсіндіреді: «Жетекші ұлт болып ұйымаған қазақ сияқты халық екінші бір қауымдастықтың тірегіне емес, жетегіне айналады. Біздің еліміздегі орны алып келе жатқан экономикалық, саяси, идеологиялық плюрализм сияқты, еліміздің құрылымына этникалық плюрализм бәрінен де үйлесімді. Бүгінгі күні Қазақстан ұлтын емес, Қазақстан азаматын тәрбиелеу маңызды болып отыр», – деп жазады [1].

«Ұлттық сана-сезім, ұлттық дүниетаным халыққа туа біткен, сондықтан да табиғи заңдылық сияқты құдіретті сезім емес, – деген А. Айталы сөзімен келісе отырып, ұлттық сананың өсуі үшін ұлттық құндылықтарды бағалаудың, оны насихаттаудың қаншалықты маңызды екенін түюге болар еді [1. 28].

Ұлттың барлығы мен бірлігін танытатын, тұтастығы мен тұғырын анықтайтын – тілі. Сондықтан ұлт үшін ең басты мәдени-рухани құндылық – тіл. Ұлттың ортақ тағдыры бар, ортақ рухани құндылықтары бар, ортақ ділі мен мінезі бар, ортақ ұлттық коды бар. Осының бәрінің басын қосып, тұтастыққа жеткізері, ұстанар ұстанымының таразысы, дүниетанымның темірқазығы – ана тілі, ұлт тілі.

Бағалау мен құндылық туралы М. Хайдеггердің «Гуманизм туралы хат» мақаласында берілген мына ойы ойланарлық: «Всякое оценивание, – деп жазды М. Хайдеггер, – даже когда оценка позитивна, есть субъективация. Оно предоставляет существу не быть, а, на правах объекта оценивания, всего лишь считаться. Когда бога, в конце концов, объявляют “высшей ценностью”, то это – принижение божественного существа. Мышление в ценностях здесь и во всем остальном – высшее святотатство, какое только возможно по отношению к бытию» [1, 47].

Ия, қандай да бір ең жақсы бағалаудың өзі – субъективті.

М. Хайдеггер адам өмірінің барлық жағын қамтитын құндылықтардың әмбебап иерархиясын орнатқысы келмейді, тіпті, мүмкіндігінше, әлеуметтік өмірдің негізін қалайтын нәрсені бағалаудан аулақ болуға ұмтылады. Тарихтың әрбір нақты кезеңіндегі әлеуметтік өмірдің терең негіздерін сол кезде өмір сүрген адам пешенеден тікелей берілген, яғни объективті нәрсе ретінде қабылдап, сезінеді. Әлеуметтік өмір де, жеке адамның өмірі сияқты, үздіксіз өзгеру үстінде, өзгерістер үдерісінде, көбінесе, адам баласының өз қызметінің нәтижесінде болады. Адам баласы өзінің күнделікті барлық әрекетіне баға беріп отырады деу де бекер, онда «болмыстың ақиқаттығы» оған сезілмей қалар еді, өз қияли әлемінде ғана өмір сүрер еді. Сонымен қатар, адам әрекет етпей де отыра алмайды, демек, ол өз әрекетін бағалауы да керек. Ақиқатты іздейтін ой үнемі құндылықтар туралы ойлануға мүмкіндік бермейді. Десек те, қоғамда, әлеуметтік өмірде өтіп жатқан ірі әрекеттер әрқашан бағаланады. Бүгін болмаса, Ақымет Байтұрсынұлы айтқандай, «ертең үшін» жасалатын істер бар, бүгін жазалануы мүмкін, бірақ ертең бәрібір сөзге тиек болары анық.

М. Хайдеггер «Гуманизм туралы хат» атты мақаласын болмыстың қызметі туралы мәселеден бастайды да, қызметтің әрекетін адамдар шындық ретінде көретінін, осы әрекеттің нәтижесі, әдетте, бағаланатынын атап көрсетіп, мынадай толғамды ой тастайды: «Мыслью осуществляется отношение бытия к человеческому существу. Мысль не создает и не разрабатывает это отношение. Она просто относит к бытию то, что дано ей самим бытием. Отношение это состоит в том, что мысль дает бытию слово. Язык есть дом бытия. В жилище языка обитает человек. Мыслители и поэты – хранители этого жилища. Их стража – осуществление открытости бытия, насколько они дают ей слово в своей речи, тем сохраняя ее в языке. Мысль не потому становится прежде всего действием, что от нее исходит воздействие или что она прилагается к жизни. Мысль действует, поскольку мыслит. Эта деятельность, пожалуй, самое простое и вместе высшее, потому что она касается отношения бытия к человеку». [4].

Ұзақ болса да, орысша аударылған ойды аудармашы Владимир Бибихиннің сөзімен беруді жөн санадық. Өйткені үшінші рет аударылғанда, сөздің мәні жұтаң тартуы не өзгеруі де ықтимал болуынан қаймықтық. Философтың кесек ойының мәні терең. Ой – тіл – ойлаушы арасындағы байланыс осылайша терең анықталған. Ой мен ойлау арасы ашылған. Ой – ойлау арқылы әрекет етеді.

«Пайда ойлама, ар ойла!» – Абай тағылымының тұжырымы. Құрмалас сөйлемдегі екі жай сөйлемнің орнын ауыстырып жазсақ, ар ойла, пайда ойлама болып шығар еді. Мәселе, бұл жердегі өлеңдегі ырғақта немесе ұйқаста ғана емес, мәселе, автор ұсынып отырған келелі ойдың санаға құйылуында, әсерінде. «Аласы ішінде» пенде баласының пайда ойламаған күні аз. «Пайда ойламаның» бірінші келіп, келесі кезекте «ар ойла» тіркесінің келуінің кумулятивтік мәні тереңде. Терең білуге талап еткен жан оқиды, білім жинайды, Алланың ақ жолына ұмтылады, демек, ар ойлауға бір табан жақындайды, ұмтылады, нәпсісін тыя алады. Ал нәпсі тыйылған жерде ар ойлау қиын емес.

Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге.

Өлеңдегі терістеу бұйрық рай сипатында беріліп, жай ғана терістеуден, асып, риторикалық айтылым деңгейіне көтерілген. Лебіздің басынан аяғына дейін бұйрық мәнді етістіктер жұмсалған. Автор өз айтарының оң екеніне, дұрыстығына толық сенімді де және осы сенімділік пен туралық өлеңге ерекше шабыт пен көркемдік береді. Өлеңнің ішкі композициясы берік, сондықтан аяғына дейін жылдам оқып шығасыз да, тағы әр сөйлемге, әр сөйлемдегі айтылған ойдың төркініне қарап, шүқшия ойланасыз. Өлеңнің субъектілік-объектілік-предикаттық қатынаста берілуі тыңдаушыға нақты әсер етеді. Тыңдарман бар, іс бар, әрекет бар. Әрекет таңдауға байланысты, таңдауға тіреледі. Нені, қалай таңдау – тек тыңдаушы субъектінің өзі ғана шеше алатын жеке шаруасы. Өлеңде шиеленіс жоқ, таңдау бар. Оң мен сол бар, дұрыс пен бұрыс бар, әділдік пен әділетсіздіктің күресі бар. Бұл – мәңгіліктің күресі. Күнделікті тіршілікте кездесіп жататын әділдік пен әділетсіздік, дұрыс пен бұрыс, жақсылық пен жамандық.

Мәтіндегі әрекеттің кеңейтілген семантикасында сөздердің қызметі әртүрлі өзгеріп отырады:

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге.

Өлең жолдарындағы ой мазмұны сабақтас құрмалас сөйлемге сыйғызылып, баяндауыш барыс септігімен аяқталып отырады. Барыс септігімен буын аяқтау өлеңнің соңына дейін сақталып, өзіндік ішкі жүйе мен өлеңнің басты композициялық бірлігін құрайды. Абай стиліне тән басты ерекшелік деп өлеңдегі сөздердің қолданысындағы нақтылықты, айқындылықты айтар едік. Мұнда, негізінен, сөздер негізгі және өзек мағыналарын сақтай жұмсалып, авторлық интенцияны барынша айқын жеткізуге қызмет етеді. Мәтіндегі мәннің айқын болып, халыққа жеңіл жетуі – басты мақсат болған деп пайымдаймыз. Ел өмірінің шындығы – ащы, ащы шындық кімге ұнайды, кімге ұнамайды. Бастысы, шындыққа қатысты ой ашық айтылды, әсер етті, ой салды. Әсер етті, ой салды, эмоция туды..

Айта кету керек, тегінде, кейбір әдебиет зерттеушілері еңбектерінде кездесетін «Абай өз заманының ғұламасы», «Абай өз заманының шындығын жазды», «Абай өз заманының ...» осы «өз заманының...» деген анықтамалармен келісу қиын. Кеңестік кезеңнің қадамды аңдыған қиындығында кеңесте ғана кеңдікке жеткен қазақ қоғамын көрсету маңызды болып, сол уақыттағы ғалымдардың жазғандарын түсінуге толық болады. Өйткені, бастысы Абайдай дананың Сөздерін кеңестік «пешке» салып жіберуден сақтау, оның дана сөздерін халыққа жеткізу – басты мақсат болған еді.

Біздіңше, әркім-ақ, өз заманының жыршысы, жаршысы бола алады. Заманында көргенін, білгенін түйіндеп жазу жай тарихшының да қолынан келмек іс. Ал Абай жазған ақиық ой, ақиқат шындық тек сол замандікі ғана ма? Тек кешегі XIX ғасыр ортасы мен XX ғасыр басында өмір сүрген біз бен сіздің ата-бабаларымыздың уағында «Ар ойлайтын адам азайып, пайда ойлайтын сабырсыз, арсыз, көрсеқызар, жалмауыз жандар шықты. Сырттансымақ, қусынбақ, өршілденбек бұлардың ажарын ашатын көрікке айналды. Алашқа сыртынан күліп, ішінде жаулық сақтады, жақынын тіріде аңдып, өлсе өкіріп жылайтын әдет тапты. Терін сатпай, телміріп көзін сатып, теп-тегіс аларман болды. Ұрлықпен мал табатын, егессе ауыл шабатын құдай атқандар, бойы бұлғаң, сөзі жылмаңдар, басында ми жоқ, өзінде ой жоқ, күлкішіл керден надандар қатар түзеді ...» ме? (Ж. Дәдебаев «Абай Адам мен заман туралы», 23 ақпан, 2012 жыл, Абай институты сайтынан). Осыншама «жамандық» тараған ел арасынан Абай мен Шаһкәрім, Мәшһүр Жүсіп пен Дулат, Бөлтірік пен Сүйінбай, солардың ізін баса Әуезовтер мен Жамбыл бабалар қалай шықты екен? Абай өз заманының ғана жыршысы болса, «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген үн-ұранды айтар ма еді? Пайда ойламай, ар ойлау сол заман үшін ғана қажет болды ма? Немесе «ғылым таппай мақтанба» қазір керек емес пе? Бұл тек қазақ қоғамы үшін ғана орындалатын ақиқат па?

Абай өз заманының ғана емес, заманалардан асып туған, бір елдің емес, адамзаттың Абайы болған ғұлама. Абай айтқан әлгіндегі ғалымдар санамалаған надандық қай елдің баласында жоқ екен? Немесе қай елдің баласы надандықтан арылып, барлығы толық адам деңгейіне жетіпті. Ел болған соң, оның ішінде еркесі де, серкесі де, тоғышары да, ақылдысы да, наданы да болатыны тіршіліктің өз заңдылығы емес пе? Яғни, Абай данышпан тек қазақ қоғамын айтып отыр деу бекершілік. Ия, негізгі дереккөз қазақ ортасы, қазақ болмысы екені анық. Алайда бұл қасиет адам баласына түгел ортақ қасиет десек қателесеміз бе? Адамзаттық мәселені көтерген ұлы Абайдай данышпанды өз көкжиегінен көру, өз деңгейінде бағалау қажет. Ол жүрек бірді емес, миллиондарды сүйіп, «мыңмен жалғыз алысты», «адамзаттың бәрін сүюге» шақырды.

Распенен таласпа мү'мин болсаң,
Ойла, айттым, адамдық, атын жойма! –

дейді ғой Абай.

Жоғарыда аталған еңбегінде М. Хайдеггер тілді болмыстың үйі ретінде тани отырып, Адам тілдің тұрғын үйінде тұрады. Бұл тұрғын үйді сақтаушылар – ойшылдар мен ақындар, – деп түйіндейді. Олардың күзеті – болмыстың ашықтығын түсіну, олар оны сөйлеу кезінде бір сөз беріп, сол арқылы оны тілде сақтайды. Демек, болмыстың ашықтығы, яки айқындығы тек сөйлеу кезінде танылып, тілде сақталады.

Кез келген нысанды ойша сәйкес келетін затпен салыстырғанда, бағалау қатынасы туындайды. Құндылық қатынастың тілдегі көрінісі, көбінесе «солай болуы керек» деген айқын немесе түспалды тұжырымдармен бекітіледі. Қазақ халқы қалыптастырған үш «болады» – «ұят болады», «сауап болады», «обал болады» – осы әлемнің қарапайым бейнесінің тілдегі танымдық көрінісі.

Табиғаттағы заттар мен құбылыстарды танып білудің нәтижесі саналатын білім жүйесі – адамның рухы, ішкі болмысы мен тәжірибесі арасындағы байланыс. Білім – білуге ұмтылудан жинақталады. Білу – жалпы мағынасында тек нені білетіні ғана емес, сонымен қатар нені білуге болады деген нақты әрі негізделген түсінік.

Адам баласының ғұмыры тәжірибемен өрілген, ол еңбек етуге, тануға және танылған зат мен құбылысқа әлем бейнесінің көрінісі ретінде атау беруге негізделген. Әлемді тану – шындықты тану, ақиқатқа ұмтылу. Ұмтылу жолында танығаны, атағаны – білгені. Ақиқатты тану жолында танып-білгені, ізгілік пен адамгершілікке ұмтылысы, ақиқатқа ұмтылысы – құндылық.

Мәселен, қарапайым адами түсінікпен «адам адал болуы керек» дейміз. Бұл адами қасиеттің биік мәресі үшін алынған міндеттеме сынды. Адамның бәрі әрдайым адал бола бермейді. Алайда, бұл адамға адалдық қажет деп дау айтуға кедергі болмайды. Қоғамда қаншалықты арам адамдар болса, соғұрлым адалдыққа деген сұраныс жоғарылай түседі. Біз жақындарымызға, туыс-бауырларымызға қамқор болуымыз керек. Бірақ біз өзімізді дүниенің бәрі бізге келіп тіреліп тұр, дүние кілті біздің қолымызда деуден де аулақпыз.

Хакім Абай айтқан «адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» идеясы адамзаттың игілігіне айналуы үшін, оның өлеңдеріндегі гуманистік идеялар мен ізгілік жолын танытатын қағидаларын жаңа ғылыми теориялар бойынша жаңа бағытта зерттеу маңызды. Мұндай пассионарлық көзқарас әлемде бұрын-соңды айтылды ма екен?! Қазіргі қоғам үшін адами фактор аса маңызды болып есептеледі, кісіліктің келбетін, бүтін бітімдік қасиетке жетіп, толық адам болу жолдарын Абай ұсынған ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек концептері арқылы негіздеу аса маңызды. «Адам өмірі», «адам өмірінің мәні» сияқты мәселелер ХХ ғасырда Еуропада экзистенциализм қағидаларын қалыптастырғаны белгілі. Экзистенциализм – адамның өзіндік «Менін» тануы, өмір мен өлімнің мәні, еркіндіктің мағынасы, адамгершілік, рақым ету, сұлулық, әділеттілік пен ақиқат, адамның дүниеге келудегі мақсаты, қоғамдағы орны сияқты көптеген философиялық мәселелерді шешуге ұмтылса, Абай шығармашылығында жеке тұлғаның қалыптасуы үшін «толық адамға» жолы нұсқалады. Данышпан Абай «Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек, Әр нәрсеге өзіндей баға бермек» деу арқылы өзін бағалау мен өзгені бағалаудың мәнін, өзгені өзіндей бағалаудың адами артықшылығын, ақылды жанның ісі екенін ерекше көрсетеді. Сондықтан әрдайым «шындықты тану» деп танылатын тар мағынадағы білім мен кең мағынадағы білім тек шындықты ғана емес, сонымен бірге жақсылық пен сұлулықты, ізгілікті де қамтиды дегенді ажырата білу керек.

Адам әлемді біліп қана қоймай, алған білімінің негізінде әрекет етеді. Демек, білім – қалыптасқан заңдылықтарды игеруді, барды бағалауды, болашақ жоспар жасауды, белгілі қалыптасқан имани және адамгершілік нормаларды сақтауды, биік мұраттарды және т.б. қамтиды. Қоғамда жақсылық туралы айқын да қалыптасқан көзқарас бар, оған қарама-қарсы зұлымдық тұрады. Жақсы мен жаман, лайықты және лайықсыз деген тұжырымдар шын немесе жалған емес. Уақыт өте келе ақиқат өзгермейді, ал жақсылық туралы пікір мен көзқарас әр түрлі дәуірлер мен қоғамда түрліше болу мүмкін.

Абай Дананың «Жиырма сегізінші сөзіне» көңіл бөлейік:

Ей, мұсылмандар! Біреу бай болса, біреу кедей болса, біреу ауру, біреу сау болса, біреу есті, біреу есер болса, біреудің көңілі жақсылыққа мейілді, біреудің көңілі жаманишылыққа мейілді – бұлар неліктен десе біреу, сіздер айтасыздар: құдай тағаланың жаратуынан яки бұйрығынша болған іс деп. Жә, олай болса, біз құдай тағаланы айыбы жоқ, міні жоқ, өзі әділ деп иман келтіріп едік. Енді құдай тағала бір антұрғанға еңбексіз мал береді екен. Бір құдайдан тілеп, адал еңбек қылып, пайда іздеген кісінің еңбегін жандырмай, қатын-баласын жөндеп асырарлық та қылмай, кедей қылады екен. Ешкімге залалсыз бір момынды ауру қылып, қор қылады екен. Қайда бір ұры, залымның денін сау қылады екен. Әке-шешесі бір-екі баланың бірін есті, бірін есер қылады екен. Тамам жұртқа бұзық болма, түзік бол деп жарлық шашып, жол салады екен. Түзікті бейішке шығарамын деп, бұзықты тозаққа саламын деп айта тұра, пендесінің біреуін жақсылыққа мейілдендіріп, біреуін жаманишылыққа мейілдендіріп, өзі құдайлық құдіретімен біреуін жақсылыққа бұрып, біреуін жамандылыққа бұрып жіберіп тұрады екен. Осының бәрі құдай тағаланың айыпсыз, мінсіз гафур рахимдығына, әділдігіне лайық келе ме? Жұрт та, мүлік те – бәрі құдайдың өзінікі. Бұл қылғанын не дей аламыз? Өз мүлкін өзі не қылса қыла береді. Оны айыпты болады дей алмаймыз десең, ол сөзің құдай тағаланың айыбы, міні жоқ емес, толып жатыр, бірақ айтуға бата алмаймыз дегенің емес пе? Олай болғанда, пенде өз тырысқан-дығыменен не табады? Бәрін қылушыға қылдырушы өзі екен. Пенде пендеге өкпелейтұғын ешнәрсе жоқ. Кім жақсылық, кім жамандық қылса дағы құдайдан келген жарлықты қылып жүр екен дейміз бе?

Құдай тағала әрбір ақылы бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге гибадат парыз деген екен. Және де әрбір рас іс ақылдан қорықпаса керек. Жә, біз енді ақылды еркіне жібермесек, құдай тағаланың ақылы бар кісіге иман парыз дегені қайда қалады? «Мені таныған ақылменен таныр» дегені қайда қалады? Дініміздің бір жасырын тұрған жалғаны жоқ болса, ақылды, оны ойлама дегенімізге пенде бола ма? Ақыл тоқтамаған соң, діннің өзі неден болады. Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған гибадат не болады? Жоқ, сен жақсылық, жамандықты жаратқан – құдай, бірақ қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан – құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан – құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес деп, нанып ұқсаң болар, әйтпесе – жоқ.

Данышпан Абай сөзіне ақыл да, білім де тоқтайды. Жақсылық, жамандықты жаратқан – құдай, бірақ қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан – құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан – құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес деп, нанып ұқсаң болар, әйтпесе – жоқ. Міне, жеке адамның қолынан келері – осы: іс, әрекет, еңбек. Абай ұлағатында әлемді танудың когнитивті бейнесі осылайша нақты да айқын талданған. Ойшыл сөзінің «қара сөз» болуының мәні – тарихи қалыпқа түскен дәстүрлі ойды айқындап, нақтылап, жүйелеп, негіздеп, ұлттық код деңгейіне төрлетіп орын беруі деп түсінеміз.

Құндылық – философиялық және гуманитарлық дискурстар жүйесіндегі негізгі әмбебап тұжырымның бірі. «Құндылық» термині белгілі бір заттың, құбылыстың адами, әлеуметтік және мәдени маңыздылығын көрсету үшін қолданылады дейміз. Абай ұсынып отырған бұл білікті сөз кез келген жеке тұлға үшін әмбебап тұжырым ғой.

Құндылық тек этика-эстетикалық салаға немесе жалпы философияның ғана мәселесі емес, сонымен бірге, тіл біліміне де нақты қатысы бар екені анық. Тіл мен мәдениеттің, тіл мен танымның арасындағы тығыз байланыс бар десек, құндылықты анықтайтын ұғымдар тілдік таңбалар арқылы таңбаланып қана қоймайды, әрі тілдік бірліктер негізінде тарихи жадта сақталады, санада сәулеленеді. Құндылық – жеке тұлға мен әлемді байланыстырушы құбылыс десек, сол әлемнің тілдік бейнесі ретінде көрінетін тілдегі атаулардың денотаты ретінде құндылықтың маңызын анықтап, лингво-философиялық, когнитологиялық бағытта қарастыруды да ғылыми маңызды деп бағалаймыз.

Ең алдымен, ерекше атап өткіміз келетіні, ұлт тілінің өзі – ұлт үшін ең басты құндылық. Тілді білу ұрпақ арасындағы байланысты сақтауға мүмкіндік береді. Тіл – әлемнің тілдік бейнесі ретінде жаратылысқа кеңірек қарауға, оны барлық алуан түрлі сипатына түсінуге және жан-жақты қабылдауға, бағалауға мүмкіндік береді. Тіл мен мәдениеттің ажырамас байланысы да осы арқылы айқын көрінеді.

Қазақ тілі – сан ғасырдан бері ата-бабадан мирас болып келе жатқан киелі дүние. Ол – халықтың алтыннан қымбат кені. Тіл – адам баласының әлем бейнесін тану жолындағы түсінігінің, ойының, сезімінің, идеясының, дүниетанымының көрінісі. Тіл – халық тарихы. Тіл – ұлттың жады. Тілде халық жасаған рухани мәдениет пен өркениеттің даму жолы жатады. Қазақ халқының барлық құнарлы ойы, құнды қиялы, ізгілікке негізделген рухани мәдениеті, дүниетанымдық болмысы көркем сөзбен кестеленген. Тілдің болашағын бағамдау үшін, келешек көкжиегінің кеңдігіне көз тігу үшін, оның өткен тарихын, сөз шежіресінің даму жолын білу парыз. Тіл бар жерде ғана ұлт бар, ұлттық мінез бен ұлттық болмысты сақтаушы басты да маңызды тұғыры да осы – ана тілі. Тілдің қасиетін түйсіну, қадірін білу, құндылық ретінде бағалау – ұрпаққа парыз.

Қазақ тілінің кешегі мәйекті қалпын, терең философиялық тұжырымды екі ауыз сөзге сыйғыза білген, мірдің оғындай өткір қалпын терең меңгеру парыз. Ана тілінің қасиетін меңгеру мен меңгерту – ғылыми бағытта парасаттылықпен дұрыс жолға қойылса орынды. Кез келген тілдің өзіндік ерекшелігі мен өзіндік тарихы бар, оларды бірінен-бірі артық не кем деуге ғылыми негіз жоқ. Өйткені кез келген ұлт тілі сол ұлттың жан дүниесінің тереңін танытып, рухын сездіреді, мәдени-рухани дүниесінен ақпар береді. Тіл арқылы берілетін ақпараттың ұлттық негізінің, ұлттық мінезінің сақталуы әлеуметтік құндылыққа, ұлттық мәдениеттің басымдығына айналуы шарт. Ал ұлт тілінің бағалануы мен құндылыққа риясыз айналуы үшін мемлекет жүзеге асыратын тілдік саясаттан оң қабақ керек. Тілдің әлеуметтік құндылығын асыру не кеміту қоғамның өз қолында. Бұл қазіргі қазақ тілінің құндылық ретінде, мәдени-рухани құндылық ретінде, текті құндылық ретінде бағалануынан ерекше байқалатыны рас.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айталы А.Ә. Ұлттану. – Алматы : Арыс, 2000. – 223 б.
2. Абай Құнанбайұлы. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер. – Алматы: Мектеп, -2007. 241-б.
3. Хайдеггер М. Письмо о гуманизме // Человек и его ценности. Ч. 1. М., 1988.
4. http://www.bibikhin.ru/pismo_o_gumanizme. В. В. Биbihин аудармасы. Түпнұсқада: Мартин Хайдеггер “Бытие и время”. – Москва: Республика. 1993.

АБАЙДЫҢ ТІЛДІК ТҮЛФАСЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ұлттың рухани көсемі А.Байтұрсынұлы: «Абайды қазақ баласы тегіс танып білуі керек... Абай сөздері дүнияде қалғаны – қазаққа зор бақ» [1,301], – дегенде абайтануды белгілі бір уақытпен, бір ұрпақ ауысуымен шектемегені белгілі. Иә, Абайтану ғылымы жалғасуда... атқарылған игілікті істер де (таным, таныту, зерттеу, сараптама-пайымдаулар) көп, атқарылары да жетерлік... Соның бір қатары қазіргі тіл білімінің антропоэзектік бағытындағы когнитивтік лингвистиканың өзекті мәселесі – Тілдік тұлға категориясына қатысты болып отыр. Өйткені «Тілдегі – адам немесе адамдағы – тіл» туралы сөз ету дегеніміз – мәдениет, халық, социум, тіпті бүкіл әлем туралы пайымдау екені ақиқат. Абай дискурсының ұлттық таным мен ұлттық рухты танытатын концептуалды жүйесі және прагматикалық деңгейі прагмастилистикалық, когнитивтік лингвистика тұрғысынан, соған сәйкес, талдауға түсуі – заңдылық. Біз Абай шығармаларын зерттеу нысанына алғанда тікелей «таза» әдеби зерттеулер бағытында қарастыруды көздемейміз. Басты мақсатымыз – тілдік тұлғаның (ақынның) рухани-танымдық және көркем-эстетикалық әлемін лингвистикалық тұрғыда зерделеу. Ұлы ақын әлемі гуманитарлық ғылымдар бағытында (оның ішінде әдеби танымға қатысты өте терең зерттеулерде) талдау нысанына алынғанымен, Абай шығармаларының тілі, лингвистикалық қыры толықтыра түсуді талап етеді. Ал бағдар түзер басты еңбек бар! Абай мұрасын тілтану тұрғысынан зерттеудің классигі – академик Рәбиға Сыздықтың Абайтану ғылымына қосқан үлесі орасан зор. Абайдың тілдік әлемін терең де, толымды зерттеп, ғылыми биік өреде зерделеген ғалым еңбектері – абайтанудың, қазақ тіл ғылымының үлкен олжасы екені мәлім [2]. Осы іргелі зерттеуді әрі қарай өз деңгейінде жалғастыру – аса үлкен жауапкершілікті талап етері сөзсіз. Тілдік талдаудағы (оның ішінде Абай тілін танудағы) аксиоманы басқа қырынан тағы бір дәлелдеу мақсаты – бүгінгі тіл мамандарының алдында тұрған іргелі міндет. «Қазақтың бас ақыны – Абайдың» (А.Байтұрсынұлы) ақын ретіндегі суреткерлік шеберлігі мен ой-таным әлемін өзге қырынан тағы бір саралау үшін біз де өз зерттеуімізде қазіргі соны бағыттағы тіл білімі парадигмасының ұстындарына сүйенеміз. Ол үшін ұлт – тіл – мәдениет, уақыт – кеңістік – адам сабақтастығы басшылыққа алынады.

Нәкім Абай – қоғамдық, тарихи прецедент, аты да, ақыл-ойы да ұлттық брендке айналған рухани Тұлға, сондықтан сөз ұстаушы Тілдік тұлғаның когнитивтік деңгейі тарихи-қоғамдық, әлеуметтік мазмұнға қатысты қарастырылуы тиісті. Себебі Абайдың тілдік әлемі мен ол өмір сүрген қоғам жеке-дара бөлшектеніп сараланбау кере, адам → қоғам → адам – қоғамдық тұлға бірлігінде тұтас жүйе ретінде қарастырылғанда барып, шынайы табиғаты ашылатындығы айқын. Қазіргі ғылымның қай саласында болсын Адам концепті ғылыми таным өзегіне айналып, зерттеу әр бағытта: философия, психология, теология, мәдени, әлеуметтік пәндер ауқымында жүргізіліп келеді. Сондай-ақ, Абай шығармалары тіліндегі, дискурсындағы Адам мәні (концептісі) аталған салалармен сабақтаса дәйектелгенде ғана, оның мәні толық ашылатынына көз жеткіземіз.

Абай тілін ХХІ ғасырдағы неофункционалды парадигма арнасында және қазіргі соны ғылым саласы шұғылданып келе жатқан тілдік тұлға теориясымен бірлікте алып қарастыру – күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі. Ол үшін Абай тілдік тұлғасының когнитивті және прагматикалық деңгейін айқындап алып, белгіленген әр деңгейдің жүзеге асуын нақты көрсету үшін бірқатар лингвистикалық мақсат-міндеттердің шешіміне қол жеткізу қажет. Біз «Абай тілдік тұлғасы» атты монографиялық зерттеуімізде осы аталған мәселелердің кей тұстарын тілдік тұрғыда қарастырғанбыз. Қазақ руханиятындағы тұлғалы ғұлама Абайдың руани әлеміне толымды сараптама жасалу үшін әлі де анықтай түсер бірқатар мәселелер орын

алып отырғаны белгілі... 1. Оның бір парасы – «Абай мұрасының рухани нәр алған қазыналы көздеріне» қатысты. Шығыс пен Батыстың көркемдік қазынасын жетік меңгерген һәкім Абай нәр алған осы ғылыми тағылымы мол рухани құндылықты парасаттай отырып, қаншалықты және қалайша кәдеге жаратқанын тілдік аяда саралап бере алу зерттеушіден терең пайымды талап етеді. Бұл межелі міндет- әдебиеттанудың ғана емес, тіл білімі ғылымының да бағдарына айналуы тиіс. «Абайдың поэтикалық қазынасын әдебиеттанушымен қатар тіл маманының көзі-мен де қарап, зерттей түсетін тұстары баршылық. Бұндай «екі қарап бір шоқудың» құндылығы сонда: тұтас алғанда ғана сол мазмұнның тілдік көрінісі-поэтикалық әлемі ашылады»- [2,414] Академик Р.Сыздықтың бұл пікірі өзектілігін ешқашан жоғалтпақ емес. Көркем мәтін – әдебиеттің «денесі» болса, оның бойына қан жүгіртер «тамыры» – сөз,- деген ұстанымды дәлелдеу де артық.

Шығыс пен Батыстың танымы мен тағылымы мол рухани алтын арқауы- тілдік тұлғаның қалыптасуына әсер етуші басты факторлардың бірі деп білеміз. Осы құндылықтарды өз дәрежесінде салмақтау-Абайтану ғылымының межелі биігіне, дәлірек айтқанда, тілдік-лингвистикалық терең зерттеудің әріқарайғы бір өресіне айнала беруі қажет. М.Әуезов ұлы ақынның 100 жылдық мерейтойы тұсында-ақ Абай мұрасы рухани көздерінің танымдық мәртебесін ресми түрде белгілеп бергені мәлім.[2] Ислам философиясы, Ежелгі грек философтары Сократ, Платон, Аристотельдердің ой-маржандарымен қатар, батыс әлеміндегі Д.Дрэппердің «История умственного развития», Г.Спенсердің «Начало социализма» немесе орыс ақыл-ойының алыптары топтасқан «Русская мысль», «Современник», «Вестник Европы» журналдарымен, Н.Карамзиннің «История государства Российского» еңбегі немесе һәкім Абай шөлін қандырған т.б. дерек көздер жөн сілтері анық. Сөйтіп, Абай дүниетанымының рухани тұма бұлақтарын тану үшін тіл танымдық мақсатпен, яғни ақын шығармаларының тіліндегі сол ой көріністерін талдау үшін, деректерді саралап, салыстыра-салғастыра сипаттау және қажет. Тілдік тұлғаның лингвокогнитивтік деңгейін айқындау үшін де ақын ойының сілемдерін бағдарлай отырып, таным аймағына қарай «із кесек», ақын сүйенген ой қазыққа табан тіреуіміз анық. Сонда барып, Шығыс пен Батыс даналарының ой сорабы мен пікір сарабының һәкім Абай рухани әлемімен үндескен үйлесіміне көз жеткізеріміз анық. Абайтануға өлшеусіз үлес қосып келе жатқан ғалым М.Мырзахметов ақынның шығыс әлеміне қарым-қатынасы мәселесін белгілі бір ғылыми жүйеге түсіріп берген болатын.[4] Соған сәйкес, зерттеушілік ізденістер әдебиет танудың ғана емес, тілтанымның да басты бағдары болуы керек. Абай тілдік тұлғасының прагматикалық деңгейін де айқындайтын уәж-себептер сыры осы қайнар көздерден табылары хақ. Ғалымның атап көрсеткеніндей, «Қабуснама» мен Абай Қарасөздерінің құрылысында және жанрлық-стильдік сипатында үндескен қабысулар бары анық. Сондай-ақ француз ойшылы М.Монтеннің жаңа жанр-эссе бағытындағы «Опыты» (Тәжірибе) еңбегі – философиялық, этикалық, педагогикалық, саяси, діни, әдеби және тағы басқа көзқарастарды бір арнағы түйістірген ерекше бір үрдістегі өнер туындысы.

Ал Абайдың Қарасөздері сол бір ой-толғау жинағымен сабақтасып, салаласып жатуы да – ғажап жағдай. Осы екі еңбектің Қарасөздермен үндестігі бар тілдік, лингвистикалық сипатын біз «Абайдың тілдік тұлғасына» қатысты зерттеуімізде нақты мысалдармен көрсеткенбіз.[5] Тілдік тұлға мәселесі – тілдік, экстралингвистикалық (тарихи, мәдени, әлеуметтік, психологиялық) факторлармен бірлікте, кешенді талдауға түсу арқылы ғана табиғаты толық айқындалатын категория. Абай тілдік тұлғасының Шығыс және Батыс ой әлемімен: Абай-Сократ, Абай-Кайқауыс(Қабуснаме), Абай-Монтень шығармаларымен үндестігі – алдағы лингвистикалық зерттеудердің терең таным нысанына айналуы тиіс, өйткені Абай дана әлемдік ой алыптарымен иық тірестіре алатын дәрежеде Сөз айтты емес пе! 2. Абайдың тілдік тұлғасының когнитивтік сипатын айқындау барысында аса мән беретін мәселенің тағы бірі – оның дискурсындағы *сыни линвоменталдық*. Бұны тіпті сыни тұрғыдағы ой бөлісу десе де болар... Ақын шығармаларына ден қойған кей оқырманның: «өлең өзегінде сын көп, замандастары мен заманы сынға жиі ұшырайды, оның себебі не?» деген сұрауына ғылыми уәжді жауап қайыру да аса жауапкершілікті талап етеді. Абай сынының прагматикалық мақсатын пайымдау үшін ақын ғұмыр кешкен заманды, оның саяси-әлеуметтік ортасын танып

білуге тиіспіз. Сол заманның әлеуметтік сипатына келсек, патшалықтың отарлау саясатының әбден асқынып тұрған кезі болатын, олар қазақ даласы билігін тікелей өз қолына алғаны, хандық жойылып, қазақ даласы әкімшілік аймақтарға бөлінгені тарихтан белгілі жайт. Сол кезде олардың айдап салуымен болыс, старшындар арқылы ел ішінде ала ауыздық туып, пәле-жала, ұрлық-зорлық, ұлыққа арыз айту сияқты жүгенсіздіктер көбейеді. Сонымен бірге бұған ұлттың өз ескі мінезі қосылып, кеселдер көбейе береді, сөйтіп әр ұлтта да болатын мінез-құлық кінәраті одан әрмен ұлғая түседі – осының бәрі Абайды «ұлы сия, ащы тілді» безеуге «мәжбүрледі». Сол себепті: Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесең істің бәрі бос; Малыңды жауға, басыңды дауға қор қылма, қорға, татулас; Таласып босқа, Жау болып досқа, қор болып құрып барасың; Қайнайды қаның, ашиды жаның мінездерін көргенде, – деп күйінді. Алайда, бұл халқын сынап отырып, қалтқысыз сүйген үлкен жүректің қынжылысы емес пе! Ұлт қамын ойлаған, елінің мұң-мүддесін көздеген, халқының басқалармен білімде де, кәсіпкерлікте де, өнерде де теңесуін ойлаған арман аңсары деп танаймыз ғой! Абай сыны тым ащы дейміз. Әйтседе, ол сын елін жек көріп, еңсесін басу үшін емес, елінің ертеңін ойлағандықтан айтылды. Ол пенделіктен адамшылықты жоғары қою мақсатында жұмсалған сөз-қару екені айқын. Абай жамандықтан сақтандырады! Ұлт руханиятындағы биік тұлғамыз – А. Сейдімбек дәл бағасын бергендей: «Абайдың сыншылдық зердесін танытатын бұлтартпас айғақты оның өлеңдері мен қарасөздерінің кез келген орамынан кезіктіруге болады. Абай көрген, Абай сынаған еріншектік, бекер мал шашқыш дарақылық, жалқаулық, күншілдік, өтірік-өсекке әуестік, мақтаншақтық, жағымпаздық, жікшілдік т.б. сорақылықтар себебі неде... Міне, тарихи шындық үшін де, әсіресе, Абайдың сыни зердесін сыншыл қалпында тану үшін де айрықша мәні бар мәселе осы болса керек. Алайда мәселенің түйіні, Абай сынап отырған жағымсыз құбылыстардың тарихи-әлеуметтік сыр-себебін тап басып саралай білуде болса керек».[6, 434] Иә, келешек ұрпаққа кесепат- кесірін тигізбеу үшін Сөз – қаруымен қарсы тұрды! Сынады! Жамандықпен күресті! Азаматтық парызын солай орындамақ болды! Ұлы Әуезов те «Абайдың ұстаздық, әлеуметтік талабының түп мақсаты жеке адамдарды жаманшылықтан арылтып, сол арқылы заманындағы қауым-қоғамын және бар халқын түзетпек болады», – деп пайымдаған еді. Міне, осы жайттардың мәніне (Абай тілдік тұлғасын, азаматтық болмысын толық тану үшін) ақынның әр шығармасының жазылу уәжін сараптап, тілін талдап, мәтін дискурсына терең бойлау арқылы ғана қаныға аламыз. Сонда ғана ұлы ақын, қоғам қайраткері, хәкім Абайдың рухани әлемін оның тілдік тұлғасы арқылы барынша жарқырата көрсетуге қол жеткіземіз. Ащы сынның ащы себептері де сонда ашылады...

3. Абай тілдік тұлғасының ақпараттық, прагматикалық қызметінің *аударма үдерісінде толыққанды сақталуы мәселесі*. Қазақстан Республикасының президенті Қ.К.Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Дүние жүзінде бүкіл адамзатқа ортақ ойшыл ретінде танылған тұлғалар баршылық, мысалы, Қытай дегенде Лао-цзы мен Конфуций, Ресей дегенде Достоевский мен Толстой, Франция дегенде Вольтер мен Руссо бірден ойға келеді. Сол сияқты шетелдіктердің бәрі бірдей Қазақстан дегенде бірден Абай есімін айтатындай дәрежеге жетуіміз керек. Өзге жұрт «қазақ халқы – Абайдың халқы» деп бізге ілтипат білдіріп отырса, зор мәртебе болары анық... Ең алдымен, Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде насихаттауымыз керек, Абайды жаңа Қазақстанның брендті ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет. Бұл ұрпақтың қастерлі борышы», – деп атап көрсеткен болатын.[7] Әрине, өзге мәдениетке танытудың бірден-бір жолы – тәржіма. Ол халықтар арасындағы мәдени-рухани байланыстарды орнықтыратын пәрменді әрекет қана емес, тіл қызметінің көрінісі де. Абай шығармашылығы, Абай әлемі – мәдениеттің де, әдебиеттің де ауқымынан асып кеткен ерекше құбылыс, феномен. Бүгінгі ғылыми нысанда Абай әлемі әр қырынан зерттелу үстінде. Абай шығармалары өзге тілдерге аударылудан кенде емес. Жетістіктер мен кемшіліктер де жетерлік. Сонымен, Абайды таныта алдық па, өзге жұртқа мойындата алдық па? Өзге мәдениетке «қалай сапар шекті», бөтен тілге қалай аударылған екен? Аударма үдерісінде аудармаға да, аудармашыға да қойылатын талаптар қатаң сақталуы қажет екендігі белгілі. Аудармашы шеберлігі, аялық білімі қандай дәрежеде, сонымен қатар, лингвомәдени күзиреттілік деңгейі қандай сапада? – деген сан-салалы сұрақтар (мәселелер)

тууы әбден ықтимал. Оның үстіне, аударма үдерісіндегі экстралингвистикалық және интролингвистикалық факторлар ескерілуі және белгілі. Аударма барысында кездесетін лингвоэтикалық кедергілерден қалай «өтеміз»? Ақын шығармаларындағы лингвомәдени бірліктерді аударуда ұлттық мәдени колорит сақталған ба? Аударма шығармашылығында Абайды тек қана ақын деп қабылдау немесе көркем ой тұрғысынан ғана баға беру ұлы ақынның кең диапазонын қолдан тарылтқандық болып табылар еді, оған қоса Абай шығармалары – өз заманының шежіресі екенін де естен шығармағанымыз абзал. Көркем аударма арқылы ұлттық әдебиетіміздің әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-танымдық мәртебесі биіктер түсері даусыз.

Ой қорытар болсақ, белгілі абайтанушы ғалым Р.Сыздықованың мына пікір-ұстанымы лингвофилологиялық әрбір зерттеудің негізгі мақсатына сай ескерілген ұстаным болар еді: «Абайдың әрбір қолданысын, сөзін, сөз тіркесін, сөйлемін, өлең құрылымын, ұйқасын, ырғағын т.т. жеке-жеке талдасақ, көп нәрсені көрер едік, поэтикалық тілге қатысты бірқатар теориялық мәселелерге барар едік. Әрине, бұл бірер зерттеудің, бірер зерттеушінің жүгі емес. Және мұндай талдаулардың қыры да (ғылыми аспектісі) әр алуан болмаққа керек. Сондықтан ұлы Абай қалдырған тіл жұмсау, тіл өрнегін салу үлгісін (тәжірибесін) талдап-таныту – әрі қарай жүргізіле беретін, ғылымның арнайы бір тармағына айналатын жұмыс деп ойлаймыз» [2,482]. Ғалымның осы зерттеушілік пайымы мен болашаққа бағдары Абай танымының (танудың ғана емес) тереңдігіне нұсқаған интеллектуалды өлшем болса керек. Сондай-ақ, бұл – абайтану ғылымы толассыз жүргізіле беретін зерттеме, тұңғиғына тарта беретін шеберлік иірімі болып отырғандығымен және байланысты. Абай сынды ақыл-ой Әлемінің және Сөз құдыретін танытушы Тұлғаның деңгейін зерттеп тауысу, толық тану мүмкін еместігіне Абай мұраларының тереңдігі дәлел бола алады. Жеткен жеріңнен жаңа бір таным биігі басталатын білімнің асқар шыңы болуы – Абай Сөзінің құдіреті мен өміршеңдігінің бір белгісі...

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. Ақ жол: Әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1994. – 464 б
2. Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. – 616 б .
3. Әуезов М. Абайтану мәселелері. – 20 т. – Алматы: Жазушы, 1985. – 496 б.
4. Мырзахметов М. Абай және Шыңғыс.– Алматы: Қазақстан,1994.-208 б.
5. Мұратова Г. Абайдың тілдік тұлғасы монограф. –Астана, 2016. –256 б
6. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. – Алматы, Санат 1997.-464 б.
7. Тоқаев Қ.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. «Егемен Қазақстан» 09.01.2020.

Айжан Картаева,
филология ғылымдарының докторы,
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан
университетінің профессоры

АБАЙ МЕН МҰХТАР ӘУЕЗОВ ӘЛЕМІНДЕГІ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚ

Абай Құнанбаев пен Мұхтар Әуезовтің есімдері бұл күндері ұлттық сана-сезімде мәңгі аталатын ұлы тұлғаларға айналды. Дана Абайды қазақ халқының рухани ұстазы ретінде тануымыз ұлы ақынның өз мұрасы арқылы ғана емес, сонымен бірге әлемдік көркем ойдың алтын қазынасына айналған М.Әуезовтің тарихи эпопеясы арқылы жүзеге асты. Бұл ретте ең бірінші тілге тиек етеріміз – М.Әуезов әлемінің Абай әлемімен рухани сабақтастық мәселесі.

“Бүгін біздің назарымызды көбірек аударуға тиіс нәрсе Мұхтар Әуезовтің ұлы Абаймен рухани жақындық-жалғастығы. Мұның өзі дүниежүзі әдебиетіндегі айрықша құбылыс. ...Абайды әлемге әйгілеу үшін Әуезов қандай қажет болса, Мұхтар Әуезовтің дүниежүзі мәдениетінің биігіне көтерілуіне Абай мұрасы, Абайдың өнерпаздық, ойшылдық дәстүріндей үлкен тірек сондай қажет еді”, – деп академик З.Ахметов Абай мен Мұхтардың рухани сабақтастығының дүниежүзі әдебиеті үшін маңызы зор екенін атап көрсетеді [1, 32 б.].

М.Әуезовтің көркемдік-эстетикалық нысанасы, суреткерлік тұрғысы, шығармашылық ойлау даралығы Абайдың көркемдік үлгі-өнегелерінен бастау алады. “Сондай өте қажетті де күрделі проблеманың бірі – “Абай мұрасы М.Әуезов творчествосында” деп аталатын тақырып қазірдің өзінде зерттеу нысанасына алынуда. Өйткені бұл мүлде тың мәселе... Абай қалыптастырған дәстүрдің жазушы творчествосында көрініс беріп, келісімді жалғастық тапқан соны қырларын ашу мүлде жаңа танымдарға бастайды», – дейді ғалым М.Мырзахметұлы [2, 196 б.]. Демек, М.Әуезовтің көркемдік әлемін, жазушылық даралығын зерттеу Абайдың шығармашылық мұрасына апарып саятыны сөзсіз.

Абай мен М.Әуезов шығармашылығы арасындағы рухани үндестік мәселесі 70 жылдардан бастап ғылыми еңбектерде ауызға алына бастайды. Мұхтар Әуезовтің туғанына 70 жыл толуы қарсаңында академик Р.Нұрғали 1967 жылы “Қазақ әдебиеті” газетінде жариялаған “Тақырыппен табысу” атты мақаласында, “Трагедия табиғаты” (1968) атты монографиясында, “Әуезов және Алаш”, “Сөз өнерінің эстетикасы” [3] атты еңбектерінде Абай мұрасының жазушыға тигізген әсері жөнінде тоқталып өтеді. Абай шығармашылығын, поэзиядағы Абай дәстүрін зерттеген ғалым А.Нұрқатовтың “Жалғасқан дәстүр” (1980) атты еңбегінде М.Әуезовтің “Абай жолы” романындағы Абайдың ақындығы мәселесі қарастырылып, ақын шығармаларының туған сәті жайында айтылады [4]. Академик З.Қабдолов «Арна» атты зерттеуіндегі «Абай және Әуезов» атты мақаласында [5, 44 б.], З.Ахметов «Абай және Әуезов» атты мақаласында ұлылар арасындағы рухани жақындыққа тоқталып, аталмыш тақырыптың маңыздылығына назар аударады [6].

Абай мұрасын ғылыми-шығармашылық тұрғыдан зерттеп, абайтану ғылымын қалыптастыру жолындағы М.Әуезовтің көп жылғы еңбегі туралы профессор М.Мырзахметұлы “М.Әуезов және абайтану проблемалары” (1992), “Абай және Әуезов” (1997) атты зерттеулерінде арнайы қарастырады. Философия ғылымдарының докторы А.Тайжановтың зерттеу еңбегінде М.Әуезов шығармашылығының дүниетанымдық өзектеріне Абайдың рухани ұстаз болғаны аталады. М.Әуезов шығармашылығындағы Абай дәстүрі жайлы профессор Ж.Дәдебаев, профессор Т.Жұртбай еңбектерінде де кеңінен сөз болады.

Бала кезінен Абай шығармаларын санасына сіңіріп өскен Мұхтар ақын жайлы жазуды он тоғыз жасында-ақ армандаған болатын. Әйтсе де М.Әуезов Қазан төңкерісінен кейінгі жылдардан бастап-ақ Абай мұрасының жиналуы мен зерттелуі туралы мәселеге қызу араласа бастаған еді. Әрі М.Әуезовтің Абай өмір сүрген ортада туып, жастайынан ақын шығармаларымен таныс болып өсуінің де белгілі дәрежеде мәні бар. Өйткені, ол сол дәуірдің ірілі-ұсақты

оқиғаларын, ұлы ақын туралы ел арасындағы сан қилы әңгімелерді ой дүниесіне тоқи жүргендіктен, Абай өмірінде кездескен көп оқиғалардың сырын Абай мұрасын зерттеушілердің көбінен әлдеқайда жетік білді. Бұл жағдай Абай мұрасын жинап зерттеудегі М.Әуезовтің орасан зор еңбегінің жемісті болып аяқталуына айтарлықтай септігін тигізді.

Абай мұрасынан нәр алып сусындаған, ақын дәстүрін бойына сіңіріп өскен М.Әуезов оған рухани жағынан өте жақын болып кеткен. М.Әуезовтің Абайды білгені соншалық, соған рухани бар болмысымен сіңісіп кетеді. Жазушы шығармашылығы ақын рухымен шығып отырады. Әуезов шығармашылығын зерделей қарағанымызда анық байқағанымыз, оның «Абай» пьесасы мен «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абай қалыптастырған мұраның іздері. Өнер адамына арналған көркем туынды жазып отырғандықтан, Абай образын ашуда жазушы ақынның өз шығармаларын шебер де келісті пайдаланған. М.Әуезов шығармашылығында жіптей есіліп отыратын басты нәрсе – ақынның ақындық қасиеті. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы басты кейіпкер – творчестволық тұлға. Ақынның шығармашылық психологиясын беру үшін жазушы Абай шығармаларының тамыр тартқан тереңіне үңілген, өлеңдері мен қарасөздеріне иек артқан.

М.Әуезов Абайдың өлеңдері, қарасөздері, аудармаларын эпопеяның сюжеттік желісіне сай идеялық мақсатта пайдаланып отырған. Ақын өлеңдерінің қалай туғаны, кімге арналғаны, оның орындалуы мен таралуы сияқты көптеген мәліметтер беріп отырады. Жазушы эпопеяда ақын өлеңдері мен қарасөздерін бастан аяқ сол қалпында тізбектеп пайдалана бермейді де, көбінесе шығармашылық еркіндіктерге барған. Автор ақынның әрбір өлеңінің тарихымен таныстырып жатпайды да, оның орнына, ақындық лабораторияны, ақындық психологияны қаламгерлік шеберлікпен барынша ашып суреттейді. Яғни Абайдың ақындық, қоғамдық, гуманистік, ойшылдық, даналық тұлғасын жан-жақты танытатын тарихи кең құлашты эпопея туғызып, сан ғасыр ұрпақтары оқи берер мәңгілік туындысын жазып қалдырды.

Әуезовтің әр шығармасында Абай поэзиясының, ақын қарасөздері әсерінің іздері сайрап жатады. Соның ішінде, М.Әуезовтің “Адамдық негізі – әйел”, “Ескеру керек”, “Қазақ қызметкерлерінің міндеті”, “Оқудағы құрбыларыма”, “Қайсысын қолданамыз”, “Философия жайынан”, “Оқу ісі”, “Ғылым тілі”, “Ғылым”, «Қазақтың өзгеше мінездері» атты мақалаларынан Абай қарасөздеріндегі ой толғамдарының әсерін көруге болады. Жазушының алғашқы мақалаларындағы гуманистік идея басымдығына, қоғамдық пікірлерінің өткірлігіне Абай мұрасының игі ықпалы болған. М.Әуезовтің көсемсөзде-рінде көтерілетін мәселелер Абай шығармаларындағы даналық ойлармен сабақтасып жатады.

«Менің тілімде Абай тілінің өрнек, бояуы бар», – деп М.Әуезовтің өзі атап көрсеткендей, жазушы шығармашылығында Абай тілінің сөздік өрнегі кездесіп отырады. Соның ішінде, М.Әуезовтің 20-шы жылдары жазған алғашқы әңгімелері «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Барымта», «Ескілік көлеңкесінде», «Кінәмшіл бойжеткен», «Сөніп-жану», «Кім кінәлі?» әңгімелері мен «Көксерек», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман» повесінде. Қазақ драматургиясын биікке көтерген «Еңлік-Кебек», «Қарагөз», «Абай», «Түнгі сарын», «Хан Кене» пьесаларын оқып отырғанда, Абайдың поэтикасының сарынын, поэзиясындағы ақын тілінің кейбір сөз оралымдарын кездестіруге болады.

Абай мұрасы мен М.Әуезов шығармашылығы арасындағы байланыстың, сабақтастықтың сан сала, бағыттары, арналары мол. Соның ішінде екі ойшыл дананың рухани сабақтастығы олардың өмір сүрген қоғамдық ортасы мен заман болмысындағы ортақ көріністерде жатыр.

М.Әуезов Абай ғұмыр кешкен әлеуметтік ортада жасап, ақын өмір сүрген дәуір болмысын көзімен көріп, іштей сезініп өсті. Сол кезеңнің заңды жалғасы – саяси көрінісін, патша өкіметінің қазақ даласына жүргізген отаршылық езгісін, ел басқару жүйесін біліп өсті. Сол кезеңдегі әкімшілік жүйені орнатып отырған отаршылдық мүдденің қазақ даласына енгізген саясатын Абай сияқты Әуезов те шығармаларында қатты сынға алған. Абайдың халық жайлы, ел жайлы азаматтық, қоғамдық сарыны жазушы шығармаларында кеңінен сөз болады.

Абай өмір сүрген заманның шындығын М.Әуезов өзінің туындыларында көркемдік шешіммен бедерлеп көрсетеді. Әсіресе, қазақ сахарасындағы саяси жағдайдың ерекше көрінген тұсы – болыстық сайлауды «Абай жолы» роман-эпопеясында өте әсерлі суреттейді.

Мәселен: «Алда екі, үш айдан соң болатын сайлауға шейін бүкіл Шыңғыс елін Құнанбайларға түгел қарсы әзірлейді. Партияның тартысына ат пен пұлды астыртын беріп, елу басы атаулының барлығын осындай құпия батамен, қатты сертпен тартады. Малды да, сырды да көпке жаймайды» [7, 34]. Барлық пара мен пұлды болыс болудың жолына даярлап, сол үшін әлек болып жатқан атқамінерлерді жазушы осылай бейнелейді.

Абайдың «Күлембайға», «Мәз болады болысың», «Көжекбайға», «Мұқыр болысы Дүтбайға арналған», «Антпенен тарқайды» атты өлеңдеріндегі болыс-билердің арасында жүріп жататын дау-шар, сатқындық, паракорлық, болыс сайлауы алдындағы қарсыластарына жабылған жала, шектен тыс жасалған озбырлық, жемқорлық, халыққа көрсеткен зорлық, әсіресе, сайлау қарсаңында патша чиновниктері алдындағы шексіз жағымпаздық «Абай жолы» эпопеясында қаз қалпында суреттеліп, өлтіре сыналған.

Абайдың асқан ақындық және данышпандық қасиетке жетуіне себепші болған оның мол қайнар бұлақтары мен бастаулары еді. Абай шығармашылығына рухани азық болған, оның нәр алып сусындаған арналары: халқымыздың бай ауыз әдебиеті, ақын-жыршы, шешендер, жыраулар поэзиясы мен Шығыс әдебиеті және Батыс әдебиетінің озық үлгілері еді. Абайдың нәр алған тұнық қайнар бұлақтарынан Мұхтар Әуезов те сусындап, өзінің жазушылық, ғалымдық, суреткерлік дарынына азық етті. Үлкен ғылым ордалары Ташкент, Ленинград университеттерінде оқып, ірі қалаларда қызмет істеп, әдеби-мәдени кең орталықтарда жиі болып, шетелдерге іссапармен шығуына байланысты жазушының қайнар көздерінің ауқымы мол.

М.Әуезов шығармашылығының нәр алған алты қайнар бұлақтары: туған халқының әдебиеті, Абай тағылымы, Ояну дәуіріндегі қазақ әдебиеті, Шығыс әдебиетінің жауһарлары мен еңбектері, Түркі халықтары әдебиеті, Орыс әдебиеті мен Батыс мәдениетінің үлгілері. Осы аталған Әуезов шығармашылығының қайнарлары Абайдың нәр алған қазына көздерімен сабақтасып жатады.

XIX ғасырда қазақ поэзиясына Абайдың әкелген жаңалығын XX ғасырда проза жанрында М.Әуезов дамытты. Жазушының «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері» алғашқы әңгімелері болғандықтан, халқының бар тіл байлығының шұрайларын, өзінің рухани ұстазы Абайдың сөздік өрнектерін пайдаланғаны байқалады. Мысалы: «Ауылдардың арасымен жасыл сайды жарып аққан жіңішке өзен. Кейде тура ағып, кейде иіріліп, бұраң-шимай жасайды. Жаңа жамыраған қозылар енелерімен бірге, у-шуынан басылып, ауылдардың екі жағындағы адырларға тырағайлап өріп барады» [8, 173]. Абай: «Сыбдыр қағып, бұлаңдап ағады су», -деп айтса, М.Әуезов: «Кейде тура ағып, кейде иіріліп, бұраң-шимай жасайды», -деп өзеннің ағысын қара сөзбен жетілдіре түседі. Ақынның образды суреттеуіндегі кейіптеу тәсілін жазушы түрлендіре, құлпырта жандардырады. Сұлу табиғат аясындағы көшпелі елдің тұрмысы Абайдың «Жаз», «Жазғытұры» атты өлеңдерінде тамаша жырланған еді. Қазақ поэзиясында табиғат лирикасының тұңғыш негізін салған Абай өлеңдеріндегі пейзаж көріністерінің тамаша өрнектері М.Әуезов прозасында түрленіп, құлпырып, ажарлана түседі.

Абайдың ару қыздардың келбетін жасаған өлеңдерін сөзбен салған сұлу мүсін деуге болады. Абайдың «Білектей арқасында өрген бұрым», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Көзімнің қарасы» өлеңдерінде сұлу қыздың кескіні көркем шеберлікпен суреттеледі. М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясындағы сұлу қыздардың портретін Абай өлеңдеріне сүйеніп жасаған. Қаламгердің поэзияны проза тіліне айналдырып жазғанда, онан әрі әрлендіріп, жандандырып, ажарландыра түседі. Бұл тәсілді қолдану барысында жазушының хас шеберлігімен танылады. Мәселен: «Кім кінәлі?» атты әңгімесінде М.Әуезов Ғазизаның кескінін былай суреттейді: «Аз ғана уақыт өткен соң есік жаққа көзін салып отырған Ісләмнің құлағына ақырын сылдырлап келе жатқан шолпы даусы естіліп, біраздан соң үйге Ғазиза кірді. ...Сәнді киімді Ғазиза кіргенде, үйдің ішіне айрықша көрік, жарастық белгісі бірге кіргендей болды. Жастар біріне бірі қысылып қарап, ақырын амандасқанда Ғазизаның ақшыл беті дуылдап қызарып кетті» [8, 402 б.]. Ғазизаның кескінін келістірген сәтінде жазушы Абайдың: «Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын» деген өлең жолын «ақырын сылдырлап келе жатқан шолпы даусы естіліп» деп қарасөзге айналдырып қолданады. «Абай жолы» эпопеясында

М.Әуезов Тоғжанның портретін бейнелегенде, оның шолпысының сылдырын жас Абайдың жүрегін толқытқан сиқырлы күші бардай етіп, үлкен мән беріп, арнайы суреттейтінін білеміз. Мысалы: “*Сылдырлаган шолпысы, әлдеқандай былдырлаған тілменен Тоғжанның келері мен кетерін паш етеді*» [7, 109 б.].

Әуезов өзінің эпопеясында Абай шығармаларының сөздік қорын, тілдік ерекшеліктерін молынан пайдаланған. Бұл ойды жазушының өз сөзі растайды: «Сөздік жағынан менің романдарымның Абай өмір сүрген тарихи дәуірге сәйкес ерекшеліктері мол. Оның үстіне мен Абайдың өз шығармаларының сөздік қорынан да мейілінше пайдаландым» [9, 20 б.]. Қазақ әдеби тілінің сөз кестесіне, сөз образдарына Абайдың әкелген жаңалықтарын М.Әуезов туындыларында дамытып, түрлентіп, құлпыртып береді. Образды айқындап, анықтап тұратын көріктеу құралдарының бірі эпитеттің ортақ түрлері Абай мен Әуезов туындыларында молынан кездеседі.

Абайдың «Жаз» өлеңіне назар аударсақ:

Жаздыкүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын бәйшешек, –

деген жолдардағы бәйшешекті айқындап тұрған *көкорай шалғын* сөзі «Абай жолы» эпопеясының «Бел-белесте» тарауындағы мына үзіндімен сәйкес келеді: «... Бүлдірген иісі аңқыған, *көк майса шалғыны* бар, жасыл беткейде балалар жеміс теріп жатқалы көп боп еді» [8, 143 б.]. Жазушы бәйшешекті Абай тілінен сәл өзгертіп, көк шалғын деп береді.

Абайдың толық адам жайындағы танымы «Абай жолы» роман-эпопеясының өн бойынан табылып, шығарма барысында оқиға желісімен өрбітіле дамып отырады. Абайтану саласындағы зерттеулерінде М.Әуезов «нравственная личность», «гармоническая личность» деген терминдік сөзді беріп отырады. Ақынның қарасөздерін зерттеген еңбегінде бұл ойын толық адам болудың шартымен таныстырады. Абай дүниетанымын терең танып біліп отырған М.Әуезов зерттеулерінде терминдік сөздермен ғана атап өтуінің мәні – сол уақыттағы сыңар-жақ саясат кесірі еді. Сол себепті бұл ойларын автор «Абай жолы» эпопеясында көркемдік тәсілмен өткізіп, таратып келтіреді.

«Жолда» тарауында бозбала Абайдың Қарқаралыда Бөжейдің батасын алғанда жан дүниесі тебіреніп тұрып мынадай ойға батады: «Бұл ой Абайға ең алғаш келген ой еді де... және тіпті өз ойы сияқты көрінді. Анығында: «*ақыл, қайрат...*», «*ақыл мен бақыт, байлық*» дегендердің өзара дауы, таласы деген «парсы, түрік» тіліндегі кітаптардан былтырлар бір оқыған нақыл әңгімесі бар-ды. Қазірде Абай соны өмірден тапқанына да дән ырза... Өз ақылымен тапты... Тапты да: «Осының бәрі бір жерде, бір кеудеде, бір адамның ішінде болмаққа лазым...» деп, өзгеше бір сенімді байлау жасады» [7, 89 б.] деген ой толғаныстарындағы кемел адам туралы шығыстық кітаптардан түйген ойы кейіннен эпопея оқиғасының желісінде суреттелетін Абайдың өмір белестеріндегі адамгершілік мұраттары белгі беріп отырады.

Мұхтар Әуезов – Абайдың өнердегі дәстүрін жалғастырушы. Абай дәстүрін Әуезовтің жазушылық шеберлікпен жалғастыруы – олардың туған жер, өскен ортасы, рухани нәр алған қазына көздері, дүниетаным өзектері, өмір сүрген дәуір болмысы, сөздік қорындағы ортақ ұқсастықтар және сан сала қырынан келіп шығады. Екі ғұламаның ойшылдық, гуманистік, ағартушылық, сыршылдық, сыншылдық, суреткерлік қырлары сабақтасқан, тұтасқан дүние деп қараймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахметов З. Мұхтар Әуезов – қазақ әдебиетінің классигі / Кітапта: М.Әуезов – XX ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисі. – Алматы: Ғылым, 1997. – 163 б.
2. Мырзахметұлы М. Әуезов және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 272 б.
3. Нұрғалиев Р. Тақырыппен табысу // Қазақ әдебиеті. – 1967. – 14 июль. – Б. 3.
4. Нұрқатов А. Жалғасқан дәстүр. – Алматы: Жазушы, 1980. – 312 б.
5. Қабдолов З. Абай және Әуезов / Кітапта: М.Әуезов – XX ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисі. – Алматы: Ғылым, 1997. – 163 б.
6. Ахметов З. Абай және Әуезов // Қазақ тілі мен әдебиеті. –1995. – № 4. – Б. 3-1.

7. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 1989. – I т. – 608 б.
8. Әуезов М. Көксерек повесі мен Бүркітші және басқа әңгімелері. Құраст. О.Асқар. – Алматы: Балауса, 2006. – 512 б.
9. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1959. – 555 б.

АБАЙДЫҢ «ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ» ЖАНРЛЫҚ СИПАТЫ

Жанр туралы тұжырымдардың бастауы көне замандарда жатқандығы көркем әдеби үдерістің үздіксіздігін айқындайды. Көркемсөз туындыларын ерте кезден эпос, лирика, драма деп аталатын үш текке бөлу дәстүрі, ақынның өз атынан сөйлеуі лирикаға тән екені, шығарманы кейіпкерлердің пікір алмасуына құру және ақынның кейіпкерлер сөздеріне араласпауы трагедия мен комедияға тән болуы, ал өз сөзін бөгде сөзбен біріктіруі әрі арасында өз атынан сөйлеуі эпосқа тән екендігі Сократ, Платон, Аристотель, Гегель пайымдарынан танылады[1,308].

Ұлттық әдебиеттануда ғұлама А. Байтұрсынов «әдебиет сөзін» әуезе, толғау, айтыс деп үш «тапқа» бөледі. Әуезеде «әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқарғы ғаламда болған істі әңгіме қылатынын, толғауда толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алатынын», ал «айтыс қазақта ауыз әдебиет түрінде болғанмен, айтыс-тартыс түріндегі сөздер басқа жұрттарда жазу сызу, өнер ғылым шыққан уақытта болғанын» пайымдай келіп, «қазақтың Абай сөздерінен басталатын Европа үлгісіндегі сындар дәуірі әдебиетіндегі айтыс-тартыста ақын өз басындағы емес, басқаның басындағы уақиғаны көрсетіп, өз басынан, өз көңіл күйінен еш нәрсе қатыстырмайтынын тұжырымдайды. [2,407;409;457]. Көрнекті зерттеуші В. Шмид «Нарратология» атты еңбегінде көркемсөз жанрларын үш текке бөлу б.з.д. IV ғасырда өмір сүрген Диомед «Грамматикасында» да көзге түсетінін, жалпы орта ғасырда жанрларды сөйлеуші инстанциялар белгісіне қарай ажырату-жанр типологиясына жол ашқанын байыптайды.[3,109].

Аристотель үштігі әдеби шығармашылықта дәстүрлі және бөлінбес үстемдікке ие болғанмен, «тектен тыс», дәстүрлі емес формалардың да романтизмнен кейінгі өнерде тамыр жайғанын, сондықтан платон-аристотель-гегель үштігін қазіргі уақытта азда болса қайта қарастырудың қажеттігін пайымдауға болатындығын уәж ете келіп, әдебиет теоретигі В.Е. Хализев XX ғасыр әдебиеттануында В.Д. Днепровтың романды, Я. Е. Эльсбергтің, Ю. Б. Боровтің сатираны, кино теоретиктерінің сценарийді текпен қатар қойып, төрт, я бес тек ұғымын негіздеп, дәстүрлі үштікті, толықтыруға әлденеше рет ұмтылыс жасағанын алға тартады. [1,332]. Десе де, жанртанушылар эпос, лирика, драма тектеріне толық жатпайтын тектен тыс шығармалар бар екенін жоққа шығармайды. Оларды тектен тыс жанрлық түрлер сипатында танытады. Зерттеушілер сондай түрлер қатарына көркем очерктерді, «сана ағыны» әдебиетін, сондай-ақ, қазіргі заманда оқырман ықыласына ерекше ие болған лирикамен үндестіктегі эссеистиканы қосады. Біздің осы орайда, көне заманнан бергі көркемсөз үлгілерін текке бөлу тарихына шолу жасауымыздың басты себебі, А. Байтұрсыновша айтсақ, қазақтың сындар дәуірі әдебиетінің бастаушысы болған ұлы ақын Абай Құнанбайұлының қара сөздерінің жанрлық сипаттарын байыптауға ұмтылыс болып табылады. Бұдан Абайдың қара сөздерінің сыры мен сыны, түрлік сипаты бұған дейін зерттеу нысаны болмады деген ұғым тумайды. Әрине, Абайдың қара сөздері күні бүгінге дейін көптеген ғылыми, публицистикалық, әдеби мақалалардың және ғылыми диссертацияның да зерттеу нысаны болғаны анық. Соған қарамастан, біз сол ғылыми ой-пікірлерді жинақтай қарастырып, әсіресе, ақынның қара сөздерін жанрлық-стильдік тұрғыда зерделеген еңбектердің мән-маңызына үңілуді жөн көрдік.

Зерттеушілердің қай-қайсысы да Абайдың қара сөздерін ғылыми тұрғыда зерттеудің бастауы М.О. Әуезов еңбегінен өрістейтінін тұжырымдайды. Дегенмен, осы тұста Абайдың қара сөздерін зерделеген Х. Сүйіншәлиев, З. Ахметов, Р. Сыздықова, С. Қасқабасов, Ш. Елеукунов, М. Сильченко, М. Мырзахметов, Қ. Өмірәлиев, Т. Қожакеев, Д. Ысқақұлы, Ж.Ысмағұлов, Ж.Шойынбет, А. Көбесов, Ғ. Есім секілді басқа да зерттеушілерді атау лазым болса керек.

Абайдың қара сөздерінің жанрына нақты қатысты сүбелі еңбек сипатында Ж.А. Шойынбеттің «Абайдың қара сөздерінің жанрлық және стильдік ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертациясын атауға болады. Зерттеушінің бұл еңбегінде жоғарыда аталған ғалымдардың Абайдың қара сөздері туралы ой-пікірлері сараланады. Сондықтан, біз аталмыш авторлардың еңбектерімен жекелей таныс болғанымызбен, сол көзқарастарды жинақтай саралаған және Абай қара сөздерінің жанрлық-стильдік сипатын басты зерттеу нысаны еткен диссертациялық еңбектегі түйінді тұжырымдарды қарастыруды жөн көреміз.

Шынында, жанр – өзгеріс үстіндегі құбылыс, тұрақты белгілердің жиынтығы. Сол тұрақты белгілеріне сәйкес жіктеледі. Тіпті, зерттеушілер лиризм, эпизим, драматизм барлық әдеби тектерде болатынын тұжырымдайды. Әдеби текке қарағанда, жанрларды жүйелеу және жіктеу қиындық туғызатыны белгілі. Әуелі бұл олардың өте көптігінен: әрбір көркем мәдениетте жанрлар өзіндік сипат иеленеді[1,333]. Бұл мәселені диссертация авторы да ескереді. М. Әуезовтің Абайдың қара сөздерін сюжетті шығарма емес, мемуар емес, көркем сөз түрі, ойшылдық, сыншылдық, адамгершілік мәселелеріне арналған өсиет тәрізді деп танығаны барлық зерттеу еңбектерде қамтылады. Диссертацияда автор Абай қара сөздерін арнайы зерттеген Х.Ж. Сүйіншәлиевтің «Абайдың қара сөздері» деген 1956 жылғы еңбегінде («XIX ғасыр әдебиеті», 1992 ж. Алматы, «Ана тілі») ғалымның қара сөздерді шағын проза түрі деп танып, түгел қырық екі сөзін бес топқа бөлгенін қарастырады: 1.Өсиет ғақлия(поучение, рассуждение); 2.Тастих (утверждение) ретінде келетін философиялық трактат; 3. Нақыл сөз (афоризм, изречение); 4. Кеңес әңгіме(беседа), дидактикалық насихат (назидание); 5. Сын мақала ретіндегі публицистика; 6.Көркем прозалық элементтері бар әңгіме». Қара сөздердің осы жіктеуі туралы Ж. Шойынбет: «Х. Сүйіншәлиевтің Абай қара сөздерін әр қырынан талдауға барғаны, «ертеден мәлім прозалық шағын түрлерді» қолданған деп қорытындылауы сөз жоқ үлкен істің бастамасы, Абай шығармашылығына ден қойған ғалымның «Абай қара сөздерін негізінен жай проза деп атау керек: өйткені өлең нормасына түспеген, жай сөзбен жазылған шығармасын басқаша атау мүмкін де емес» деп өзіндік топшылау жасауы деп бағалаймыз», -деп байлау жасайды да, әдебиет тарихшысы Х. Сүйіншәлиевтің Абайдың прозаны Пушкинше бастап, бірақ Пушкиндей ірі прозашы болып қалыптаспағаны туралы толғамын тоталитаризм салқыны ретінде байыптайды[4,39]. Дегенмен, диссертация авторы да, біз де «Абайдың өзі тапқан біралуан көркем сөздің түрі» деген М. Әуезов толғамына ойлана қарасақ, жанры жайлы қандай ой түйер едік?

Диссертациялық еңбек авторы көрнекті әдебиеттанушы З. Ахметовтің «Абайдың ақындық әле-мі» монографиясында Абайдың «қара сөз» ұғымын шешендік сөз мағынасында қолданғанымен, 27, 38-сөздерінің басқаша құрылғаны жайлы пікірін ескереді. З. Ахметовтің ақын қара сөздерінің тақырып жағынан өлеңдерімен астасып жатқаны, қазақ прозасының, публицистикасының дамуына, әдеби тілдің, проза жанрының өркендеуіне ықпалын бағалаған тұжырымын құптайды. [4,45]. Зерттеуші академик С. Қасқабасовтың Абайдың ұлттық фольклор мен шығыс сюжеттерін пайдалануы, ресей, европа сюжеттерін алмағаны, қара сөзінде кейбірін мысалға келтіріп, арасында талдап отырғаны, қара сөздерінде ертегі де, (17, 35-сөздерінде), діни хикаят та кездесетіні, 39-сөзінде он мақал талданғаны жайлы пайымын келтіреді. Ал, зерттеуші А. Көбесовтің Абайдың қара сөздерін ғақлия қатарына жатқызумен келіспейтінін, 38-сөзін ұстаздық толғау сипатында Фараби негіздерімен байланыстырып, көрнекті абайтанушы М. Мырзахметовтің «Қара сөздерді» шығыс әлемінде мәшһүр болған «Кабус намаға», Қ. Өмірәлиевтің Кейкабусқа, Сағди мен Хафизге, қарасөздерінде Надидің «Махбубул Кулубымен» ұқсататындығын бағамдайды. [4,48].

Жанрдың анықтамалары көп. Дәлірек айтсақ, әдеби жанр-әдеби тектерден тарайтын шығармалар тобы. Сол жанрлардың әрқайсысы тұрақты белгілердің нақты жиынтығы. Көптеген әдеби жанрлар бастауын фольклордан алады[1,333]. Жанр – дәстүрдің белгісі, әдеби сабақтастықтың көрінісі десек, көрнекті орыс әдебиеттанушысы М.М. Бахтиннің «үлкен тарихи уақыт» және «кіші тарихи уақыт» деген тіркестерді пайдаланып, әдебиеттің ұлы туындыларының ғасырлар бойы дайындалатындығы, өз дәуірінде пісіп жетіліп, жемісін беретіндігі туралы тұжырымы ойға оралады. [5,363]. Демек, кез келген жанр сабақтастықтың жемісі

болып табылады. Сондықтан, жанр тақыр жерде тумайды. Белгілі әдебиет зерттеушісі Л.Чернец «Литературные жанры» деген еңбегінде жанр кенеттен пайда болатындығын дәйектейтін батыс әдебиеттенушыларының «вулкандық теориясымен» келіспейді. [6,301]. Сондықтан, Ғ. Есімнің: «Абай ойына келген нәрселерді айту үшін жанр ойлап тапқан. Ол-сөз жанры»[7,300],- деген пікірімен келісу қиын болса да, «ақынның қара сөздері еркін ойдың жанры» деген пікірін құптауға болады» [7,300]. Және де: «Мұнда ешқандай бір дәстүрге, тәсілге бағынушылық жоқ. Ой еркін айтылған, мазмұн өзіне лайықты форма тапқан. «Сөз» жанры қазақ мәдениетінде өріс алмады» [7,300],-дейтін пікірлеріндегі дәстүрді жоққа шығаруымен тағы келісуге болмас деген ойдамыз.М. Әуезовтің өзі де олай айтпаған. Академик Ғ.Есім Абайдың 45-сөзін талдап, философиялық трактат сипатында қарастырады. Ал, профессор Т. Қожакеевтің «Қара сөздердегі» сатира, юмор мәселелеріне тоқталғаны белгілі. [4,50]. Абайдың әдебиетті қара сөздері арқылы сатира, юмормен байытқаны туралы көзқарасын пайымдаймыз. Зерттеуші Ж.Ысмағұлов та М. Әуезовтің Абайдың қара сөздеріндегі стиль алуандығы туралы пайымын тарқата келіп, мысалдар келтіріп, қырқыншы сөзді талдауға алады. Риторикалық сауалдарды стильдік ерекшелік сипатында қарастырады[8, 78-79].

Абайдың өсиет-ғақлия, тастих немесе философиялық трактат, нақыл, түспал сөз (афоризм), диалог-кеңес, монолог-толғаныс мазмұнды, дүниеге көзқарастарын білдіретін эссе сипатты, публицистика сарынды, публицистикалық сын-сатира, очерк, мақала, памфлет жанрларының бастауы болған, көркемдік сипатқа кейбірі диалогқа құрылған әңгіме, шешендік үлгіге ие сөздері мен көркем дидактикаға құрылған сөздері бар екенін ескерсек, 45 қара сөзіне тән лаконизм, риторикалық сауал тәрізді стильдік сипаттармен қоса, эссе жанрына тән субъективтілік, бірінші жақтан баяндау, өз пікірін өзгеге таңбау (бірінші сөзінде), көңіл-күй құбылыстарын баяндау, еркін баяндау, ой еркіндігі, шегіністер мен толғаныстарға орын беру сипаттары танылады. Егер біз, Абайдың қара сөздерінің жалпы сипатын прозалық жанрға, соның ішінде текаралық жанрдың эссе түріне жуықтататын болсақ, әрі жанрдың сабақтастығы мәселесін жадымызда ұстайтын болсақ, Абайдың Пушкиннің «Евгений Онегинінен» аудармаларын алға тарта отырып, проза үлгісінде қалам тартып, қара сөз үлгілерін тудыруын сөз жоқ Пушкинмен сабақтастық белгісі сипатында таныған болар едік. Эссе жанрын зерттеуші Л.Г. Кайда орыс эссеистикасында А.С. Пушкиннің орны ерекше болғанын баяндайды. Эссе жанрына сюжетсіздік, философиялық толғаныс, публицистикалық сарын, лиризм, композициялық бейберекеттік, нәзік әуенділік, оқырманды баурап алатын белгісіз жұмбақ сипат,авторлық шеберлік көпке танымал дерек екенін тұжырымдайды[9]. Ал, зерттеуші Н. Балтабаева эссе жанры Абайдың «Отыз сегізінші сөзін» эссенің бастауы деп танытады. [10]. Жалпы, зерттеушілер эссеистиканың бастауын әлемге әйгілі М. Монтеньнің «Опыты» деген туындысынан іздейді[1,331].

Абайдың «Қара сөздерінің» жанрлық сипатын сөз еткенде, Абай-Пушкин сабақтастығын ғана қарастыру жеткіліксіз екенін пайымдауға болады. Сонымен, ұлы тұлға Абай Құнанбайұлының «Қара сөздерінің» сыртқы және ішкі композициясының тұтастығы, жанрлық синтезге негізделу сипаты, жеке сөздердің мазмұнының, табиғатының әралуан болғанымен, 45 қара сөзінің бөлініп-жарылмай, жанрлар синтезінен бас құрап, сыртқы және ішкі композициясының тұтастығының танылуы, мазмұн байлығы мен лаконизмі, шешендік стиль ерекшеліктері, баяндау еркіндігі оны текаралық түрлердің бірі эссе жанрына көбірек жақындатынын аңғаруға болады. Себебі, ұлы Абайдың Толстой, Пушкин ғана емес, Сократ, Платон, Аристотель, Спенсер, батыста Байрон, Гете, Шекспир, Шығыста Фараби, Хафиз, Физули, Навои тағы басқа да ғұламалардың еңбектерімен жете танысқанын, рухани өрісі кең, әрі аса бай болғанын пайымдасақ, оның бұл әйгілі асыл сөздерін өз заманы мен уақыты тудырған эссе жанрындағы Абай үлгісі деп немесе мини-эссе деп танып-талқылауды ұсынамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Хализев В. Е. Теория литературы. Учебник. 4-е издание – М: Высш. шк., 2005 – 405с.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ.мақалалар және әдеби зерттеу/Құраст. Р. Нұрғалиев.-Алматы: Жалын, 1991.-464 бет.
3. <http://yanko.lib.ru/books/cultur/shmid-narratology.pdf>

4. Ж. А. Шойынбет «Абайдың қара сөздерінің жанрлық және стильдік ерекшеліктері». Фил.ғыл. канд. Дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация жұмысы. Ғыл. жет. фил.ғыл.док Мырзахметов М. Алматы 2004.
5. Бахтин М. Эстетика словесного творчества.-М.:Искусство,1986 //http://fb2.traumlibrary.net
6. Чернец Л.В. Литературные жанры. МГУ, 1982.-338 с.
7. Ғ. Есімнің Ғ. Есім. Хакім Абай.-Астана: Фолиант, 2012.-400б.
8. «Алаш және М. Әуезов» атты Халықаралық-ғылыми теориялық конференция материалдары. – Алматы: «Жазушы», 2007.-304бет.
9. cyberleninka.ru › article › esse-kak-zhanr-v-literature
10. Балтабаева Н. С. «Қазақ роман-эссе жанрының қалыптасу тарихы, оны оқытудың даралық-дәстүрлік ұстанымдары». PhD дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысы. Ғыл. жет. фил.ғыл.док. Р. Зайкенова. Алматы 2014.

Ләйла Мұсалы,
филология ғылымдарының кандидаты,
өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры м.а.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АНТРОПОЛОГИЗМ ЖӨНІНДЕ

(Ж.Дәдебаевтың «Абайдың антропологиясы»
монографиясының негізінде)

Қазақтың ұлы ақыны, қазақ әдеби тілінің, жазба қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбаев өз ұлтының ғана емес, адамзаттың ақыл-ойына үлкен үлес қосты. Қазақ және әлемдік руханият тарихында Абай Құнанбаев Шығыстың дана ойшылы, XIX ғасырдың екінші жартысындағы гуманист ретінде танылды. Ақынның шығармашылық мұрасында – өлеңдері, философиялық прозасы және музыкалық шығармаларында – ол сыни ойдың иесі, өз халқының болашағы үшін күрескен қайраткер, талантты педагог-ағартушы ретінде өз замандастарын рухани байлыққа, білімге, адамгершілік тұрғыдан жетілуге шақырып қана қоймайды, оның нақты жолдары мен қағидаларын да ұсынды.

Шығыс пен Батыс поэзиясы мен философиясының, орыс классикалық әдебиетінің білгірі, әлемдік лириканың талантты аудармашысы Абай өнерінде де, өмірінде де халықтар арасындағы достықтың, қайырымдылық пен әділеттіліктің жаршысы, өз ұлтының ғана емес, барлық адамзаттың данышпан ұстазы бола білді.

Жалпы, Абай шығармашылығының негізінде АДАМ және оның рухани болмысы жатыр, ақын мұрасының антропоэзектік сипаты басым болып табылады. Антропология (ежелгі грек тіліндегі *άνθρωπος* – адам *λόγος* – ғылым) – адамды, оның шығу тегін, дамуын, табиғи және мәдени ортада тіршілік етуін зерттейтін ғылыми пәндердің жиынтығы. Сонау антикалық философиядан бастау алатын, адам табиғатының рухани жағын қарастыратын бұл терминді классикалық және неоклассикалық ойшылдар осы мағынасында қолданды, дегенмен де XX ғасырдың басында арнайы философиялық пән ретінде «философиялық антропология» деген атпен қолданыла бастады. «Антропология» термині көптеген гуманитарлық ғылымдарда (өнертану, психология т.б), теологияда, діни философияда қолданыла бастады. Осылайша, педагогикада да тәрбиедегі антропологиялық ұстаным пайда болды. Кейінірек антропологиялық білім жүйеленіп, жіктеліп, күрделене түсті.

Ал данышпан Абайдың философиялық-көркемдік танымында адам мен адамзат ұғымдарының өзіндік ерекше мән-мағынасы қалыптасты. «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деп жырлаған гуманист ақын өз танымында адам ұғымын адамзаттық деңгейге жеткізіп, рухани жағынан даму мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Бұл орайда көрнекті әдебиеттанушы, абайтанушы ғалым Жанғара Дәдебаевтың «Абайдың антропологиясы» атты еңбегін ерекше атап өткен жөн. Аталмыш монографиялық зерттеуде Абай шығармашылығындағы адам болмысының көркемдік, әлеуметтік-этикалық, эстетикалық мәселелері қарастырылады. Абайдың Адам туралы ілімінің негізі, құрамдас бөліктері мен бастау көздері, басты категориялары пайымдалады.

Абайдың этикалық іліміндегі негізгі ұғым – Адам және оның тәрбиесі. Оның шығармаларындағы барлық басқа да идеялар – адам және табиғат, ағарту, ғылым, өнер, білім мен тәрбие, адам өмірінің мәні, өзін-өзі тану мен мейірбандық, ар мен намыс тақырыптары осы басты концепциядан келіп шығады. Абайдың өлеңдерінде оның ерекше терең дүниетанымы мен ойшылдығы көзге ұрып тұрады. Абайдың танымындағы Адамзат пен Жаратылыс концепциялары да жоғарыда айтқан антропологиялық аспектісінде пайымдалады. Абай поэзиясында адамзат пен жаратылыстың тығыз байланысы бар, бұл ұғымдар өзара тәуелді әрі дербес тұрғыда қарастырылады. Мына дүние-жаратылыс қаншалықты жұмбақ та күрделі болса, адамзаттың мақсаты осы құбылысты тану екендігін ерте түсінген Абайдың шығармашылық кредосы – адам мен жаратылыс-әлемді тану, екеуін бірлікте саралау. Адамның ең жақсы қа-

сиеттерін тәрбиелеу үшін Алла жаратқан ғажап әлемнің мәнін зерттеу керектігін Абай жақсы түсінген. **Абайдың «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес. «Мені» мен «менікінің» айрылғанын «Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес»,** – дейтіні де сондықтан. Жаратылыс пен табиғаттың мәңгі екендігі, адамның өмірі шектеулі екендігі туралы әдеттегі қалыптасқан қағиданы бұзып, «адам өлмес» деген тұжырымға келуі бекер емес. Абай дана осы арқылы өз философиясы мен шығармашылығындағы «Адам, Адамзат» образдарының аса жоғары да терең орны мен қызметін баса көрсетіп отыр. Әрі бұл ақынның өз халқын надандық шырмауынан шығарып, адамдыққа жетелеуге бағытталған шығармашылық мақсатынан да туындаған.

Жалпы, осы тармақтардағы «табиғат», «адам», «мен, менікі», «өлмес, өлер, өлді» деген ұғымдардың шегі мен өрісі кеңейіп, тереңдеп, концептілік сипат алған. Бұл концептілердің әрқайсысының ақын шығармаларындағы көркемдік қызметі мен сипаты, осы контекстегі мән-мағынасы поэтикалық-лингвистикалық тұрғыдан өз алдына бөлек зерттеуге лайық. Осылайша, Абай танымындағы адам, адамзат концептілерінің ұлттық сипаты ашылуы тиіс.

Абай Құнанбаев шығармашылығындағы адамтану мәселелері профессор Ж.Дәдебаевтың «Абайдың антропологизмі» монографиясында жан-жақты қарастырылып, ғылыми тұрғыдан пайымдалады. Монографиялық еңбектің кіріспесінде ғалым: «Абайдың антропологизмі» дегенде, ойымызда «Абайдың адам туралы ілімі» деген ұғым тұрады. Дұрысы – Абайдың ілімі. «Абайдың антропологизмін» де осы тұрғыдан қабылдау орынды болмақ» (1.3) деп зерттеу пәнін анықтап алады. Зерттеуші өзінің мақсаты «Абайдың антропологизмі мен ақындығы өзара тығыз байланыста, бірлікте және бірнеше ғылым салаларының тоғысында пайымдау» екендігін атап өтеді.

Аталған зерттеуді абайтану тарихындағы жаңа ғылыми парадигма ретінде қабылдауға болады. Ғылымдар интеграциясы белең алып отырған қазіргі заман контекстінде алып қарағанда, ғалымның ойынша «Абайдың антропологизмін бірнеше ғылым салаларының тоғысында қарастыруда оқшау бастама жоқ. Бұл мәселені дәл осы тұрғыда қарастырғанда ғана ойдағыдай нәтижеге жетуге болады» (1.3) Солай бола тұра әдебиетші ғалымның бұл еңбегіндегі зерттеу өзегінде «әдеби-эстетикалық ұстанымның» атқаратын қызметіне зор көңіл бөлінеді және бұл дұрыс ұстаным деп санаймыз.

Монографиялық зерттеуде «Абайдың ілімі» деген терминнің мән-маңызы күшейіп, ғылыми айналымға енгізіледі, Абай ілімінің бастау көздері, осы ілімдегі қазақтың дәстүрлі дүниетанымына сүйенген ұлттық құндылықтардың мәні ашылады және ол жалпыадамзаттық рухани құндылықтармен байланыстырылып қарастырылады. «Абайдың ілімі» атты ілімді құрап тұрған құрамдас бөліктер анықталып, әрқайсысына тән сипаттарды саралауға назар аударады.

«Абайдың антропологизмі» кітабының зерттеу нысаны мен пәні, одан туындайтын мәселелер абайтану ғана емес, жалпы гуманитарлық пәндер тұрғысынан аса өзекті. Ғалым «Абайдың антропо-ло-гизмі» атты жаңа ғылыми парадигма жасау арқылы бірнеше ғылым тоғысындағы аса маңызды да, іргелі ғылыми міндетті орындауға жол салады, оның бұл зертеуі өз сөзімен айтқанда, «Абай ілімінің лайықты ғылыми құрылым жүйесін жасау», Абай ілімінің парадигмаларын анықтау бағытындағы іргелі істердің бастамасы болып шыққан.

Он екі тараудан тұратын зерттеудің бірінші-төртінші тарауларда зерттеу пәні болып отырған «Абайдың антропологизмі» мәселесінің жалпы сипаттары мен белгілері айтылады, өзге тарауларда аталмыш мәселе жалқы құбылыстар мысалында сараланады. Монографияның тоғызыншы тарауы «Адамның бес асыл ісі», оныншы тарауы «Адамның бес дұшпаны» деп аталған, Ғалым Абай айтқан он қасиеттің әрбірін тұтас бір әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде танып, оның құрамдас бөліктерін, онымен шектес құбылыстардың қырларын және олардың өзара қарым-қатынасын, байланыстарын анықтайды. Мәселен, тоғызыншы тараудың соңында профессор мынадай тұжырым айтады: «адамға тән бес асыл қасиет (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым) әділеттен өніп-өседі, әділет – махаббаттан. Абай ілімінің парадигмасын анықтауда бұл жүйенің маңызы зор» (1, 166). Осылайша, зерттеуші ақын өлеңдеріндегі адам қасиеттерінің жүйесін түзіп, әрбіріне жеке тоқталып, анализ және синтез

жолымен пайымдайды. Сонымен қатар, профессор осы қасиеттердің, атап айтқанда, «бес асыл істің» шығу тәркінін де атап өтеді: «Зерттеушілердің бірқатары адам болу үшін қажетті бес асыл іс туралы ойдың шығу тәркінін Ғұламаһи Дауаниден таратып айтады. Дауанидың атын Абайдың өзі де атайды. Солай дегенмен бұл ойлардың түп тәркінін Дауаниға немесе басқа бір ғұламаға апарып телу дұрыс бола алмайды. Өйткені, бұл ойлардың түп негізі әріден, Аристотельдің «Этикасынан», әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық трактаттарынан, әһли кітаптардан басталады. Ал, әһли кітаптардан, Аристотель, әл-Фарабиден бері айтылып келе жатқан осы ойларды **ақындық пайыммен саралау мен даралауға, жүйеге түсіруге, сөйтіп көптің пайдасына жаратуға келгенде**, Абайдың еңбегі зор, орны бөлек» (1, 142) деп тұжырымдайды. Осы пікірдегі **«көптің пайдасына жаратуға»** деген ойдың өзектілігі мен маңызы зор. Тап қазіргі қазақ қоғамындағы рухани тоқырау жағдайында адамзат данышпандарының атап көрсеткен асыл қасиеттерін барынша насихаттап қана қоймай, іске жарату, қолдану қажеттігі зәру мәселе екені даусыз.

Осылайша, адам болмысын жан-жақты, терең тани келе, ұлы ақын өзінің «толық адам» концепциясын негіздейді. Абай іліміндегі іргелі концепциялардың бірі болып табылатын бұл ұғым рухани тұрғыдан үйлесімділікке қол жеткізген «толық адамды» насихаттайды. Ғұламаның пікірінше, әр адам өзінің рухани дамуында осындай деңгейге ұмтылуы керек. Өз бойындағы кемшілігі мен пендешілігімен күресіп, адамшылыққа ұмтылу – әрбір жанның қарапайым әрі қиын міндеті болмақ. Күнделікті тұрмыс-тіршіліктің қызығына батқан кісі имандылықтың үнін ести бере ме? Атаққа, билікке, байлыққа ұмтылған жан үшін адамшылық пен кісілік жай сөздер блып қалады, тіпті оған кедергі болады. Бірақ жаратушы құдай мен адамдарға деген саналы түрдегі таза махаббат болмаса, өз ақылын қайырымды жүрекпен тәрбиелемесе, адам өзінің рухани-адамгершілік негізін жоғалтады. Бұл ретте оның сүйенетін үш тұғыры: ақыл, қайрат, жүрек болмақ. Өкініштісі, көп пенде Абайдың «Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде» деген ақылын ескере бермейді. адам өз жүрегіндегі ақиқат жарығын, Аллаға және өзге адамдарға деген көре бермейді, себебі ол көбіне жүректің үніне құлақ аспай, ақыл мен қайраттың жетегінде кетеді, осыдан келіп үлкен қайшылық туады. Осы қайшылықтардың түп себебін білген хакім Абай адам мен оның болмысын тану мен тәрбиелеудің шешуші факторы ретінде «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» үштігін ұсынады. Хакім шығармашылығының антропологиялық сипаты басым және ең бастысы, әлі де өзекті, мәнді

Айтар ойымызды, профессор Ж.Дәдебаевтың мына пікірімен түйіндесек: «Абайдың ақындық танымының ерекшелігі адам, адамның адамшылығы туралы ілімінің негізділігі мен жүйелілігінде».

Міне, данышпан ақынның негіздеп, жүйелеп, тайға таңба басқандай қолымызға ұстатқан осы ілімін, ғылымдар тоғысында жаңаша зерделеп, барлық салада қолданып, дамытып, қазақ ұлтының рухани пайдасына жарату, ұрпақ тәрбиесінде іске жарату қазақ ұстаздары мен зиялыларының алдында тұрған маңызды міндет деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дәдебаев Ж. Абайдың антропологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014
2. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Таңдамалы даналық сөздер. Құрастырған, жалпы ред.басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2019

ХАКІМ АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОД МӘСЕЛЕСІ

Биыл ақын, аудармашы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, композитор, реформатор тұлға – Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы. Сондықтан, ғұлама мұрасы біржақты емес, жан-жақты зерделенуі керек. Себебі, Абай – «түпсіз терең тұңғыық» (М. Мақатаев), өзінен кейінгі ұрпаққа құнарлы топырақ әзірлеп кеткен ойшыл ақын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Абайды тану, Абайды дәріптеу, Абай туындыларын насихаттау жөніндегі ойларын «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында ортаға салып, жұрт талқысына ұсынған еді. Осы ретте, ақынның өміршең өлеңдерін ұлттық код тұрғысынан саралауды ұйғардық.

Ұлттық код – күрделі ұғым. Бұның ішіне менталдық қабатты құрайтын әр ұлттың, әр этностың тарихы, әдеби қазынасы, мәдени мұрасы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тілі, діні, ділі, дүниетанымы, жүріп өткен жолы, тарихи-эволюциялық кезеңдер негізіндегі ой-санасында мықтап бекіген қайталанбас, төл образдар енеді. Әр ел әртүрлі құбылысты өздігінше көреді, өздігінше пайымдайды, өздігінше қабылдайды. Георгий Гачевше айтқанда, *«наш предмет – национальный космос, в древнем смысле – как строй мира, миропорядок: как каждый народ из единого мирового бытия, которое выступает вначале как хаос, творит по-своему особый космос. В каждом космосе складывается и особый логос – национальное миропонимание, логика. Это – самое тонкое, до чего нам добраться и постигнуть»* [Гачев 1999, 1:10]. Ал, Клотер Рапай мұны былайша ұғынады екен: *«Это бессознательный смысл той или иной вещи или явления, будь то машина, еда, отношения, даже страна в контексте культуры, в которой мы воспитаны»* [Рапай 2008, 2:77]. Бір ұлтты екінші ұлттан ерекшелендіріп тұратын басты фактор – тек өзіне ғана тән менталитеті, ұлттық болмысы, мінез-құлқы, дүниетанымы, т.б. Айталық, филология ғылымдарының докторы, профессор, поэтолог, әдебиеттанушы Сәуле Әбішева «Поэтический мир М. Мақатаева» атты монографиясында: «Мақатаев обращается к выразительным образам, передающим состояние солнца и его цветовую гамму: «қызарып» («наливаясь огнем»), «жарқырап» («сверкая»), «қалтырап» («дрожая»), «сарғайып» («желтая»), «жалаулатып» («пылая»), «кешігіп» («запаздывая»). Использует метафорические ряды и мифологические коды для создания его внешнего облика. Традицией солярной мифологии объясняется наличие у солнца глаза: «Күн көзін» («Солнца глаз»). Отсылку к архетипическому образу солнечной колесницы содержат следующие строки: «Күміс жалды күн дейтін көлікпенен, / Көріп келем өмірді, көріп келем» («На колеснице среброгривого солнца / Я обзираю жизнь, обзираю»). В словах «дөңгелеп», «айналып», связанных с семантикой круга, поэт обыгрывает форму солнца. Словосочетание «күннің табағынан» в значении «солнечного диска» тоже указывает на его форму» [Абишева 2018, 3:152] деген. Жоғарыдағы структуралистік талдауға негізделген мысалдарды Абай поэзиясынан да молынан табуға болады. Мәселен, «тайға міндік», «үкі тақтық», «қыран шықса қияға», «жүйрік тіл, терең ой», «жаңбырлы жайдай сырқырап», «шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ», «сіз – жалын шоқ, біз – бір май», «тұмар тағылса да», «күлімсіреп аспан тұр», «қой жайылып жаздықүн», «аспаннан бүркіт күйқылжып», «қараңғы түнде тау қалғып», «желігін жерге тықпас», «шідерлігі жуандау, бота тірсек», «құс қанқылдап», «суы ашыған батпақ көл», «толғауы тоқсан қызыл тіл», «қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ», «қарсақ жортпас қара адыр», «жуасты мінде, айран іш», «жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан», «желсіз түнде жарық ай», «жазғытұрым жасырып жердің бетін», «қыран бүркіт ен алмайды, салса баптап», «алпыс екі айлалы түлкі алғанда», «қойдан қоңыр, жылқыдан торы», т.б. Бұл сөздер, бұл ұғымдар, бұл ұлттық образдар – әр қазаққа ұғынықты, әр қазаққа түсінікті. Абай «Қырық бесінші сөзінде»: «Адамшылықтың алды – махаббат, ғадаләт, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, керіспейтұғын да

жері жоқ. Ол – жаратқан тәңірінің ісі. <...> Бұл ғадаләт, махаббат, сезім кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым, сол – ғақил. Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп» [Абай 2020, 4:218] дейді. Ойшыл өлеңдеріндегі бұлт, аспан, ай, жылқы, жаз, күз, қыс, бүркіт, қыран құс, түлкі, жазғытұры, т.б. түсініктер түрленіп, құлпырып, табиғатқа тіл біткендей әсерде боласыз. «Қылышын сүйреткен қыс» я «масатыдай құлпырған жаз» жанданып, адамға тән қасиеттер пайда бола бастайды. Мұны ғылымда персонификация, прозопопея, антропопатизм деп атайды. Осы хақында ғалым Қажым Жұмалиев бүй-дейді: «Абай қыстың кескінін де аса шеберлікпен суреттейді. Үскірік бораны бүркырап тұрған қысты рақымсыз адам бейнесіне ұқсатады. Қыстың малға да жағымсыз соқыр, мылқау күш екендігін аңғартады». Айталық, ақынның «Жазғытұры» өлеңіндегі өзгеше өрнектерге көңіл аударсақ:

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайраңдасып жас күлер құрбысымен.
Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал,
Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен.

Бұнда оянудың белгісі бар. Көбіне-көп Шығыс әдебиетінде түлеуді, жаңғыруды, өмірді көктеммен байланыстырады. «Абайдың тұшынып, ұзақ сонар соңына түсіп оқығаны – шығыстық классикалық поэзиясы мен философиясы. «Медресенің тынысы ауыр, тар ғаламында, қысаң тәрбиесінде жүрген шәкірттің шын сүйетін жандары – Низами, Сағди, Хафиз, Науаи, Физули сияқты көне классикалық ақындар болған. Медреседе оқып жүрген кездерінде жаздыгүні елге қайтқанда, қаладан ала келетін кітаптары – тағы да сол ақындар еңбектері. Үй ішіне оқып беріп отыратыны да солар болған», – деп Мұхаң Абайдың шәкірттік шақтағы кітапхана ауқымына жүрдім-бардым назар аудармаған» делінген «Қайым туралы сөз» кітабында. Алаш қайраткері, меценат Мұхамедхан Сейітқұлұлының баласы, текстолог, ғұлама ғалым Қайым Мұхамедханұлының абайтануға, хакім мұрасын зерттеуге сіңірген еңбегі өте зор, ерен. Хакімнің:

Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан түлкі табылар аңдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет,
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға, –

деп басталатын өлеңіндегі ұлттық образдар – ойлы жан үшін жат емес, қайта етене таныс. «Томағасын тартқанда», «сегіз найза қолында», «қанат, құйрық суылдап, ысқырады», «біреуі – көк, біреуі – жер тағысы», «қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл», «таудан жиде тергендей», «сілке киіп тымақты», «күйеуі ер, қалыңдығы сұлу болып», «аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш»... Бір өлеңнің өзінде нешелеген символ бар, нешелеген динамика бар, бірін-бірі алмастырған көркем сүгіреттің арғы жағында ұлттық кодқа негізделген таным жатыр. Атрибуттар белгілі бір қозғалыстан, тынымсыз тіршіліктен хабар береді. Пьер де Шарден «Феномен человека» еңбегінде: «Существует лишь необратимо персонализирующий универсум, способный вместить в себя человеческую личность», – дейтіні де сондықтан [Шарден 1987, 5:227]. Француз палеонтологы, ғалымы, философы әрі теологы Ұлы адамдар туралы айтып отыр, Абай солардың сойынан. Хакім қолданысындағы көптеген ұғымдар символдық мәнге ие. Соның әсерінен өлеңнің бояуы өзгереді, терендей түседі. Абай – айтарын турасынан емес, түспалдап жеткізетін ойшыл ақын. Мәселен, «Күнді уақыт итеріп» (М.Ю. Лермонтовтан) өлеңіне мән беріп көрейік.

Күнді уақыт итеріп,
Көкжиектен асырса,
Көлеңке басын көтеріп,
Алысты көзден жасырса.

Сонда көңлім жоқтайды
Татуы мен асығын,
Көзі жетіп тоқтайды
Өткен күннің қашығын.

Көкке бақтым «Алла» деп,
Тамаша етіп құдыретін.
Рахматы оның онда көп.
Бізге түк жоқ тиетін.

Неге сүйсін ол мені,
Өзім ақмақ, алмадым,
Көрдім артық бір сені
Рахматынан Алланың.

«Символдар, белгілер, эмблемалар энциклопедиясында» тас – қуатты уақытқа үстемдік ететін доминантты күрделі символ» [Энциклопедия символов, знаков, эмблем 1999, 6:226] деген анықтама берілген. Егер, «Күннің көкжиекке барып құлай батуы өлімге теңестірілсе, ал таңертеңгі қайта шыққан Күн – қайта тірілу символы» [Сонда] екенін ескерсек... Таң ата көрінген Күн – жанданудың, жаңғырудың, түлеудің, жаңа өмірдің бастауы рәуіштес символ. Абай қолданысындағы «болат қанжар» заттық емес, рухани әлемге қатысты екені аңғарылады. Мысалы, «семсер – киелі қасиеті бар заттың бір түрі. Қазақ ұғымына сәйкес: а) семсер – адамның жанының орны, семсер иесінің орны; б) семсердің оттық қасиеті бар; в) семсер тірі тіршілік иесі – батырдың егізі ретінде көрінеді; г) семсер иесіне төнетін қауіптер немесе оның амандығы туралы хабар беруі» [Қондыбай 2005, 7:178] дейді мифолог Серікбол Қондыбай. «Шығыс аңыздарында «нәсерді білдіретін символ көкте қалқып жүрген, жерге тамшы болып төгілген бұлттың шартты бейнесі боп есептеледі» деп берілген [Шығыс символизмының энциклопедиясында 1996, 8:57]». Хакімнің «Күлімсіреп аспан тұр» өлеңінде аспан күлімсіресе, «Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сенде» аспан нұрланса, «Күзде» түсі суық сұр бұлт аспанды қаптайды. Көркем мәтін бояуынан-ақ көп нәрсені аңғаруға тиіспіз. Мұндай сөз қолданыстарынан автордың көңіл-күйін, ахуалын, күйініші мен сүйінішін көре аламыз. Бұл жөнінде әдебиеттанушы Ирина Ковтунова «Поэтикалық синтаксис» зерттеуінде былай дейді: «Біздің алдымызда монолог емес, адам Менінің әр түрлі жақтары арасындағы диалог көрінеді. Мұндай ішкі диалог ой-санасы озық адамдарға ғана тән» [Ковтунова 1986, 9:64-65]. Ақын, жазушы, аудармашы Борис Пастернак поэзия табиғаттан күш алатынын айта келе, былай дейді: «Өнер әрекет ретінде шынайы және дерек ретінде символикалық болып табылады. Ол метафораны өзі ойлап тапқан жоқ, ол оны табиғаттан алды және оның қасиетін сақтай отырып суреттейді» [Пастернак 1985, 10:174]. Натурфилософиялық сипаттағы өлеңдер оқырманға табиғаттың қандай ғажап құндылық екендігін ұғындырып қана қоймай, ондағы сыр-құпияға толы таңба-белгілерді тануға да мүмкіндік береді. Бұны Абай аударған ақындардың бірі – Пушкинның өлеңмен жазылған романы («роман в стихах») «Евгений Онегиндегі» Ленскийдің көңіл-күйінен де байқай аламыз.

Он роци любил густые,
Уединенье, тишину,
И ночь, и звезды, и луну,
Луну, небесную лампаду,
Которой посвящали мы
Прогулки средь вечерней тьмы,
И слезы, тайных мук отраду...

Хакім Абай – сөз-сөйлемді құбылтудың шебері, бір қарағанда елеусіздеу дүниеге жан бітіретін ақын. «Қазақ тілінде ұйқас сөздер көп. Қазақ поэзиясында ұйқастың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты сөздердің жақын ұқсастығын талап етеді. Қазақ тілі осындай ұйқастарды шектеусіз пайдалануға мүмкіндік береді» [Ахметов 2012, 11:425] дейді Зәки Ахметов. Өн поэзиядан, поэзия әннен нәр алады. Бақыт Қайырбековтың «Көшпенділер әлемі. Ұлы дала аңыздары. Қазақ этикеті» атты зерттеуінде айтылғанда, есте жоқ ерте замандағы аңызға сәйкес, «бұрнада жердің бетінде ән қалқып жүріпті, ол төмендеп ұшқан жерлерде адамдар ән айтуды үйреніпті. Өн қазақтың шексіз даласына жеткенде, жерге барынша жақындай түсіпті. Сол себепті қазақтар әлемдегі ең алғашқы әншілер болыпты» [Қайырбеков 2014, 12:154]. Абайдың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңіндегі қыз баланың көркем бейнесінде ұлттық дүниетанымға иек артқан белгі-нышандар жетерлік. Мысалы, «аласы аз кара көзі», «жінішке кара қасы», «ақша жүз, ал-қызыл бет», «аузын ашса, көрінер кірсіз тісі», «жүп-жұмыр, ақ торғындай мойыны», «тақтайдай жауыры бар, иығы тік», «нәзік бел тал шыбықтай», «етіндей жас баланың білегі бар», «ажымсыз ақ саусағы», «қолаң кара шашы бар жібек талды», т.б. Автор кодталған ақпаратты көркем туынды арқылы жеткізеді. Оның әрқайсын жеке-жеке, бөлек-бөлек талдап, толықтай түсініктеме берген жөн. Әдебиеттанушы, профессор Вера Савельева «модели художественных миров жанров – это своеобразные формулы, в которую каждый автор подставляет свои особенные данные...» [Савельева 2000, 13:27] десе, ф.ғ.д., профессор, поэтолог Жанна Толысбаева «Трансформация жанров современной поэзии Казахстана» монографиясында: «Жанры с трудом поддаются систематизации прежде всего в силу своей множественности. Каждая историко-литературная эпоха «приводила» свои жанры: древнегреческая лирика – элегию, ямб, эпиникий, эпитафию; провансальская литература – канцону, пастораль, альбу; лирика Возрождения – сонет; эпоха классицизма – трагедию, оду» [Толысбаева 2010, 14:21] делінген. Абайдың әдеби мұрасын негізгі 3 бөлімге бөліп қарастырамыз, біріншісі – өлеңдері, екіншісі – ғақлиялары, үшіншісі – тәржімалары. Автор лексикасын қазақ, араб, парсы және орыс сөздері құрайтынын білесіздер. Сол арқылы сөздік қорымыз байыды. Ал, қазіргі мына қазақ жаһанданған заманда ойшыл шығармаларына дүркін-дүркін ден қою, қайта-қайта оқу – басты талап. Себебі, мұнда қаймағы бұзылмаған, маңызы бетінде тұнған қазақтың ғажап тілі бар, орны бөлек образдар бар, автор көзбен көріп, өне бойынан өткізген елдің тыныс-тіршілігі суреттелген және ең бастысы жұртшылық үшін, адамзат үшін қажет ұлттық код менмұндалайды. Сол себепті де, Абай – өміршең, Абай – мәңгілік, Абай – алып.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гачев Г.Д. Национальные образы мира. Евразия – космос кочевника, земледельца и горца. – М.: Институт ДИ-ДИК, 1999. – 10 с.
2. Рапай К. Культурный код: как мы живем, что покупаем и почему / перевод с английского У. Саламатова. – М.: Альпина Паблишер, 2015. – 77 с.
3. Абишева С. Д. Поэтический мир М. Макаева: Монография. – Алматы, 2018. – 152 с.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Қара сөздер / Алматы: Алматыкітап баспасы, 2020. – 218 б.
5. Шарден де Т.П. Феномен человека. М.: Наука, 1987. – 227 с.
6. Энциклопедия символов, знаков, эмблем. М.: Локид-Миф, 1999. – 226
7. Кондыбай С. Казахская мифология: Краткий словарь. Алматы: «Нурлы Алем», 2005. – 178 с.
8. Шығыс символизмының энциклопедия восточного символизма. Составитель К.А. Вильямс. М.: АДЕ «Золотой век», 1996. – 57 с.
9. Ковтунова И.И. Поэтический синтаксис. М.: Наука, 1986. – 65-65 с.
10. Пастернак Б.Л. Избранное. В 2-х т. Т. 1. Стихотворения и поэмы. М.: ХЛ., 1985. – 174 с.
11. Ахметов З. Казахское стихосложение (Проблемы развития стиха в дореволюционной и современной поэзии). Алматы: ARDA, 2012. – 425 с.
12. Каирбеков Б. Мир кочевья. Мифы великой степи. Казахский этикет. Астана: Казахский научно-исследовательский институт культуры, 2014. – 154 с.
13. Савельева В.В. От художественного текста к художественному миру. Теория. Методика. Практика. – Алматы: Фонд XXI век, 2000. – 27 с.
14. Толысбаева Ж.Ж. Трансформация жанров современной поэзии Казахстана. Монография. – Алматы: «СаГа», 2010. – 21 с.

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЭТНОМӘДЕНИ ДАРАЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АУДАРМАДАҒЫ СӘЙКЕСТІГІ (М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы негізінде)

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 1996 жылғы 15 шілдедегі № 3058 өкімімінде этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамасы мақұлданған болатын. Еліміздегі этникалық-мәдени білім – бұл ана тілі мен төл мәдениетті әлемдік мәдениеттің құндылықтарын қоса игеру арқылы тұлғаның этникалық-мәдени сәйкестілігін сақтауға бағытталған білім болып есептеледі. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана деп түсіндіреді. Оның жолы – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмай, ешқандай жаңғыру болмайдығын айқындады. Соның бір дәлелі ретінде ана тілдің дерекнамалық, танымдық қырын зерттеу тұрақты сөз тіркестерінен бастау керек. Себебі әрбір тілдегі фразеологизмдер сол тілдің иесі – халықтың негізгі ұлттық белгісін, тарихи даму жолын, әрі сол тарихи қалыптасқан кезеңдеріндегі күллі тіршілік-тынысын танытады.

Фразеологизмдердің мазмұндық қуаты, пішінінің әлеуеттілігі зор. Осыған байланысты оларды этномәдени ақиқат көзі ретінде танып, этномәдени мұра, ұлттық код, ұлттық таным негізінде жасалған айшықты тұжырым ретінде фразеологиялық тіркестерді зерттеудің мәні де зор. Ал төл тіліміздің бай фразеологиялық қорын өзге тілге аудару мәселесін талдау ерекшеліктері мен әдіс-тәсілдері жүйелі түрде жан-жақты қарастырылып, сыр-сипаты әлі тұтас күйінде толық ашылған жоқ. Қазақ тілінің орыс және туыстас түрік тілдеріне аударылуына қатысты көлемді зерттеулер мен сөздіктердің аздығы, жүйелі түрде жасалған фразеологиялық сөздіктердің осы кезеңге дейін жасалмауы зерттеу тақырыбының өзектілігін танытып отыр. Осындай халықтың жадында сақталып бүгінгі күнге жеткен сөз байлығымызды жинап, толық меңгеріп, өзіндік нақыш-баяуымен келесі ұрпаққа табыс ету – бүгінгі таңдағы қай ғылым саласы болмасын қалыптасқан негізгі міндеттерінің бірі.

М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеядағы Абайға қатысты оқиғалар, Абайдың өз айнала-сымен қарым-қатынасы, Абайдың образы – бұлардың әрқайсысы күрделі тұтастық. Олардың әрқайсысында тұтас бір әлем жатыр. Олардың ешбір бөлшегін, ешқандай деталін өзгертуге, ауыстыруға жол жоқ. Олар – өз алдына айнымас құндылық. Сондықтан мұндай көркемдік құбылысты басқа тілге аудару – аудармашыдан үлкен жауапкершілікті ғана емес, үлкен суреткерлікті талап етеді. Бұл талапты әрбір екі қаламгердің бірінен іздеуге болмайды.

Қазақ халқының өзге халықтардан ерекшеленіп тұратын бір қасиеті – көшпенділігінде. Сахараның төрінде мал бағып, оны шашу шығармай өсіріп, жыртқыштың азуы мен тырнағына, жел-күздың еркіне бермеу үшін қазақтар малға жайлы болатын жердің барлығын бес саусағындай біліп, көкейіне түйіп, өмірлік тәжірибесіне асыруы қажет. Ал бұл қасиеттердің барлығының да ертеде ғұмыр кешкен халықтың бойынан табылатынын Мұхтар Әуезовтің халық тұрмысына қатысты жазған барлық шығармалары айқындап береді, әсем суреттермен, психологиялық кескіндермен шебер сөйлетеді. Бұл әсіресе «Абай жолы» роман-эпопеясында барынша шынайы, көркем түрғыда берілген.

Автор «Абай жолында» көшпелі мал шаруашылығында жиі қолданылатын ұғымдар арқылы түзілген фразеологиялық бірліктерді әрі сол салаға қатысты тура мағынасында, әрі адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, дағдысымен байланысты ауыспалы мәнінде де шебер қолданады. Мәселен, соның бір мысалы ретінде романда «құрық» сөзімен байланысты фразеологиялық тіркестердің қолданылу ауқымын алуға болады. Құрық атауының ежелгі түбірі Махмұт Қашқаридің сөздігінде [1] *gur* – садақты жебені күшпен шіреніп тарту, *gurg* – күшті, қуатты, *gurpan* – садақ, *guruylu* – тартылған садақтың жебесі деген мағыналарда

ұшырасады. Тілші ғалым Ә.Нұрмағамбетов [2] бұл атаудың ертедегі түркі тілдері сөздігінен де орын алғандығын алға тартады. «Көне Түркі Тілі Сөздігінде» “укрук” сөзі күнделікті тұрмыста қолданылып жүрген “арқан” [3, 613] ұғымын білдіреді. Дыбыстардың орны алмасып кеткендіктен, бірте-бірте “укрук” – “құрық” болып өзгеріп кеткен. «Абай жолында» құрық сөзіне байланысты кездесетін фразеологиялық тіркестер: *құрық беру, құрым құрық, құрық сілтеу, құрық тимеу, құрық көрмеу, құрық әкету, құрықсыз кету, қара құрық*. Бұлардың ішінде *құрық беру* «еркіне жіберу», *құрық көрмеу* «ұсталмау», *құрық әкету, құрықсыз кету* «еркінсу», *қара құрық* «көпшілік», «тобыр» деген мағынада жұмсалады. Мәселен,

Шынында, бұл мінез ырықтан шығып, *құрық әкету* [Абай жолы, I том, 321].

Орысша аударма нұсқалары:

1. Действительно, этот поступок доказывал, что Абай забыл меру, *переступил все границы* и не считается ни с кем [Путь Абая, Том I, 244, Пер. А. Никольской, Т. Нуртазина и Л. Соболева].

2. Действия Абая были доложены Такежаном как *недопустимая вольность* и как дерзкий вызов отцу [Путь Абая, Том I, 378, Пер. А. Кима].

Орыс тіліндегі екі нұсқасына да қарағанда, *құрық әкету* фразеологизмін дәлме-дәл бермесе де, мағынасы сақтала отырып аударылғаны көрінеді. Бірақ осы жерде бір ескеретін жайт бар. Ғалым Ж. Байтелиева *құрық* сөзінің орыс тілінің құрамында кездесетінін айтады. Ол Васаридің еңбегіне сүйене отырып, түркі тілдерінен орыс тіліне жылқы шаруашылығына қатысты 35 терминнің ауысқанын келтіреді [4, 38]. Бұлардың басым бөлігі негізінен географиялық тұрғыдан жақын аймақ болғандықтан, қазақшадан өткен. А. Ким аудармасында *құрық* сөзімен құрылған фразеологизм орыс тіліндегі баламасымен берілсе де, жекелей түрінде *курук* деп те қолданылған. Мәселен,

Көп мықты жігітті қашаған қуғыш бедеулер мен жүйрік ат-айғырға мінгізіп, қолдарына *ұзын құрық*, мықты бұғалық беріп, асауларды ұстауға кірістірді.

Их надо было еще суметь и отловить, чем немедленно занялись табунщики, взяв в руки длинные *палки-куруки* с петлей на конце и собранные в кольца арканы [Путь Абая, Том I, 399, Пер. А. Кима]

Түрік тіліндегі нұсқасы:

Gerçekten bu hareket haddini aşır *dizginleri koparmaktı* [Abay Yolu, Cilt I, 333].

Бұл да коннотативтік жағынан көшпелі халықтың тілдік танымына жақындатып берілген. Түрікше *құрық* сөзінің дәлме-дәл баламасы болмаса да, *dizgin* яғни *тізгін* сөзі берілген тұрақты тіркестің мағыналық ауқымын қамтып тұр деуге негіз бар. Бірақ қырғызша аудармада осы сөйлем мүлдем түсіп қалған.

Қазақ халқында өте асау жылқыларды үйреткенде қолданылатын бір әдісті *шұра салу* деп атайды. Ол үшін аттың үстіңгі ерніне қамшының бүлдіргесін кигізіп, сабымен бұрау салады. Осыдан кейін асау жуасып, иесінің еркіне көнетін болады. «Абай жолында» Оспанның асау тайды үйретуін бейнелеу кезінде *шұрайлап* деген сөздің мағынасы осы шұра салудан шығып тұр. Масақбайдың ақ тайды *шұрайлап* жуасыту тәсілі мәтінде былай берілген: Құлақтан басып, бұғалықпен буындырып, екі езуін *шұрайлап*, тайды өлердей жазалаған. Орысша аудармалары:

1. Он хватал его за уши, душил арканом, *рвал губы удилами*, а под конец накинуд вместо седла кошму, прикрутив ее веревкой, и опять вскочил на него [Путь Абая, Том I, 154, Пер. А. Никольской, Т. Нуртазина и Л. Соболева].

2. Он начал душить животное арканом, потом *скрутил верхнюю губу волосной закруткой*, безжалостно исхлестал его, гоняя по кругу [Путь Абая, Том I, 239, Пер. А. Кима].

Бірінші нұсқа бойынша аудармашының *шұрайлауды* «жүгеннің ауыздығын салып қинау» деп түсінгендіктен, төл мәтіннен алшақтау кеткені байқалады. Бұл жерде, бәлкім, тілдік бірліктің анықтамасын толық меңгеріп алғаннан кейін орыс тілінде оның түсіндірмесін жаза кеткен артық болмас еді. Ал екінші нұсқасында бұл түпнұсқа мәтінге жақынырақ аударылған. *Шұрайлау сөзін* этнографизмге жатқызуға болады. Оған сәйкес этнографизмдер тек бір ғана тілдік топтың өкілдерінің өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде кездесетін заттар мен құбылыстар және ұғымдар. Мұндай сөздерді аударған кезде мағыналас, жуықтас

терминдермен берсе және қысқа ғана түсініктеме беріп отырса, басқа тіл өкілінің санасына қонымды болары сөзсіз. Мәселен, түрік тіліндегі аудармасындағы осы тәсіл қолданылған:

İki kulağından bastırıp kementle boğazını sıkıp ağız kenarlarını şuraylayıp tayı şiddetle cezalandırmış [Abay Yolu, Cilt I, 209]. Аудармашы *şuraylayıp* сөзіне түрік тілінде *şuraylav: Atın ağızını iple bağladıktan sonra geçirmek suretiyle döndürüp sıkmak* деп анықтама бере кетеді.

Ал қырғызша нұсқасында бұл тіркес түсіп қалған. Кулактан алып, жип менен муундуруп, тайды өлөрдөй сабаган [Мухтар Ауэзов, Абай, 210]. Соған қарағанда аудармашы сөздің мағынасын жете түсінбеген деп ойлау заңды. Бұл аудармашының жан-жақты ізденбегенін, этнографиялық ұғым, тіркестер жайлы алдын-ала зерттеу жүргізбегенін көрсетеді. Себебі көшпелі өмір салты, әсіресе жылқы шаруашылығы бір-біріне қатты ұқсайтын қырғыз халқында да асау үйретуге қатысты дәл осы мәнде қолданылатын сөз болмаса да, ұқсас мағынадағы тіркестер болуы тиіс деп топшылаймыз.

Романдағы этнографизмдер шоғырының ішінен кезінде көшпелі қазақ өмірінде ауыл мен ауыл, рулар арасында жиі орын алған жылқы ұрлап әкету әрекеті, яғни *барымта алу* әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде бағаланады. І. Кеңесбаев сөздігінде бұл тіркес көнерген фразеологизм ретінде көрсетілген [Кеңесбаев І, 55]. *Барымта алу* Патша өкіметі кезінде жергілікті Ресей билік, сот орындарына көп келіп түскен даулы іс ретінде де сипатталады. «Абай жолында» көрсетілгендей, бір ру екінші бір рудан есе, қарымта қайтару үшін барымтаға көп жүгінеді. Мәселен, Тағы бір рет, көршілес Керей мен Найманның осы жаздағы аттаныстарын, бір-бірінен *барымта алысып*, шабысып қалғанын айтысты [Абай жолы, I том, 213].

Орысша аударма нұсқасы:

1. Потом заговорили о набегах соседних племен Керей и Найман, предпринятых ими летом друг против друга, и *взаимных грабежах* [Путь Абая, Том I, 163, Пер. А. Никольской, Т. Нуртазина и Л. Соболева].

2. Немного, как будто между прочим, поговорили о *взаимных налетах барымтачей* между соседствующими родами Керей и Найман [Путь Абая, Том I, 255, Пер. А. Кима].

А. Никольская, Т. Нуртазин мен Л. Соболев аударған «Абай жолының» орыс тіліндегі алғашқы аудармасында *барымта алысу – взаимный грабеж* деп орыс тілді оқырманның түсінігіне лайықты түрде аударылған. Бірақ мұның барымтаның ерекшелігін, оның ұрлықтың басқа түрлерінен айырмашылығын толық аша алмайтыны күмәнсіз. Қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет заңдары жайлы арнайы зерттеу жүргізген А. Левшин «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордасы мен даласының сипаттамасы» деген кітабында «баранта» деп береді [5, 149]. Баламасыз лексика болып саналатын бұл фразеологиялық тіркестің ұғымдық әлеуетін ашып беру үшін кейінгі А. Ким аудармасында *барымташы – барымтач* түрінде қолдану жөн саналғаны байқалады. Мұндай сөздерді отырықшы өмірге бейімделген, тілі, ділі, дүниетанымы сәйкес келе бермейтін елдердің тіліне аударғанда, бұған дейін де айтылғандай, аудармашылардың осындай әдіске жүгінуі, қалыпты жайт. Тіпті тілі, дүниетанымы, ұлттық болмысы ұқсас деп есептелетін түрік тілінде де *барымта алу* тілдік тұлғасы сақталмаған. Түрікше нұсқасы:

Bir kez de Kerey ve Nayman'ın bu yaz birbiriyile kavgalarından, saldırılarından bahsettiler [Abay Yolu, Cilt I, 222].

Бірақ жоғарыдағы түрік тіліндегі нұсқасында түпнұсқадағы фразеологиялық тіркестің коннотациялық әсері солғындап қалғаны сезіледі. Аудармашылар осы жерде де осы тіркесті түпнұсқадағы күйінде транскрипциялап беріп, қысқаша анықтама бере кетуі дұрыс болатын еді деген ойдамыз.

Ал қырғызша аудармасында түпнұсқаның құрылымы жақсы сақталған

Дағы бир жолу қоңшулаш Керей менен Наймандын ушул жаздағы аттаныштарын, бири-биринен *барымта алышып*, чабышып қалғанын айтышты [Мухтар Ауэзов, Абай, 224].

Романдағы этнографизмдердің үлкен бір шоғырын қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына, қоғамдық қарым-қатынастарына қатысты баламасыз лексика құрайтыны жоғарыда айтылған болатын. Халық өмірінде әлеуметтік байланысты жандандыруға, жаңғыртуға арналған салттың бірі – ерулік беру салты. Бұл салт жаңадан көшіп келген көршілерді үйге

арнайы шақырып, қонақ етуді, дәм татыруды білдіреді [Кеңесбаев. I, 94]. Ол қазір де жалғасын тауып келе жатыр. *Ерулік беру* тілдік тұлғасы жағынан алғанда, фразеологиялық бірлік ретінде «Абай жолы» романында кездесіп отырады. Аудар-машылардың осы фразеологизмді негізінен транскрипция және перифрастикалық тәсілін қолдана отырып аударғаны көрінеді. Мысалы салыстырып көрейік:

Осыны ойлаған екеуі Ысқақпен Мәнікені, бар естияр үлкендерді, көрші-қоландармен *ерулікке шақырған* [Абай жолы, III том, 362].

1. Именно поэтому он пригласил семью брата и людей его аула на «*ерулик*» [Путь Абая, Том III, 227, Пер. Л. Соболева].

2. Каражан *устроила ерулик*, угощение по поводу прибытия на джайлау новых соседей, созвав всех родичей из их аула и многочисленных соседей [Путь Абая, Том III, 331, Пер. А. Кима].

Л. Соболевтің аударма нұсқасында транскрипция тәсілі қолданылған. Оған сәйкес аудармашы мәтін ішінде *ерулік* сөзін транскрипциялап береді де, сол беттің төменгі жағынан түсіндірмесін келтіреді: *Ерулик* – угощение по случаю прибытия аула на новую стоянку, чаще всего – на летнюю, жайлау. Ал А. Ким аудармасында перифразалық тәсілмен беруді жөн санаған. Бір назар аударуға тұратын мәселе, А. Ким *ерулік беруге* қатысты сөйлемдердің бәрінде қасына түсіндірмесін де жазып кетіп отырған. Мәселен,

«Алғаш үлкен ауылдың *ерулігі*» деген табақ-табақ еттер, саба-саба қымыздар, көп-көп қыдырушы қатындармен ілесе келіп-келіп қалды.

На *ерулик* – угощение, устраиваемое теми, кто раньше прибыл на джайлау, в Большой дом из соседних аулов принесли чаши с вареным мясом, полные саба-саба – двойные бурдюки с кумысом.

Тілші-ғалым Е. Жанпейісов «Этнокультурная лексика казахского языка (На материалах произведений Мухтара Ауэзова)» атты еңбегінде Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы қазақ халқының менталитетін, ұлттық сана-сезімін бар қырынан паш ететін тілдік бірліктерге, фразеологизмдерге, идиомаларға толы екенін айрықша атап өтеді. «Менталитет» ұғымы мәдениетаралық коммуникация аясында маңызды орында тұрады. Бұл тұрғыдан В.В. Колесовтың ұлттық менталитет шеңберінде айқындалатын ментальды сипат жайлы еңбектері назар аударуға тұрарлық. Ол еңбектерінің бірінде былай дейді: «ментальдылық логикалық емес, этикалық, рухани-ізгілік категорияларының бірі ретінде сипатталады және ол тіпті ұғым емес, ұлттың көрінісі... Ментальдылық – бұл әлемді, қоғам мен адамиды туған тілінің формалары мен категориялары арқылы тану мен қабылдау тәсілі...» [6, 11]. Сонымен қатар автор былай деп нақтылай кетеді: «Бірақ ментальдылық сондай-ақ мәдени құбылыс, сондықтан оны зерттеуге тек этно-әлеуметтік, этномәдени аспектіде жол ашылады» [7, 7]. Осы қағидаға сәйкес, «Абай жолы» романының шет тілдерге аудармалары тұтас бір халықтың көшпелі дәуірде өрбіген өмірі, тіршілігі, материалдық және рухани мұраларын тікелей танытатын, «мәдени көпірге» баланатын құнды еңбектер екендігі даусыз.

«Абай жолында» айтылатын бүгінде ұмытылып кеткен этнографиялық фразеологизмнің бірі – *күйеу киімі*. Қалыңдығын алуға келген күйеу жігіт бірден көзге түсу үшін арнайы тігілген «күйеу киімін» киген. Басына жиегі бағалы аң терілерімен көмкеріліп, үкі қадалған бөрік киіп, үстіне қызыл шапан, кестелі жарғақ шалбар, аяғына биік өкше етік киген. Кейде шапанды сырт киім қамзолмен алмастырып отырған. Қазақта жалпы бұл дәстүрді Мұхамбет пайғамбардан тарқатады.

«Мұхамбет пайғамбар Хадиша анамызға үйленетін кезде киіп баратын киімі болмапты. Себебі, ол кезде Мұхамбеттің пайғамбарлық даңқы шықпаған еді. Отбасында қаржылық тапшылық сезіліп тұратын. Оның жанында Әубәкір Сыддық қана болыпты. Ол пайғамбардың Хадиша анамызбен некелесіп, әйелдікке алмақ болғанын біледі. Бірақ Мұхамбеттің жетім өскенін және ешқашан артық байлық жинамайтынын жақсы білетін Әубәкір тойға дайындық жайын сұрайды.

– Иә, досым. Хадишамен некелестім. Мен бақыттымын. Енді оны отбасыма абыроймен алып келуім керек, – деді.

Пайғамбардың емеурінін ернінен танитын Әубәкір мәселенің мән-жайын бірден түсінді. Пайғамбар ескі шапанымен тойға баруға қысылып отыр еді. Әубәкір базарға барды да, шапан тігетін шеберлерге ең қымбат шапан тіктірді. Бүкіл киімін жаңалатты. Бәрі дайын болғанда зерлі тастармен әшекейленген үш шапан алып келді. Оның әрқайсысы бес жүз алтын ділдә тұратын. Хадишаға арнайы қымбат тарту әзірлетті. Пайғамбардың қарсылығына қарамай, Әубәкір оның барлық сән-салтанатын артығымен толтырды.

Қыз ұзату тойында дүйім жұрт пайғамбардың мәрттігі мен мырзалығына таңғалды. Дұшпандары оны мұқата алмай мысы құрыды. Қайын жұртының мерейі үстем болды. Әубәкір өзі күйеу жолдас боп оның қасында жүрді. Пайғамбардың бұл сән-салтанаты кейінгі үмбетке үлгі болып қалған екен. Күйеу жолдас боп еріп бару Әубәкір Сыдықтан қалған сүндет деседі» [8, 159]. «Абай жолында» да *күйеу киімі* жайлы, оның қайын жұрт үшін қаншалықты маңызды екендігі жайлы егжей-тегжейлі айтылған. Енді бұл жоралғы аудармасында қалай берілді екен, соған келейік. Алдымен түпнұсқада:

– Ата-бабаң жолы осы! Барған елің сені кінәламайды. «Әкесі күйеу, шешесі қалыңдық болмаған ба?» деп бізді мінейді. Ки! – деп, дәл аттанар жерде Абайға жаңағы *күйеу киімінің* бәрін кигізді [Абай жолы, I том, 253].

Орысша аударма:

1. Это обычай твоих предков! – повторяла она. – Не тебя будут укорять там, а нас: всякий скажет – разве у них отцы не были женихами, а матери – невестами?.. Надевай! – приказала она и сама *обрядила* внука [Путь Абая, Том I, 195, Пер. А. Никольской, Т. Нуртазина и Л. Соболева].

2. – Надевай! Это обычай твоих предков. Сваты не тебя будут укорять, если ты нарушишь обычай. Скажут: «Разве отец его не был когда-то женихом, а мать – невестой?» Нас будут винить, родителей. Так что, надевай! [Путь Абая, Том I, 302, Пер. А. Кима]

Түрікше:

– Ata babanın geleneği bu! Gittiğin boy seni ayıplamaz. “Babası damat, annesi nişanlı olmamış mı?” diye laf bize gelir. Giyin! diye tam ata binecekken Abay’a deminki *damatlık elbiseyi* giydirdi [Abay Yolu, Cilt I, 262].

Қырғызша:

–Ата-бабаңдын жолу ушундай! Барған элиң сени күнөөлөбөйт. «Атасы күйөө, энеси колукту болбогонбу» деп бизди айтышат. Кий! – деп, дал аттанар кезде Абайга жаңагы бардык *күйөө кийимдерин* кийгизген [Абай, 266].

Алайда мұндағы орыс тіліндегі аудармалардың *күйеу киімінің* мәніне терең бойламағаны, оны дағдылы тойға киетін киім деп санағаны байқалады. Егер аудармашылар транскрипциялау немесе перифрастика тәсілімен оны бұдан да толығырақ таныта түскенде, орыстілді аудитория мұның өзінше рухани сипаты бар киім үлгісі екенін аңғарған болар еді. Оқырманды сол елдің мәдениетімен, сол елге ғана тән өзіндік салт-дәстүрімен, сол елге ғана тән өнерінің ерекшеліктерімен таныстыру әдетте аудармашының алдына қойылатын ең басты міндет болуға тиіс. Ол елтану және лингвоелтану міндеттерін жүзеге асыру барысында іске асады. Қазақ мәдениетін кітап аудармалары арқылы шетел азаматтарына таныту тұрғысынан келгенде, бұл мәселенің өте маңызды екені белгілі. Сонымен бірге қазіргі кезде шетел азаматтарының әртүрлі әлеуметтік жағдайлармен байланысты қазақ тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін, әндері мен т.б. құндылықтарын игеруге, үйренуге деген ынта-ықыластарының күшеюі қазақша кітаптарды шет тілдеріне аудару мақсаттарына оның міндеттері мен әдістерінің де сай болуын, оны аударудағы кейбір бағыттарды қайта қарауды талап етеді.

«Абай жолында» дүниеден өткен кісінің артынан атқарылатын жаназа рәсімдері жайлы мәліметтер өте мол ұшырасады. Бұл жайт «Абай жолымен» аударма арқылы танысқан шетел ғалымдарының да назарын аударған. Зерттеуші Бүлент Байрам «Kazak Folklorunda Ölüm ve Abay Yolu Romanına Yansımaları» атты ғылыми мақаласында «Абай жолы» арқылы қазақтардың өлімге қатысты салт-жоралғыларының мынадай тәртіпте өрбитіндігін айтады: 1. Бақұлдасу (Helalleşme); 2. Мейрам суы, атау керек (İynamsuv); 3. Өлімді естірту (Ölümü haber vermek); 4. Қаралы үй (Karalı ev); 5. Мәйітті жуу (Ölü Yıkama); 6. Жаназа оқу (Cenaze Çıkarma);

7. Жерлеу (Mezara Koyma); 8. Көңіл айту (Baş sağlığı Dileme, Teselli Etme); 9. Ас беру (Yemek Verme) [16, 112]. Бұлардың бәрі романда негізінен фразеологиялық тіркес түрінде берілген. Солардың бірі *бата оқыр*. Бұл өлген кісіге дұға оқып, кейінгі қалғандарына көңіл айту салты [Кеңесбаев, 60]. Қазақтың өлімге қатысты салт-дәстүріне сәйкес қайтыс болған кісінің туған-туыс, ағайындары "бата оқыр" деген атпен қаржылай немесе заттай жәрдем береді. Яғни, бұл жаназа рәсімдерін атқаруға кететін шығынның бір бөлігін жақын ағайындары көтереді дегенді білдіреді. «Абай жолы» романында «бата оқыр» салты кітаптың Бөжейдің дүниеден өткен сәтін баяндайтын тұсында айтылып кетеді.

Алыс жайлауға, Құнанбай ауылдары жеткен өріске бұл өлкенің елі жете алмай қалды. Ең болмаса Бөжейдің жетісіне шейін, немесе тіпті қырқына шейін «жыласатын ағайынды», «*бата оқырды*» осы кең қоныс – шалқарда тоспақ болды [Абай жолы, I том, 253].

Орысша аудармасы:

1. Теперь они решили держаться здесь до сорокового дня после смерти, принять всех, кто пожелает почтить память умершего, и совершить поминальные обряды седьмого и сорокового дней [Путь Абая, Том I, 149, Пер. А. Никольской, Т. Нуртазина и Л. Соболева]

2. И теперь было решено, что они будут оставаться здесь, на месте похорон, дожидаясь сороковин после того, как будут *справлены и поминки* седьмого дня [Путь Абая, Том I, 278, Пер. А. Кима].

Қырғызшасы:

Эч болбосо Бөжейдин «жетилигине чейин», же болбосо деги «қыркына чейин» ыйлаша турган ағайынды, «*бата кылуучуларды*» ушул кең конушта – чалкарда тосмок болушту [Абай, I том, 200].

Түрікшесі:

Hiç olmazsa Böcey'in yedisine veya kırkına kadar "ağlaşacak akrabaları", "*dua okuyanları*" bu geniş mekâna yayılı yerlerde bekleyecek oldular [Abay Yolu, Cilt I, 200].

Орысша аудармасында екі нұсқада да *бата оқыр* тіркесінің аудармасы түсінікті берілген. Бұл, бір жағынан, кез келген дінде, кез келген халықта дүниеден өткен адамды аттандыру жоралғыларының болуымен де байланысты. Сондықтан мұндай әдет-ғұрыптар орыс оқырмандарының қабылдауына ауырлық түсіре қоймайды деген ойдамыз. Өйткені «кез келген халықтың фразеологиялық шоғырының елеулі бөлігі адамның өзін қоршаған әлемге қатысты архетиптік, мифологиялық, Інжілдік және фольклорлық мәдени қабатымен тұтаса өрбиді. Олар өзіне «тылсым», күдіретті, о дүние жайлы және өзара үйлесе байланысатын көптеген мәдениет кодтарын қамтуы ықтимал» [9, 360] деген пайым мазмұны үйлеспей мүмкін болса да, сыртқы атқарылу пішіні ортақ ритуалдардың аудармада көбінесе сол тілдің дүниетанымына бейімделіп берілуіне алғышарт бола алады. Бірақ *бата оқыр* тіркесі кездесетін мына бір сөйлемнің аудармасында қателік жіберілген. Түпнұсқада: Құнанбайдың Бөжейге жасаған *бата оқырының* түрі осы боп еді. А. Ким аудармасында бұл Так завершилась *заупокойная молитва* – жаназа Құнанбая по умершему Божею [Путь Абая, Том I, 309, Пер. А. Кима].

Бұл жерде *жаназа* сөзі басы артық әрі қолданылу тұрғысынан қате. Өйткені жаназа – жуылып тазаланған мәйіт үшін мұсылмандардың дәрет алып, құбыла жаққа қарап, аяқта тұрып оқыған намазы мен мәйіт үшін жасайтын дұғасы. Ал кітапта Құнанбай Бөжей әлдеқашан жерленіп, жаназасы өтіп қойғаннан кейін бата оқи барады. Этнографиялық фразеологиялық бірліктерге қатысты мұндай сәйкессіздіктердің аудармада ара-тұра кездесіп отыратынын жоққа шығаруға болмайды.

«Абай жолы» романында халық ұғымындағы уақыт, салмақ, ұзындық, арақашықтық өлшемдері мен осы фондық лексика негізінде қалыптасқан фразеологиялық бірліктер де мол. Романдағы этномәдени лексиканы арнайы зерттеген Е. Жанпейісов оларды «Халық метрологиясы лексикасы» (нумеративтер) деп атап көрсетеді [10, 119]. Метрологиялық терминология фразеологизмдер мен паремияларда қолданылу кезінде стилистикалық бейтараптығын жоғалта отырып және экспрессивті қасиет иелене отырып, терминдік жүйе шеңберінен шығып кетеді.

Мұхтар Әуезовтің шығармада қолданатын *қозы көш жер* немесе *бесін кезі* деген сияқты қазақы уақыт өлшемдерінен кұралған фразеологизмдердің аудармалардағы қолданысын

зерделеу бірқатар қызықты жайттардың бетін ашары хақ. Мәселен романда бұл тілдік бірлік төмендегідей сипатта кездеседі:

Кейде аялдап, кейде жазық жерлерде дүрілдетіп жарыс салған жастар кіші *бесін кезінде* бір мол қара судың жанына жетті [Абай жолы, III том, 230].

Орысша аудармасы:

Как всегда, соревнуясь, едва открывалась ровная местность, ко времени *малого бесина* они проехали значительное расстояние, пока не оказались на берегу большого озера с темной водой [Путь Абая, Том II, 218, Пер. А. Кима].

Бұл аударманың жартылай транскрипциялау тәсілімен жасалғандығы көрінеді. Себебі сол беттің астына сілтеме беріліп, оған *бесин* сөзіне қатысты түсініктеме жазылған. Ал «қозы көш» фразеологиялық тіркесінің аудармасының қалай берілгеніне назар аударайық:

– Оның атын жаңа Ербол айтқан жоқ па? *Қозы көш* жерге шейін естіліп барады деді ғой. Атын Біржан да қоймаған шығар. Бұл – "Қозы-көш" болсын да! – деп, Абай енді үйге қарай беттей берді [Абай жолы, II том, 92].

Орысша аудармасы:

– Е, разве вы не слышали, что сказал Ербол? Он ведь дал название песни, считай! Помните, он сказал, что ее слышно на расстоянии *одного перегона ягнят*? Так и назовем ее – «Козы кош», «Перегон ягнят»! – улыбаясь, сказал Абай; повернувшись, направился в сторону гостевой юрты [Путь Абая, Том II, 103, Пер. А. Кима].

Түрікше аудармасы:

- Onun adını demin Erbol söylememiş mi: *Kuzu yayılımı kadar yere varıncaya kadar duyuluyor dedi ya. Adını Bircan da koymamış olabilir. Bunun adı "Qozi köş" olsun o zaman!* diyerek Abay eve doğru yürü-dü [Abay Yolu, Cilt II, 98].

Мұндай фразеологизмдерді калькалау тәсілімен аудару бөгде мәдениетті таныта алмасы анық, сондықтан осындай кезде транскрипциялау немесе перифрастикалау тәсіліне жүгінгеннен басқа жол ұтымды, сәтті шыға алмас еді деп ой түюге болады.

Бір халықтың ұлттық мәдениетіне тән сипаттарды, айырымдарды атайтын сөздерді аудару аудармашының лингвоэтикалық құзыретінің жан-жақты болуын талап етеді. Ұлттық мәдениетті белгілейтін атаулар функционалды қызметі жағынан басым доминант элементтер: олардың контекстегі функционалды-коммуникативтік қызметі жоғары. Демек, оларды түсіріп тастау түпнұсқаның мазмұнын сақтау талабына нұқсан келтіреді. Сондықтан аудармашының лингвоэтикалық құзыреті – ол мәтіндегі қолданылған, мәдени-танымдық сипаты, ұғымдық-мағыналық көлемі жағынан сәйкестіктері жоқ атаулардың түпкі мағынасына, этимологиясына, қандай ұғымда жұмсалғанына, контекстіндегі стильдік жүгінің ауқымына назар аударуға тиіс.

Көркем туындының жазылуына да, аударылуына да үлкен жауапкершілікпен қарау қажеттігі дау тудырмайды. Ал ұлттық сипаты қанық, ұл тағдырының, ұлт тарихының бар асылын, бар ауыртпалығын бір бойына сыйдырған роман-эпопеяны аударудың жауапкершілігі оны жазып шығудың жауапкершілігінен жоғары болмаса, төмен болмауы керек. М.Әуезов Абай туралы, оның заманы туралы эпопеясының басқа тілге аударылуына осындай жауапкершілікпен қарады. Бұл жазушының шығармашылық еңбекке деген, Абайға деген көзқарасының аласармас асқар биігінің көрінісі еді. Жалпы, М.Әуезов шығармаларында кездесетін фразеологизмдерінен астарлы түрде ақын өмір сүрген дәуірдің тарихы, ұлттық салт-дәстүр, ұлттық мінез, өзіндік болмысы көрініс табады. Сондықтан да, М.Әуезов шығармаларындағы фразеологизмдерді талдау барысында ұлт жөнінде экстралингвистикалық ақпаратты мольнан танимыз. Олар микрообраз ретінде көрінгенімен, мәтін деңгейінде күрделі біртұтас макрообраздық деңгейге айналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: «Ана тілі», 1993.
2. Нұрмағамбетов Ә. Сөз сырына саяхат. – Алматы: «Жалын», 1990. -128 б.
3. Надеяев В. М., Насилов Д. М., Тенишев Э. Р., Щербак А. М. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969.

4. Байтелиева Ж.Д. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі. Филология ғыл. канд. ғыл. дәр. алу үшін жазылған диссертация. Алматы, 2007, – 147 б.
5. Левшин А.И. Описание киргиз-казахских, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы: Санат, 1996, – 656 с.
6. Колесов В.В. Русская ментальность в языке и тексте. – СПб.: Петербургское востоковедение, 2007.
7. Колесов В.В. Классификация ментальных исследований языка с позиции философского реализма // Концептуальные исследования в современной лингвистике. –СПб.: 2010. – 555 с.
8. Бауған В. Kazak Folklorunda Ölüm ve Abay Yolu Romanına Yansımaları // Prof. Dr. Fikret Türkmen Armağanı, İzmir, 2005, s. 111-120.
9. Ананьина Т. С., Зимин В. И. Основные семантические модели во фразеологических единицах русского и французского языков с доминантным значением «умирать/умереть» (сопоставительный аспект) // Преподаватель XXI век. 2017. № 4, с. 355-363.
10. Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (На материалах произведений М. Ауэзова). – Алма-Ата: Наука, 1989, – 288 с.

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІ МЕН ҚАРАСӨЗДЕРІНДЕГІ ОБРАЗДАРДЫ УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІК АЯСЫНДА ТАЛДАУ

Кез келген көркем туындының негізін уақыт пен кеңістік құрайды. Олар өзара бірін-бірі толықтырып, шығарманың мазмұны мен маңызын ашады. Туындының негізін құрай отырып, оқиғалар мен кезеңдерді көркем түрде жекізудің жолы болып табылады. Осы ұғымдарға қатысты әдебиеттануда хронотоп термині қолданылады. Хронотоп (көне гректің χρόνος, «уақыт» және τόπος, «орын» деген сөздерінен алынған) ұғымын М.М. Бахтин өзінің “Формы времени и хронотопа в романе” деп аталатын зерттеуінде алғаш рет енгізді. Хронотоп ұғымын М.Бахтин “существенная взаимосвязь временных и пространственных отношений” деп түсіндіреді. Қазақ әдебиеттануында профессор Б. Майтанов бұл терминді “мекеншақ” деген атау береді. М.Бахтин: «Әдеби көркем шығармадағы хронотоп дегеніміз – уақыт пен кеңістік белгілерінің нақтылы бір бүтіннің табиғатына лайық бірлікте көрінуі. Мұнда уақыт қоюланып тығыздалады, сығылысады. Сөйтіп көркемдігімен көзге түсетіндей дәрежеге жетеді: ал кеңістік болса, шоғырланады, тарихтың, сюжеттің, уақыттың қозғалысына бағындырылады. Уақыт таңбасы кеңістікте белгіленіп көрінеді. Ал кеңістік уақыт арқылы танылып, уақыт арқылы өлшенеді. Мінеки көркем хронотоп қатпарлардың осылай қиысып, белгілердің осылай қосылып, тұтастануымен сипатталады» [1, 235] – деп анықтама береді. Сонымен қатар уақыт пен кеңістік жеке автордың дүниетанымы мен көзқарасына қарай жазушы стилін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады, сол арқылы әлемнің жеке авторлық суретін құру ерекшелігін, көркем шығарманың ішкі заңдылықтарын айқындайды, шығарманың композициялық тірегі болып, көркем образдардың ашылуының ішкі ұйымдастырушысы болып, әлемнің көркем бейнесін қалыптастырады.

Абай өлеңдерінің қазақ поэзиясының көркем мұрасы ретінде әрқашан жүйелі зерттеулер мен талдауларды қажет ететіні белгілі. Сол себептен де Абай шығармашылығы, Абай тілі, сөз өрнегі әр қырынан зерттеліп, толығып жатыр.

Қазіргі әдебиеттанудағы зерттеу бағытының бірі ақын шығармаларын мекеншақ тұрғысынан талдап, маңызын түсіндіру болып табылады. Кез келген шығарманың өзегі – уақыт пен кеңістік. Мәтінге текстологиялық, прагматикалық, семантикалық талдау жасамай оның маңызын түсіну мүмкін емес. Бұл зерттеуімізде ақынның лирикалық өлеңдері мен қарасөздеріндегі хронотоптың негізін айқындап, оны көркемдік тұрғыдан оқырманға талдап түсіндіру арқылы ақынның ойы мен сезімін жеткізу. Уақыт бойындағы тарихи оқиғалар мен көріністерді берудегі ақынның ішкі ойлары мен өмірінің сәйкес тұстарын нақты деректер бойынша анықтау бұл зерттеудегі біздің мақсатымыз болып табылады. Шығыс әдебиеті, Еуропа әдебиетімен сусындаған ақын шығармашылығының өте үлкен филологиялық талдауды қажет ететіні белгілі. Бұл туралы Қажым Жұмалиевтің: «Бағым жаңа түзелді деп ұқ-қан жас талант, ғылым, күшінің өз замандастарынан артық екенін бұл еліктеуінде де көрсетті. Өз дәуіріндегі Шығысқа еліктеушілердің бәрінен Абай асып түсіп, шығыстың шыңымын деген ақындардың өзімен таласты. Бірақ Абай кемеліне келіп, ой-санасы марқайған кезінде Шығыс әдебиетінің ықпалында түгелдей қалып қоймай, сын көзімен қарап, қазақтың байырғы өз әдебиетіне қайта оралды. Әрине Абайға шейін қазақтың әдеби тілінің негізі бар да, өзінше мығым да еді. Мейлінше бай қазақтың ауыз әдебиеті, Бұхар, Дулат, Махамбет тәрізді әдебиет тарихының ірі тұлғалары ұлттық шеңберде әдебиеттің биік шыңы болады десек, көркем тілде де солай болады. Не нәрсе адамның қасиеті болса, сол нәрсе – міні, – деп ұлы ақын Абайдың әкесі Құнанбай өзі айтқандай, Абайға шейінгі әдебиетіміздің ұлттық тұлғасын берік ұстау міні де, қасиеті де еді. Бұл – тілімізде де тегеуріннің беріктігін аңғартты. Қазақтың мақал, мәтел,

накыл сөздерін, не Махамбет өлеңдерін басқа тілге аударғанда, бұрала біткен емендей июге келмейтіндігі тіліміздің ұлттық тұлға, байырғы қалпын берік сақтауында еді» [2,81], – деп Абай шығармаларына берген бағасынан-ақ көруге болады.

Ақын өлеңдері мен қарасөздеріндегі көркем уақыт пен кеңістіктің көрініс табу жолдары мен олардың прагматикалық сипатын түсіндіруге көшсек. Ақынның барлық өлеңдері, поэмалары мен қара сөздерінде уақыт пен кеңістіктің орасан зор, әрі нәзік түрде үйлескен мазмұнын көруге болады. Оны қарапайым оқырман байқамауы да мүмкін, оған тереңнен көре алу қабілеті қажет. Кез келген оқиға, іс-әрекет, нысан уақытқа байланған. Ақиқат шындық өмірдің көркем шығармаға түскенде басқаша өң алып, түрленетіні қаламгердің уақыт пен кеңістікті шебер үйлестіре алуында.

Ақын өлеңдеріндегі уақыт пен кеңістікті талдап, түсіндіру міндетін алға қоя отырып, Абай өлең-дерінің ішіндегі талдауларға көп нысан болмаған «Ғабидоллаға (Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын)» өлеңін таңдадық. Абай бұл өлеңді өз ауылындағы Ғабидолла Ғабитханұлы деген жас жігітке арнау ретінде жазған. Сол жігіт бір уақыт сауда қылып, мал тапқанына масайып, білімді кісімін (кісіге ұқсап), қалай болса солай шалқып, сөз таластыра бергенде айтыпты.

Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын,
Қайдан білсін өмірдің көбін азын.
Бәйтеректі күндейді жетемін деп,
Жылы күнге мас болып, көрсе жазын.
Күз келген соң тамырын үсік шалып,
Бетегеге жете алмай болар жазым. [4,15].

Осы бір шумақта ақын уақытты объективті түрде, ал кеңістікті абстрактілі сипатта жасырын беріп отыр. Ал оны оқырман уақыт арқылы анықтай алады. Жалпы шығарманың басты мақсаты – түсінікті болу. Ал ақын шығармаларын тез әрі оңай түсіну үшін ақын өмірінен, жай-күйінен, ортасынан, тіпті қазақтың лексикалық қорынан хабарың, білімің болу қажет.

Бұл өлеңінде ең бірінші уақыт пен кеңістікті білдіріп тұрған тілдік бірліктермен таныс болсақ. Олар: жазғытұрым, қылтиған, жауқазын, өмір, көп, аз, бәйтерек, жылы күн, жазы, күз, жазым.

Жазғытұрым – жазға салым, жаз жақындады деген сөз. Абайдың заманында «көктем» сөзі болмаған. Сондықтан «жазғытұры» деген сөзді пайдаланған. Ал «көктем» деген сөз жыл мезгілі ретінде ХХ ғасырдың 40-50 жылдарында пайда болған. Ол «көктеу, көгеру» дегенді білдіреді, яғни, әлі көктемнің уақыты, жаз болмаған кезеңді білдіреді. Көріп отырғанымыздай, бұл нақты экологиялық уақыттың өлшеміне кіріп, контексте уақыттың эстетикалық прагматикасын арттырып тұр.

Қылтиған – әлі шықпаған, басы ғана қылтиып енді көгеріп келе жатқан өсімдіктерге, шөптерге айтылатыны белгілі, яғни бұл уақыттың белгілі бір бөлшегін білдіреді. Себебі, қылтиып шығып келе жатқан өсімдікке біраз өскен соң көгеруі, жапырақтануы, гүлдеуі сынды өзіндік өсу фазалары болады. Ал бұл процестерге уақыттың қажет екені белгілі. Көшпелі өмір сүріп, табиғатқа етене жақын болған қазақ үшін бұл жай таңсық емес. Себебі әрбір тіршілік иесіне өсіп-жетілуі үшін биологиялық уақыт пен кеңістік қажет.

Жауқазын – лалагүлдер тұқымдасына жататын ерте көктемде түйін салатын ақ гүлді өсімдік. Жауқазынның қазақ даласында көктем уағында гүлдеп, жазға салым жойылып кететіні белгілі. Байқап тұрғанымыздай, өте ұзақ жайқалып, гүлдеп тұратын өсімдік емес, қысқа мерзімді уақыт аралығында өмір сүретін өсімдіктің түрі. Бұл арқылы ақын адам санасына жастық шақта өте өтпелі, мәңгі емес деген ой салып, толғанысқа салуда. Екі ұғымды қатар ала отырып, оқырман санасына сіндіруде.

Өмір – қазақ ұғымында көктегі күнмен өлшенген. Көрер жарықтың көп, аздығымен өмірдің ұзын-қысқалығы адам санасында ассоциацияланып, үлкен философиялық уақыт көрсеткішін бейнелеген. Бұл тұста уақытты да кеңістікті деп бейнелеп екі түрлі қызметте адам санасымен, түсінігімен айқындалады.

Бәйтерек – көп жылдық, терек тұқымдасты өсімдік. Ежелгі түркі сөзі, бәй «үлкен» деген сөз, «бай» сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі (бәйбіше, бәйшешек), үлкен, алғашқы деген ұғымдарды, ал терек (парсы тілінде – дарак) «ағаш» деген ұғымды білдіреді. Демек «Бәйтерек» екі сөздің бірігуінен жасалып, «зәулім ағаш» дегенді танытады. Ақын осы өлеңі арқылы халқымыздың ұғымындағы алып пен кіші, кең мен тар мағынасына сәйкес келетін ойды, объективті шындықты көркем түрде субъективті қабылдау тұрғысынан жеткізеді.

Жылы күн – ауа райының жайма-шумақ, жанға жайлы кезеңдері. Бұл жердегі уақыт – дәл жылы жауқазынның өмір сүруіне қолайлы көктем мен жазға салым кезеңдерді, экологиялық уақыттың құрамына кіретін реалды мезгілді айтып тұр.

Жазы, күзі – нақты төрт мезгіл уақыттың көрсеткіштері болып табылады. Әрқайсысының өзіне тән сипаттары бар, яғни, ақын экологиялық уақытты нақты көрсете отырып, шығарма мазмұнының құндылығымен қатар объективті шындығында көркем түрде жеткізіп отыр. Өлең мазмұнына барлап отырсақ, табиғатпен бірге тыныс алған көшпелі қазақ халқының танымын анық көреміз. Себебі қазақ жерін айнала қоныстанып көшіп-қонып жүрген, еркін халық үшін уақытты табиғаттың өзімен, құбылыстарымен өлшеу еш қиындық тудырмаған. Бұл туралы Ш.Уалиханов: «Далалық ортаның тұрғыны – қазақ өзінің ахлихаттық қасиеті, ақыл-ойы, қабілеті жөнінен отырықшы татар немесе түркі шаруаларына қарағанда әлдеқайда жоғары тұр. Осынау дала көшпелілерінің ақынжанды болып келетіні, ой-қиялының жүйрік болып бітетіні мүңсыз-қамсыз көшпелі тіршіліктің арқасы болу керек немесе ұдайы ашық аспан астында, шет-шегі жоқ шүйгін дала құшағында ғұмыр кешкен соң табиғат шіркінді Тәңірі тұтқандықтан да болар»[3,56],- деп осы ойын дәлелдей түседі. Расымен де табиғатпен өмір сүріп, оның бағытымен өмір кешкен қазақ үшін уақытты қоршаған ортамен байланыстыру ешқандай қиындық әкелмеген.

Жазым – жазым болу тұрақты тіркесі опат болу, тіршіліктің соңы екенінің өлшемі. Сол арқылы ақын бәйшешек ғұмырының аяқталуын, уақыттың белгілі бір кезеңінің аяқталуын білдіреді.

Бұл жердегі кеңістік жер, орман екені айтылып отыр. Әрі сол мекендегі уақыт процесіне тәуелді объектілер нақты көрсетіле отырып, адам өмірімен ассоциацияға түседі.

Енді екінші шумақ арқылы өлең мазмұнына толық талдау жасасақ.

Мен дағы көп есіттім жастың назын,
Қол жетпеске қол созар бар ма ылажың?
«Боламынмен» жүргенде болат қайтып,
Жалын сөніп, жас жүзін басады ажым[4,15].

Бұл шумақтағы уақыт пен кеңістікті білдіріп тұрған тілдік бірліктерді талдасақ. Олар: жас, жүр-генде, жалын сөну, әжім басу. Байқағанымыздай бұл жердегі кеңістік, орта – қоғам, соның ішінде жастардың ортасы екендігін айтып тұр.

Жас – адамның жас кезі. Яғни 18-30 жас аралығы. Адам өміріне тән, физиологиясына тән уақыттың өлшем бірлігі. «Жастың назын» арқылы ол нақты адамның, жігіттік кезеңнің бар қыры мен сырын тілге тиек етіп, өлеңмен өрбіткен. Уақыт – орын алып отырған кеңістік жастардың ортасына тән, яғни адамдардың.

Жүргенде – сөзі есімше мен жедел өткен шақтың жалғауын жалғап нақты өткен шақты білдіріп тұр. Грамматикалық уақытты білдіретін формалардың жалғануынан, бірігуінен жасалған тілдік бірліктерде көркем уақыттың объектісі бола алады.

Болат қайту, жалын сөну, әжім басу – градациялық жолмен берілген уақыттың адамға, адамның жасына тән өлшем бірліктері. Бұл жердегі кеңістік өмір, адам өмірі. Нысан – адам. Адамның тәні арқылы көрінетін бұл процестер де үлкен уақытты талап етеді.

Бұл өлеңдегі екі шумақ екі түрлі кеңістікке құрыла отырып, екі түрлі уақытты параллель өрбітеді. Сол арқылы адам санасында, оқырман жүрегіне ақынның бар жүрек сезімі орнай қалады. Сөз қадірін, ой қадірін жете бағалайтын, сөз мағынасын тереңнен түсінетін қазақ секілді халық үшін бұл өлеңнің мазмұны қолында барын қанағат тұтып, жасында, барында

жақсылық жасап, елмен, жұртпен жағаласпай, күндестікке бой ұрмай ғұмыр кешкен тағдырдың тек биікте, жақсылықта болатынын білдіреді. Қарап отырғанымыздай уақыт пен кеңістіктің үйлесімді түрде шығарманың өн бойынан орын тапса, оның бар мазмұны мен мәнін тереңнен ашып, толғайды.

Ақын шығармашылығынан тағы да бір өлеңін көркем кеңістік пен уақыт тұрғысынан талдап көрсек.

Ерекше естен кетпес қызық қайда?
Жолығатын қыз қайда терең сайда?
Сұлулығын қояйын, мінезі артық,
Ақылды, асыл жүрек, сөзі майда [4,16].

Өлеңнің бірінші шумағына үңілер болсақ естен кетпес, қайда, жолығатын, терең сайда тілдік бірліктері уақыт пен кеңістіктің өлшемдерін білдіріп, көркемдік деңгейде өлеңнің құнын арттырып тұр.

Естен кетпес – бұл тіркес сын есім ретінде ең бірінші қызық сөзінің маңызын арттырып, нақтылап тұр. Кетпес сөзі етістіктің болымсыз және ырықсыз формаларын иеленген. Жалпы біз психологияда ес, яғни жадтың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып жіктелетінін білеміз. Сол себептен де бұл өлең жолдарында ол ұзақ мерзімді уақыттың айқындауышы қызметінде көрінеді.

Қайда – септеулік шылауы мезгілді, уақытты білдіретін сөз. Бірақ талдау жасап отырған контекст бойынша өлең жолдарына нақты уақыт өлшемін беріп, өлең мазмұнын ашып тұр. Ол өткен шақты білдіру арқылы оқырманға бұл оқиғалардың қазір емес бұрын, өткен кездердің еншісінде екенін білдіреді. Сол арқылы кеңістікте айқындалады. Яғни, оқырман бұл керемет сәттердің ауыл сыртында, терең сайда орын алғанын аңғара қояды. Уақыт пен кеңістік бірін-бірі жанамалап теңесіп отырады. Осы тұста оқиғаның өткен шақта болғанын білдіретін тағы да бір тілдік бірлік «жолығатын» сөзі. «Қыз» сөзінің анықтамасы болып тұрғанымен, ол сөз етістіктің – атын есімше жұрнағын жалғау арқылы өткен шақты білдіріп, уақыттың өткендігін білдіреді. Шумақтағы соңғы екі жол ақын сипаттаған қыз бойындағы сұлу мінезді айқындап, мінезі мен көркем сұлулығын паш етеді.

Бұл өмірдің қызығы махаббатпен,
Көрге кірсең үлгілі жақсы атақпен.
Арттағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсең де, өлмегенмен боласың тең [4,16].

Бұл екінші шумақта уақыт пен кеңістіктің көрсеткіштері болатын бұл өмір, көрге кірсең, арттағыға, өлсең, өлмеген тілдік бірліктерін талдайтын боламыз.

Бұл өмір – жалпы әр адамның өмір сүріп отырған, жарық күні біткенге дейінгі кезеңі өмір, ғұмыры болып табылады. Бұл шумақта өмір деген жалпы кеңістіктегі уақыттың үш өлшем бірлігі көрінеді. Олар: осы шақ, ол – нақты әр адамның тірі, өмір сүріп жатқан кезі. Келер шақ, ол – көр, өмірден өткен соң адам тәнінің баратын жері. Өткен шақ, ол – артта қалған өмір мен тіршілік. Сонымен бірге өлу және өлмеу сөздері қатар келе отырып, адамды мәңгілік уақыт деген өлшемге байлайды. Ал мәңгілік уақыттың өлшем бірлігі ретінде – адамның ізгі амалдары мен ғибратқа толы сөздерін көрсетеді.

Жүректен ізі кетпес қызық көрсек,
Жақсылықты аянбай жұртқа бөлсек,
Жақынның да, жардың да, асықтың да,
Бәрінің де қызығын көріп білсек [4,16].

Бұл шумақтағы уақыт пен кеңістікті сипаттайтын негізгі өлшем бірліктер келер шақ етістігінде келген, қалау рай формасындағы көрсек, бөлсек, білсек сөздері. Уақыт келер шақ формасында жасалып тұрғаныменде, кеңістік жалпы өмірді білдіріп тұр. Өлең мазмұнын толық қарағанда, адам әр іс пен уақыттың қадіріне дәл осы шақта жетуі керек дегенді меңзейді. Ал осы шақ деп тұрғанымыз жоғарыда айтқанымыздай әр адамның өмір сүріп жатқан уақыты.

Сонымен осындай үш шумақтан ғана тұратын өлең жолдарынан адам өмірінің осы, өткен және келер шағының уақыт пен кеңістіктің тоғысында шебер суреттелгенін жүрек көзімізбен көре отырып сеземіз.

Ақын туындыларының ішінде үлкен өзіндік орны бар, ғибратқа толы шығармаларының бірі – Қарасөздері. Тамыры терең даналықтың дәні бар қарасөздері ақынның үлкен философиялық ойларымен көмкерілген.

Ақынның екінші қарасөзін уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдап көрсек. Негізінен уақыт пен кеңістік әртүлі формада көріне отырып, өзіндік мәні мен маңызын айқын көрсетіп отырады.

Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе, күлуші еді «ененді ұрайын, кең қолтық, шүлдіреген тәжік, Арқадан үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке» десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан, «сарт-сұрт деген осы» деп. Ноғайды көрсе, оны да боқтап күлуші еді: «түйеден қорыққан ноғай, атқа мінсе – шаршап, жаяу жүрсе – демін алады, ноғай дегенше, ноқай десеңші, түкке ыңғайы келмейді, солдат ноғай, қашқын ноғай, башалшік ноғай» деп. Орысқа да күлуші еді: «ауылды көрсе шапқан, жаман сасыр бас орыс» деп. Орыс ойына келгенін қылады деген... не айтса соған нанады, «ұзын құлақты тауып бер депті» деп. Сонда мен ойлаушы едім: ей, құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп, әлгі айтылымш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуанып күлуші едім [4,89]. Бұл екінші қарасөзінен келтірілген үзіндіден уақытты айқындап тұрған тілдік бірліктерді талдасақ. Олар бала күнімде, естуші едім, күлуші еді, ойлаушы еді, қызық көріп, қуанып күлуші едім. Уақыттың бала кезде өткендігін ақын басында ескерте отырып, ойын жалғастырады. Бұл жердегі өткен шақты айқындап тұрған негізгі тілдік бірліктер – үш еді формантымен жасалған етістікті тіркестер. Етістіктің көсемше және есімше жұрнақтарының еді, екен көмекші сөздерімен тіркесуінен жасалған формаларда ақынның «бала күнін» нақтылап, сол кездегі оқиғаларды тізбектей беріп отырады. Бұл жердегі кеңістік ақынның бала кезіндегі ортасы, жағдайы, тұрмысы болып табылады. Себебі, кеңістік қозғалыстың болу сәтіне тәуелді бо-лып келеді. Уақыт ағынында көрініс алған кез келген оқиға, іс-әрекет пен жағдаяттың болған орны осы кеңістіктің негізі болып табылады. Себебі ақын өткен уақытқа орала алмайды. «Өткен ешқашан оралмайды деген уақыт өлшемі тарихи уақытқа жат нәрсе, өйткені тарихтың өзі өткенмен өлшенеді. Олай болса, уақыттың оралмастығы физикалық уақыттың өлшемі. Тарихи уақыт – санадағы уақыт, жақсылықтың бәрі өткенде қалды, сондықтан адамдар әрбір ісін, ойын өткеннің таразысымен өлшеп, соның көзімен қарап, өзін сонымен бірлікке жеткізуге тырысуы керек» [5,149]. Сонымен қатар ғалым уақыт пен кеңістіктің өлшемдерін де нақтылап кетеді. Уақыттың бір өлшемді болатыны мынадан көрінеді: барлық оқиғалар жалғыз бағытта – өткеннен қазіргіге, қазірден болашаққа қарай ғана өтеді. Және ол адамдар санасынан тыс, объективті сипатта болады. Кеңістікте денелерді оңнан солға, солдан оңға, жоғарыдан төмен, төменнен жоғарыға қарай жылжытуға болса, ал уақытты кейін, бұрын, болашақтан өткенге қарай жылжытуға болмайды. Уақыт кері қайтпайды. Оның кеңістіктен маңызды бір айырмашылығы осында [6,15]. Қарап тұрғанымыздай уақыт пен кеңістіктің бір-бірінен айырмашылығы, өзгешелігі болатындығы және сол өзгешеліктері арқылы олар маңыздылығын жоймай объективті шындықты көркем шындыққа айналдырып отыр. Және де ақын екі кеңістік пен екі уақытты параллель ала отырып, нақты оқиғалар мен абстрактілі ойларын өте шебер түрде қиыстырған.

Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Өзіменен өзі әуре болып, біріменен бірі ешбір шаһары жауласпайды! Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлісінің ахиреттігін, тірісінің

киімін сол жеткізіп тұрды. Әке балаға қимайтұғын малыңды кірелеп сол айдап кетіп тұрды ғой. Орысқа қараған соң да, орыстың өнерлерін бізден олар көп үйреніп кетті. Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, ептілік, қырмызылық, сыпайылық – бәрі соларда. Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда. Оның малдыларына, күзғын тамағымыз үшін, біріміз жалшы, біріміз қош алушымыз. Біздің ең байымызды: «сәнің шақшы аяғың білән пышыратырға қойған идән түгіл, шық, сасық казақ», – деп үйінен қуып шығарады. Оның бәрі – бірін-бірі қуып қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып, зор болғандық әсері. Орысқа айтар сөз де жоқ, біз құлы, күні құрлы да жоқпыз. Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда?[4,90]

Бұл берілген үзіндіден уақыт пен кеңістікті нақты білдіретін тілдік бірліктерге тоқтала кетсек. Олар енді, тұрды, қарасам, бағанағы, қуанған, күлген, қайда сөздері. Қарасөзді толық оқи отырып ақынның әлі есеймеген бала күні мен өмірдің ақ пен қарасын ажыратқан, ақиқатқа көзі жеткен ересек адамның ойы мен іс-әрекетін анық байқаймыз. Ал оқырманға уақыт пен кеңістіктің өлшемі бірден көрінуі, мәтін мазмұны мен ақынның айтар ойының сәйкес келуі сөз шеберінің шеберлігінің бір көрінісі.

Енді – мезгіл үстеуі контексте қазіргі уақыттың белгісі болып тұр. Ал қазіргі уақыт деп тұрғанымыз ақынның өз ойының дұрыс емес екенін түсініп, көзі жеткен шағы, ересек кезеңін айтамыз. Осы енді мезгіл үстеуін нақтылап, кеңістік пен уақытын тұрғысынан айқындап тұрған мәтіндегі тұрды, қарасам, бағанағы, қуанған, күлген, қайда сөздері болып табылады. Енді қарасам үстеулі тіркесі уақыт пен кеңістікті өзара байланыстырып, екеуіне оқиғаны ортақтастырып тұр. Осы тұста оқиғаның мекені мен мезгілін бағанағы үстеуіде нақтылап, екі кереғар ойдың адам өмірінің қай тұсында болғанын ашық көрсетіп, баяндауда шебер қолданылған. Сонымен қатар өткен шақты білдеретін есімше жұрнақтарын иеленген күлген, қуанған сөздеріне қайда септеулік шылауының тіркесуі арқылы ақын ойының, балалық кезінің өткендігін және қайтып келмейтіндігін анық риторикалық сұрау арқылы көруге болады. Қарап отырсақ ойшыл ақын әрбір қарасөзінде уақыт пен кеңістіктің түрлі формасымен қатар, шындық, объективті уақыт пен кеңістікті көркем уақыт пен кеңістікке шебер түрде қиыстыра білген.

Енді ақынның он бесінші қарасөзін талдап көрсек. Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім.

Әуелі – пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады. Сонда есті адам, орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен дағы, күнінде айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өткен өмірдің өкініші де жоқ болады екен.

Бұл жолдардан ойшылдың дінімізді жақсы білгендігін, білгенін үлгі етіп, әрбір оқыған жанның көңіліне оңай әрі қонымды етіп түсіндіруді мақсат еткендігін көре аламыз. Бұл жердегі уақыт көңіл салып қараған адамға Алланың Адамды жаратып, оған жан салғаннан, адам өмірінің жалпы ақиретке дейінгі уақытты меңзеп отырғандай. Ал дүние, өмір деген адам санасымен ұғынылатын осынау кеңістікте адамның бар болмысының қыры мен сырын ашып, қуанышқа бөленетін кезі, мезгілі деп ақын Абай адамның сол қызықты нәрсесін іздеген кезі, жастық шағы деп көрсетеді. Жалпы ойшылдың жастық шақтың өзін есті іс пен ессіз іске қызығатын, Алланың адам тағдырына жазған уақыт пен кеңістікті жақсы өткізді ме әлде жаман өткізді ме адам өмірінің құндылығы сонда дегенге әкеледі.

Есер кісі орнын таппай, не болса сол бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады екен дағы, күнінде өкінгені пайда болмай-ды екен. Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісіміз, жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп жүріп, бірер қызықты қуғанда-ақ мойны қатып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады екен[4,102]. Бұл үзіндіден де ойшылдың адам өмірін, мекен еткен жерімізді кеңістік ете отырып, адам өмірінің жастық кезеңін оның өміріндегі ең қымбат уақыт екенін ашық айтады. Сонымен қатар күнінде

сөзін жастық шаққа қарама-қарсы мағынада яғни есейген, үлкен ағалық кезең мағынасында қолданған. Қазақта уақыт өзін осылай адамның өмір шағымен, биологиялық, интеллектуалдық кезеңдерімен абстрактілі түрде қолдана берген. Ал бұл уақыт өлшемін биологиялық уақыт деп атайды. «Биологиялық уақыттың табиғи негізіне адам мен жалпы тіршілік иелеріндегі өмір фазаларының түйық түрде алмасуы жатады» [6,49]. Биологиялық (физиологиялық) уақыттың физикалық уақыттан ерешелігі сол, физикалық уақыт – сыртқы уақыт болса, биологиялық уақыт – ішкі уақыт болып табылады. Ғылыми еңбектерде ішкі уақытты «организмдегі сағат», «биологиялық сағат» деп қолданып жүр [7,193]. Бұл қарасөзінде де ақын екі түрлі шақты параллель ала отырып, сол кезеңге сай орын алған оқиғаларды кеңістік бойында көрсетеді.

Әрбір мастық бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, төңіректегі қараушылардың көзін ашып, «ананы-мынаны» дегізіп, бойды сынататұғын нәрсе екен. Сол уақытта есті кісілер үлкен есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді екен. Есер кісілер ер-тоқымын тастап, бөркі түсіп қалып, етегі атының к...н жауып кетіп, екі көзі аспанда, жынды кісіше шаба беруді біледі екен, соны көрдім. Бұл үзіндіден біз кеңістікте жағдаяттық уақыттың орын алғанын көреміз. Себебі сол сілтеу есімдігімен берілген уақыт сөзі адамның мастыққа бой алдырып, нәпсісін жеңе алмаған ессіз кезі мен өзін тоқтата алған, есті, ақылды кезін және сол сәт орын алған кеңістікті де қоса береді. Сол арқылы адамның жадында сақталатын оқиғалармен, іс-әрекеттермен және де белгілі бір уақыт межесін қажет ететін өмір тұстарымен сақталады.

Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, бол-маса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың? Бұл үзіндіде концептуалды уақыт берілген. Ал кеңістік сол уақыт өтіп жатқан мекен. Ал бұл қарасөздегі басты кеңістік ол – адамның өмірі. Әр адамың өмір сүріп жатқан ортасы ол – оның негізгі кеңістігі болып табылады. Концептуалды уақыт дегеніміздің өзі ақиқат, шынайы уақыттың адам санасында көрініс алуы болып табылады. Себебі адамдар шынайы уақыт белгілері арқылы уақыт ұғымын танып-біледі. Уақыт ағымының белгілерін санада қабылдап, қорытып, ұғымдық уақытты қалыптастырады. Және ол ұғымдар әмбебаптанып, жалпыхалықтық сипатқа ие болады. Айталық, әр халықтың календарь, жыл санау, жыл қайыруы көп-шілік қабылдаған, түсінікті, ортақ болып келеді [6,57]. Бұл қарасөзде ақын жалпы адам санасы мен өміріне ортақ болып келетін кезеңдерді, оған тән оқиғалар мен амалдарды ашып көрсетіп, адам бойындағы жақсы және жаман мінездердің көріну кезеңдерін де нақты уақыт тұрғысынан шебер суреттейді. Сол арқылы да ақын еңбектері адамзаттың жүрегінен орын алып, өлмес мұраға айналған.

Абай Құнанбаевтың шығармалары адамзаттық мәселелерді қамтуымен құнды, маңызды. Қазіргі таңда ақын шығармашылығын қайта жаңғыртып, жаңа қырынан талдау заман талабы екені белгілі. Жас ұрпақтың санасына сіндіріп, бойына қалыптастыру үшін әлі де тер төгіп, ақын шығармаларын талдап, түсіндіру әр адамның әсіресе ғалымдарымыздың парызы деп білемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики. –М., 1975. – С. 235
2. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XXXIX том. Ойлар мен толғаныстар. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 225 б.
3. Орынбеков М. Қазақ дүниетанымындағы тәңіршілдік// Қазақ халқының филолсофиялық мұрасы. – Астана: Аударма, 2006. – 389б.
4. Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.2: Өлеңдер мен аудармалар. 2002. – 336 б.
5. Әбішев Қ. Философия. – Алматы, 2001. – 264 б.
6. Жаңабекова А.Ә. Қазақ тіліндегі уақыт ұғымының тілдік парадигмасы. – Алматы, 2012. – 508 б.
7. Мостепаненко А.М. Проблема универсальности основных свойств пространства и времени. – Л.: Наука, 1969. -224 с.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ САЛТ-ДӘСТҮР ҮЛГІЛЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Адамның бойындағы ұлттық құндылық, бар маңызды қасиет ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан ата дәстүр, әдет-ғұрып, дін жоралғыларымыз арқылы сақталып, жалғасып отырады. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйым дегендеріміз әрбір жанның болмысына айналған, белгілі бір халықтың діни сенімі, ұлттық бөлінісі негізінде қалыптасқан қандай да бір сенім арқылы жүзеге асып отыратын іс-әрекет болып табылады. Әр ұлт пен елді ерекшелейтін де, бір-бірінен ажырататын да осы белгілері. Біздің салт-дәстүріміз өмірге келгеннен тынысымыз таусылғанша жүретін жолымыз, ата заңымыз болып табылады. Сол секілді Алтай мен Атыраудың арасында өмір сүріп жатқан біздің де шыр етіп тал бесікке тербеліп дүниеге келгенінен бастап, жер бесікке дейін бес күн өміріміз салт-дәстүрге тұнып тұр. Осы себептен де өзінің ата дәстүрін білмеген жанды толыққанды сол ұлттың адамы, жанашыры деп айта алмаймыз. Қазақ – көне дәуірден бастау алатын күрделі де бай тарихы, сан қырлы мәдениеті, өзіндік игі ғұрып – дәстүрі бар, этнографиялық ахуалы әр қилы, пейілі өзінің байтақ даласындай кең де қонақжай халық. Халқымыздың бітім болмысын зерттеген этнограф ғалымдардың атап өткеніндей, қазақ – жайшылықта тәубешіл, жаугершілікте тәуекелшіл, зерделі де ойшыл, сабырлы да төзімді, шыдамды да жомарт, елгезек те еліктегіш, кеңпейіл де кішіпейіл, ерегескенмен ерегесетін, доспен дос бола алатын, әділдікті бағалай білетін халық. Қазақ елі – ұлан-байтақ жер аумағы әлемнен өз орнын ойып тұрып алған мемлекеттің бірі. Осынау атамекеннің әрбір қарыс сүйемін ғасырлар бойы ата-бабамыз сыртқы жаудан сом білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қан төгісіп, жан аямай күресіп, отансүйгіштікті бойымызға сіңіріп, келер ұрпаққа аманаттап кетті. Сол аманатты көзіміздің қарашығындай сақтап, мұра етіп қалдыру біздің міндеттіміз. Ғаламдағы бар мұраның сақталу, жету жолы қағаз бен қалам, сөз екені белгілі. Сондықтан да қазіргі күнде халқымыздың салт-дәстүрінің бай қазынасының қоймасы болып табылатын аузы әдебиеті, фольклор, жазушыларымыз бен ақындарымыздың шығармашылығы екені белгілі. Бұл әдеби туындыларды ұлттық мұраны ұлттық құндылыққа айналдыратын үлкен қойма деуге болады.

Салт-дәстүр ұғымы бір елдің ұстанатын дінін, тұрмыс-тіршілігін, өмір сүру жолы мен бағытын қамтитын үлкен қазына. Осы мұраны қазақ қаламгерлері қалай өз шығармаларында бейнелеп суреттеді, салт-дәстүрлерді берудегі мақсаты қандай осы сынды сауалдардың жауабын нақты қазақ жазушыларының еңбектеріне анализ жасау арқылы бірнеше тұжырымдармен салыстыра отырып талдауды бекіту. Сонымен қатар салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың қазақ қаламгерлерінің көркем туындыларында көрініс алу дәрежесін салыстыра отырып алынған нәтижелерін синтездеу арқылы жаңа форматта бағалау, ұлттық құндылықтардың басты қызметі мен сипатын айқындау болып табылады. Көркем әдебиеттегі көркем уақыт пен кеңістік дегеніміздің өзі қаламгердің дүниетанымы мен эстетикалық ұстанымында берік орын алған айрықша бір суреттің, сәттің, құбылыстың уақыт шаңына көміліп қалмай, аз да болса кідіріске ұшырауы. Яғни оқырманға эстетикалық ләззат сыйлауы. Өз ауқымына қаламгердің эстетикалық ізденісін, туындының көркемдік әлемін сыйғызатын көркем уақыт пен көркем кеңістікті жан-жақты талдауға мүмкіндік беретін проблема – шығармадағы адам концепциясы. Оған деген қаламгердің қарым-қатынасы, авторлық позициясы. Мысалы, Абай Құнанбаев шығармашылығындағы нақты уақыт пен абстрактылы уақытқа, тарихи уақыт пен мифтік уақытқа, сондай-ақ нақты кеңістік пен абстрактілі кеңістікке көңіл бөле отырып, олардың тығыз байланысына, органикалық бірлігіне кешенді түрде зерделеу жүргіземіз.

Көркем әдебиеттегі уақыт көркем мәтіннің ерекшелігімен, автордың ниетімен байланысты бел-гілі бір қасиеттерге ие. Мәтіндегі уақыт нақты анықталған немесе өте бұлдыр шекараларға ие болуы мүмкін (оқиғалар, мысалы, ондаған жылдар, бір жыл, бірнеше күн болуы мүмкін), олар шығармада көрсетілуі мүмкін немесе, керісінше, тарихи уақытқа немесе уақытқа қатысты емес, оны автор шартты түрде орнатады.

Көркем шығармада уақыт көп өлшемді болуы мүмкін. Көркем уақыттың бұл қасиеті, біріншіден, авторы бар және оқырманның қатысуын, екіншіден, шекаралары: басталуы мен аяқталуы болатын әдеби шығарманың табиғатымен байланысты. Осылайша, мәтінде екі уақыт осьтері пайда болады. Олар «оқиғаларды баяндау осі» және «сипатталған оқиғалар осі» [1, 89]. Сондықтан да уақыт пен кеңістік бірге үйлесім таба отырып әрекет еткенде автордың нақты мақсаты айқындалады. Соны Абайдың өлеңдерімен мысал келтіре отырып талдасақ. Демек, Абай сөзінің магиясы күшті. Ол негізінен ақын жанының нәзіктігі, басқа субъектілердің өмірлік уайым, қасіретіне ортақтастық көңілін бүкпелемей, ащы да болса, шынайы жариялай білуінде.

Өлімнің хақ екені рас. Оның өзі әр ұлт өмірінде түлі салт-жоарғылар арқылы іске асып отырады. Бұны ақын уақыт пен кеңістік тұрғысынан оқырманына қалай жеткізіп тұрғанын талдайық.

– Жас қартаймақ, жоқ – тумас, туған – өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек [2, 23].

Абайдың бұл өлеңінде сан мен сапа ұғымының арасындағы тартыс орын ала отырып философиялық түйіндеулермен қазақ өмірідегі қазаға қатысты салт-дәстүрлерді уақыт пен кеңістік тұрғысынан көз алдымызға әкеліп көрсетіп тұр. Абай бүкіл философиясының алтын қазығын мына өлең жолдаырымен нақты береді.

Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?
Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?
Махаббат, ғадауатпен майдандасқан
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?

Нақты, айқын таным. Сонымен бірге бүтін бір өмір, ұлт, ел, тағдыр, адам болмысының уақыт сапына кіре отырып қазақ деген жер бетіндегі халықтың ұлттық құндылығы мен танымын көрсетеді. Бұл өлеңде айқындау мен алмастырудың көркемдік-эстетикалық бояуға бай. Осы тәсілдің ойындық табиғаты шығармадағы қайғылы атмосфераны өткір динамизммен суреттелген. Суықтық, үнсіздік, қараңғылық референттері уақыт пен кеңістіктің адам санасы арқылы қабылданатын екі полюсі арасындағы ымырасыз суреттер қоюлығымен психологизм мазмұнын аша түседі. Қорқыныш, үрей, шарасыздық, тәуекел эмоциясы тіршіліктің шідерсіздігі жайлы модернистік эстетикаға тән жатсыну философиясымен тамырластық табады [3 82].

Салт-дәстүрдің, ұлттық құндылықтардың таусылмас қазына, мұра екенін айттық. Енді сол мұраны болашақ ұрпаққа үйрету, жеткізу әр адамның парызы, борышы. Бұл туралы М.Қалдыбаевтың «Ұмытылмас кездесулер» атты кітабындағы «Әке» атты бөлімде Бауыржан Момышұлының мынандай сөздері берілген: біреудің сөзін байқау, оған мән беру, адам тану жағынан әжемді алғашқы ұстазым деп білемін. Кейінгі ұстаздарымды да жоққа шығармаймын. Олар – әжемнің тәрбиесін жалғастырушылар. Анамның үш жасымда қайтыс болғанын «Үшқан ұядан» білерсіңдер. Ұзын бойлы, қызыл шырайлы, сұлу кісі екен.

Білім құмарлылыққа тәрбиелеген ұстаздарымның бірі – әкем. – Ей, мынаны біл, мынаны тыңда, – деп бағыт-бағдар беретін. Қонақ келсе құмайтын. Жалғыз ұлы болғандықтан ба мені

қасына ертіп жүретін. Үйде Мұхтасар, Сұрмерген, тағы басқа қисса кітаптары болатын. Сұрмергенді жатқа білетін. Оны Момынқұл көкем де, мен де жатқа білетінбіз».

Біз батыр жазушының бұл сөздерінен атадан мұра болып келе жатқан, бойымыз мен қанымызда бар үрдістер мен салт-жоралғылардың басты көрініс алатын орны, сақталу жолы ол – әдебиетіміз және ата-анамыздың тәлім-тәрбиесі екеніне көз жеткіземіз. Адам болмысындағы барлық құндылықтар мен қасиеттер оның еңбегінен, жасаған жұмысынан көрініп тұрады. Өйткені қанға сіңген қасиеттің, болмыстың сонау Орхон жазбаларынан, фольклор, ауыз әдебиетінен бастап қазірге күнге дейінгі ақын жазушыларымыздың әдеби шығармаларының негізгі күре тамыры болуы осының дәлелі. Әдебиет, тіл арқылы әлемнің тілдік бейнесін беруге болады, өйткені сөз өнері жүректің түкпіріне бойлай алатын бірден-бір әмбебап дүние.

Осы тұста Бауыржан Момышұлының «Үшқан ұя», Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» сынды көркем туындыларына талдау жасайтын боламыз.

Адамзаттың жаратылысынан орын алып келе жатқан, халқымыз үшін аса маңызды салт-дәстүрлеріміздің бірі – үйлену және отбасылық салт-дәстүрлер. Қызын қияға, ұлын ұяға қондыру халқымыздың өміріндегі басты міндеттердің бірі болған. Шарифат дәстүрлерінің шеңберінде өрбіген қыз ұзату, қыз беру жолы ұлтымыздың өте үлкен мән беруімен жүзеге асатын айрықша салт-жоралғыларымыз арқылы іске асады.

Бұл ертеден және қазір де жалғасып келе жатқан жақсы әрі жарасты дәстүрлердің бірі. Жігіттің әкесі немесе оның жақын туыстары қызы бар үйге құда түседі яғни бойжеткен қызын сұрайды. Құдалар құрметке лайық сыйлы адам деп саналады. Қыз әкесі келісім берген соң құдалықтың жөн-жоралғыларын жасайды. Оның түрі өте көп, мысалы: құда аттанар, құда тарту, ат байлар, тағы басқа ырымдары мен кәде, алымдары болады. Құдалықты басқарып барған адам бас құда деп аталады. Тұрмыс құратын жігіт пен қалыңдықтың әкелері бір-біріне бауыздау құда деп аталады. құда түсу қазақтың мәртебелі әлі жарасты салт-дәстүрлерінің бірі. Онда түрлі ойын-сауық, әзіл-қалжыңдар айтылады. Екі жақта бірін бірі сынап отырады.

Осыдан кейін қыз айттыру дәстүрі болады. Әр ата-ана өз ұлының болашақ қалыңдығын ерте ойластырады, өзінің теңін іздейді. Лайықты деген адамдарына әдейі барып, балаларының болашағы туралы әңгіме қозғайды, өздерінің құда болу ниетін білдіреді. Мұны қыз айттыру дейді. Бұл жолдың да түрлі ереже, тәртіптері бар [4 3].

Салт-дәстүрлердің ішіндегі қыз ұзату дәстүрін Бауыржан Момышұлы «Үшқан ұя» повесінде ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүріміздің көрінісін Үбиянның ұзатылу тойы арқылы көрсетеді. Сонда Үбиянның ұзатылар алдындағы ағайын-туманы аралауға ат-танғаны да автор назарынан тыс қалмайды: «Тойға екі апта қалғанда Үбиян ағайын-туған, жекжат-жұрағаттармен танысуға аттанады. Әпкемнің қасына екі жігіт, үш келіншек ерді. Байқап отырсам, осынау дәстүрдің үлкен мәні бар екен ғой. Ауылынан аттанып, қызықты дәуренімен қоштасар алдындағы қыздың ең соңғы рет емін-еркін салтанат құруы сияқты екен бұл» [5 94]. Бұдан қазақ үшін қыздың орны әрқашан құрметті екенін әрі ұзатылмай тұрып жақындарымен қоштасып алуының маңыздылығын көруге, түсінуге болады. Сонымен қатар қазақ халқы құда болардан бұрын екі жақтың руының бөлек болуына, яғни жеті атаға толмай қыз алысуға болмайтынына басты назар аударған. Бұл туралы Х.Арғынбаев «Қазақ отбасы» еңбегінде былай дейді: «Қазіргі қазақ отбасыларында өте көне әдет-ғұрыптардың кейбіреулері осы күнге дейін берік сақталып келеді. Оның бірі – рулық экзогамиялық дәстүрді сақтай отырып неке құру. Неке құруда экзогамиялық тәртіпті сақтаудың жаңа қоғам идеоло-гиясына ешбір қайшылығы жоқ.

Қазақ халқы жеті атаға толмай қыз алыспайтын. Бірақ республиканың солтүстік-батыс және шығыс жағында 5-6 атаға толысымен қыз алысу төңкеріске дейін де кездесетіндігімен оңтүстік пен Жетісу өңірінде жеті атадан аспай қыз алыспайтындығын айтқанбыз. Дәл осы жағдай қазіргі күнде де сол күйінде сақталып отыр. Айталық Ұлы жүздің кейбір руларының ішінде 10-13 атаға толса да қыз алыспау тәртібін сақтайды. Мәселен, жалайыр тайпасының 12 атасы, албан тайпасының сары, қоңырат тайпасының божбан, жетімдер атты рулары осы күнге дейін өз ішінен қыз алыспайды» [6 251]. Бұл айтылған пікірден қазақ үшін қан тазалығынан, ұрпақ саулығынан асқан маңызды нәрсенің жоқ екенін көруге болады. Әрі бұл үрдіс қазақ некесі үшін әрқашан өз жалғасын тауып отыр. Яғни бұл жердегі уақыт пен кеңістік ұғымына

келгенде еш өзгеріс қалған салт-дәстүрді айқын дәлел ретінде ала аламыз. Қазіргі күнге дейін бұл дәстүрді халқымыз ұстанып келе жатқаны белгілі, бірақ осыны қаламгер қалай жеткізіп отыр бұл өте маңызды. Қазақы таным бұл ұстанымды бірден таниды, себебі ұлттық кодында жаңғырып, сақталып отырады. Сондықтан бұл уақыт тұрғысынан ірі жастағы оқырманға эстетикалық сұлулық сыйлай отырып тәрбиелейді.

Қазақ дәстүрінде ұзатылар қыздың киіміне де ерекше мән берілген. Қалыңдық киімі он саусағынан өнері тамған ауыл шеберлерінің қолынан шығады. Қаламгер оқырман назарын ұзатылып бара жатқан Үбиянға дайындалған киім арқылы ұлттық киіміміздің куә-сырына қанықтыруды мақсат еткені байқалады: «Раушан түстес бүрме етек көйлекті кигенде әпкемді танымай қалдым. Керемет жарасымды екен. Көйлек сыртынан қынамабел көкбарқыт бешпет киді. Құндыз бөркінің төбесінде үкі желбіреді. Қос бұрымының ұшынан күміс тамшы төгілгендей, арқасында әсем шолпы сылдырайды. Аяғында биік өкше оюлы етік. Мойны моншаққа толы, кеудесін алқа көмкеріп тұр. Аппақ білегінде қос-қостан күміс білезік. Саусақтары сақинамен безенген. Тырнағына аздап сүрме жаққандай көрінді» [5 95]. Осыған орай қыз ұзатуға байланысты «Сәукеле кигізу» дәстүрінің де ұзатылып жатқан қыз үшін, елі үшін аса маңызды екенін түсінеміз. Әрі сәукеленің әсемделуінің өзі ұзатылып бара жатқан қыздың дәрежесін көрсетіп тұрған. Себебі – сәукеле әйел киімдерінің ішіндегі ең асылы ғана емес, оның жұбайлық өміріндегі елеулі сәтінің естен кетпес ыстық сәті. Бұлғақтап өскен оң жақтағы және ақ босаға арасын аттар арсындағы қимас та қызықты кездің ескерткіші. Олай болса келіншекке сәукеле кигізудің өзі бір ерекше салтанат. Бұған құда-құдғилар шақырылады. Шашу шашылады. Ақ бата арналады. Сәукеле байғазысының бағасы да олқы болмайды. Сәукелелі келіншек ажарлы да базарлы көрінеді. Оны жұрттың бәрі көруге ынтық [4. 9].

Сол орайда ұзатылар қыз сыңсыма жырын айтады. Онда қыз өзінің туып, өскен ел жұртын, өнеге алған ұясын, босағасын, ата-ана, туыс-туғанымен қоштасу айтады. Әке өміріндегі ерке өмірін, еркелеткен ортасын, өскен күндерін қимастық сезіммен жырға қосады. Сыңсыма – қазақ ауыз әдебиетінің сарқылмас бір бұлағы. Ақылды, алғырқазақ қыздарының сәнді де мәнді өмірлерінің айнасы. Лапылдағын жүрек оттары мен сырлы үндері, ақыл парасатының жауһары. Өз заманының мәуелі бағында піскен бағалы рухани жемісі делінетіні де сол себептен олса керек [7. 82].

Осындай қыз ұзатуға жазушы Шерхан Мұртазаның ұлттық негіз мен насихатқа толы «Ай мен Айша» романынан үзінді келтірсек. Бұл туындыдан қанша жыл өтпесін мейлі, қанша рет оқылсын мейлі әр оқыған сайын ана қадірін ұғынумен бірге, адам мен табиғат арасындағы үйлесімділікті, заман мен тұрмыс-тіршілік, әдет-ғұрып, салт-дәстүр арасындағы ашық айқасты көруге болады.

–Ауылымды сағындым... Ауылыңның қадірін ұзатылғанда білесің,-дейді жеңешем. Сол айтқандай-ақ,- деп күрсінді Айша, – көп ұзамай-ақ мен де ұзатылып, Буырылдың тауын сағынып жүрдім ғой, ah! Бұйрық екен, осы Мұртаза айттырып келген жоқ па....

Буырылтаудың Қыршындысынан таңертең аттандық. Бүкіл Байтана шығарып салған. Жар-жар. Астымда ер-тоқым, құйысқанына дейін күмістеп, зермен жабулап тастаған ақ боз ат. Жолда Күйіктің асуы деген болады екен. Сонда бір аялдап, тағы жүріп келеміз. Қалжыңбас күйеу жолдастар. Осы Жолдасбектің әкесі Сапа деген кісі, жатқан жерің жаннат болғыр, Мұртаза екеуі ажырамас дос еді. Екеуі де боз киініп, боз ат мініп жүретін. Сол бар, тағы көп кісі. Күн бесінде Теріс өзенінен өттік. Сөйтсек, алдымыздан қаптап қарсы алған ел... ең алдымен мені құшақтап сүйіп, сүйемелдеп, жүрген – Баян жеңешем. Күн бата осы Мыңбұлаққа да келіп жеттік қой... Ай заман-ай, ай, арман-ай! [8, 33].

Кішкене осы бір мәтіннен қазақ халқының қыз айттырып, қыз ұзатуына қатысты үлкен оқиғаны, көз алдына нақты келе қалатын көріністі көруге болады. Сонымен бірге екі шығармадан да уақыт пен кеңістік арасындағы айырмашылық пен ерекшелікті байқауға болады. Халқымыз қызын ұзатқанда бар жасауын жасап, сәні мен мәнін келтіріп, баласын бірінші Аллаға, екінші күйеуіне аманаттап тапсырған. Осы тұста жар-жар ұғымын С.Кенжеахметұлы «Жеті Қазына» еңбегінде былайша түсіндіреді: «Ұзатылатын қыз тойында қыз-жігіттер тобы – кететін қыздың көңілін аулау, бара жатқан жағында да осындай жақсы жайлар болатынын өлеңменен айтысады. Сонымен бірге олар қыздың бақытты болуына тілектестік білдіреді.

Мұның бәрі өлеңмен айтылатындықтан Жар-жар қызықты болып естіледі». Жар-жар негізінен әдет-ғұрыпқа, тәлім-тәрбиеге негізделген. Ал қалың мал мен жасауға келетін болсақ, жасау бұл – ең бірінші ата-ананың перзентіне деген жанашырлығы мен қамқорлығының белгісі. Жазушы Бауыржан Момышұлы «Үшқан ұяда» қалыңға алынатын малдың қайда жұмсалатынын түйіндеп көрсетеді. Олардың жасау-жабдыққа жұмсалғандығын суреттейді. Аяулы әжесі «табақ-аяқ, көрпе-төсек, жасау-жабдықтарын түгендеп, ине-жіпке дейін қалдырмаймын деген сөздерін баяндай келе «қалыңмал қанша көбейсе де, қорамызға тұяқ қосылмай, азая берді. Бәрі жасау-жабдыққа жаратылып жатыр еді»[4, 96].

Қалыңмал төлеу кейбір зерттеушілердің түсіндіріп жүргеніндей, қызды сатып алу үшін берілетін күн емес, керісінше қалыңдықтың жасауына, сәукелесіне, той малына, кәделі алыс-берістеріне жұмсалатын қаражат көлеміне сай төленетін төлем. Дәстүрлі қалыңмал мынандай бөлімдерден тұрады.

Бас жақсы – түзу мылтық, берік сауыт, қашса құтылатын, қуса жететін бір сәйгүлік және малдығы артық бір түйе. Немесе олардың әрқайсысының орнына 5 ірі қарадан 20 жылқы беріледі.

Қара мал – қалыңмалдың ең өзекті бөлімі. Ірі қара саны бір жиырма, бес жиырмаға дейін барады.

Ілу – қызын тәрбиелегені үшін ұрын барғанда берілетін кәде.

Той малы – қыз ұзату тойына сойысқа апаратын мал, жыртыс және қалыңдық жасауының шығыны. Той малы 20-70 басжылқыға дейін жетеді.

Сүт ақы – қалыңдықтың анасына берілетін 1-7 түйе.

Осы тұста Жігіт-түйе деген дәстүр бар. Немесе қалым түйе, яғни қос түйе. Осының үстінде қалыңдықтың ата-анасы күйеу жігіттен өте сәнді тігілген той көйлегі мен ер тұрман алады [5, 38]. Автор үшін уақыт әлеуметтік-рухани шындықтың жеке тұлға үшін әсерін жеткізе алуымен бағалы. Себебі уақыттың тізбегінде кездейсоқ түйіндер жоқ. Бәрі де тірі нүктелер. Адам үшін оның басталуы мен аяқталуы белгісіз. Алайда өмір жолының әр кезеңі көңіл мекеншағындағы қоғамдық ұстаным, мұраттар безбеніне тартылғанда, сан түрлі көзқарас, толғанис сипатына бағдар береді. Жеке адам мен ортаның ортақ ымыраға келе алмауы терең драматизмге азық тауып береді [3, 82]. Яғни шығармада уақыт пен кеңістік үйлесім таба отырып құрылғанда оқырманға да жетіп, жүрек түкпірінен орын алады.

Ұлттық құндылықтарымыз соның ішінде салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымыз бен наным-сенімдеріміздің орны ерекше. Ұлтымыздың дүниетанымының, сан ғасырлық мәдениетінің жарқын айғағы десек артық айтқан болмас едік. Аталған ата дәстүр, әдет-ғұрыптар ең бірінші тәрбие. Осы себептен де ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу біздің парызымыз. Бұл салт-дәстүрлер қазірде заман ағымына қарай өз жалғасын тауып келеді. Ал әдеби туындылар нағыз салт-дәстүр мен рухани мұраны кеңінен қамтыған құнды жәдігер. Әрбір әдеби шығарма бүтін бір елдің, ұлттың оның тарихы мен тұрмыс-тіршілігінің, әдебиеті мен мәдениетінің көрінісі. Әрбір қазақ қаламгерлері тарихшы екендігіде рас. Сол секілді қазақ халқы туралы сонау тасқа қашалып жазылған жазбалардан, жылнамалардан бастап жырламаған ақын, жазбаған жазушы жоқ. Себебі бұл – заңдылық. Бір елдің салт-дәстүр, әдет-ғұрпын білу арқылы, ол халықтың барлық тыныс-тіршілігінен, өмірінен хабар алуға болады. Ал әдеби туындылар хабар алу мен танымның төте жолы әрі рухани шығармашылық алмасу болып табылады. Осы себептенде қаламгерлеріміздің шығармалары негізінде рухани және материалдық мұраларымыз эстетикалық тұрғыда көрініс ала отырып өз оқырманын тәрбиелеп қана қоймай, әлемдік деңгейде ұлтымыздың тұғырын биіктетіп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики. – М., 1975. – С. 235
2. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 2016. – 632 б.
3. Майтанов Б. Абай және уақыт тұғырнама. Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №1. – 79-83 бб.
4. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы: Ана тілі, 2000. – 136 бет
5. Момышұлы Б. Үшқан ұя. Алматы: Санат 2005. – 175 бет

6. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы: (қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу еңбек).
– Алматы: Қайнар, 1996. – 288 бет
7. Уразбаев Қ.М. Бауыржан Момышұлының Ұшқан ұя шығармасындағы ұлттық дәстүрлер көрінісі.
Алматы, 2007. – 125 бет.
8. Мұртаза Ш. «Ай мен Айша». – Алматы: Жалын, 1997. – 256 бет
9. Күйеу келтір, қыз ұзат (Құрастырған – Ш.Керімов, филология ғылымының кандидаты) – Алматы: Ана тілі. 1992. – 112 бет


АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ЕСТІЛІК МӘСЕЛЕСІ ТӨНІРЕГІНДЕ ЖАЗҒАН ҚАРА СӨЗДЕРІ (орыс, ағылшын тілдеріне аудару жолдары)

Абай Құнанбайұлы ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы әйгілі орта Азиялық ақын, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, демократ, ағартушы, ойшыл.


Абай халқының мұнын мұндап, зарын зарлаған, қоғамдағы күрделі мәселелерге терең үңілген, заманды өзгерту жолын іздеген ерекше тұлға. Ол орыс философтарының, демократтарының шығармаларын оқып, зерттеп, олардың демократиялық идеясын қабылдап, оны өзінің білімімен, философиясымен ұштастыра отырып өз ұлтына дәріптеуге тырысады. Абайдың сол мақсатта жазған көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – қара сөздері.

Ақынның 1890-1898 жылдар аралығында жазған шығармалары топтастырылып, «қара сөз» деп аталып бізге жетті. Қара сөздер – тәлім берерлік ақыл-жиыны жетімді насихат сөздер.

Абайдың «Қара сөздерінің» соңғы нұсқасы Мүрсейіттің және А. Жандыбаевтың қолжазбалары бойынша жарияланып келген. Ақынның 150 жылдық мерейтойы қарсаңында «Қара сөздердің» бұрын кеткен текстегі кемшіліктері түзетіліп, түпнұсқамен дәлдігі мүмкіндігінше қалпына келтірілген.



Абай қарасөздерінің Мүрсейіт қолжазбасы. I-бет.



Абай қарасөздерінің Жандыбаев қолжазбасы. I-б.

Бір ғасырдан астам тарихы бар Абайдың қара сөздерін көптеген зерттеушілер оқып-біліп, зерттегені, әлі де зерттеп жүргені мәлім. Осы тұрғыда «Абайдың қарасөздері» кітабының авторы Ханғали Жұмашұлы Сүйіншәлиев өз зерттеуі туралы былай дейді: «Бұл айтылған пікірлердің бәрі де Абайдың қарасөздерін толық зерттеу бола алмайды. Тек Абай сөздерінің аты мен мазмұнын бірқалыпқа келтіру туралы әртүрлі пікірлер айтып, алғаш хабар ретінде бөлек зерттеуді қажет ету талаптары болып отырады. Сондықтан, Абайдың қарасөздері зерттеуді, ғылыми тұрғыда тереңірек қарауды, ойластыра беруді қажет ететін тың жатқан тақырып болды» [1, 50].

Ғылыми тұрғыда деп айтуы жай емес, себебі Абайдың қара сөздері көркем шығарма мен ғылыми шығарма тоғысында жазылған эссе түріндегі ғылыми мәтін үлгісі болып табылады. Қара сөздер көркемдік-эстетикасы жағынан адамның сезіміне, психологиясына әсер етсе, «толық адам» идеясын егжей-тегжейлі қозғауы жағынан ғылыми танымға әсер етеді.

Абайдың қай қара сөзін оқысаң да, өзіңе қажет құнды дүниені табуға болады, себебі ол тіршілікке нақты бағыт беруші құрал, баға жетпес мұра. Ақын қара сөздерінде адамгершілік құндылықтарды: ақиқатпен өмір сүру, кеселді нәрселерден аулақ болу, жақсы мен жаманды ажырату, білім-ғылымға жақын болу, ішкі үйлесімділік, сүйіспеншілік, естілік сияқтыларын сөз қылды.

Абай өзінің үш қара сөзінде естілік мәселесін қозғайды: «Он бесінші сөз», «Он тоғызыншы сөз», «Отыз бірінші сөз». Соның ішінде соңғы екеуі ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Зерттеулерге сүйенсек, қара сөздерді қағаз бетіне түсірерде қолжазбадағы сөздердің түсініксіздігі, олардың ретінің ауысуы сияқты көптеген қиыншылықтар туындағаны анық. Мысалы: «Он тоғызыншы сөзі» мен «Отыз бірінші сөзін» алып қарасақ, бұлар: 1. Екеуі мазмұн жағынан бірін-бірі толықтырып, жалғасып жатады; 2. осы «Отыз бірінші сөз» Мүрсейтте «Жиырмасыншы сөз» болып, «Он тоғызыншы сөзден» кейін келеді; бірімен бірі жалғасып жатады [2, 38]; 3. Абайдың өзі «Отыз екінші сөзінде»: «Осы сөздің 19-бабында жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан сақ болу керек» [3] деп, ескерту жасайды. Бұл көрсеткен кеселдері де естігенді ұмытпаудың төрт түрлі себебі де сол «Он тоғызыншы сөз» бен «Отыз бірінші сөзде» бар нәрсе. Абайдың өзі сол, бұрын айтқан пікіріне дұрыс сілтеу жасайды. Қазіргі «Отыз екінші сөз», қолжазбада «Жиырма бірінші сөз» болып келеді [2, 38]. Ал қазіргі «жиырмасыншы сөз», «Тоғызыншы сөз» ретінде, қолжазбасының 29 бетінде бөлек жүр.

Ал, жоғарыда көрсетілген Абай ескертулерін түсіндірмекші болған жолдастар, Абайдың бұл ескертуін қатеге саяды; не «Мүрсейттің шатыстыруынан болса керек» деген пікірлер айтып, «Отыз бірінші сөзге» сілтейді.

Біздіңше, Абайдың «Он тоғызыншы сөзі» мен «Отыз бірінші сөзін» екі бөлек сөз етпесе де болады. Екеуін бір ғана «Он тоғызыншы сөз» деу жөн. Себебі, жоғарыда айттық, екеуі мазмұндас, көлемдері шағын. Баста, Абайдың өзі жазғанда бір болу керек. Кейін көшірушілер бөліп жазса керек [1, 48].

Міне, осындай ерекшеліктерді ескере отырып, «Он тоғызыншы сөз» бен «Отыз бірінші сөзді» бірге талдауға салып, зерттеу әбден мүмкін болып отыр.

ОН ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам лесе болады.

Мұндай сөзді есіткенде жайқақтап, салғырттанып не салбырап, салғырттанып есітсе, не есіткен жерін қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса, не сол жерде сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп қайта қалпына кетсе, естіп-есітпей не керек?

Осындай сөз танымайтуғын елге сөз айтқанша, өзінді танитуғын шошқаны баққан жақсы деп бір хакім айтқан екен, сол секілді сөз болады.

ОТЫЗ БІРІНШІ СӨЗ

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар:

әуелі — көкірегі байлаулы берік болмақ керек;

екінші — сол нәрсені естігенде, я көргенде гирбәтлану¹ керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұту керек;

үшінші — сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек;

төртінші — ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек.

Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншыл-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу. Бұл төрт нәрсе — күллі ақыл мен ғылымды тоздыратуғын нәрселер.

[4; 48, 77]

Ең алдымен, қара сөздерді талдамас бұрын, екеуінде де негізгі ойды білдіріп тұрған *ес, есті* сөздерінің мағынасын ашып, анықтап алған жөн. «Ес» дегеніміз – адам баласының өткен тәжірибесінен қалған мәліметтерді жадында қалдырып, сақтап, кейін бұрын білгендерін жойып алмастан, оларды қайта танып, жаңғыртумен ақпарат топтауы [5]. Ал «есті» болса – адамның танымдық іс-әрекетінің сатысы, логикалық және шығармашылық ойлау қабілеті дегенді білдіреді.

Абайдың «Он тоғызыншы сөзіндегі» *алғашқы сөйлем бастапқы бірбүтін ойды* анықтап тұр. Яғни, адам дүние есігін ашқан уақытында бірден ақылды, саналы болып жаратылмайды, ондайға өмірлік тәжірибе ғана жеткізе алады деген ойды айтады. *Екінші сөйлемінде* сол *бастапқы ойдың қосымша екінші қырын* айтып отыр: «есті атану үшін, – дейді Абай, – естілердің айтқан сөздерін ескеру керек». Ашып айтатын болсақ, өмірде естілікке жету үшін өзіңнен алдыңғы қатарда жүрген көрген-білгендермен, тәжірибесі мол адамдармен тілдесіп, олардың бөлісіп отырған әр сөзіне құлақ аса білу қажет. *Үшінші, төртінші сөйлемінде* автор естіліктің жеке өзі іске жарамайды, тек естігенін ескерсе ғана іске жарайды деу арқылы *бөлек ойды* айтып, *алғашқы мағыналық бөлікті* тәмамдайды.

Екінші мағыналық бөлік толықтай «Отыз бірінші сөзбенен» үндеседі. Екеуі де естіген нәрсені зейінмен, ынтамен, тұшынып, қайталау арқылы ұғу, басқа нәстеге алаңдамау деген ойды айтады да, керісінше болған жағдайда, естудің қажеті жоқ, ол – ақыл мен ғылымды тоздырады дейді. Бұдан туатын тұжырым: Абайдың «Отыз бірінші сөзі» **бірбүтін ойды** білдіретін **бір ғана мағыналық бөліктен** тұрады.

Енді, **соңғы мағыналық бөлікте**, осы естілікке ұмтылмайтын адамнан гөрі шошқаны баққан артық деп **қорытынды ой** білдіреді. Бұлай деуі арқылы Абай өте қатаң, жүрекке тиерлік тұжырым жасады деуге болады. Себебі, адам баласынан саналы тірі жан жарықтықта болмаған. Бұның біздің заманымыздағы және келер замандағы адам баласына үлкен ой салатыны сөзсіз...

Абай шығармаларының аудармасы туралы айтатын болсақ, орыс тілінде ең алғаш аударма 1897 жылы Абайдың көзі тірісінде жасалған. Оны 1946 жылы Әлкей Марғұланмен табылған К.Н. Кудашевтың «Перевод киргизских песен и легенд» қолжазбаларынан көруге болады[6]. Кейіннен, 1944 жылы, Ғабит Мүсіреповтың басшылығымен жасалған бір томды жинақта орысшаға жолма-жол аударылған [7]. Ал, қара сөздерінің орыс тілінде аудармасы алғаш рет 1944-1945 жылдар төңірегінде Ш. Бекмухамедовпен жолма-жол аударылған қолжазбаларда кездеседі[8; 33,62] және бұл аудармалар 1945 жылы Абайдың 100 жылдығына арналып жарияланған Виктор Борисович Шкловскийдің аудармасы[9] деп танитын аудармаға негіз болып табылады. Кейіннен, аудармашылар қатарын Сәтімжан Санбаев [10], Ролан Сейсенбаев пен Клара Серикбаева толтырды[11]. Осы Ролан Сейсенбаев пен Клара Серикбаева аудармаларын негізге ала отырып, David Aitkyn қара сөздерді ағылшын тіліне тәржімалаған.

Бекмухамедов түпнұсқадағы семантикалық мағынаны дұрыс ұғынып, стиль ерекшеліктеріне мән беріп, түпнұсқаның сөз саптауын, көркемдеуіш құралдар қолданысын жолма-жол орынды аударған. Ал, Шкловский сол жолма-жол аударманы орыс тілінің талаптарына сай жөндеп, көркем аудармаға келтірген. Оны келесі мысалдан көруге болады:

Б. – Человек при рождении от родителей (матери) не бывает разумным.

Ш. – Не от рождения человек разумен.

Шкловский аудармасында алғашқы мағыналық бөлік екі бөлек сөйлемге бөлініп, грамматикалық трансформацияға ұшырағанына қарамастан, сондағы бастапқы бірбүтін ой бұрмаланып тұрған жоқ. Ал осы шығармадағы *ес* түбірінен шыққан сөздердің өзге тілдердерге аудармасын төмендегі кестемен айқындауға болады.

Түпнұсқа	1 Ш.Б	2 В.Ш	3 С.С	4 Р.С, К.С	5 D.A
есті	Разумный				reasonable being (разумное существо)
естілер	умные люди	Мудрые		разумные	wise men (мудрые)
ескеріп жүрген	запомя- нающий	запом- нивший	запомятая	внимая	by listening to (прислушиваясь)
естілік	благоразумие		беседа	обладать разумом	to be endowed with a brain (быть наделенным умом)
естіген нәрсені	услы- шанные вещи	что ты слы-шишь	советы	услышан- ное	what is heard (услышанное)
ұмытпас-қа (есте сақтауға)	не забыть	усвоить	запомнить	Восприя- тие и запоми- нение	the perception and memorization (восприятие и запоминание)

Орыс тіліндегі сөздіктерге көз жүгіртсек[12], онда *разумный (есті)* сөзі *умный, с-ознательный* сөздерімен синонимдес келеді. Яғни, аудармашылар *естіні ақылдымен, саналымен* теңдестіреді және осы мағыналық бірліктер түпнұсқадағы негізгі ойды айқындап тұрған *есті* сөзін толықтай жеткізіп тұр. Сондай-ақ, *естілер* сөзі де нақты баламалы бірлігімен өте орынды аударылған. Әр аудармашы әртүрлі атау қолданғанымен (*умные люди, мудрые, разумные*), олардың мағынасы бір, синонимдес – бәрі де ақиқат пен жалғанды парықтай алатын, тәжірибесі мол, саналы әрі ақылды адамды сипаттаған. Ал, *ескеріп жүрген*, кестеде көріп тұрғанымыздай Бекмухамедов, Шкловский, Санбаев жұмыстарында бірдей аударма бірлігін тапса, Сейсенбаев пен D. Aitkyn аудармалырында алдыңғыларына ұқсамайтын бірліктерді тапқан. Соңғыларындағы *внимая* және *by listening to*, екеуі де *тыңдау, құлақ асу, үгу* дегенді білдірсе, қалған үш аудармашы *есінде сақтау (запоминать)* деп тәржімалаған. Қайсы бірін алсақ та, түпнұсқадағы семантика бұрмаланып тұрған жоқ. Төлтуынды авторының осы тұрғыда айтпағы әртүрлі тәсілмен болса да, дәл әрі түсінікті жеткізілген. Келесі – бұл *естілік* ұғымы. Шкловский Бекмухамедовтың *благоразумие (естілік)* деп тәржімалауын өзеріссіз қалдырса, Р. Сейсенбаев пен D. Aitkyn *естілікті – ақылға кенелу* деген бірлікпен берген. Алайда, Санбаев аудармасында түпнұсқа трансформацияланып, *естілік* мағыналық бірлігі мүлдем түсіп қалып, оның орнына *беседа* сөзі аудармашы тарапанынан қосылған. Мұндай аудармашылық шешім төлнұсқа авторының көркемдік-экспрессивтілігін әлсіретіп қана қоймай, семантикасын да бұрмалады деуге болады.

Енді, «Отыз бірінші сөздегі» негізгі ойды айқындайтын мағыналық бірлік – *есту* сөзін талдайтын болсақ, қай аудармашы болмасын аудармада оның тура баламалы бірлігін берген. Ал, *ұмытпасқа (есте сақтауға)* сөзі Бекмухамедов аудармасында баламалы бірлігімен берілсе, бертінгі аудармашылардың жұмыстарында антонимдік аударма арқылы берілген. Сонымен қатар, Р. Сейсенбаев пен D. Aitkyn мұнда *ұмытпас* сөзінің жанына *ұғыну (восприя-тие)* мағыналық бірлігін өз тараптарынан қосу арқылы конкретизация жасауды жөн көрген.

Қорыта айтқанда, Абайдың «Он тоғызыншы сөзі» мен «Отыз бірінші сөзі» екеуі маз-мұндас, көлемдері шағын, бір-бірін толықтырушы, бір ойды білдіретін біртұтас мәтін. Баста, Абайдың өзі жазғанда бір болу керек[1, 48].

Жоғарыда талдаған қай аудармашыны алсақ та, Абайдың айтпақ ойын толыққанды жеткізуге тырысқан, түпнұсқадағы мағыналық бірліктердің аудармада баламасын мейлінше орынды тапқан. Тек қана, Сәтімжан Санбаевпен жасалған аударма бір ғана сөздің трансформациялануы арқылы семантикалық бұрмалануға ұшыраған. Сондықтан, ақын қара сөздерін басқа тілдерге аударғанда осындай мағыналық бірліктерінің лайықты түрде берілуі аударманың түпнұсқаға сәйкестігінің басты өлшемі болып табылады. Аударма бұл өлшем талаптарына жауап бере алмаған жағдайда, оның көркемдік сапасы туралы айту артық болуы мүмкін. Жоғарыда жасалған талдаулар түпнұсқа мәтініндегі мағыналық бірліктердің мазмұны мен пішіні, семантикасы орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармаларда жеткілікті көркемдік деңгейде көрініс таппағанын білдіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Х. Ж. Сүйіншәлиев. Абайдың қарасөздері – КазССР, Казгослитиздат, 1955 – 152 б.
2. «Китап тарих (Мүрсейт қолжазбасы) 38 бет. Қаз. ССР Ғ. А қолжазба қоры.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. шығ. тол. жинағы. 360 бет.
4. Нақыл сөздер / Құнанбайұлы, Абай, – Алматы : Көшпенділер, 2007. – 160 б.
5. <https://massaget.kz/qaarc/qa/9741/>
6. К.Н. Кудашев. Перевод киргизских песен и легенд. – Ленинград, Архив географического общества. Найден А. Маргуланом, 1946г, 104 стр.
7. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Однотомник. Подстрочный перевод, под редакцией Г.Мусрепова. Алма-Ата, 1944. (Содержание – 644)
8. №630 (1) Абайдың қара сөздерінің аудармасы, аударған: Бекмухамедов Ш. URL: <http://nblib.library.kz/elib/library.kz/tukopisy/630/1.html#undefined>
9. Абай Құнанбаев. Избранное. Перевод с казахского. Москва; ОГИЗ, Государственное издательство художественной литературы, 1945 – 321 с.

10. Абай. Стихи. Слова Назидания. – М.; Русская книга, 2003 – 240 с.
11. Абай. Қара сөз. Поэмалар. Книга Слов. Поэмы. Перевод с казахского К. Серикбаевой, Р. Сейсенбаева, Алма-Ата: Ел, 1992 – 272 с.
12. Словарь русских синонимов

АБАЙДЫҢ ҚЫРҚЫНШЫ ҚАРА СӨЗІ **(орыс және ағылшын тілдеріне аудару мәселелері)**

Абайдың қара сөздері Абайдың рухани-адамгершілік, пәлсапалық, көркемдік, қоғам-өлеуметтік, психологиялық және дінге қатысты көзқарастарын, ішкі толғаныстарын қамтитын эссе болып табылады. Қара сөздер көркемдік шеберлік пен ғылыми зерделік арқылы ақынның біртұтас философиялық концепциясын құрайды. Қара сөз – Абайдың еркін ой білдіру формасы, оның даналығының дәлелі. Бұл ғылыми-көпшілік сипаттағы «ғақлиялар» тақырыбы жағынан әртүрлі бағытта жазылғанымен онда бәріне ортақ ұғым толық (кемел) адам болмысы кездеседі. Кемел адам (араб. «инсан-и камил» – толық адам) – ақыл-ойы толыққан кісі. Діни ілімде кемел адам – кісілікке жат қылықтардан әбден арылып тазарған, ішкі жан-дүниесі ағарып, рухани қасиеті артқан, мүлтіксіздіктің қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл адам [Уикипедия, интернет-ресурс]. Бұл тұжырымдаманы барынша жан-жақты талдап берген атақты қазақ ғалымы, филология ғылымдарының докторы, профессор М.Мырзахметов болды [М. Мырзахметов, 1982: 215].

Кеңестік заманда Абайдың қара сөздерін нақыл, ғибрат тұрғысында қабылдау басым болған, соған байланысты қара сөздер орысшаға «Слова назидания» деп аударылды. Алайда Абай ақыл айтушы «тәрбиеші» ғана емес, ол – хакім, әр істің себебін іздеуші ойшыл. Негізі, қазақ халқы үшін «Ұлы ұстаз» деген атқа әл-Фарабиден кейінгі лайықты адам Абай десек те артық кетпейміз. Оның себебі, Абай еңбектерінің ғылыми танымы, адамзатқа құндылығы. Абайдың қара сөздерін ғылыми мәтіндегі философиялық еңбектер деп қабылдаған жөн.

Жоғарыда бұл еңбек (ғақлиялар) классикалық стильде жазылған эссе дедік. Эссе француз тілінен «essai», ағылшын тілінен «essay», «assay»- талпыныс, жазушылық сынама, очерк; латын тілінен «exagium» – ойлау дегенді білдіреді. Қазіргі шақта эссенің түрлері көптеп саналады. Эссе туралы айтылған ойлар мен пікірлер де аз емес. Абайдың қара сөздеріне келетін болсақ, мынадай тұжырым жасаған дұрыс: Абайдың қара сөздері – эссе жанрының ХІХ ғасырдағы классикалық үлгісі. Ол құрылымдық жүйесі жағынан да мінсіз. Оны Абайдың «Қырқыншы қара сөзінен» анық байқауға болады, ол мәтінде ғылыми мәтіндерде автор идеяларын ұйымдастыруда қолданылатын келесі құрылымдық түрлер бар:

– Жалпылау: тізбектеу, реттеу, жіктеу, салыстыру арқылы берілетін оқиғалар мен ойларға негіз болатын басты идея. Бұл идея тек бір сөйлеммен берілген: Зинһар, сендерден бір сұрайын деп жүрген ісім бар. Осы идея мәтіндегі сұрақ түрінде берілген оқиғалар мен ойлар арқылы кеңейтіледі, нақтыланады, толықтырылады. Бұл ғылымда индукция әдісі арқылы жүзеге асады, ал индукция – жеке объектілер туралы жалпы пікірлерді дамытатын ойлау түрі; бұл ойдың жалпылыққа, тар ұғымнан гөрі әмбебап кең ұғымға қарай қозғалу («төменнен жоғары» білім жолы), бақылау және тәжірибе мәліметтерін қорытындылау арқылы логикалық тұжырым жасау тәсілі.

– Тізбектеу: фактілерді тізбектеу. Бұл жерде сұрақтардың тізбектеліп берілуі.

– Реттеу: оқиғалар мен тізбектелген ойлардың байланысу реті. Тізбектегі әр оқиға немесе ой өзара салаласа байланысып тұр.

– Салыстыру/контраст: екі немесе одан да көп нәрсе арасындағы қатынасты қарастырады. Әр бөлік осындай контрасты салыстырудан тұрады. Мысалы, Осы, біздің қазақтың өлген кісісінде жаманы жоқ, тірі кісісінің жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай?

– Жіктеу: Басты идеяны білдіретін өзара байланысты оқиғалар мен ойлардың бөліктерге жікте-луі. Көбінесе бұл құрылымдық түр дедуктивті әдіс арқылы көрінеді. Жүйелер, үдерістер, құбылыстардың бірқатар элементтері туралы олардың жалпы қасиеттері (заңдылықтар, байланыстар) негізінде жасалатын ой қорытындысы. Яғни қырқыншы сөзде

қазақтың сол кездегі болмысы, тіршілігі, тұрмысы туралы халық арасында жиі кездесетін жаман әдеттер, мінездер, әрекеттер негізінде жіктеп тиянақты ой тұжырымдамасын жасауға себеп болатын тәсіл бар.

– Тұтастық: басты идеяны білдіретін өзара байланысты оқиғалар мен ойлардың бірбүтін тұтастығы. Мәтіннің негізгі бөлігіндегі риторикалық сұраулар Зинһар, сендерден бір сұрайын деп жүрген ісім бар деген басты сөйлеммен біртұтас мағынаны құрайды.

Сонымен, қарастырылып отырған «Қырқыншы сөз» эссенің салыстырмалы түріне жатады десек қателеспейміз. Бұл шағын көлемді ой бөлісу, қандай болса да мәселені еркін баян ету, дәлелді зиятты ізденіс. Кез келген ғылыми мәтінге тән жалпы құрылымның бөлімі, кіріспе – берілген тақырыптың мәнін ашатын бөлім. Бұл бөлімде қандай сұрақтарға жауап іздейтіндігіміз анықталады. «Қырқыншы сөзде» Зинһар, сендерден бір сұрайын деп жүрген ісім бар деп басталады қысқа бір сөйлемдік кіріспе. Ары қарай негізгі бөлім Абайдың қазақтың бойындағы, ел арасындағы өзіне ұнамайтын, сұрақ туғызатын, өзгерткісі келетін мінез-құлықтарын сипаттайды.

Негізгі бөлім – негізгі ой мен мәселеге байланысты аргументтер жинақталған бөлім. Ол кіріспеде берілген ойды жалғастырады, жиырма бір, бір қарағанда өзара тәуелсіз бөліктерден тұрады. Әр бөлік күрделі риторикалық сұрақ қою арқылы жүргізіледі. Риторикалық сұрақ қою арқылы сипаттау – бұл осы еңбектің басты баяндау әдісі болып табылады. Қарастырылып отырған мәтін баяндаудың толымдылық деңгейі бойынша нақты, қысқартылып, негізгі мәтін типті жазылған. Абай ешқандай сөгусіз, насихатсыз бірінен соң бірін мағынасы жағынан тәуелсіз әрбір сұрақты тура, астыртын бұрмалаусыз қысқаша тізбектеген. Бұл мәтіншілік бөліктерінің өзара салалас байланысын көрсетеді. Бір мәтін ішінде көптеген мәселелер қарастырылып, қазақтың бүкіл жаман мінез, әрекетін, әдеттерін қамтыған. Абай қазақтың неліктен, не себепті адамды көзі тірісінде қадірлемейтінін, қартайса да алауыздықпен өмір сүретінін, ағайын арасында сыйластық, ауызбіршілік жоқтығын, жамағайын бір-бірін көре алмайтындығын, өз жақынын сыртқа тебу, жатқа жалтақтап, жалпақтау бөспелік, боссөзділік, өтірік сөйлеу әдеттерін, арамзалық, көреалмаушылық, пайдақұмарлық, орынсыз өкпешілік, сатқындық, еңбектен қашу, жақсылықты ұмыту, өркөкіректік, сараңдық, ақыл таяздығы, тұрақсыздық, кесірлік, қыңырлық, өсекшілік мінездері барлығын сұрайды, жай ғана сұрамай сол мінездердің қалай, қай жағдайда орын алатынын да осы бір екі беттік қысқаша еңбегіне сыйдырған.

Ал Абайдың осы сөзінде айқын қорытынды бөлім жоқ, негізгі бөлім өз замандастарына сұрақ қою арқылы басты ойды барынша дәл берген. Бұл мәтінде психологиялық қарама-қайшылық сипатталған. Қазақ халқының жаман әдеттеріне шолу арқылы өте егжейлі жалпылама халықтың психологиялық бейнесі, адамдардың пендешілік тіршіліктері суреттелген. Алайда зерек оқырман ақынның бұл әдісінен ары қарай әр қазақ ойлансын да, түзелсін деген тұжырым бар екенін анық байқайды. Өйткені Абай ақыл, нұсқау айтып қорытындыламай, тек қалай, несі деген сұрақтар арқылы-ақ шешімін көрсетіп отырған. Яғни антонимдік, жақсы мен жаманды беттестіру арқылы көрсеткен. Бұл қара сөздің жазылу мақсаты – қазақ халқына жаман әдеттерден арылуға ой салу.

Егер қазіргі заманның сыншыл талабына сай ғылыми мәтіннің қалай болуы жөніндегі көзқарасқа сүйенсек, осы 21 сұрақты мазмұнына, логикасына сай топтастыруға болатынын айтып кеткен жөн. Мысалы, дін, ағайын, артық сөз, достық, тәкаппарлық, т.б. төңірегінде топтауға болады.

I. Дінге қатысты:

1. Осы, біздің қазақтың өлген кісісінде жаманы жоқ, тірі кісісінің жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай?

2. Нәпсісін тыйып, бойын тоқтатқан кісінің жаман атанып, нәпсісі билеп, мақтанға еріп пәле шығарған кісі мықты атанатұғыны несі?

I. Ағайын алауыздығы, көреалмаушылыққа қатысты:

1. Қайраты қайтқан шал мен жастың бәрі бітім қылады, шалдар өзді-өзі көп құрбыдан айрылып азайып отырса да, біріменен бірінің бітім қылмайтұғыны қалай?

2. Бір елдің ішінде жамағайынды кісі бірге туғандай көріп, іші елжіреп жақсы көріп тұрып, елге келсе, әрберден соң қайта қашқандай қылатұғыны қалай?

3. Біреудің ағайыны торқалы той, топырақты өлімде, адалдық, берекеде алысуға табылмай барымта алалық, ұрлалық десе, табыла қоятыны қалай?

4. Бәйгеге ат қоссаң, атыңды тартыспайтұғын ағайын, атың келсе, бәйгесіне өкпелейтұғыны қалай?

II. Жалпақтау, өтірік сөйлеу, өсекке құмарлыққа қатысты:

1. Жаттың бір тәуір кісісін көрсе, «жарықтық» деп жалбырап қалып, мақтай қалып, өз елінде сонан артық адам болса да, танымайтұғыны қалай?

2. Бір жолаушы алыс жерге барса, барған еліне өз елін мақтаймын деп өтірікті сыбап-сыбап, қайтып келген соң, сол барған, көрген елін, жерін мақтап өтірікті сыбайтұғыны қалай?

3. Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп ұқпай кетпейтұғыны қалай?

III. Достық немесе сатқындыққа қатысты:

1. Екі жақсы бір елде сүйіскен достығында тұра алыспайды. Кейбір антұрғандардың тым ақ тату бола қалатыны қалай?

2. Біреуді досым деп ат беріп жүрсең, оған сенің бір дұшпаның келіп бір тай берсе, бұзыла қалатыны қалай?

3. Күнде тілін алатұғын достан кейде бір тіл ала қойған дұшпанға кісінің өле жаздайтұғыны қалай?

4. Көп кісі досым жетілсе екен демейді, егерде бір жетілсе, бағанағы досына бітімі жоқ дұшпан сол болатұғыны қалай?

IV. Кісімсу немесе тәкаппарлыққа қатысты:

1. Байдың баласы кедей болса, ұрлық қылуға арланбайды, байға кірісуге арланатұғыны қалай?

2. Кей жұрт ақыл айтарлық кісіні іздеп таба алмайды. Қылығының қылшығын тани-тұғын кісіден қашық жүретұғыны қалай?

3. Елді пысық билегені несі? Пысықтың бәрі кедей келетұғыны несі?

4. Тоқал қатын өр келетұғыны несі? Кеселді кісі ер келетұғыны несі? Кедей кісінің кер келетұғыны несі?

V. Басқа да жаман мінез-кұлыққа, психологияға қатысты:

1. Қай қазақты көрсем де, қай баласы жасырақ болса, оның басынан пәрмене болып жүріп, ержеткен соң суық тартатұғыны қалай? (бала тәрбиесі)

2. Баяғыда біреу біреуді пәлен жасымда жарықтық атым арып келе жатқанда пәлен жерге жеткізіп салып еді деп, соны өлгенше айта жүруші еді. Осы күнде бұл жылғы берген ендігі жылға жарамайтұғыны қалай? (жақсылық)

3. Біреу біреудікіне келгенде үйіндегі малының бәрін де айдап келіп, өз үйіне кісі барғанда бар малын далаға айдап жіберетұғыны қалай? (сарандық, арамдық)

4. Тыныштық іздеп таба алмай жүрген жұрт тыныштық көрсе, сәтке тұрмай, тыныштықтан жалыға қалатұғыны қалай? (тұрақсыздық)

Ғылыми мәтінде поэтикадағыдай эстетика жоқ. Алайда ғылыми стильдің жатықтығы: ғылыми-көпшілік стилінде ақпараттың қатаң талдамалылығы троптың элементтерімен берілуі де мүмкін. Қарастырылып отырған мәтін коннотация, яғни қосымша мән сипаты бойынша функционалды-стильдік, эмотивті, экспресивті, бағалаушы рең жамылған. Қазақ тарихына, дәстүріне қатысты ұлттық сөздер, мағыналар көркемдеуіш сөздер, троптар арқылы берілген. Мәтінде метафора, метонимия, теңеулер, идиомалар, эпитеттер мен фразеологиялық бірліктер қолданылған. Эмотивтік сипат Абайдың жасырын эмоциялық көңіл күйін де байқатады, мысалы кею, ренжу, түсінбеу. Экспресивті жағынан «шындықты бетке басу» арқылы «дос жылап айтады, дұшпан күлдіріп айтады» мақалындағыдай батырып айтады. Бағалаушы реңі, әрине, тек жаман жағын ғана көрсету емес, салыстыру арқылы жақсылық, достықтың да жақсы жақтарын көрсетеді.

Енді «Қырқыншы сөздің» орыс және ағылшын тілдеріне жасалған аудармаларына тоқталайық. Ең алғаш рет Виктор Шкловскийдің орыс тіліндегі аудармасы 1945 жылы, Абайдың туғанына 100 жыл толуына орай, «Көркем әдебиет» баспасында «Назидания» деген атпен жарық көрді. Сондай-ақ, қазақ жазушылары Сәтімжан Санбаевтың 1960 жылы жасалған «Слова назидания» және Ролан Сейсенбаевтың 1993 жылы шыққан «Книга слов» аудармалары белгілі. Сондай-ақ Абайдың бұл қара сөзі басқа қара сөздерімен бірге өзбек, татар, түрік, ағылшын, моңғол, сонымен қатар француз, латыш, корей және қытай тілдеріне аударылған.

Төменде «Қырқыншы қара сөздің» бір жолма-жол аудармасы, жолма-жолдан орысшаға бір көркем аудармасы, түпнұсқадан орысшаға екі көркем аудармасы және орысшадан ағылшынға бір көркем аудармасы салыстырмалы түрде талданады.

Қазіргі таңда Орталық ғылыми кітапхананың сайтында Абайға қатысты біраз бағалы қолжазбалардың электронды нұсқалары қолжетімді. Олардың ішінде Бекмухамедов Ш. аударған екі қолжазбаны айтып өтуге болады. Оның біріншісі, 1952 жыл деп көрсетілген «Абай Құнанбаевтың шығармаларының кейбірінің орыс тіліне аудармасы (подстрочник)», ал екіншісі, жазылған уақыты белгіленбеген «Абайдың қара сөздерінің аудармасы».

Мақаламыздың тақырыбына байланысты біз соңғысын қарастырдық, соның ішінде «Қырқыншы қара сөздің» аудармасына тоқталдық. Зерттеу барысында біз оның В. Шкловскийдің аудармасы деп танытын аудармаға арнап жасалған жолма-жол аударма екенін көреміз. Шкловскийдің аудармалары 1945 жылы жарияланған қара сөздердің ең алғашқы аудармалары болып табылады [Абай Құнанбаев, 1945: 302-304]. Бұдан келетін болжам, Бекмухамедов Ш. қолжазбасы 1944-1945 жылдар аралығында жазылған құнды еңбек [Абайдың қара сөздерінің аудармасы, электронды қор: 82-83].

Түпнұсқа тілін білмейтін аудармашылар еңбегінің сәттілігі жолма-жол аударма сапасына тікелей байланысты. Егер жолма-жол авторы мәтіндегі барлық сөздердің семантикалық мағынасын дұрыс ұғынып, стиль ерекшеліктеріне мән беріп, түпнұсқаның сөз саптауын, көркемдеуіш құралдар қолданысын орынды аударса, ол көркем аударма үшін нағыз қажет аударма болмақ. Бекмухамедовтің аудармалары осы талаптарға сай жасалған. В. Шкловский өз заманының атақты сөз шеберлерінің бірі болғандықтан оны ары өңдеп көркем аудармаға келтірген. Осы екі аударманы өзара салыстыру арқылы көптеген мағына, тіпті сөз тандалымдары сол жолма-жол аударма бойынша қалғанын, Шкловский орыс тілінің заңдылықтарына сай реттегенін көреміз. Мысалы, Умоляю, у меня имеется к вам вопрос (Бекмухамедов Ш) – Умоляю, ответьте мне на мои вопросы (Шкловский В.) Егер сұрақтың бір емес, тізбектелген көп сұрақтар екенін ескерсек, бұл аудармашының дұрыс түзетуі деп қабылдау керек. Бірнеше жерлерінде интерпретация тәсілімен дұрыс ұғым берілген:

- Қайраты қайтқан шал мен жастың бәрі бітім қылады... (түпнұсқа)
- С обессилившим стариком все молодые приходят в соглашение... (Бекмухамедов Ш)
- Со стариками не спорят молодые... (Шкловский В.)

Бұл жерде айта кететіні, Шкловский лексикалық-грамматикалық түрлендіру арқылы антонимдік аударма жасаған.

- Екі жақсы бір елде сүйіскен достығында тұра алыспайды. (түпнұсқа)

• Два хороших человека, живущие в одном ауле никогда не могут тесно дружить между собою ... (Бекмухамедов Ш)

- Двум хорошим людям, живущим в одном ауле, уже тесно (Шкловский В.)

Түпнұсқадағы реалия сөз «ауыл» транслитерация арқылы берілген.

• Біреу біреудікіне келгенде үйіндегі малының бәрін де айдап келіп, өз үйіне кісі барғанда бар малын далаға айдап жіберетұғыны қалай? (түпнұсқа)

• Почему некоторые сидя в гостях представляются щедрыми и гостеприимными, а когда к нему приезжает гость сразу прибедряются? (Бекмухамедов Ш)

• Почему некоторые в гостях ведут себя так, как будто они с собою щедро пригнали скот, а когда к ним самим приезжают гости, то принимают гостей так, как будто все свои стада далеко отогнаны (Шкловский В.).

Кейбір осындай жерлерде Шкловскийдің аудармасы қысқаша аударған Бекмухамедовтің аудармасынан толығырақ, яғни оны біреу үстінен жөндеген немесе аудармашы басқа адамнан мағынасын қосымша анықтаған деген ой туады.

Алайда, әр аудармашының өзінен бірнәрсе қосатын әдеті Шкловскийде де кездеседі. Соның салдарынан аударма біраз стилистикалық, мағыналық, мазмұндық өзгеріске ұшыраған, реттілігі ауысқан. Мысалы,

- Бір елдің ішінде жамағайынды кісі бірге туғандай көріп, іші елжіреп жақсы көріп тұрып, елге келсе, әрберден соң қайта қашқандай қылатұғыны қалай? (түпнұсқа)

- И почему, встретив среди чужого рода своего однородца чувствуешь к нему любовь, как единоутробному брату, сочувствуешь ему, а когда он возвращается в свой род к своим через короткое время начинаете обижать и отчуждать, заставляя его чуть-ли не снова сбежать к чужим? (Бекмухамедов Ш)

- Увидав в чужом роду достойного, мы поклоняемся ему, как святому, а встретив такого в своем роду, мы обижаем и чуждаемся его и чуть ли не заставляем сбежать к чужим. Почему? (Шкловский В.).

- Күнде тілін алатұғын достан кейде бір тіл ала қойған дұшпанға кісінің өле жаздай-тұғыны қалай? (түпнұсқа)

- Почему, от чего иногда человек до зарезу хочет видеть возле своего врага, который хотя бы один раз послушался его, чем друга, который всегда ему послушен? (Бекмухамедов Ш)

- А иногда человек хочет до смерти, чтобы приехал к нему его враг, и чтобы хоть раз удалось ему поговорить с ним, и ближе ему враг, чем друг, который всегда ему послушен. Почему? (Шкловский В.) деген аудармалар кездеседі.

В. Шкловский аудармасында өз жанына қосу да (Еще раз спрашиваю, старик берет вторую молодую жену) кездеседі.

Ал С. Санбаев аудармасы адекватты, баламалығы жоғары деңгейде орындалған аударма [Абай, 2003: 213-215]. Тек бір жерінде ғана мағына дұрыс аударылмай, семантикалық бұрмалау пайда болған: почему живые вдохновенные люди неимущи даже тогда, когда они правят народом? Бұл Елді пысық билегені несі? Пысықтың бәрі кедей келетұғыны несі? деген бөліктің мағынасын жеткізбейді. Негізінен аудармашы өзінің еңбегінде трансформация әдісін – антонимдік аударманы бірнеше жерде қолданған:

- Осы, біздің қазақтың өлген кісісінде жаманы жоқ, тірі кісісінің жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай?(түпнұсқа)

- Кто ответит на мои вопросы? Почему у нас, казахов, мертвые достаиваются похвалы, а о живых ходит лишь недобрая молва? (С. Санбаев)

- Екі жақсы бір елде сүйіскен достығында тұра алыспайды...

- Почему двум умным людям трудно ужиться в одной стране ... (С. Санбаев)

Бір айта кететіні реалий сөздер транслитерацияланып берілген: той, тоқал.

Р. Сейсенбаев пен К. Серикбаева аудармашының [Абай, 1992: 236-238] кейбір жерлерінде сөздер аударылмай тасталып кеткеніне (Бір жолаушы алыс жерге барса) қарамастан, барынша дәлдікпен аударылған еңбек. Тіпті осы «Қырқыншы сөздің» аудармасында түпнұсқада жоқ тақырып берген, Откуда ваша нелюбовь. Бұл аудармашының Абай ойын дұрыс түсіну қырағылығын жеткізеді, өйткені бұл сөздер Абайдың мәселелердің түбірін табуға ниеттелген көзқарасын, ұғымын көрсетіп тұр. Әрине, аудармада басқа да өз жанынан қосу (кто превосходит чужаков в мудрости и благородстве?), тастап кету (Бәйгеге ат қоссаң, атыңды тартыспайтұғын ағайын), нақтылау, мағынасын ашу (Почему иной не ценит друга, с которым живет в согласии, а за врага, который в кои веки исполнил единственную его просьбу, готов отдать жизнь?) сықылды аудармашылық шешімдер кездеседі.

Енді ағылшын аудармасына келетін болсақ, Давид Айткынның (David Aitkyn) ағылшын тіліне аудармасы Р. Сейсенбаев пен К. Серикбаева аудармасынан жасалынған аударма екендігі айнадай анық байқалады [Абай, 1995: 201-204]. Мүмкін, бұл аудармашы тек үстінен тексерген, болмаса баспадан кеткен шығар, әйтеуір аудармада грамматикалық қате де кездеседі: No sooner does someone happens to leave for foreign parts than everybody starts loving him like a

brother. Алайда, ағылшын идиомалары орынды беріліп, қара сөздің түпкі мағынасын ашып түр: we speak no ill of the dead, turn up in a body at the first whiff, lay down his life, Alecs және т.б.

Берілген аудармаларды талдау арқылы біз осы бір көпшілікке арналған ғылыми мәтіннің қай деңгейде аударылғанын байқадық. Аударманың негізгі талаптары – аударма нұсқасы түпнұсқаға эмоционалды, құрылымдық жақтары, мазмұны, идеясы, семантикалық жүктемесі бойынша жақын болуында. Аудармадағы басты қате семантикалық бұрмалау екендігі айқын, сондықтан «Қырқыншы сөздің» аудармасын ондай өрескел қателерсіз жасалған Р. Сейсенбаев пен К. Серикбаеваның аудар-масын осы қарастырылған аудармалардың ішіндегі ең дұрысы деп айтуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай Кунанбаев. Избранное. Перевод с казахского. Москва; ОГИЗ, Государственное издательство художественной литературы, 1945 – 321 с.
2. Абай. Қара сөз. Поэмалар. Книга Слов. Поэмы. Перевод с казахского К. Серикбаевой, Р. Сейсенбаева, Алма-Ата: Ел, 1992 – 272 с.
3. №630 (1) Абайдың қара сөздерінің аудармасы, аударған: Бекмухамедов Ш. – 276 б., URL: <http://nlib.library.kz/elib/library.kz/rukopisy/630/1.html#undefined>
4. Абай. Стихи. Слова Назидания. – М.; Русская книга, 2003 – 240 с.
5. М. Мырзахметов. «Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 297 б.
6. Уикипедия, Қазақша ашық энциклопедия, интернет-ресурс. URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%B5%D0%BC%D0%B5%D0%BB_%D0%B0%D0%B4%D0%B0%D0%BC
7. Abai. Book of words. Almaty: EL Bureau, 1995 – 220 p.

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТЫҢДАУШЫ ТҮЛҒАСЫ

Сөз өнерінің патшасы Абай шығармашылығын биіктігі, мазмұнының тереңдігі мен ақын түйсігінің озықтығы тыңдаушы тұлғасының қалыптасуына қызмет етеді. Өзі өмір сүрген заманның көйленкелі де, күнгейлі тұстарын көріп өскен ақын қараңғы халқына өлеңмен сәуле түсірмек болады. Абай – кемеңгер, данышпан, терең ойлы, философ. «Ақын шығармасының мағыналық болмысын тану оны құрамдас бөліктерге ажыратып, даралауды, сөйтіп әр бөліктің мағынасын, мазмұнын, мәнін анықтауды талап етеді. «Өнер туындысын қабылдау (тану, білу, түсіну) теориялық тұрғыда алғаш Аристотель еңбектерінде пайымдалғаны белгілі. Содан бергі дәуірлерде бұл салада неше түрлі теориялар, бағыттар өріс алды. Қазақ әдебиеттану ғылымында да құнды теориялық ойлар қоры жинақталды»[3,17] – деп абайтанушы ғалым Ж.Дәдебаев өз зерттеуінде айта келе, алайда өнер туындысының жасырын мағынасы мен мәні қазақ әдебиеттануында белгілі бір кезеңнің әдебиеті, белгілі бір автордың шығармашылығы немесе белгілі бір көркем шығарма негізінде эстетикалық қабылдау теориясы, көркем рецепция мен герменевтика қағидалары тұрғысынан арнайы қарастырылған емес деген пікірді айтады. Сол герменевтиканың керемет сілемдерін Абай шығармашылығынан көреміз. Абай герменевтикалық теорияларды қазақ даласына өз жырларымен жеткізгенін көп адам білгенімен, зертеліп зерделене қойған жоқ. Ең алдымен осы сөз пайда болғаннан бері сөзді түсіну, ұғыну, тыңдаушыға өзінің ойын түсіндіру деген мәселе төңірегінде адамзат өздерінше пікір айтып келеді. Сөз ұғымының төңірегінде сонау Александрия мектебі мен Ферган мектебі бұдан мыңдаған жылдар бұрын пікірталасқан. Александрия мектебінің өкілдері сөзде көп мағына бар дейді. Сондықтан сөзді түсіну үшін оның барлық мағынасын түсіну керек. Ал Ферган мектебі керісінше сөзде бір-ақ мағына бар дейді. Сол мағынаны табу керек, ол үшін көп іздену керек деп түсіндіреді. Осы әңгіме төңірегінде орта ғасырларда да, қазіргі кезде де көп. Сөзде қанша мағына бар, нақты мағынасы қайсы? Осы төңіректе айтыс тартыс толастар емес, толастамайтыны да ақиқат. Сөз дегеніміз ерекше қасиетті ұғым. Абай сөзді тәңірінің сыйы, тәңірі берген өнері деп қарайды. Сөз адамзаттың ойының жемісі. Сөздің поэтикалық герменевтикалық астарын тексерген кезде Абайдың ілгерілеп алға кеткенін көруге болады. Мәселен:

Біреуі олай, біреуі бұлай қарап,
Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазақ [1, 76], –

дейді. Осындағы түгел сөз дегеніміз сөздің барлық мағынасын айтып тұр. Герменевтикада да сөздің барлық мағынасын айтады. Абай осы төңіректен меңзеп тұр. Сөзді түсіну үшін оның барлық мағынасын білу керек. Асыл сөзді көкірек көзбен ұғыну үшін адам білімді, білікті болу қажет, көп іздену керек, сөздік қоры мол болу шарт. Қоғамдық ақпараттардан да хабардар болғаны жөн. Түгел сөз деген Абай енгізген үлкен герменевтикалық ұғым. Герменевтика сөз өнерін үш тұрғыда қарастырады. Автор – мәтін – тыңдаушы. Осы үшеуінің арасындағы қарым қатынастарды қарастырады. Автор өз ойын мәтінде қалай түсіндірді. Мәтін автордың ойын тыңдаушыға қалай түсіндіре алды. Автор мен тыңдаушының арасындағы, тыңдаушы мен мәтіннің арасындағы, тыңдаушы мен автордың арасындағы кері байланыстардың барлығы өте маңызды. Ол байланыстарды білмей, көркем мәтінді түсіну қиын. Осы мәселенің барлығы герменевтиканың қарастыратын объектісі. Шлейермахер герменевтикалық шеңберінде сөздің, ұғымның өзінің шекарасы барын айтады. Әр адамның өзінің шекарасы бар. Сөзді түсіну үшін оны шеңберлеу керек. Яғни оның шеңбердің ішіндегі мағынасы, қызметі деп көрсетеді. Автор

қандай болу керек, ақын деген кім, мәтін деген не, тыңдаушы қандай болу керек деген сауалдарға Абай өз туындыларында нақышына келтіре айтады. Адам өзінің білгенін жазу керек, интуициясы мен көкейкөзін ұштастыра білу керектігін:

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз[4], –

деген жолдар арқылы үндейді. Тағы бір жолдарда өлеңнің қисымы жайында:

Қисымымен қызықты болмаса сөз,
Неге айтсын оны Пайғамбар мен Алласы [4], –

деп өлеңнің мазмұны мен мәтін арасындағы қисымды, гармонияны айтып тұр.

Сөзді ұғар көкірегі болса көзді,
Қадірін жақсы сөздің білер жанға,
Таппай айтпа тағы да айтпа сөзді [4], –

деп сөз қадірінің қасиеті мен тыңдаушы тұлғасының асыл сөзді бағалауы сөз етіліп, герменевтикалық үштік негізінде автор, мәтін, тыңдаушы назарына негізделеді.

Көппен жалғыз алысқан ақын тыңдаушысының көкірек көзін ашу мақсатында қазақ әдебиетіндегі Абайға дейін туған өлеңдер мен шешендік сөздерді ескілікке балап, шығарманың халыққа түсінікті болуын қарастырады. Ақын «ескі бише отырман бос мақалдап, ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап» деп ескі өлеңге сын көзбен қарады. Кейдей ақындардың күнкөріс кәсібіне айналып, бағасы түскен өлең сөзді өз биігіне қойып, тыңдаушының талғамын тәрбиелеуге белсенде араласты.

Абай сөзді ақындықтың құралы деп біледі. Өлеңге басқа көзбен қараған ақын тақтан орын береді. Қазақ тілінің көркемдік дәрежесін биіктету үшін Абай өлеңді тілге араласып кеткен бөтен сөздерден арашалап, аластап алмақшы болады. «Бөтен сөз» деп әдебиетке пайдасы жоқ сөздердің шұбырып жүруі мен қазаққа түсініксіз ислам діні арқылы кірген араб, парсы сөздерінің араласып кетуін айтады.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы [1, 56], –

деп, өлеңнің алдымен мазмұнына мән беріп, одан соң түрге көңіл береді. Әрі ақындарды шынай өмірді бейнелейтін, халықты алға жетелейтін шығармаларды жазуға ынталандырады. Ақынның поэзия шығармашылығындағы мазмұн мен үлгі, тіл, жүйе, ырғағына дейін айқын ойлар айтқанын байқаймыз. Ақын поэзияны прогреске қызметістейтін болсын, ол үшін әдебиетке қаны толық реализм керек дейді. Осы мақсат жүзеге асуы үшін қаламгер де, тыңдаушы да жаңаруы тиіс.

Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы [4], –

деген жерде ақын жаңа оқырман үшін күреседі. «Іші алтын, сырты күміс» өлеңдердің көркемін ғана жазуды ақын мақсат еткен. Шығармаларының тілі ауыр, мазмұны салмақты, қабылдауға жеңіл соқпайтын ой азығы етіп шеберліктің қыры ретінде көрсете алған. Ахмет Байтұрсынов: «1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың

сөзіндей емес. Олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін ойлап дағдыланған адамдар болмаса, біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас»[2], – деп Абай тілінің соншалықты көркем екендігіне жоғары баға береді. Өлеңдерін қабылдау қиынға соғатыны жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас, бірақ тыңдаушылардың Абай қойған талапқа жете алмауы ақын жанын күйзелтеді:

Жартасқа бардым,
Күнде айқай салдым,
Одан да шықты жаңғырық.
Естісем үнін,
Білсем деп жөнін,
Көп іздедім қаңғырып.
Баяғы жартас – сол жартас,
Қаңқ етер, түкті байқамас [4], –

деп ақын қараңғылықта сабылып, ояна алмай жатқан халқына деген күрсінуді мен үндеуді сипатталған. Ол халқының жартастан қайтқан, санасыз, сенімсіз күр жаңғырықтай үн қатпай, өздерінің іс әрекеттерімен заман үндеуіне пәрменді жауап қатуын қалайды. Ақынның ендігі сөзі ыза мен ашуға суарылып, мысқыл мен сықаққа толып, тиген жерін тіліп түсер семсерге айналған тәрізді. Мұны ақынның өзі де аңғарғандай:

Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл.
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсендер өзің біл [4], –

деп алады да, өз ортасындағы сорлылық қылықтарға күйіне қарап, сол күйініштен туған ызалы жырын тағы да ел мұңын емдеуге төгеді. «Сатираны кексіз күлкі, жеңіл мазақ, ұсақ қалжақ деп түсінбей, маскара болған қоғамның құрысқан кегінің нажағайлы рухы деп тану», – керек екенін айтқан Белинскийге бақсақ, Абай сатирасының қоғамдық мәнінің байыбына бара түсеміз.

Қара басқан, қаңғыған,
Қас надан нені ұға алсын?
Көкірегінде оты бар,
Құлағын ойлы ер салсын! [4], –

деп, ұлы ақын «қалың еліне» бір ауыр ызамен соқтықса, мұның да жаттығы жоқ. Бірде осылай қатты айтса, енді бірде жуасып, жұртына жайлап қана тілек білдіреді:

Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,
Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін.
Біржаңдамай тыңдасаң нең кетеді,
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін [4].

Осы мысалдардың қай-қайсысынан болса да Абайдың тыңдаушы тұлғасына қойған талаптары мен ақтарыла айтқан үндеулері айқын аңғарылады.

Абай қазақ поэзиясындағы «қара өлең» мен «жыр» аталатын екі өлшемін байытып, кең пайдалана отырып орыс және дүние жүзі поэзиясының жетістіктеріне сүйене отырып өлеңнің жиырма шақты тың өлшемдерін қосқан. Дүние жүзілік поэзияға қосқан жаңа өлшемдегі

өлеңдерінің бірі «Сегіз аяқ». Абай ауылдың сауатсыз тыңдаушыларына тыңнан жасалған өлшемдерін түсінікті болу жолдарында қарастырады. Өзінің ақындық қуатының кең өрістілігі мен оқ бойы озық екендігіне сенген Абай: «Сөз түзелді, тыңдаушы, сенде түзел» – деп, тыңдаушысына шығармалары арқылы талап қойып, өз деңгейіне көтеруге тырысып бағады.

Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,
Абайлар әрбір сөзді өз халінше [1,59].

Осы өлең жолдары арқылы ақын сөздің мәнін ұғынарлық қасиеті бар тыңдаушы тұлғасын басқаларға үлгі ретінде насихаттап отыр. Әрбір сөзді өз халінше абайлап, сөз мәнісін білерлік кісіге іші жылыған ақын шығармашылығында тыңдаушының жаңа типі көрініс тапқан. Сөз тыңдаушыларды Абай үш типке бөліп көрсетеді: бірінші тип «үйден шыққанша тыңдайды»; екінші тип «ұққанынша көңіл қояды»; үшінші тип «сөз мәнісін білерлік, әрбір сөзді өз халіне абайлайды». Тыңдаушылардың қабілет деңгейіне байланысты сөзді ұғуы да әртүрлі болатыны белгілі. Ақын даралап отырған үшінші типтің озық болатынын даралап, бағаөлап көрсетуде.

Қорыта келегенде ұлы Абай қараңғы халқының терең ойларға бойламай арзан сөзге іштартатына, сөз қасиетінің қадіріне жете қоймағанына қынжылып, тыңдаушы тұлғасын биіктетуге бар күш жігерін салады. Абай шығармалары арқылы эстетикалық қабылдау теориясын да, көркем рецепция мен герменевтиканың заңдылықтарын да бере алды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абай (Ибрахим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Т.1. –Алматы: Ғылым, 1977. – 454 б.
2. «Қазақ», 1913, №41
3. Жаңғара Дәдебаев. Абайдың «Сегіз аяғы»: мән мен мағына поэтикасы
4. Өлеңдер мен аудармалар. Бірінші кітап. <https://kitap.kz/book/olengder-men-audarmalar-birinshi-kitap>

АБАЙДЫҢ «ҚАРТАЙДЫҚ, ҚАЙҒЫ ОЙЛАДЫҚ, ҰЙҚЫ СЕРГЕК...» ӨЛЕҢІНІҢ ОРЫС, АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

«ҚАРТАЙДЫҚ, ҚАЙҒЫ ОЙЛАДЫҚ, ҰЙҚЫ СЕРГЕК...» – Абайдың 1886 ж. жазған өлеңі. Өлең 4 тармақты 12 шумақтан тұрады. Өлеңде ақын өз заманы жайлы ой толғайды және замандастарының жақсы, жаман қасиеттерін сыни тұрғыдан сипаттайды. Алғаш 1909ж. Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Туынды ағылшын, араб, белорус, қарақалпақ, қырғыз, латыш, орыс, өзбек, украин, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған.[1] Абай Құнанбаевтың өлеңдерін алғашқылардың бірі болып орыс тілінде К.Н. Кудашев 1897 жылы жазып алған. Бұл қолжазбаларда Абайдың өлеңдері, оның орыс тіліндегі аудармасы және Қозы-Көрпеш, мақалдар және ертегі, т.б. берілген. Құнды жинақты 1946 жылы Ленинградтағы Бүкілодақтық География қоғамы архивінен Ә. Марғұлан тапқан.

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,
Ашуың – ашыған у, ойың – кермек.
Мұңдасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық,
Кім көңілді көтеріп, болады ермек? [2,17].

Аудармашының алғашқы шумақты барынша дәлме-дәл аударуы маңызды. Себебі алғашқы шумақта өлеңнің тақырыбы беріледі және де басты айтылар ой айқындалады. Төменде Д.Бродский аудармасының алғашқы төрт тармағы берілген.

Вот и старость. Скорбны думы, чуток сон,
Ядом гнева дух угрюмый распален.
Мыслью не с кем поделиться! Кто поймет,
Кто ободрит, услыхав твой тяжкий стон? [3,44].

Д.Бродский алғашқы жолды «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Вот и старость. Скорбны думы, чуток сон» деп дәлме – дәл аударма жасаған. Абай түпнұсқаның алғашқы жолын көпше түрде жазған. Ақын өз ішкі қаймыққан көңіл – күйін оқырмандарымен бөлісіп, оларға заман жайлы, жақсы мен жаман жайлы баяндайды. Д.Бродский болса осы жолда көпше түрді пайдаланбаған. Соның әсерінен Абайдың өлеңі орыс тілінде тек өзгеге сың айтып, өзін елден жоғары санайтын ақынды елестеді. Ал аударманың екінші жолын «Ядом гнева дух угрюмый распален» қазақ тіліне кері аударатын болсақ, мынадай жол шығады: «Ашу уымен түнерген рух күйіп-жанды». Аудармадағы *Распален ядом гнева* тіркесін қарастырайық. *Sozдіk.kz* бойынша, *Распалиться гневом, ашу қысу* деп аударылады. Түпнұсқада ешқандай түнерген рух жайлы айтылмаған. Бұл әрине Абайдың «Ашуың – ашыған у, ойың – кермек» деген өлең жолына мағыналық жағынан сәйкес келмейді, керсінше жаңа мағына қосады. Ал енді, Абайдың өлеңіндегі осы жолды сөзбе – сөз орыс тіліне аударатын болсақ, мынандай жол шығады: «Гнев – прокисший яд, мысль – горька». Абай өз өлеңінде метафоралық қатынастағы тең дәрежелі екі бөлікті пайдаланған, ал аудармада бұл метафоралық құрылым сақталмаған. Аудармашы метафораны аудармада пайдаланбаған, бір сөйлеммен қарапайым жеткізген.

Үшінші «Мұңдасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық» тармақ «Мыслью не с кем поделиться! Кто поймет» болып балама тәржімаланған. Аударманың барынша сәйкес, түпкі мағынасы жеткізілген.

Түпнұсқадағы «Кім көңілді көтеріп, болады ермек?» делінген төртінші жол Д.Бродский нұсқасында «Кто ободрит, услыхав твой тяжкий стон?» «Ауыр зарынды(мұңынды) естігенде сені кім қолдайды» болып аударылған. Әрине бұл дәлме – дәл, балама аудармадан гөрі аудармашы өз ойынан қосқан, жаңа сөздермен өзертiлген, еркін аудармаға сәйкес. Себебі түпнұсқадан мағынасы мен құрлымы алшақтап кеткен. Түпнұсқада Абай «Кім көңiлді көтеріп болады ермек» деп өзі жеткен білім шыңынан сұхбаттасар, ой бөлісер замандасын таба алмай кейiгендей. Аудармашы мағынаны ашып көрсетпей үшінші «Мұңдасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық», «Мыслью не с кем поделиться! Кто поймет» жолдағы айтылған ойды төртінші «Кто ободрит, услыхав твой тяжкий стон?» «Ауыр зарынды(мұңынды) естігенде сені кім қолдайды» жолда қайта жалғастырған.

Төменде берілген жолма – жол аударма 1944 жылы басылып шыққан «Абай (Ибраһим) Кунанбаев. Однотомник» жинағында кездеседі. Бұл кітап Ғ.Мүсіреповтың басшылығымен жасалынған. Осы кітаптағы жолма – жол аудармаға назар салайық:

Вот и старость. Скорбны думы, чуток сон,
Ядом гнева дух угрюмый распален.
Стал далек и непонятен людям он.
Тот кто молод – постареет, а родившийся умрет [5,8].

Аударманың алғашқы екі жолы Д.Бродский тәржімасымен бірдей болып келген. Ал үшінші жолды аудармашы өз жанынан жаңа сөздер қосып еркін аударма жасаған. Түпнұсқадағы «Мұңдасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық» деп келетін үшінші жол «Стал далек и непонятен людям он» деп бұрмаланып аударылған. Абай «Мұңдасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық» деп өзімен тең дәрежеде, өзі жеткен білім шыңынан сұхбаттасар, ой бөлісер замандасын таба алмай кейiгендей. Бұл жердегі «он» сөзі өлеңге жаңа мағына қосып тұр. Ал аудармашы «стал далек и непонятен людям он» деп (*дум*) *ой*, (*дух*) *рухты* яғни нені меңзеп тұрғаны нақты көрсетiлмей оқырманға түсінбеушілік тудырады. Ал төртінші жол аударылмай тасталып кетіп бірден бесінші жол басталып кетеді. Жолма-жол аудармада поэтикалық ырғаққа, ұйқасқа аса үлкен мән берiлмесе де түпнұсқадағы әр сөзді бұрмаламай, тастамай, алмастырылмай, барынша дәлме – дәл жеткізілуі қажет. Жолма – жол аударманы көбіне аудармашылар келешекте көркем аударма жасауда өз еңбектерінде қолданылатын түсіндірмелі аударма болып табылады.

Келесі, Ю.Кузнецовтың аудармасын қарастырамыз.
Старость,тяжкие думы,стал чуток твой сон,
Яд и горечь – твой гнев,желчью ум поражен.
С кем печаль разделить,кто бы слово ценил?
А найдется такой, не утешит и он [3,46].

Ю. Кузнецов алғашқы жолды «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Старость,тяжкие думы, стал чуток твой сон» (Қарттық, ауыр ойлар, сенің ұйқын сергек болды) деп аударған. Әрине бұл аудармада сөздер дәлме-дәл сәйкес келген. Алайда аудармашы көпше түрде айтылған тармақты, жекеше түрде екінші жақта «Старость,тяжкие думы, стал чуток твой сон» (Қарттық, ауыр ойлар, сенің ұйқын сергек болды) берген. Соның әсерінен Абайдың өлеңі орыс тілінде тек өзгеге сың айтып, өзін елден жоғары санайтын ақынды елестеді. Түпнұсқада ақын керсінше өз ішкі көңiл-күйін оқырманмен бөлісіп, халқына сыр шертіп тұрғандай. Екінші «Ашуың – ашыған у, ойың – кермек» делінген жолда, Ю.Кузнецов «Яд и горечь – твой гнев,желчью ум поражен» (*У* мен күйініш– сенің ашуын, *умен* ақыл-ойың зақымдалған) деп көркем аударып метафоралық қатынасты пайдаланған. Дегенмен аудармашы осы жолдағы екінші «ойың – кермек» бөлікті, «желчью ум поражен» (*умен* ақыл-ой зақымдалған)деп балама аударма жасаған. *Кермек* сөзінің орыс тілінде *горький* сөзі тура аудармасы болып келеді. Ал аудармашы кермек сөзін *зақымдалу* сөзімен алмастырған.

«Мұңдасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық, Кім көңілді көтеріп, болады ермек?» деген екі тармақты, «С кем печаль разделить,кто бы слово ценил? А найдется такой, не утешит и он» деп тәржімалаған. Бұл жердегі көңілді көтеру,ермек болу тіркестері орысша нұсқада сөзді бағалау, жұбату сөздерімен алмасқан.

Келесі Б.Момышұлының жолма-жол аудармасын қарастырамыз

«Постарели,печали думали,сон чуток,
Гнев-прокисший яд,мысли – желчь(зловонны)
Поделиться грустью нет человека, способного понять,
Кто же будет наперскником (забавой),
Способным душу видеть?»[3,42].

Жолма – жол аударманы көбіне аудармашылар келешекте көркем аударма жасауда өз еңбектерінде қолданылатын түсіндірмелі аударма болып табылады. Аудармадағы «Ашуың – ашыған у, ойың – кермек» секілді метафоралық тіркестерді аудармашы «Гнев-прокисший яд,мысли – желчь (зловонны)» (ашу- ашыған у,ойың – ыза) деп аударған. Бұл аударма түп-нұсқа мағынасына балама болғанымен *кермек* сөзі орысша *горький* деп аударылады. Түп-нұсқада ой кермек болып тұрса, ал аудармада ойды ызаға теңеген. Алайда бұл сөздер өлең мазмұнын айтарлықтай өзгертпеген. Келесі екі жолды «Кто же будет наперскником (забавой), способным душу видеть?» (Кім болады сырласым, көңілді аулайтын, жан дүниені көре алатын?) тәржімалаушы балама аударма жасаған. «Кім көңілді көтеріп, болады ермек?» делінген тармақта Абай өзімен сырласар ақылды жолдас іздеп отырғандай. Осы тармақтағы ойды толықтай жеткізу мақсатында аудармашы *наперсник (жолдас)*, «способным душу видеть?» (*жан дүниені көре алатын?*) секілді толықтырушы сөздер қосқан. Осы жолда ақынның айтар ойын оқырманға аудармашы толыққанды жеткізген.

Осы өлеңді ағылшын тіліне аударған Дориан Роттенберг нұсқасын қарастырайық:

Old age is here – sad thoughts, poor sleep and all.
Quick anger’s poison fumes inflame your sullen soul.
Not one to share a thought with. Who will come
To soothe and sympathise [7,30]

Өлеңнің алғашқы жолы «Қарттық келді, қайғылы ойлар, нашар ұйқы және басқа» деп тәржімаланып автор сөзін түпнұсқадағыдай көпше түрде берудің орнына орыс тіліндегі нұсқалар сияқты жекеше түрде жеткізіп тұр. Екінші жолдағы «Ашуың – ашыған у, ойың – кермек» тең дәрежедегі метафоралық қатынас, «Тез ашуланудың улы түтіндері сіздің жаныңызды тұтатады» болып жай сөйлем ретінде берілген. Бұл жол барынша еркін аударылып түпнұсқадағы ойдан мүлдем алшақтап кеткен. Келесі үшінші, төртінші жолдардағы «Мұңдасарға кісі жоқ, сөз ұғарлық» тіркесі «ой бөлісетін ешкім жоқ» болып ал «Кім көңілді көтеріп болады ермек» жолын «жұбатуға, түсінуге, тілекші кім болады» деп тым қарапайым аударылып ақынның өлеңдегі эмоцияналдық, көркемдік қуатын толық берілмей тұр.

Қорыта келсек, көркем аудармамен түнұсқаның мағынасы сәйкес болуы маңызды. Аудармашылардың өлеңнің түпкі мағынасына мән беруі қажет. Ақынның түпкі ойын, даналығын басқа тілде толықтай, тура жеткізу оңай емес.Оған қазақ тілінің басқа тілдерден грамматикалық, лексикалық, айырмашылықтары, сонымен қатар ұлттық калорит, діл мен дін өзгешелігі аудармашылардың түп-нұсқа тілін түсінбеуі, т.б. әсер етеді. Жоғарыдағы берілген аудармалар ішінен Б.Момышұлының жолма-жол аудармасы түпнұсқаға мазмұны жағынан барынша жақын, толыққанды аударма болып табылады деген ой түйдім. Сапалы аударма жасау үшін тәржімалаушы түпнұсқаның түпкі мағынасын саралау қажет. Поэзия аудармасында ең бастысы өлеңнің мазмұнын, рухын, образдылығын беріп қана қоймай әуезділігін, ырғағын сақтауға тырысу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995 ж.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жыйнағы. 1 Том, Өлеңдер мен поэмалар, Алматы, Қазақтың Мемлекеттік Көркем әдебиет баспасы, 1957 ж.
3. Абай. Тридцать семь стихотворений/Сост. и пер. М.Адибаев – Алматы: Дом Печати Эдельвейс, 2006 г.
4. <https://sozdik.kz/>, электронды қор
5. <http://nblib.library.kz/elib/Sait/Рукописи/611%20612%20613%20614/611-614.html#427/z> Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Однотомник. Подстрочный перевод, под редакцией Г.Мусрепова. Алма-Ата, 1944.
6. [http://nblib.library.kz/elib/Sait/%D0%A0%D1%83%D0%BA%D0%BE%D0%BF%D0%B8%D1%81%D0%B8/1390%20\(1,2\)/HTML/1390%20\(1,2\).resources/index.html#1390\(1,2\)](http://nblib.library.kz/elib/Sait/%D0%A0%D1%83%D0%BA%D0%BE%D0%BF%D0%B8%D1%81%D0%B8/1390%20(1,2)/HTML/1390%20(1,2).resources/index.html#1390(1,2)) Рукопись Кудашев К.Н. Перевод киргизских песен и легенд.
7. Abai Kunanbayev Selected Poems, 1970.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ «ҚЫРАН БҮРКІТ НЕ АЛМАЙДЫ САЛСА БАПТАП» ӨЛЕҢІНІҢ ОРЫС ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУ МӘСЕЛЕСІ (түпнұсқа мен аударманы салыстырмалы талдау)

«Қыран бүркіт не алмайды салса баптап» – Абайдың өлеңі. Өлең 14 жолдан тұрады. Ақынның көтерген тақырыбы – қосанжар өмір құбылысы. Ержігіт қыран бүркіт баптап, аңға салса біреулер күйкентай мен қарға сақтайды. Бабы келіскен қыранның қоян, түлкі түгілі қасқыр да алатыны анық. Алайда былайғы жұрт оған мән бермейді. Қыран қияға шықса олар да екі жақтап күйкентай мен қарғасын жібереді. Қарға қарқылдап, қыранның арт жағынан қалмаса, күйкентай үстінде шықылықтайды. Қарға мен күйкентай иелері қыранға кедергі жасағандарына мәз, өз құстарын мақтап күпілдеседі. Абайдың бұл жерде айтқалы отырған негізгі ойы күллі қазақтың тірлігі өмірде осыған саятындығы, ортасынан озған азамат, ақын шығып жатса, оларға жасайтындары осындай кесірлік екендігі. Ақын *ойын* : «*Басқа – сая, жанға – олжа дәнеме жоқ, Қайран ел осынымен жүр далақтап*», - деп қорытады. 1886 жылы өндіре жазып, ақындық жолына алаңсыз түскен ақынның ел ұстазы, ақылшысына айналып, үлкен өмірлік – өнерлік жинақтау жасай бастағанын байқаймыз. Осындай көркемдік кенеуімен, кемелді ойымен өрелі өлеңнің құрылымы да келісті. Өлеңнің алғашқы екі жолы өзара ұйқасып, егіздік өрледі. Алайда мазмұн-мағына жағынан да, пішін, ырғақтық жағынан да ешқандай жік білінбейді.

Өлең алғаш рет 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғлының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Оның басылымдарында ешқандай текстологиялық өзгерістер кездеспейді. Өлеңнің: «*Өзі алмайды, қыранға алдырмайды, Күні бойы шабады бос салақтап*», – деген 7-8-жолдары 1909 жылғы жинақта берілмеген [1].

Бұл өлеңді көптеген аудармашылар орыс тіліне аударған. Мысалы түпнұсқаның алғашқы төрт шумағына талдау жасайтын болсақ, Абай Құнанбайұлы:

Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап,
Жұрт жүр ғой күйкентай мен қарға сақтап.
Қыран шықса қияға, жібереді
Олар да екі құсын екі жақтап.

Өлеңнің түпнұсқасы мен орысша аудармасын салыстырып қарасақ, аударманың мазмұнында, мағынасында түпнұсқадан біршама ауытқулар көрінеді. Түсіндірме сөздікте «қыран» сөзінің мағынасы – *бүркіт, қаршыға, қырғи, ителгі* сияқты алғыр құстардың жалпы атауы деп сипатталады. Ал бүркіт–сұңқартәрізділер отрядына, қаршыға тұқымдасына жататын үлкен құс. Бүркіт – қырандар ішіндегі ең ірі, әрі күшті, дене бітімі мығым, жылдам ұшатын құс.

Ақын түпнұсқасында «Қыран бүркітті баптап салса, нені алмайды?» -деп ауыспалы мағынада айтып отыр. Бабы келген бүркіт – қыста қасқыр, түлкі, қарсақ, киік, қоянға да түседі. Халықтың ұғымында қыран-бүркіт- құстың асылы, ерліктің, батырлықтың символы. Күйкентай–сұңқар тәрізділер тобына жататын жыртқыш құс. Қарға – торғай тәрізділер тобына, қарға тұқымдасына жататын құс. Бұлардың екеуі де қыран бүркітпен қатарласып, жарысып ұшуға дәрменсіз.

Хоть какую добычу беркут берет,
Люди возятся с птицей других пород,
Лишь беркут к поднебесью взмоет, они
Пустельга и Ворона гонят в полет.

Ал Штейнберг «хоть какую добычу беркут берет», яғни «бүркіт кез келген олжаны да алады», – деп аударған. Аудармадағы бірінші жол түпкі мағынамен сәйкес келмейді. Түпнұсқада бүркіт нені алмайды, егер оны баптаса деген ұғым бар. Яғни аудармада түпнұсқадағы «салса баптап» деген тіркестің мағынасы аударылмаған. Орысшаға аударғанда *құсты баптау* ұғымына – *тренировать (коня, ловчую птицу, борзую) деген сөз сәйкес келеді. Сонда өлеңнің қыран бүркіт не алмайды салса баптап* деген жолы мына үлгіде аударылады: *если беркута хорошо натренировать, то он кого только не возьмет.*

Аудармадағы екінші жол да түпкі мағынадан алыстап кеткен. «Сақтап» деген етістік «*возьтся – әуестенеді*» деген басқа мағыналы сөзбен ауыстырылған. Сондай-ақ өлеңнің *жұрт жүр гой күйкентай мен қарға сақтап* деген жолын *с птицей других пород – басқа тұқымды құстармен* – деп аударған. Басқа тұқымды құстарға кез келген құстар жатуы мүмкін. Сондықтан аудармашы бұл жерде де түпнұсқаның мағынасын сақтай алмаған деуімізге болады. Үшінші жолда *қыран шықса қияға, жібереді* – деп Абай ауыспалы мағынада қолданып отыр. *Қия* деген сөзді орысшаға аударғанда *далеко, даль* дегенді білдіреді. Штейнберг түпнұсқадағы сөздерді *Лишь беркут к поднебесью взмает, они* деп аударған. Мұнда да ауытқу бары байқалғанымен аударма түпкі мағынаға сәйкес келеді. Ал төртінші жолда *екі жақтап – екі жағынан* деген мағына Штейнбергтің аудармасында сақталған.

Чего только не возьмет орел, если его обучить
(и волка и лису)?
Существует народ, храня ястребов и ворон.
Если орел (беркут) вознесется ввысь (над утесом),
отпустят (выпустят)
и они своих двух птиц с двух сторон.

Б.Момышұлының жолма- жол аудармасын оқығанда, ең бірінші көзге түсетіні – түпнұсқадағы 11 буынды қара өлеңнің аудармада өзгеше берілуі (6 жолды, көп буынды). Б.Момышұлы ең алғашқы жолдағы тіркесті *Қыран бүркіт* деген сөздерді жалпылама *орел* деп алған, бірақ кейінгі жолдарда *орел – (беркут)* деп аударған. Бұл алғашқы жолдың жалпы мағынасы сақталғанмен, өлеңге *и волка и лису, над утесом, выпустят* деп сөйлемге біршама сөздер қосқан, түсіндіру тәсілін қолданған. Аудармашы өлеңнің астарлы мағынасын барынша дұрыс жеткізуге тырысқан. Екінші жолға талдау жасайтын болсақ, *Существует народ, храня ястребов и ворон – қарғалар мен қаршығаларды сақтайтын адамдар бар* деп түпнұсқаны тура мағынасында аударған. Мағынасы жағынан сәйкес келгенімен, аудармашы *күйкентай* деген сөзді *ястреб* деп басқа сөзбен ауыстырған. *Ястреб – ақ түйгын; қаршыға* сөзінің аудармасы, ал қаршыға тұқымдасына – *қырғи, түйгын, мықи* жатады. Көріп тұрғанымыздай, күйкентай мен қаршыға – екеуі екі бөлек құс түрі. Күйкентай – торғай біткеннің қас жауы. Сондықтан да қазақтар панасыз, әлсіз жағдайдағы жандарды «күйкентайдан қашқан торғайға» теңейді. Егіс алаңын торғай басып кетсе, күйкентайды пайдаланады (<https://kk.wikipedia.org/wiki/>). Сондай-ақ аудармашы түпнұсқадағы үшінші және төртінші жолдың орын ауыстырғанымен,

Қыран шықса қияға, жібереді
Олар да екі құсын екі жақтап.

Если орел (беркут) вознесется ввысь (над утесом),
отпустят (выпустят)
и они своих двух птиц с двух сторон [2]

деп мағынасын жеткізуге тырысқан. *Қия – далеко* деген сөз; *ввысь(аспанға; аспандан; жоғары; шарықтан), над утесом жартас; қия; құз)* деген мағынаны білдіреді. Аудармашы

сондай-ақ қосу тәсілін қолданып, *с двух сторон (екі жағынан)* деген сөзді қосқан. Аудармаларды салыстыра отырып, басқа аудармашыларға қарағанда Б.Момышұлының аудармасы түпнұсқаға біртабан жақын сияқты болып көрінеді.

Быстрый беркут любую добычу возьмет.
Пустельгу ценит этот, а ворона – тот.
Когда беркут взмывает высоко, то вслед
Запускают они своих птиц в небосвод.

Кузнецовтың аудармасындағы алғашқы жолға қарасақ, *Быстрый беркут любую добычу возьмет* деп аударыпты [3]. *Быстрый* сөзі *жүйрік; жылдам; тез; ұшқыр; шапшаң* деп аударылады. *Добыча* деген сөзді аударатын болсақ, *олжа; табыс* деген мағынаны білдіреді. Кузнецовтың аудармасын кері аударғанда, «*Жылдам бүркіт кез келген олжаны алады*» деген мағына шығады. Кузнецовтың аудармасындағы ой түпнұсқадағы астарлы ойдан мүлдем шалғай жатыр. *Қыран* деген сөзді аударылмай қалған. *Қыран* сөзінің қосымша ауыспалы мағынасы болған *епті, алғыр* деген сөзді *быстрый (жылдам)* деп лексикалық-семантикалық өзгеріс енгізіп отыр. Бұл жолдағы *салса баптап* деген сөз тіркесі мүлдем аударылмаған. Екінші жолда *пустельга* деген сөзін орысшаға аударғанда *күйкентай* деген мағынаны береді. Ал *ворона-қарға, қара қарға*; ал ауыспалы мағынада *аңқау, ашық ауыз* деген сөзді білдіреді. *Ценить – бағалау; қадірлеу; қастерлеу; құрметтеу*. Түпнұсқадағы *сақтап* деген сөз бен аудармадағы *бағалау(ценить)* деген сөз бір-біріне балама бола алмайды. Үшінші жолда орысшадан *взмывать* деген сөзді қазақшаға аударсақ, *взмыть к небу – самғау* деген ұғым шығады. Аударманың сәтті шықпағаны байқалады. Ал *Қыран шықса қияға, жібереді – Когда беркут взмывает высоко, то вслед* дегенде қосу және орын алмастыру тәсілдері қолданылған. *Өлеңнің Олар да екі құсын екі жақтап – запускает своих птиц в небосвод* деген өлең жолын аудару аудармашыға біраз қиындық тудырған. *Запускать* сөзін қазақ тіліне аударғанда *жүргізу; жіберіп қалу; ұшыру* деген мағына берсе, *небосвод – көк; көкжиек; көк аспан; көк күмбезі* деген мағынаны білдіреді. Айта кететін жайт, *Екі құсын* деген тіркесті аудармашы аудармай тастап кеткен, екіншіден, *екі құсы* сөз тіркесі *птиц* деген жалпы атауға айналған. Үшіншіден, төртінші жол жай сөйлемге айналып, ақынның айтқысы келген ойы ашылмаған.

Орел-кыран везде возьмет добычу,
Иным ворону с пустельгой держать в обычи.
Коль беркут вознесется над утесом,
Те, тут же выпускают двух своих навстречу.

Келесі аудармашы М.Адибаевтың аудармасын оқысақ, түпнұсқадағы ең маңызды *салса баптап* деген сөздің орнына *везде (барлық жерде; жер-жерде; қайда болса да; қайсы жерде болса)* деген сөзді қосып отыр [4]. Аудармашы аударманы трансформациялау арқылы нақтыландыру әдісін қолданған. Нақтыландыру әдісі деп түпнұсқа тіліндегі кең мағыналы сөзді немесе сөз тіркесін аударма тілінің тар мағыналы сөзімен немесе сөз тіркесімен ауыстыруды айтамыз. Аудармашы бұл жолды жай сөйлем ретінде аударып, өлеңнің ырғағы жоғалған. Аудармашы, сондай-ақ, *салса баптап* деген тіркесті аудармаған. Осы тіркесті қалдырмай аударғанда, аударманың мағынасы түпнұсқаға жақындау келетін еді. Екінші жолды оқысақ, *иным* деген сөзді қосып, аудармашы қосу тәсілін пайдаланады. *Иной* деген сөзді қазақшаға аударғанда – *басқа;бөгде;өзге* деген мағынаны береді. Бұл жолдың аудармасыда мағынасы жағынан түпнұсқаға жақын. Аудармашы түпнұсқада ауыспалы мағынада қолданып отырған сөздердің мәнісін түсініп аударған. Аударма мәтінінің үшінші жолын оқығанда, көзге түсетіні – *қыран* сөзінің *бүркіт* деп алынғаны, ал бірінші жолды қайта оқығанда *орел – беркут* деп екеуін екі бөлек аударған. Дегенмен, осы жолда да *бүркітті беркут* деп алса, сөздің мағынасы дұрыс болар еді. Сондай-ақ *коль (егер)* деген сөзді қосылған. Аудармашы мағынасы жағынан өлеңді түсінбей, астарлы мағыналы сөйлемді жай сөйлем ретінде аударған. Соңғы жолда *екі құсын*

деген екі сөзден құралған тіркесті қысқартып, *екеуін* деп жалпылай аударған. Сондай-ақ түпнұсқадағы *екі жақтап* деген тіркесті *выпускают (шығару, жіберу)* деген сөзбен алмастырған. Бұл екі сөздің айырмашылығы – жер мен көктей. Тағы айта кететін жайт, түпнұсқада мүлдем кездеспейтін *тұт же/бірден, навстречу/алдынан; қарсы; қарсы алдынан* деген сөздерді қосқан.

Если обучить, птицу, то лису и волка возьмет орел,
Есть в народе такие , что держит ястребов и ворон.
Лишь поднимется беркут или орел над утесом,
Выпустят ворон и ястреба , орла оставив с носом .

Татьяна Рапопорт *то лису, то волка* деген сөздерді қосып, сөйлемді созып жіберген. Сондай-ақ сөйлемді халыққа түсінікті ету үшін кең мағыналы, астарлы *салса бантап* деген тіркесті *обучить* деп аударған [5]. *Обучить* деген сөзді қазақшаға аударатын болсақ *оқыту; үйрету* деген мағынаны білдіреді. Яғни *салса бантап* деген сөз бен *үйрету* деген сөз бір-біріне мағынасы жақын десек, қателеспейміз. Бұл алғашқы өлең жолдарында М.Адибаев *қыран бүркіт* деген сөзді жалпылама *птицы (құстар)* деп аударған. Екінші жолға қарасақ, түпнұсқада баяндауыш сөздерді аудармашы анықтауыш сөзге айналдырып, сөйлемді жолма-жол аудармай, түсіндіру сөздерін қосу арқылы сөздердің орнын ауыстырған. Мысалы: *Жұрт жүргой күйкентай мен қарға сақтап* деген өлең жолы *Есть в народе такие, что держит ястребов и ворон* деп, мағынасын түпнұсқамен сәйкес аударған. Түпнұсқадағы үшінші жолда тек қыран туралы суреттесе, ал аудармашы *орел или беркут* деп екі құстың атын атаған. Сондай-ақ *лишь (тек қана)* деген сөзді қосса да, мағынасын жеткізіп, тура бейнелеп отыр. Төртінші жолда аудармашы *екі жақтап* деген сөзді *выпустят* деп аударып, сөздің алмастыру тәсілін қолданып отыр. *Екі Жақтап* пен *выпустят (шығарады)* деген екі сөз бір-біріне ұқсамайды. Ең маңызды айырмашылықты көріп отырғанымыздай, аудармашы *орла оставив с носом* деген фразеологизмді қолданған. *Оставив с носом* деген тұрақты сөз тіркесін ашып айтар болсақ, *Дурачить, обманывать, оставлять ни с чем – ақымақ қылу, алдау, түксіз қалдыру* – деген мағынаны білдіреді. *Орла оставив с носом* деген сөздің мағынасы түпнұсқадағы жетінші қатардағы

Өзі алмайды, не бүркітке алдырмайды,
Күні бойы шабады бос салақтап

деген өлең жолдарының мағыналары бір-біріне жақын келеді. Көріп отырғанымыздай аудармашы төртінші жолдың орнын ауыстырып аударған. *Екі құсын екі жақтап* деген жолды аудармай тастап кеткен.

Қорытындылай келе, аудармашылар өзінің түсінгендері бойынша аударғанымен, тек Б.Момышұлы мен Татьяна Рапопорт аудармасы түпкі мағынасын жоғалтпай, барынша түсінікті етіп жеткізген. М.Адибаев бірнеше сөздер қосып, барынша түпнұсқаны түсінікті етіп жай сөйлемдермен жеткізуге тырысқан. Асылнұсқаны орыс тілге аудару барысында лексикалық, семантикалық жағынан көптеген өзгеріске ұшыраған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <https://kk.wikipedia.org/>
2. Abai.kaznu.kz
3. <https://books.google.kz/books>
4. <http://lib.kstu.kz/>

МАЗМҰНЫ

Дәдебаев Ж. Кіріспе сөз.....	3
Жақып Б.Ө. Әл-Фараби энциклопедиясы туралы сөз.....	7
Назаров Н.А. Орхон-Енисей жазба жәдігерлері мен Абай мұрасындағы тарихи параллелліктер.....	11
Екрем А. Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы идеал жастар және «кәміл адам» мәселесі.....	15
Еспенбетов А. Абайтанудағы жаңа бағыт.....	18
Бисенғали З.Қ. Ұлы ұстаз зерттеулерінің тағдыры.....	20
Тебегенов Т.С. Абайдың «Қара сөздерінің» мән-маңызы.....	32
Ысқақұлы Д. Әл-Фараби және Абай мұрасының ұлттық және заманауи маңызы.....	37
Тарақов Ә.С. Абайдың «Қалың елім, қазағым» өлеңіндегі ұлттық рух.....	41
Ісімақова А.С. Асыл сөздің нарративтік дискурсы: Әл-Фараби, Баласағұни, Абай.....	45
Мәдібай Қ., Мұқамди Қ. Абай шығармашылығы және мәтінтану мәселелері.....	53
Салқынбай А.Б. Абай ойшылдығы – баламасыз құндылық.....	58
Мұратова Г. Абайдың тілдік тұлғасын зерттеу мәселелері.....	65
Қартаева А. Абай мен Мұхтар Әуезов әлеміндегі рухани сабақтастық.....	69
Әбдіқұлова Р.М. Абайдың «Қара сөздерінің» жанрлық сипаты.....	74
Мұсалы Л.Ж. Абай Құнанбаев шығармашылығындағы антропология жөнінде.....	78
Байбол Ә. Хакім абай өлеңдеріндегі ұлттық код мәселесі.....	81
Әзімбаева И.Қ. Фразеологизмдердің этномәдени даралығы және олардың аудармадағы сәйкестігі (М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы негізінде).....	85
Даутова Б.Д. Абай өлеңдері мен Қарасөздеріндегі образдарды уақыт пен кеңістік аясында талдау.....	93
Қасымқын Г.Қ. Қазақ әдебиетіндегі салт-дәстүр үлгілерінің көркемдік сипаты мен маңызы.....	100
Әбдіғаппарова А. Абай Құнанбаевтың естілік мәселесі төңірегінде жазған қара сөздері (орыс, ағылшын тілдеріне аудару жолдары).....	106
Айтбаева К. Абайдың қырқыншы қара сөзі (орыс және ағылшын тілдеріне аудару мәселелері).....	111
Оразбай Ж. Абай шығармаларындағы тыңдаушы тұлғасы.....	117
Досжан З. Абайдың «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңінің орыс, ағылшын тіліндегі аудармалары.....	121
Дауылова Д. Абай Құнанбайұлының «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап» өлеңінің орыс тіліне аударылу мәселесі (түпнұсқа мен аударманы салыстырмалы талдау).....	125

Ғылыми басылым

**«ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АБАЙДЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ:
ҚАЗІРГІ ӨРКЕНИЕТТЕГІ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ»**
атты халықаралық онлайн ғылыми-теориялық
конференция материалдары

Алматы, 27 қараша 2020 жыл

ИБ №14154

Басуға 18.01.2021 жылы қол қойылды. Пішімі 70x100¹/₁₂.
Көлемі 10,83 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №260.
Таралымы 30 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.



9 786010 449749

